

48.31(5K13)107
1132



Әлкей Марғұлан



ШЫҒАРМАЛАРЫ



МӘДЕНИ МҰРА

**«Мәдени мұра»
Мемлекеттік бағдарламасының
кітап сериялары
Қазақстан Республикасының
тұңғыш Президенті
Нұрсұлтан Назарбаевтың
бастамасы бойынша шығарылды**

“Мәдени мұра” бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі қоғамдық кеңес мүшелері:

*Әшімбаев М.С., кеңес төрағасы;
Асқаров Ә.А., жауапты хатшы; Абдрахманов С.;
Атабаев Қ.М.; Аяған Б. Ғ.; Әбусейітова М.Қ.;
Әжіғали С.Е.; Әлімбаев Н.; Әуезов М.М.;
Байпақов К.М.; Балықбаев Т.О.; Дүйсембаев Е.С.;
Есім Ғ.; Жақып Б.Ө.; Жұмағалиев А.Қ.;
Қозыбаев І.М.; Қасқабасов С.А.; Қойгелдиев М.Қ.;
Құл-Мұхаммед М.А.; Құрманбай Ш.; Мәжитов С.Ф.;
Мұхамедиұлы А.; Мыңбай Д.Қ.; Нысанбаев Ә.Н.;
Өскенбаев Қ.А.; Салғара Қ.; Самашев З.;
Сариева Р.Х.; Сұлтанов Қ.С.; Тұяқбаев Қ.Қ.;
Түймебаев Ж.Қ.*

**“Ә.Х. Марғұлан шығармалары”
сериясының редакциялық алқасы:**

*Пірәлиев С.Ж., бас редакторы,
Марғұлан Д.Ә., жауапты хатшы, Байпақов К.М.,
Бердібаев Р.Б., Қасқабасов С.А., Қойгелдиев М.Қ.,
Күмекөв Б.Е., Аяған Б.Ғ., Кененбай Ы.С., Смағұлов О.С.,
Тасмағамбетов И.Н., Уәлиханов Ш.Е., Ибраев Б.А.*

83.3(5Қаз)Қаз
М 22
М
Ә.Х. МАРҒҰЛАН

ШЫҒАРМАЛАРЫ

ТОҒЫЗЫНШЫ ТОМ

“АЛАТАУ”
БАСПА-ПОЛИГРАФИЯЛЫҚ
КОРПОРАЦИЯСЫ

АЛМАТЫ-2010

Павлодарская областная
Библиотека
С. Тарабитрова

М
УДК 94(574)
ББК 63.3 (5квз)
М21

*Қазақстан Республикасы
Байланыс және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінің «Әдебиеттің әлеуметтік
маңызды түрлерін баспап шығару» бағдарламасы бойынша
шығарылды*

МАРҒҰЛАН Ә.Х.
М21 **Шығармалары.** – Алматы: “Алатау” баспасы,
2010. – Т. 9 – 472 б.

*Құрастырушы: Дәлель Әлкейқызы Марғұлан,
Дәме Асқарқызы Марғұлан*

ISBN 9965-807-51-5

Академик Ә. Х. Марғұланның «Қазақстанның сәулет тарихы» монографиясы қола дәуірінен бастап кейінгі орта ғасырға дейінгі құрылыс ісі мен сәулет эволюциясына арналған.

Қазақстан территориясындағы қоныстар мен қалалар Антика дәуірінде пайда бола бастады, бұл жартылай көшпелі өмір салтына ауысумен негізделген. Сәулет ескерткіштерінің көптеп пайда болуы қала құрылысымен тығыз байланысты. Сәулет ескерткіштері жартылай көшпелі қоғамның орнығу мен даму тарихын бейнелейді.

Кітаптың арнаулы редакторы Дәлель МАРҒҰЛАН

ISBN 9965-807-51-5 (Т.9)
ISBN 9965-807-15-9

УДК 94(574)
ББК 63.3 (5квз)

© «Алатау» баспасы, 2010
© Марғұлан Д.Ә., Марғұлан Д.А. Құраст., 2010

КІРІСПЕ

Қазақ сәулет ескерткіштерін егжей-тегжейлі зерделеу тек ХХ ғасырдың ортасынан басталды. Археологиялық қазбалар қола дәуірінен бастап кейінгі орта ғасырға дейін Қазақстан аумағында басымшылық еткен ежелгі құрылыс мәдениетінің ауқымды ескерткіштер кешенін зерделеуге, ғимараттар типі мен құрылымдарын, құрылыс тәсілдерін анықтауға мүмкіндік берді.

Қазақстанның дала кеңістігінде құрылыс ісінің тарихы көп ғасырлық. Өзінің тарихи жолының басында-ақ адам, қолайсыз күндерден және жыртқыштардан қорғана отырып, тек табиғи паналарды пайдаланған. Қазақстанда және Оңтүстік Оралда ежелгі адамның іздері қалған үңгірлер кездеседі.

Құрылыс ісінің туындауы қола дәуіріне (б.з.б. II мыңжылдық) дәл келеді, яғни бүгінгі таңдағы Қазақстан аумағында мекендеген тайпалардың өмірінде мыс металлургиясын игерумен, тас құралдардан металлдық құралдарға және алғашқы қауым аншылығынан мал шаруашылығына ауысумен байланысты өзгерістер пайда болады.

Мал шаруашылығының және металлургияның дамуы Орталық Қазақстан тайпаларында күрделі әлеуметтік өзгерістердің туындауына әкелді. Шарушылық іс-әрекеттердің жаңа түрлері қоғамдық өндірісте ерлерді бірінші орынға шығарды. Материалдық игіліктер өндірісінде ерлер ролінің күшеюіне байланысты әкеге сыйыну, патриарх, ата-бабаға сыйыну пайда болады.

Шаруашылық қызметіндегі жіктелу құрылыс ісіне қатты әсер еткен металлдық құрал-жабдықтардың туындауымен бірге өтті. Өндірістің жаңа түрлеріне ауысу жаңа шаруашылық және мәдени дағдылардың жинақталуына алып келді, адамның дүниетанымын кеңейтті. Металлдық құрал-жабдықтар адамдарға ағаштар мен тастарды жылдамырақ және жақсырақ өңдеуге, бұрынғы кездерден қарағанда үй-жайларды анағұрлым

ыңғайлы етіп салуға мүмкіндік берді. Бұл кезең малшылар мен ежелгі металлургиягердің қоныстарының көптеп пайда болуымен ерекшеленді.

Қоныстарды зерттеу Қазақстанның ұланғайыр аумағында және онымен шектес Оңтүстік-Шығыс Орал өңірі мен Оңтүстік Сібір аудандарында кең таралған қола дәуіріндегі үй-жайлардың құрылымдары мен түрлері жөнінде түсінік береді. Өзінің негізгі бітістерімен бұл қоныстар бір-біріне ұқсас, айырмашылықтары ландшафт ерекшеліктерімен түсіндіріледі.

Қола дәуіріндегі үй-жай құрылымы ұжымдық шаруашылық түрлерімен және рулық ұйым қағидаларымен анықталды, үлкен патриархалды отбасылар ошағы бір шатырдың астында тұрды. Өндіріс құралдарына деген ұжымдық иелік ортақ шаруашылық құрылыстарды, қоғамдық қоймаларды және мал ұстайтын орындарды салуға негіз болды.

Оңтүстік Сібір мен Орталық Қазақстанның ежелгі шеберлері үшін тас сүйікті материал болды. Жетісуда және Солтүстік Тянь-Шаньда тастан жасалған ежелгі үйсіндердің (б.з.б. III мыңжылдық) үй-жайлары табылды.

Ежелгі құрылыс мәдениетінің бірегей ескерткіштеріне алып ғимараттар жатады. Бұл ескерткіштерді зерделеу тас оңдау әдісі жөнінде, ежелгі құрылыс ісі және сәулет жөнінде біздің білімімізді толықтырды.

Ежелгі құрылыс мәдениетінің анағұрлым мардымды ескерткіштері Орталық Қазақстаннан табылды. Қола дәуірінің Беғазы, Бұғылы, Санғыру, Ақсу-Аюлы алып тамдары тайпа басшыларының жер асты тас қабірлерін құрайды. Осы тамдарды тұрғызу кезінде кейде алып тас кесектер пайдаланылған.

Қазақстанның тарихында қола дәуірінде пайда болған қабырғаны тастан көтеру дәстүрі кейінгі орта ғасырға дейін сақталған. Орта ғасырдағы қамалдар, қазақтардың қысқы үй-жайлары, шаруашылық жайлары мен жаппалы аулалар (қора) негізінен тастан жасалған.

Тас тамдар ұлттық сәулетшіліктің ерекшелігін құрайды. Бұл жайлы XIX ғасырда орыс саяхатшылардың және ғалымдардың еңбектерінде жазылған. Ежелгі заманда тастан жасалған ескерткіштердің көбісі осы күнге дейін сақталған.

Ұлттық сәулет тарихында киіз үйдің пішінін қайталайтын

тамдар ерекше орын алады. Бұл пішін скиф заманынан басталатын бейіттерге тән.

X-XII ғасырларда үшкір аркалары, көп қырлы барабандары мен күмбездері бар піші және күйдірілген кірпіштен жасалған ғимараттар кең тарала бастайды. Ғимараттарды сәндеу кезінде кірпіштерді нақыштап қалау, кеспелі терракота, өрнектелген жиектер сызығы пайдаланылған.

Қазақ сәулетшілігінің тарихы ежелгі керуен жолының бағытымен байланысты. Оңтүстік және Орталық Қазақстанда, Каспий өңірі даласында және Маңғыстауда көптеген тамаша ежелгі ескерткіштер сақталған. Бұл жерлерді Қазақстан сәулет тарихының ірі мұражайы деп атауға болады. Сәулет ескерткіштері орналасқан жерлерде қазақ тайпалары өмір сүрген: Оңтүстік Қазақстанда және Жетісуда – үйсіндер мен қаңлылар, Батыс Алтай, Тарбағатай және Ертістің жоғарғы аңғарында – наймандар мен керейлер, Орталық және Батыс Қазақстан аумағында және Сырдария өзенінің аңғарында – қыпшақтар.

Халық шеберлерінің көптеген ұрпақтарының шығармашылық күшімен туындаған сәулет ескерткіштерінің елеулі саны қазақ халқының мәдени өмірінің бірізді кезеңін бейнелейді. Қазақ сәулетшілігі ескерткіштерінің композициялары өте өзгеше, оларға басқаларға ұқсамайтын пішін және кейде таңғажайып құрылымдық шешім тән.

Ежелгі қазақ тайпаларының негізгі шұғылданған істерінің бірі – Сырдария, Талас, Шу, Сарысу және т.б. өзендер аңғарларында суармалы егіншілікпен үйлескен жайылымдық мал шаруашылығы болды. Алтай мен Тянь-Шаньның алқабындағы көгал, Қазақстан даласы мал үшін жақсы жайылым болды, ал өзен аңғарлары суармалы егіншілікті дамыту үшін пайдаланылды. Осы жерлерде бүгінгі заманның өзінде-ақ тарихи, аса ғылыми және көркемдік құндылығы бар өзіндік сәулет ғимараттары тұрғызылды.

Қазақстан аумағындағы құрылыс ісі мен сәулетшілік бірнеше мың жылдарға жетті – ол дегеніміз, оның барысында шаруашылық-мәдени іс-әрекеттің өзіндік түрі қалыптасқан және қолданыста болған тарихи жол.

АЛҒАШҚЫ ҚАУЫМ ДӘУІРІНДЕГІ ҚҰРЫЛЫС ІСІ

1. ЕЖЕЛГІ ЗАМАНДАҒЫ ҚАБЫРҒАЛАР МЕН
КҮМБЕЗДЕРДІҢ ҚҰРЫЛЫМДАРЫ

Өзінің тарихи жолының басында-ақ адам, қолайсыз күндерден және жыртқыштардан қорғана отырып, тек табиғи паналарды пайдаланған. Қазақстан мен Оңтүстік Оралдың аумағында ежелгі адамның іздері қалған үңгірлер көптеп кездеседі. Пскем (Қазықұрт), Қаратау, Баянауыл, Қарқаралы*, Ұлытау (Айдахарлы) үңгірлері ғылымға белгілі. Кейбір үңгірлердің іші кең және оған әжептеуір адамдар сиған. Ежелгі адамдарға пана болған және үй-жай болған үңгірлердің барлығы оңтүстікке немесе оңтүстік-шығысқа қараған, нәтижесінде үңгірлердің күзгі және қысқы уақытта табиғи жылуы болған. Суық уақытта жылуды сақтау үшін ежелгі адамдер үңгірлердің аузын сырғанақтармен және аң терісімен жауып-қымтаған.

Үңгірлі тұрақтарда алғашында кішкентай таптармен өмір сүріп, кейін рулық қауымға дейін өскен алғашқы аңшылардың өмір сүрген ізі бар. Жоғарғы палеолит дәуірінде-ақ адамдар от алуды үйреніп, тас құралдарды пайдалана бастаған. Үңгір күмбездерінде ежелгі мекендеушілер жакқан ошақтан шыққан ыстың ізі қалған. Ежелгі адамдардың табиғатқа үйрену шарттарында от пен тас құралдар олардың өмір сүруінің негізі болған.

Адамдар үй-жай ретінде табиғи паналарды пайдаланып жүрген дәуірдің өзінде, үй-жайларды көркемдік сәндеу қажеттілігі туды. Алғашқы қауым адамдарының діни наным-сенімінен туындаған бейнелеу өнерінің элементтері құрылыс ісінен бұрын пайда болғандығын дәлелдейді. Оған алғашқы қауым адамдары өмір сүрген үңгірлердің төбесінен табылған жартасқа салынған суреттер дәлел болады.

Баянауыл тауларында үстінен төніп тұрған алып таспен біріккен қуыстары табылды. Осы қуыстарда ежелгі адамдар

* Қарқаралы қаласының маңында орналасқан үңгір ғылымға «шатыр» атауымен белгілі.

өмір сүрген. Қуыстардың пішіндері жайпақ күмбезі бар сопақша сегмент болып келеді. Бірінің күмбезінде қызыл минералды бояумен адамдар мен жануарлар бейнеленген.¹

Қарағанды облысы Шет ауданының Қотыр-Қызылтау тауларында күмбезі биік және аузы оңтүстікке қараған сопақша жайды құрайтын Тесіктас қуысы орналасқан. Бүкіл дерлік аумақ адамдар мен жануарларды бейнелейтін петроглифтерге толы. Петроглиф қызыл минерал бояуымен орындалған.

Бұхтырма (Шығыс Қазақстан) өзеніндегі қуыс Орталық Қазақстандағы үңгірлі тұрақтарға ұқсас. Мұнда үңгір аузының алдында биіктігі екі метр қызыл минерал бояуымен белгісіз жануар және адам бейнеленген. Петроглифтер палеолит кезеңінен бастау алады. Осы алғашқы суреттер ең ежелгі «үңгір» мәдениетін құрайды. Осындай суреттер Алтай мен Сібірдің неолит тұрақтарында жиі кездеседі.

Алғашқы қауым идеологиясында табиғат күштерін құрмет тұту, күнге және айға табыну басым болды. Ежелгі адамдардың мажусилик-шамандық діни ұғымдары табиғат күшін рухтандыру түрінде көрінді, ол петроглифтерден, биік ментирлер құрылымдарынан, жануар мүсіндерін орнатудан (Батпақсу, Қойшоқы, Сартабан, Бұғылы, Қанаттас және т.б.) байқалды. Би, музыка, бейнелеу өнері адам өмірінің ерте кездерінде пайда болған, адамдар жануарлар мен құстардың үндерін қайталап, жануарлардың бейнесін тастарға қашап, би арқылы аңшылықты бейнелеген.

Алғашқы қауым өнерінің ескерткіштері – жартасқа салынған суреттер

Орталық Қазақстанның таулы аудандарында, Бетпақдалада, Қаратауда, Жетісуда, Тарбағатайда, Алтайда кездеседі. Олар тек идеологияның элементтері – өнер нышанының пайда болуына ғана емес, сондай-ақ кеңістіктік-көлемдік композиция сұрақтарын шешудің бастапқы тәжірибесін дәлелдейді. Бұл – аңшылық шаруашылығынан адамның бақташылық мал шаруашылығына ауысуға, металл игеру мүмкіндіктерінің туындауына, қоғамдық еңбек бөлінісіне дайындығының ұзақ үдерісіндегі үдемелі қадамдары болып табылады.

Адамның алғашқы тұрақтарының табылған іздері жоғарғы палеолит дәуіріне (120-20 мың жыл бұрын) тиісті. Кейінгі палеолит дәуірінің тұрақтары Ертістің жоғарғы бойында, Ұлытау,

Жезқазған, Баянауыл аудандарында, Солтүстік Бетпақдалада байқалды. Бұл тұрақтар әдетте ашық биік жерлерде, өзендердің биік жайылымдықтарында, тау үстірттерінде орналасты. Осы жерде тас шеңберлері түріндегі ошақ іздері және тас құралдары көптеп сақталған.

Ғылыми экспедициялармен б.з.б. IV соңында және III мыңжылдықтағы неолит және энеолит мәдениеттерінің көптеген тұрақтары ашылды, оларды зерделеу, олардың өздеріне тән бітістерін анықтауға мүмкіндік берді.

Орталық Қазақстанның кең-байтақ аумағынан, Бетпақдаланың құмды төбелерінен, Балқаш өңірінен, Сарысу, Шерубай, Мойынты, Есіл өө. аңғарларынан, Ұлытау тауларынан табылған неолит тұрақтары кремний мүкәммалының жалпылығымен сипатталады. Неолит тұрақтарының орналасу және алғашқы үй-жайлардың орнығу сипаты табиғи шарттарға және ортақ шаруашылық түріне тығыз байланысты.

Қазақстан жерін мекендеген неолит тайпаларында тас құралдарының түрі әр басқа, әбден қалыптасқан пішіні болды. Сол заманға шағын құралдар – ұсақ аң-құсты және балық аулауға арналған микролиттер тән болды. Лақтыру құралдары – ұштары үшкір және ішпекті жүздері бар садақ пен жебе, тастан кесу және шабу құралдарын, ал кейінірек батырғыларды, кетпенді, жақсы тегістелген балташаларды, қашуды ойлап шығару, неолит дәуірімен байланысты. Ежелгі адам, үй-жай құрылысы кезінде ағаш өңдеу үшін тас құралдарды пайдалана бастады.

Неолит қауымдастықтары күзде және қыстың басында шөппен қоректенетін жануарлар көптеп жайылатын, аңшылықпен айналысуға және балық аулауға ыңғайлы өзен аңғарларын қоныстады. Ертис, Есіл, Сарысу, Сілеті, Орал өзендерінде аңшылар мен балықшылардың өзен жанындағы және көл жанындағы тұрақтары, ал Жеті-Қоңыр, Арал өңірі және Балқаш өңірі дала оазистерында маусымдық аңшылық аймақтарында аңшылардың дөң тұрақтары болған. Олар әдетте Бетпақдаланың жарықшақ су орындарынан немесе Бетпақдаладағы, Арал өңіріндегі, Маңғыстаудағы құдықтар орналасқан орындарында кездеседі. Уақытша тұрақтар пашыраңқылығымен және материалдық мәдениет заттарының аздығымен сипатталады.

Эмпирикалық тәжірибе негізінде кейінгі неолит және ерте

кола дәуірінің адамы тас құралдардың көмегімен қарапайым үй-жай сала бастайды. Сол уақытта саз балшық пен ағаш қолжетімді құрылыс материалы болды және ағаш материалы өңделмеген түрінде пайдаланылды.

Бөрене, сырғауыл, жаңғырық түріндегі ағаш жердегі қабырғаларды қаптау кезінде, тіреу бағаналары ретінде және шатыр құрылымдарында пайдаланылды. Құрылыс бөлшектерін жай ғана байланыстыру үшін тал, қамыс, ши қолданылды. Металлдық құралдардың пайда болуымен тақта, еңсіз жұқа тақтайша жасауға, бұрғылауға және байланысатын элементтерді бір-біріне дәл келтіруге мүмкін болды.

Қазақстанның, Сібірдің және Оңтүстік Оралдың кейбір аудандарында зерттелген тұрақтар неолиттік қауымдардың үй-жайлары жөніндегі мәлімет береді. Олар шатырлық немесе екі жағы да еніс жабыны бар 5-6 жергөлелерден тұратын аңшылық-балықшылық қотанды құрайды. Осындай үй-жайлардың ішінен тастан жасалған ошақтардың (алау) іздері табылды. Ошақтан шыққан түтін жоғарғы саңылаудан шыққан, осы саңылаудан жергөлелеге жарық түскен.

Кейінгі неолит және ерте қола дәуіріндегі үй-жайлардың іздері сол кездің өзінде-ақ адамда композиция туралы әлжуаз, композицияның кеңістік-көлемдік мәселелерін шешудің бастапқы тәжірибесі, жоғарғы бөлігі – жабын және төменгі бөлігі – негіз деп оны екіге бөлумен үй-жай құрылымы туралы алғашқы ұғымы пайда болды деп айтуға болады. Бұл уақытты құрылыс ісінің пайда болған кезі деп санауға болады.

Ежелгі адам үшін үй-жай – бұл тамақ дайындап, жылу сақтайтын пана болды. Ерте қола дәуірінің үй-жайлары бір лақтытты. Кейінірек, үй-жайлардың пішіні мен құрылымы климаттық шарттарға ғана емес, сондай-ақ рулық ұйым құрылымына және шаруашылықтың ұжымдық түріне лайықтана бастады.

Қазақстан аумағында анағұрлым кең таралған ежелгі үй-жайлардың түрі – конфигурациясы төрт бұрышты жартылай жергөлелер. Үй-жайдың негізі бір немесе одан көп тереңдікте жерге қазылған ойпаң болған, ал жоғарырақ оның жер үстіндегі бөлігі тұрған. Жердегі қабырғалары шарбақпен, саз балшық және күм топырақ араласқан қоспамен бекітілген.

Андроновтық үй-жайларда бөренелі жабын үшін тіреу

болған ағаш бағаналар басты құрылым болды. Бағаналар мықты болуы үшін оларды 35-тен 40 см-ге дейінгі тереңдікке грунтқа батырған. Орманды-дала жолағында орналасқан Қазақстанның солтүстік аудандары үшін үй-жайларын жылыту үшін және жердегі қабырғаларды бекіту үшін қабырғаның қасына ағаш бағаналар немесе тас плиталар орнатылған. Осының арқасында бүгінгі күні тас қабырғалары бар байырғы үй-жайлар – кішкене ғана жартылай жертелелер және үлкен қауымдық үйлер жер бетінде бітімі тік бұрыш немесе дөңгелек түрінде шығып тұр.

Қысы қатты солтүстік аудандарда жертелелер көлденең өзегімен басым жел бағыты бойынша орналасқан, яғни батыстан және солтүстік-батыстан шығысқа және оңтүстік-шығысқа қарай орналасқан.

Құрылыс ісі қайталама іс-әрекеттердің негізінде жетіле түсті. Игерілген дағдылар мен тәжірибе табиғаттан алынған ритм мен симметрия заңдарына бағынған жеке бөлшектерді дұрыс орналастырумен құрылыс композицияларының пайда болуына әкелді.

Қоныстардың археологиялық қазбасының материалдарына сүйенсек, үй-жайдың екі кеңістік құрылымы болған: дөңгелек және көп тарағаны бұрыштары домаланып келген тік бұрыш.

Археологиялық зерттеулердің мәліметтеріне қарағанда қола дәуірінде қазылған ойпаң шеттерінің бойымен жер, саз балшық және құмның қоспасынан қабаттан салу әдісімен үй-жай қабырғасының жер үсті бөлігі бір метрге дейін, кейде екі метрге дейін тұрғызылған. Әр қабаты жақсы тапталып тегістелген, нәтижесінде үй-жайдың жер үсті бөлігін қамтамасыз ететін үймек немесе бруствер (топырақ үйіндісі) пайда болған. Көп материалдар араластырылып салынуы себебінен мұндай қабырғалар түйіршік-түйіршік болып шығатын. Алексеевка қонысында құрылыс материалы ретінде саз балшықты қолданудың алғашқы тәжірибелері байқалады.

Үй-жайдың кіре берісі көбінесе оңтүстік бөлігінде болған және оның пішіні сатылы дәлізге ұқсаған, қалыңдығы 20-30 см-ге дейін жететін құмның, қиыршық тастың және саз балшықтың тапталған ерітіндісінен жасалған жертеле еденінің деңгейіне дейін еңіс болған.

Кейінгі қола дәуірінде патриархалды отбасының өмір салтының өзгеруіне байланысты үй-жай ауданын шұғыл

ұлғайтудың қажеттілігі туды. Ежелгі құрылысшылардың алдында екі міндет тұрды: бір жағынан үлкен үйдің композициялық-жоспарлыу сызбасын жасау және осындай үйлер шатырының мықты құрылымын іздеумен байланысты туындаған қиындықтарды жеңу. Үй-жайдың ауданын ұлғайту тік бұрышты құрылымның бүйір ұштарын ұзарту жолымен жүзеге асты. Патриархалды отбасылар бұл дәуірде ауданы 300 м² дейін жететін кең үй-жайлар – «ұзын үйлерде» тұрды, ол шағын отбасылар үшін бірнеше жайларға бөлінді, бірақ жайдың ортасында орналасқан «ошақ басы» ортақ болды, ол отты сақтаудың ежелгі дәстүрімен байланысты. Мұндай үйдің негізі жерге кіріп тұрды.

Шатыр құрылымы мәселесінің шешімі үлкен аудандар шатырының жабылуын қамтамасыз ететін ішкі тіреу бағаналарын қолданумен жүзеге асты. Ежелгі құрылысшылар үй кеңістігін шатыр тіреуге арналған бағаналармен бөлу арқылы оңтайлы ұйымдастырды.

Ежелгі үй-жайларда, сондай-ақ бейіттерде (бұдан әрі толығырақ) орталық-күмбезді жабын жүйесі үшін екі тіреу түрі болды: қабырғаны және ішкі. Мемориалдық ғимараттарда шатыр салмағы тас құрылымдарға түскен. Үй-жайларда бұл қызметті бөренелі бағаналар атқарған.

Бағаналардың беріктілігін қамтамасыз ету үшін оларды әдетте 25-тен 40 см-ге дейін жететін тереңдікке грунтқа батырған. Оған Қазақстан аумағындағы және оған іргелес Орал және Заволжье аудандарындағы андронов үй-жайларының түбінде бағанадан қалған көптеген шұңқырлар дәлел болады. Әдетте, әрбір үй-жайда шұңқырлар саны 200-ден асқан, кей кезде 300-ге дейін жеткен. Шұңқырлардың осыныша көп болуы олардың көбісі судың жиналуы себебінен туындаған деп түсіндіріледі. Үй-жай құрылымымен байланысты бағаналардан қалған шұңқырлар анағұрлым анық және заңды орналасқан.

Бағаналар жабын мен қабырғаларға тіреу болған. Бағаналардан қалған шұңқырлардың диаметрлеріне қарап, бұл максатта диаметрі 16-18 см-ден кем емес бөренелер пайдаланылғанын көреміз*.

* Кейінірек қазақтар тіреу ретінде диаметрі дәл сондай бөренелерді пайдаланған, оның үстіне қазақтардың кораллында тіреу бағаналары анағұрлым жіңішке ұшы (тұқал) жоғары қаратып орнатылған, оларға

Бөренелі қабырғалардың бұрыштық қосылуы үшкір құралмен және мыс қапсырма шегемен жасалған жаппалардың көмегімен жүзеге асты. Бөренелер жақсы өңделіп отырған, олардың ұштары кесілген, кей жағдайларда бөренелер екі жағынан тегістеліп, жаңғырыққа ұқсаған. Мұндай бөренелер М. П. Грязновпен Ақтөбе облысындағы Орал-Сайдан, О. А. Кривцова-Граковамен Қостанай қаласының маңындағы Алексеевка қонысынан² және бізбен Талдынұра өзенінен (Быткылдақ, 1 және 2 қорым) табылды. Және де ағаш материалмен көбінесе кескіні тік бұрыш болатын үй-жайлардың жер қабырғалары қапталған, домалақ қабырғалар шарбақпен немесе өрмемен айнала қоршалған.


Ауданды кеңейтудің және үй-жайдың ішкі кеңістігін ұйымдастырудың басты әдісі – көлденең өзегі бойынша біртіндеп өрістету болды. Осы міндеттерді жүзеге асыру үшін бағаналар бір-бірімен қиылысатын екі өзегі бойынша орналастырылды, нәтижесінде үй-жайдың тік бұрыш жоспары шаршы негізін құрай отырып, үш аралыққа бөлінді. Үлкен қауымдық үйдің тік бұрыш жоспарын үшке бөлу қарағаштың немесе жиденің қысқа сырғауылынан шатыр жасауға мүмкіндік берді, бұл мәселені шешудің дұрыс жолы болды. Пирамида түріндегі шатыр үйдің дәл орта бөлігінің үстінде тұрып, орталық тіреу бағаналарына сүйенген бөренелі тік бұрыш жақтауынан құралды. Үй-жай шатырының орта бөлігі бағаналардың арасында, негіздің шаршы ортасында орналасқан тас ошақтың үстінде орналасты. Ежелгі құрылысшыларға тегіс шатырдың саңылауы арқылы түтіннің шықпайтыны, оның ішке таралып, қабырға мен төбеге дақ қалдыратыны белгілі болған. Эмпирикалық тәжірибе ежелгі шеберлерді түтін шығуы үшін ошақтың дәл үстіндегі шатырда саңылауы бар мұнара тәрізді күмбез жасау шешіміне алып келді, сөйтіп үй-жайдың ішінде ыстық ізі болмаған. Осындай күмбездің құрылымын біз шошаладан байқаймыз.

әдетте көлденең аркалықтарды қондыру үшін айыр тәрізді ойықтар жасалған. Осы ағаштардың «бағана» немесе «бақан» деген көне қазақ атауы қазақтың бағаналы руында және осы рудың таңбасында сақталған. Тіреу бағана-бақандардың және есік орнаның биіктігі қазақтардың құрылысында екі өркешті түйе – нардың бойымен есеттелген. Мұндағы есен қарапайым, үй жануарларының ішіндегі ең биігі түйе «қораға» өркін кіре алатындай етіп жасалған.

Орталық бөлігінен айырмашылығы ашық аралықтың бүйір жақтары жайпақ шатырмен жабылған, орталық тіреу бағандарының жоғарғы ұштары қабырға деңгейінен биік болғандықтан, ол біраз еңістеу болған.

Үй-жайлардың тік бұрышты пішінінің шешуші маңызы болған. Көлденең және тігінен келген бағаналы пирамидалы шатырдың және ашық аралардың бүйір жабындары үшін тіреу болған. Бұл бағаналар, сондай-ақ үйді бірнеше жайларға бөліп тұрған қалқа болды.

Жабынның мұндай құрылымы орта ғасырға дейін қолданылды. Далалы жерлерде ағаш материалы аз болғандықтан, шатыры жайпақ пирамидалы күмбез түрі неғұрлым қолайлы болды. Сырғауындарды бір-біріне тығыз орналастыру арқылы шатырдың мықтылығына қол жеткізілді. Шатырдың ағаш



Қола дәуіріндегі үй-жай құрылымы

бөлігі үстіңгі жағынан шоқ талдармен, қамыстармен, шилермен және басқа қолда бар материалдармен жабылды, одан кейін топырақтың немесе шымның қалың қабаты төселді.

Үш бөлікке бөлу тек үй-жайлар үшін ғана тән болған жоқ. Бұл жүйенің қағидалары белгілі бір шамада үй-жай құрылымын қайталайтын мемориалдық ғимараттарда да жүзеге асырылды. Бұл ғимараттарда тіреу бағаналарының қызметін грунтқа тігінен қазылып көмілген үлкен гранит тақталарының немесе бірін-бірі шоғырлана қоршаған қосарланған тас қабырғаларының атқаруы олардың айырмашылығы болып табылады. Бейіт тамдарының орта бөлігі бүйірлеріне қарағанда кең болған (Ақсу-Аюлы, Беғазы, Дәндібай және т.б.). Ғимараттың көлеміне қарай ашық аралардың ені 3-тен 5-ке дейінгі аралықта болған.

Қазақстан аумағындағы ең көне күмбезді ғимараттар – Ақсу-Аюлы, Беғазы, Дәндібай тас молалары кейінгі қола дәуірінде б.з.б. II мыңжылдықтың соңғы шегінде салынды. Бұл ғимараттардың пирамидалы-бағаналы күмбезі тас бағаналармен сүйемелденді. Құрылымы бойынша мұндай күмбез барлық құрылымдар үшін ең қарапайым және сенімді болды, олардың негізін шеңбер, шаршы немесе көп бұрыш құраған. Осы жүйені қолдану қысқа бөренелерден үлкен ашық аралық күмбездерін тұрғызуға мүмкіндік берді. Бұғұлы III кесенесі күмбезінің пирамидалы-сатылы құрылымы тас тақталардан жасалды, олар жоғарылаған сайын көлемдері азая түсті, бұл кертпештердің пайда болуына әкелді. Жабын ұшы пішіні жарты шеңбер болып келетін тақтамен аяқталды. Осындай құрылыс тәсілінің арқасында жабын қиық шопақ конус пішініне ие болды.

Күмбезі пирамида болып келетін ғимараттардың пайда болуы отырықшылық өмір салтына байланысты туды. Құрылымның пирамидалы-бөренелі күмбезі Алтай мен Кавказдың ежелгі үй-жайларында, дарбазы және қарадам¹ тәрізді үй-жайларында кең тараған, бірақ олардың Әмудариядан оңтүстікке қарай аумақта кездеспейтінін білеміз.


Б.з.б. II мыңжылдықтың соңында адам өзінің үй-жайын жер астынан шығарады. Жартылай жер төселерден тастан және ағаштан қиып жасалған, берік, бір лақытты жер үстіндегі үй-жайларға ауысып, адамдар шатырды ұстап тұруға арналған бағаналарды орнатудан бас тартады. Бұл дәуір – ежелгі адам өміріндегі түбегейлі өзгерістер дәуірі.

Шошала* - пішіні шопақ, жер үсті үй-жайы. Қола дәуірінің соңында (б.з.б. IX-VIII ғғ.)⁴ еуразия даласында пайда болды, оған патриархалды отбасының құлдырауы себеп болды. Шошала – өмір сүру аймағына байланысты қабырғасы тас-тан, саз балшықтан немесе ағаш қимасынан жасалатын ауданы кішірек стационарлы үй-жай.

С. В. Киселев шатыр күмбездері алынып-салынатын, пішіні домалақ немесе көп қырлы болып келетін «ағаштан шабылып жасалатын» үй-жай⁵ туралы жазады, бұл жерде «шошала» жөнінде айтылып тұрғандығында күмән жоқ.

Ауыспалы кезеңде жартылай жер төселер мен жер үстіндегі үй құрылысы бірдей қолданыста болғанымен, үй-жайды грунтқа батыру сияқты құрылыс әдісі біртіндеп жойыла бастайды. Адам

544860



Шошала

* Шошала сөзі екі сөздің қосындысынан пайда болған: шопақ – конус және ала немесе алау – от, ошақ, яғни «шопақ-ала» сөзі «ошақты бар шопақ үй-жай» мғынасын білдіреді.

тіреу бағаналарын орналастыру сияқты күрделі жұмыстан біртіндеп босайды.

Қазақстанның далалы аймақтарында шошаланы тастан, шікі кірпіштен және шымнан тұрғызған, оған ағаш материалының болмауы себепші болды. Осындай материалдардан тұрғызылған үй-жайдың негізі шеңбер немесе шаршы болды және табиғат құбылыстарына қарсы тұра алды.

Орманға бай Қазақстанның солтүстік аудандарында алты-сегіз қырлы ағаш қимасынан тұрғызылған шошаланың қыр саны да сонша болған. Бірақ осы екі жағдайда да шошаланың көлемдік-кеңістіктік құрылымы еденнен және шатырлық күмбезден тұратын бір элементті тұтас құрылымды құраған.

Шошаланың анағұрлым күрделі бөлігін оның шошақ күмбезі құрайды, мұнда ежелгі адамның көп ғасырлық құрылыс тәжірибесі, байырғы құрылысшылардың бір элементті үйдің күмбезін тұрғызудағы оңтайлы шешімін іздесту нәтижесі көрінеді.

Негізі шеңбер немесе шаршы болып келетін шошалادا бағаналардың үстіне күмбез орнатылып (тіреуші бар күмбез), ежелгі дәстүр жалғастырылған. Күмбездің осындай құрылымы төрт ішкі бағанаға және үй-жайдың негізі шаршы немесе шеңбер болып келетін бөренелі немесе тас қабырғаларға сүйелді, оның ортасында бағаналардың арасында дөңгелек шұңқырда ошақ орналасты. Шошаланың қаңқалы түрі Солтүстік-Шығыс Қазақстанда анағұрлым кең таралған.

Ошақ үстіндегі сатылы күмбез көлденеінен жатқызылған бөренелерден пирамида түрінде тұрғызылған. Қазақстан аумағындағы алғашқы күмбезді ғимараттарда, кейінгі қола дәуірінің Ақсу-Аюлы, Беғазы, Дәндібай тас молаларында пирамидалы-бөренелі күмбез тас бағаналармен тірелді.⁶

Бағаналардың үстіндегі пирамида түрінде тұрғызылатын тас немесе бөренелі күмбез Қазақстан аумағында пайда болған байырғы сәулет құрылымы болып табылады. Негізі шеңбер, шаршы немесе көп қырлы болып келетін стационарлы ғимараттар үшін осындай күмбез анағұрлым қарапайым, берік және лайықты болған.

Шаршы жоспарындағы шошаланың өлшемі 4x4 м немесе 6x6 м, домалақ негіздің диаметрі 5-6 м. Шатыр үшін диаметрі 7-8 см болатын сырғауылдар немесе диаметрі 12-14 см бола-

тын ағаш (қайың) бұтақтары қолданылған, олардың ұштары тік тұрған бөренелердің жіктеріне киюластырылған. Шатырдың түтін шығатын және ішке жарық түсетін саңылауы болған. Сырғауылдардың үстіне қалыңдығы 2 м-ге дейін жететін талдардан құралған төсеме немесе бір-біріне нығыздап бекіген шымнан жасалған кірпіш қабаты төселген. Шым кірпіштің өлшемі 32x16x18 см, оның өзінің салмағы әжептәуір болған. Күмбезді шатырдың жалпы қалыңдығы 30-40 см аралығында болған. Яғни, бөренелі жабынның қалыңдығы – 16 см, тал төсемесі – 1,5-2 см, қамыс қабаты – 1-1,5 см, шымнан құралған жоғарғы қабат – 18 см.

Үнемі қатты жел соғып тұратын далалық климат жағдайында шымнан жасалған кірпіштер тез тұтанбайтын және желге төзімді, мықты шатыр материалдарының бірі болған. Осыны білген далалықтар шошаланың жылуын ұстап тұру үшін сондай-ақ шымды пайдаланған.

Күмбезі бар шошала қабырғалары биіктігі 5-6 см болатын алып ғимаратты құрайды. Шошаланың ішкі қабырғаларында пайдаланушылық маңызы болған терең қуыстар болған, оған тұрмыстық заттар қойылған.

Шеңбер немесе шаршы түріндегі негіз Қазақстанның құрылыс тарихында үлкен роль ойнаған. Бұл композицияның негіздері қола дәуірі кезінде бір элементті жартылай жергөлелер мен тастан жасалған мемориалдық ғимараттар құрылысы кезінде әзірленді. Ғимараттың шеңбер және шаршы композициясы күмбез құрылымының туындауына себепші болды. Кейінгі ғасырларда көрсетілген жоспарлар ішкі жағынан жабынды тіреп тұратын бағаналарды орнатусыз шатыр түріндегі төбе жабыны үшін анағұрлым қолайлы болған. Осындай табаны бар үй-жайлардың кішкентай ауданы біртіндеп күмбезге ауысатын қабырғаны тұрғызуда мүмкіндік берді. Шошаланың табанына көбінесе грунтқа көмілген.

Ежелгі адамдардың дауылды жерлерден және басқа табиғи апаттардан қорғай алатын мықты үй-жайларды салуға ұмтылуы қарапайым ғимараттар салудан басталды. Сөйтіп, бүкіл Қазақстанға бір элементті үй-жай «шошала» кең тарады.

Солтүстік Қазақстан, Көкшетау және Ақмола облысының солтүстік аудандарында биіктігі 2,8-3 м-ге жететін бөренелі бағаналар тігінен қазылып көмілген, екі жағынан парбақпен

қапталған, сонымен қатар бос жерлер топырақпен және көнмен толтырылған, ал шарбақтың үстіне саз балшықтан қалың қабат төселген. Сондай қабырғалардың қалыңдығы 60-80 см дейін жеткен. Тігінен тұрғызылған бағаналардан құралған шошала құрылысында дөңгелек табаннан шатырлы төбе жабындысына дейін биіктейтін қабырға ауысымы ерекше. Дөңгелектеніп орналасқан брустардан құралған шатырлық төбе жабындысының пішіні алты қырлы немесе сегіз қырлы. Брустың тең жартысына дейінгі қиығы оларды өзара байланыстырған. Көп қырлы брустардың мықтылығы мен тұрақтылығына тік бағаналарға бекіген алып тік бұрышты қапсырма шегелер түріндегі бекіткіштердің және көлденең тәжілердің көмегімен қол жеткізілді. Алып тіреулерге орныққан және мықты шатырмен жабылған шошалалар әлі бірнеше он жылдар бойы үй-жай ретінде қолдануға тұрарлық.

Климаты қалыпты және салыстырмалы түрде қысы жылы болатын Оңтүстік Қазақстанда анағұрлым жеңіл шошаланы тұрғызған, оның қаңқасы киіз үйдің керегесіне ұқсас болған. Қабырғадан шатырға ауысуы уықтардың жеңіл-желпі өңделген сырғауылдың көмегімен жүзеге асырылған, оның бір ұшы керегеге, екіншісі – жартылай сфералы куполға немесе саңылауы бар тік бұрышты жақтауға сүйелді. Уықтың сырғауылдары терең қималардың көмегімен күмбездің түбіне бекітілді. Тік бұрышты жақтаудағы шошала күмбездің пішіні қиық шошақ болды. Киіз үйден айырмашылығы шошаланың қаңқасы киізбен емес, қамыспен, тақұрақпен немесе шимен жабылды және екі жағынан да балшықпен сыланды.⁷

Қазақстанның ежелгі тайпаларының көшпелі мал шаруашылығына ауысу кезінде шошала көшу шарттарына бейімделген киіз үй тәрізді жеңіл жиналып-құрылатын болған. Бұл жерде ежелгі заманда пішіні жарты сфера бір тұрпатты үй-жайлардың болғандығы белгілі: отырықшылық шаруашылық түрімен байланысты шошала және бір жайлаудан екінші жайлауға көшу шарттарына бейімделген жеңіл жығылатын киіз үй болған.

Біз қамыстан жасалған үй-жайлар шошалаға ұқсас, бірақ балшықпен сыланбаған түрін 1954 жылы Тәжікстанның Вахш аңғарынан көрдік. Осы, өзбек ауылында тек қана осындай үй-жайлар болды.

Шошала. Стационарлы бір элементті күмбезді үй-жай – шошаланың таралуы композициясының қарапайымдылығымен ерекшеленетін, шатырлық типті үй-жайлар дәстүрдің сақталғандығын көрсетеді. Осындай үй-жай отырықшылық өмір салтында пайда болған және жартылай отырықшылық шарттарында жалғастырылған.

Киіз үй. Ағаштан жасалған элементтер кешенінен құралған, саңылауы бар, киізден жасалған үйдің шаңырақ құрылысын күмбездің ерекше түрін құрайды.

Киіз үй күмбезі құрылысының басты элементі – уық, қимасы 7-8 см, көбінесе қызыл-қайыңнан жасалған, бұталардың іздеп өңделген кесегі. Уықтың төменгі ұштары киіз үйдің ағаш қабырғасы керегеге тіреліп тұрады, ал жоғарғы ұштары жіктердің көмегімен шаңыраққа бекітіледі. Осылайша диаметрі 3-4 м шаңырақтың жарты сфералы күмбезі құралады. Шаңырақтан және уықтардың бүйір кернегіштерінен түсетін салмақ киіз үйдің қабырғасы – керегеге түскен. Түнде түндікпен жабылатын шаңырақтың құрылымы саңылауы бар шошаланың жарты сфера түріндегі күмбезіне ұқсас. Кей жағдайларда киіз үйдің шаңырағын құру үшін тір бұрышты жақтаулар пайдаланылған. Бұл жағдайда куполдың пішіні қиық шошаққа ұқсаған.

Күмбезі шошақ ғимараттардың сипаттамалары Антика жазбаларында кездеседі. Абакан даласындағы «Бояры»⁸ тауының пертоглифінен, Керчидегі Анфистерия⁹ сағанасының көркем суреттерінен, Радзивиллов жылнамасындағы қыпшақ вежаларынан киіз үйдің бейнесін көреміз.

Диң, діңгек, ұйтас. Қазақстанда феодалдық қатынастар қалыптасқан кезде исламға дейінгі ескерткіштерде (б.з. V-VI ғғ.) «диң», «діңгек», «ұйтас», «бұрме-тас» ғимараттарының құрылысында «жалған» күмбез идеясы жүзеге аса бастайды.

Диң, діңгек, ұйтас тамдары бір-біріне төніп тұратын көлденең қойылған тастар қатарынан құралған монолитті құрылыс етіп тұрғызылған. Ол үшін домалақ немесе шошақ күмбездің анағұрлым анық композициясын беретін қатпарлы тас тақталары қолданылған. Тамдардың табаны домалақ болғанда «еңіс» калама жерден немесе жерден бір метр биік деңгейінен басталған, ал табаны шаршы болғанда қатардың бірінен соң бірінің қалануы үш метрден кем емес биіктіктен басталған.

Сырдария сактары жарық түсуі үшін саңылау қалдыра оты-

рып, күмбезі домалақ ғимарат тұрғыза алған (Квинт Курций). Ал Страбон: «жители гор возводят каменные жилища, имеющие круглую форму, как их юрта», – деп жазған. Қалыңдығы үш метрге дейін жететін бұл ғимараттардағы тас қабырғалар тастан жасалған күмбездің мықты құрылысымен аяқталған. Алып ғимараттарда тас күмбез қабырғамен қосылып бір тұтастықты құраған, табаннан куполға өту шегі анық емес.

«Жалған» күмбезі бар тасты-сатылы ғимараттар ұзақ сақталған. Қазақстан аумағында б.з. дейін сақталған дін, үйтас сияқты сәулет ескерткіштері ежелгі құрылысшылардың ізденісі бұл сұрақтың шешімін табуға және ерекше күмбезді ғимараттарды тұрғызуға әкелді.

Қазақстанның климаттық жағдайында пайда болған «жалған» күмбез ежелгі бағананың үстіне орнатылған пирамидалы-сатылы күмбез негізінде пайда болған. «Жалған» күмбезі бар құрылыс құрылымында ішкі бағаналарды тұрғызу қажет болмауы оның басты жетістігі болып қалды.

Ғимарат күмбезінің ежелгі бағаналардың үстіндегі пирамидалы-сатылы құрылымнан анағұрлым жаңа нысанда «жалған» күмбезі бар тас құрылымға өту эволюциясында пирамидалы-сатылы күмбездің жіксіз, яғни «жалған» деп аталатын күмбез құрылымына өтудің қалыптасқан тарихи құрылыс дәстүрінің заңды тасымалдануы байқалады.

Қазақстанның жер-жерінде құрылыс ісі бірқалыпты дамыған жоқ, ол табиғи және климаттық шарттарға тәуелді болды. Құрылыс ісінің дамуында кең-байтақ дала кеңістігінде қоғамдық қатынастардың өркенді дамуы маңызды роль атқарған. Қола дәуірінде құрылыс ісі Қазақстанның солтүстік, орталық және оңтүстік аудандарында анағұрлым қарқынды дамыды. Сонымен қатар, Орталық Қазақстан үшін тас құрылымдар, Сырдария және Талас өң. жайылымдары үшін – саз балшықтан, ал Жетісу үшін – саз, ағаш және тас араласқан құрылымдар тән болған.

2. КОЛА ДӘУІРІНДЕГІ ҚОНЫСТАР МЕН ҮЙ-ЖАЙЛАР

Бүгінгі таңдағы Қазақстан аумағын мекендеген тайпалардың өмірінде түбегейлі өзгерістер болды, ол б.з.б. II мың жылдықтың басында тас құралдардан металл құрал-жабдықтарына ауысу және алғашқы қауым аншылығынан шаруашылық ісінің жаңа түрлеріне ауысу. Мұндай табыстарға жету жануарларды қолға үйретумен және мал өсірумен, металлургия мысын игерумен, кентенді жер шаруашылығының дамуымен байланысты болды. Өндірістің жаңа түрлеріне ауысу жаңа шаруашылық және мәдени дағдыларды жинақтауға себеп болды, адамның дүниетанымын кеңейтті, құрылыс ісінің туындауына және үй-жай өнерінің пайда болуына түрткі болды. Осының барлығы б.з.б. II мың жылдықта Қазақстанда кең өріс алған мыс пен қалайы металлургиясының пайда болуының арқасында мүмкін болды. Металл аспаптардың пайда болуы адамға ағаш пен тасты анағұрлым тиімді өңдеуге мүмкіндік берді.

«Из достижений в области производственной деятельности на этой ступени», – деп жазды Энгельс, – особенно важное значение имеют два: первое – ткацкий станок, второе – плавка металлических руд и обработка металов. Медь и олово и выплавляемое из них бронза были важнейшими металлами; бронза давала пригодные орудия и оружие».

Қазақстан аумағында және оған іргелес Оңтүстік Орал, Сібір, Алтай, Поволжья аудандарында жүргізілген археологиялық қазба нәтижелері қола дәуіріндегі құрылыс ісі тарихында маңызды сәттерді егжей-тегжейлі жариялауға, қоныстар мен үй-жай тұрпаттарын, олардың құрылымдарының өзгешелігін анықтауға мүмкіндік береді.

Қазақстан аумағындағы қола мәдениеті Сібірдегі, Алтайдағы, Орал өңірінің оңтүстік және оңтүстік-шығыс аудандарындағы қола мәдениетімен бір мезгілде дамыды, сондықтан осы аудандардағы құрылыс мәдениеті ескерткіштерінің жергілікті ерекшеліктермен ұқсастықтары көп. Атап өткен аудандардың үй-жайлары, қоныстары, мемориалдық ғимараттар типтері, тұрмыстық заттары, әсіресе керамикалық және қола бұйымдары өте ұқсас.

Үй-жай тұрпаттарының ұқсастығы ең алдымен өмір сүру

мен шаруашылық түрлерінің табиғи шарттарының жақындығына байланысты.

Өзінің геологиялық шарттары бойынша Орталық Қазақстан өзен-сулары көп ұлан-байтақ қатпарлы ел болып табылады. Жүз жылдар ішінде бұл ұшы-қиыры жоқ кеңістік мал шаруашылық тайпалар үшін ыңғайлы жайылым болған. Сарысу, Есіл, Нұра өзендері Орталық Қазақстанның басты су артериялары бола отырып, көшпелі мал шаруашылығымен айналысатын тайпалардың өмірінде үнемі маңызды роль атқарған. Орталық Қазақстанды мекендеген тайпалар, қола дәуірінде отырықшы өмір сүрген, көбінесе өзен аңғарларында және және тау баурайларында орналасқан, мұнда бақташылық мал шаруашылығы мен кетпенді егіншілікті дамыту үшін қолайлы жағдай болған, мықты үй-жайлары – жартылай жертөлелері болған.

Кетпенді егіншілікті дамыту үшін ыңғал жақсы сіңген топырақ тары мен бидай егуге мүмкіндік берді. Қола дәуірінде, сондай-ақ суармалы егіншілік болған, оған көне суару құрылыстарының ізі дәлел болады.

Орталық Қазақстанды мекендеген халықтың маңызды шаруашылық іс-әрекетінің бірі – кен шығару және одан металл балқытып шығару болған.

Қола дәуірінде үй-жай құрылысы шаруашылықтың ұжымдық түріне және рулық ұйым қағидасына тәуелді екендігін қазба материалдарынан байқауға болады. Ұлғайған патриархалды отбасылар ошағы ортақ бір шатырдың астында орналасты. Қосарлана салынған шаруашылық жайлар – қоймалар, мал ұстайтын қаша (Атасу, Бұғұлы I) ортақ болды. Үй-жай мен қосарлана салынған жайлар әдетте шеңбер бойынша бір-біріне жақын орналасты.* Ашық алаңда шеңбердің ішінде табын (ашық қаша) орналасты. Ашық қашаны тек жазғы уақытта пайдаланған. Қыста малды үй-жайдың жанында орналасқан арнайы орындарда ұстаған. Осы тектес жабық қашалар Атасу, Бұғұлы I, II, Шортанды-бұлақ, Алексеевка ежелгі қоныстарынан байқалады. Қоныстарда 15-тен (Жамбай-Қарасу) 80-ге дейінгі

* Ежелгі қоныстардың жоспарлары күіз үй қатарымен қоршалған қазақтардың көшпелі қотанын еске түсіреді. Малды жартықашалардың түнгі шабуылынан қорғау мақсатында күіз үйлердің арасына қазақтар айналдыра, қоршай отырып арқан көрген.

(Бұғұлы I, II, Шортанды-бұлақ, Ақкөзек, Атасу, Суық-бұлақ) қоныстар болған. Атасу қонысынан күйдің қалың қабаты (0,7 м) табылды, ол мұнда ірі қара және ұсақ малдың ұзақ тұрғандығын дәлелдейді¹⁰.

Үй-жайлардың маңында арнайы салынған тамбурларда, кейде үй-жай құрылыстарының ішінде металл балқытатын және өңдейтін шеберханалар болған. Осында, шамасы қыш құмыра жасайтын шеберханалар болған. Қоныстан тыс, төбешіктерде рулық қауымның қабірі және діни тамдары болған.

Орталық Қазақстанның ескерткіштері қоғамның дамуын сипаттайтын бірнеше хронологиялық сатыларды байқауға мүмкіндік береді. Осы ескерткіштердің арасындағы анағұрлым ескілері неолит дәуіріне немесе әуелгі қола дәуіріне, яғни ежелгі адамдардың металл өңдеуді білген, бірақ тас құралдарды әлі де көп пайдаланған тарихи кезеңге тиісті. Кремний құралдарының көптеген қалдықтары Орталық Қазақстанда металл (қола) пайда болса да, ескі неолиттік тұрмыстың көпке дейін сақталғанын дәлелдейді, оның аяқталуы қола дәуірінің анағұрлым дамыған кезеңіне және темір дәуіріне дәл келеді.

Ерте қола дәуірінде Орталық Қазақстанда жануарлар қолға үйретілді және мал өсіру үрдісі бастау алды. Дәл осы кезеңнен бастап Орталық Қазақстанда халықтың салыстырмалы түрде тығыз орналасуы байқалады.

Жайылымдық мал шаруашылығының кетпенді егіншіліктің және металлургияның үйлесіміне негізделген шаруашылық отырықшылыққа әкелді. Бұл уақыт қоғамның патриархалды-рулық қауым құрылымының тұрақтануымен, тайпалар орналасуының нақты қағидаларымен және қоныстардың тұрақты түрлерінің пайда болуымен сипатталады. Осы уақытта бөренелі қанқа қабырғалары бар жартылай жертөлелер – үй-жайлар пайда болады. Ерте қола дәуіріндегі үй-жайлардың құрылысы ұжымдық шаруашылығы болған патриархалды-рулық отбасының қауымдық құрылуына тәуелді болды.

Металлдық құралдар адамдарға ағаш пен тасты тез әрі жақсы өңдеуге, өткен дәуірлермен салыстырғанда анағұрлым ыңғайлы үй-жайлар салуға мүмкіндік берді. Бұл заманда Орталық Қазақстанда ежелгі металлургия мен малшылардың қоныстарының көп пайда болуы байқалады.

XX ғасырдың 30-шы жылдары Қостанай облысы

аумағының Тобол өзенінің жоғарғы бойындағы Алексеевка және Садчиковское қоныстары зерттелді¹¹.

ОҚАЭ-мен 1950 жылдан 1970 жыл маусымдарында Орталық Қазақстаннан қола дәуіріне тиісті алпыстан аса қоныстар табылды. Осы қоныстарды зерттеу құрылыс ісінің дамуындағы негізгі сәттерді белгілеп қоюға, б.з.б. II-ші мың жылдықтың екінші жартысында пайда болған құрылыстардың құрылымдық өзгешелігін анықтауға, яғни ол қола мәдениетінің тарихын анықтауға мүмкіндік берді.

Қоныстар Тоқырауын, Нұра, Сарысу, Атасу, Есіл, Сілеті, Шідергі, Түндік, Жарлы өзендерінің аңғарларында және олардың Жабай, Терісаққан, Батпақсу, Шерубай-нұра, Талды-нұра, Ақбастау, Қазанғап, Құсақ, Беғазы, Жіңішке тармақтарында, Қарқаралы және Баянауыл далаларында орналасты. Қоныстардың елеулі бөлігі Ақмола, Көкшетау (Бестөбе, Степняк, Бозша-көл), Ертістің жоғарғы бойындағы аудандардан (Қанай, Кіші Красноярка) табылды және зерттелді. ОҚАЭ-мен Атасу (Жаңаарқа ауданы), Бұғұлы I, II, III, Ақбауыр, Шортанды-бұлақ, Сенкебай (Шет ауданы), Тағыбай-бұлақ (Баянауыл ауданы) және т.б. қоныстарындағы үй-жайлар жоспары және құрылысы мұқият зерттелді¹².

Қола дәуірінің соңында мал басының көбеюі және халықтың өсуі жайылымдық мал шаруашылығының пайда болуына әкеледі. Оған Орталық Қазақстанның тарихи топографиясы дәлел болады. Осы өзен аңғарларынан оқшау Солтүстік Бетпақдала оазистерінде (Жеті-Қоныр, Талды-Қоныр, Мыйқайнар), Жезқазған маңында (Милықұдық, Сорқұдық, Айнакөл), Солтүстік Балқаш өңірінде (Ақжал, Саяқ, Қараүңгір, Тесіктас) пайда болған қоныстар бақташылық тыйпалардың кең таралып қоныстануын, олардың жайылымдық ретінде Бетпақдала шөлейтіне дейін кеңбайтақ жайлау жазирасын пайдаланғанын дәлелдейді¹³.

Шөл мен шөлейт аудандарында қоныстардың пайда болуына жер асты су көздері себеп болды. Сумен қамтамасыз ету мәселесі көптеген құдықтар мен су жинайтын жайылымдар салу жолымен шешілді, оның іздері Жезқазған және Ұлытау қоныстарында анағұрлым жақсы сақталған.

Милықұдық, Сорқұдық, Златоуст, Айнакөл, Бестөбе, Жолымбет, Степняк, Ескіжұрт, Тағыбай-бұлақ, Суық-бұлақ, Қарқаралы I, II, Мырзашоқы, Бұғұлы, Шортанды-бұлақ, Есіл

ө. жайылымындағы Сарғар қоныстарын зерттеу деректері бұл жерде ежелгі металлургия орталығының болғандығын растайды.¹⁴

Қоныстарда еңбектің бірінші ірі қоғамдық бөлінісі негізінде пайда болған және дамыған жаңа палеометалл эрасының негізін салған ежелгі бақташы-малшылар, кеншілер мен металлургтер тұрды. Қоныс мекендеушілері бір этникалық-мәдени қоғамдыққа тиісті болды.

Қоныстардың жалпы бітімдері бір-біріне ұқсас болған, аздаған айырмашылықтары ол ландшафт ерекшеліктерімен түсіндіріледі. Үлкен патриархалды отбасылар қауымдық үйлерде, ошағы ортақ бір шатырдың астында тұрды. Өндіріс құралдарына деген ұжымдық иеленушілік жалпы шаруашылық құрылыстардың, қоймалардың және малды ұстауға арналған ортақ орындардың салынуына әкелді.

Қола дәуіріндегі кішкентай қоныстар тұрғылықты жартылай жергелер – қола дәуіріндегі Қазақстанның дала аймақтарындағы негізгі үй-жай типтерінің тобын құраған, әр қайсысындағы үй-жай саны 10-нан 40-қа дейін жеткен. Ірі қоныстар 2-3,5 га аумақты алып жатты, ондағы (Бұғұлы I, Шортанды-бұлақ) тұрғылықты үй-жайлар саны бірнеше ондаған болды. Мұндай қоныстарды жоспарлау қоғамдық малды қорғау міндеттеріне бағынды. Тұрғылықты және шаруашылық құрылыстар кешені әдетте табын орналасқан ашық орталық алаңы бар шеңбер бойынша орналасты.

Қоныстарды салу кезінде ежелгі тұрғындар тау шатқалдарын, орманды жерлерді, өзен аңғарларын таңдай отырып, сол жердің климаттық жағдайын және бедерін ескерген. Үй-жайлар өздерінің көлденең өзегімен батыстан және солтүстік-батыстан шығысқа және оңтүстік-шығысқа бағдарланған, яғни Солтүстік және Орталық Қазақстанға тән басым жерлердің бағыты бойынша орналасқан. Осылайша орналастырылған тұрғын жайлар өздерінің бүйір жақтарымен (яғни қабырғаның аз ғана бөлігі) суық желдерге қарсы орналасқан. Қола дәуірінің қоныстары етегінде су қайнары мол және отынға бай болған таулы төбешіктер қатарымен* жақсы қорғалды. Ашық жазықтықтарда жасанды

*Қазақтардың қыстаулары, қола дәуірі қоныстары секілді тысты төбешіктер тізбегімен жақсы қоршалған, мұнда отын үшін пайдаланылған тал-шіліктер мен су көздері мол болды.



Қола дәуіріндегі тас үй-жайлардың жер бетіндегі алғашқы сызбасы

қоршау – ағаш шарбақ қойылды, ол қыс қатты болған кездері суық желдер мен қар ұшқындарына бөгет болған. Осындай қоршаулардың іздері Атасу, Ақбұуыр, Алексеевка, Садчиковское қоныстарында сақталған.*

Орталық Қазақстанда кейінгі қола дәуірі үй-жайларының анық кескінделген жоспары тәжірибелі құрылыс идеяларының пайда болғандығын дәлелдейді.

Қола дәуірінің соңында Орталық Қазақстандағы мал шаруашылық тайпаларының өмірінде құрылыс ісінің кемелденуіне байланысты туындаған түбегейлі өзгерістер болады. Бұл дәуірде адам өз үй-жайын жер астынан шығарып, жер үстінде мықты тас үй-жайлар (Атасу, Бұғұлы I, II, Тағыбай-бұлақ қоныстары) сала бастайды. Көп лақыты ошақтары бар, жеке құрылыстар пайда болады (Ақкөзен, Бұғұлы I, II, Ортау, Бесоба, Қаратомар, Тағыбай-бұлақ, Атасу, Суық-бұлақ және т.б.).

Көп лақытты үй-жайлар құрылысы ішкі қаңқалы бағаналардың және күрделі тас қабырғалардың көмегімен жүзеге асқан (Атасу, Ақкөзен, Бұғұлы I, II, Қаратомар, Тағыбай-бұлақ және т.б.). Қабырғаларды ірі гранит тақталармен қаптау және үй-жайларды өзара байланыстыратын жер асты өтпелердің

* Боскет (ағаш шарбақ) деп аталатын осы тектес шал-тіліктер кейінгі кезде шымнан, тастық, ішкі кірпіштен жасаған қызқардың тәжірибесінде кеңінен қолданыла бастады, сондай-ақ қардан «ақ-қалалар» жасалды.

болуы (Атасу, Шортанды-бұлақ) үй-жайлардың ерекше сипаттамасы болып табылады. Кейінгі қола дәуірінде үй-жайлар мен кабірлерді салу кезінде жер жұмыстары металл құралдарының көмегімен жүзеге асқан, олардың көмегімен тік сызықтар мен тік бұрыштар (Садчиковское қонысы, Беғазы) жасау мүмкін болды.


Соңғы 30 жылда ашылған Орталық Қазақстандағы қола дәуірінің қоныстары толықтай зерттелмеген. Атасу, Бұғұлы I, II, Ақкөзен (Бада), Шортанды-бұлақ, Тағыбай-бұлақ, Менізек, Саяқ қоныстарындағы археологиялық зерттеулерді жалғастыру Орталық Қазақстанның қола мәдениеті жөнінде беретін көптеген жаңа қызықты мәліметтері көп.

Атасу I


№1 Атасу қонысы 1955 жылы Атасу өзенінде (Сарысу өзенінің сол ағысы) оған кішірек Мыңбайсай өзенінің құйылысында ашылды. Шамамен 5 га ауданда 40 тамның ізі сақталған, оның ішінде 22-сі үй-жай, қалғандары – шаруашылық құрылыстар және шеберханалар. 22 үй-жайдың ішінен бізбен алтауы зерттелді: 1955 жылы үй-жай 4, 1975 жылы – 20, 21, 1976 жылы – 5, 6, 7 қазылды. Үй-жайлар қоныстың ортасында орналасқан.

Зерттелген алты үй-жайдың ішінде бесеуінің жоспары тік бұрыш, олар ұзын өзегімен солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа бағдарланған. Үй-жайлардың бірінің пішіні домалақ, көлемі 12x11 м. Атасу үй-жайларының қабырғалары жерге 30-40 см тереңдікте тігінен қазылып көмілген, ұзындығы 1,50 м-ден 1,80 м-ге дейін жететін ірі гранит тақталармен қапталған.


Үй-жай 4 – қоныстың ортасында орналасқан, жоспары тік бұрыш. Үй-жайдың қабырғалары ішкі кеңістігін топырақ араласқан, кныршық таспен және малта таспен толтырып, қырымен қойылған екі қатар ірі гранит тақталарынан құралған. Қабырғалардың қалыңдығы 1,5-2 м, үй-жай ауданы 156 м² (13x12 м). Жайдың солтүстік-шығыс бұрышынан үлкен тас ошақтың қалдықтары табылды. Жайдың едені екі қабаттан тұрады: төменгі қабатында саз балшық қосылған ірі құм, жоғарғы бетінде – саз балшық қабаты. Мәдени қабаттан кен шығару мен кен өңдеуге арналған көптеген тас құралдар табылды.



Атасу қонысы



Атасу қонысы



Атасу тұрақ-жайының сызбасы



Атасу тұрақ-жайының ошағы

Ошақ қасынан және қабырға бойынан мыс қож, мыс кесегі, отбақыр, льячок сынығы және қалыпқа құюға арналған пішіндер сақталған. Шамасы, үлкен тас ошақ үй-жайды жылыту үшін ғана емес, сондай-ақ мыс кенін балқыту үшін қолданылған.

Қоныс тұрғындары жылқышылар мен қойшылар болған. Оған жылқы мен қой сүйектерінің көптеп жиналуы дәлел болады. Атасу қонысынан сәлт аттылар үшін пайдалы және мығайлы адет-ғұрыптардың және тәсілдердің болғандығын дәлелдейтін деректер табылды.

Қоныстың оңтүстік-батыс бөлігін қазу кезінде ойығы бар шұңқырдың ортасынан өлшемі 15x11 м болатын үй-жай 21 – жартылай жергөле табылды, оның түбі 40 см тереңдікте орналасқан және кей жері саз балшықпен сыланған ізі қалған тығыз тапталып нығыздалған грунт болып келеді. Солтүстік қабырғадан алып күлдікке қарай дәліз өткен. Өндірістік қалдықтар мен еңбек құралдарынан түзілген мәдени қалдықтардың сипатына қарағанда бұл жерде мыс кенін балқытатын және қыш бұйымдарын күйдіретін шеберхана болды деп пайымдауға болады. Жартылай жергөленің ортасында биіктігі шамамен 0,40 м, диаметрі 1,45 м, түбіне екі жайпақ гранит тақталары төселген тас қосылған саз балшықтан жасалған күмбез тәрізді там орналасқан. Шұңқырдың ішінде және оның маңайында үлкен қыздыру ізі қалған. Оның қабырғалары көлемі орташа саз балшық ерітіндісіндегі кесек тастардан жасалған.

Оңтүстікке қарай, бір метр қашықтықта тереңдігі 0,7 м екінші шұңқыр табылды, оның шығыс жағында тас қаламасы сақталған. Қождар, ағаш көмірінің алып қабаты және кен құралдарының барлығы бұның мыс балқытатын пештің қалдығы екендігін дәлелдейді.

Үй-жай 20 – жоспарының пішіні домалақ, өлшемі 12x11 м. Оның стратиграфиясы үй-жай 21 стратиграфиясына балама. Үй-жайдың түбі нығыздалып тапталған. Еденде, солтүстік-батыс бөлігінде, орталықтан алыс емес жерде пішіні домалақ, тереңдігі 1,2 м құдық сақталған. Құдық сағасының маңы және жоғарғы бөлігі тас тақталардан тұрғызылған.

20-шы және 21-ші жартылай жергөлелерден төбе жабындысын тіреуге арналған бағаналардың ізі табылмады. Шамасы, олардың қабырғаларын іздері сақталмаған тоқып істеген боқшаның немесе қыш пахсаның қабаты жапқан.

Үй-жай 5, 6, 7 Атасу I қонысының ортасында орналасқан және солтүстік-шығыс жағынан үй-жай 4 жалғасады. Қазба жұмыстары кезінде үш жартылай жертіленің қара дақтары 40 см тереңдіктен анық көрінді. Екеуі домалақ деуге болады, біреуі сопақша келген. Дақтар батыстан шығысқа қарай созылған. Үй-жай 5 өлшемі 9,7x8 м, үй-жай 6 – 9,5x9 м, үй-жай 7 – 7x6 м. Үй-жайдың төменгі бөлігі жерге 40-50 см көмілген. Әр жартылай жертіленің шеттері бойынша 60-70 см олардың жиектерінен үй-жайдың төбесін тіреп тұрған тіреу бағаналарынан қалған бес домалақ шұңқыр табылды. Шұңқырлардың диаметрі шамамен 16-20 см, ал тереңдігі – 6-дан 20 см-ге дейін жетеді.

«Үлкен үйдің» (үй-жай 4) солтүстік-шығыс бұрышынан 5-ші жартылай жертіленің солтүстік-батыс ұшына қарай ұзындығы 2 м және ені 1 м дәліз өтті. 5-ші жартылай жертіленің солтүстік жиегінде диаметрі 1,5 м және тереңдігі 1,3 м домалақ шұңқыр болған. Шұңқырдың қабырғалары саз балшық қабатымен сыланған, ал оның солтүстік бөлігі жайпақ тас тақталармен қапталған. Саз балшықта да, таста да оттың ізі бар. Екі ұқсас шұңқыр жартылай жертіленің солтүстік және шығыс қабырғаларына қосарлана салынған тамбурлардан табылды. Оларда да саз балшықпен сылау және оңтүстік қабырғаны таспен қаптау ізі сақталған. Шұңқырлардың бірінің солтүстік-батыс бөлігінде диаметрі 50 см, пішіні домалақ қысқа түтік-түтіндік анық көрінеді. Түтіндіктің бір ұшы шұңқырдың жоғарғы жағында болды, ал екіншісі қазындының солтүстік-батыс бұрышынан шықты. Қосарлана салынған шығыс жақтағы тамбурда орналасқан үшінші шұңқырдың қазбасы бұл жерде мыс балқыту пешінің болғандығына еш күмән қалдырған жоқ. Оның жоғарғы жиегі бойынша өлшемі 1,6x2 м, ал тереңдігі 0,8 м. Шұңқырдың айналасында тас тақталар шашылып жатыр. Шұңқырда саз балшық сыламасының ізі бар. Сондай сылама оның түбінен де байқалды. Шұңқырдың солтүстік жиегінде пештің батыс бөлігін оңынан солға қарай шыыршықтап орайтын ауа айдайтын каналдың (фурма) жоғарғы ұшы болып табылатын шұңғыма сақталған. Ауа айдайтын канал қимасының пішіні жарты сопақша және қабырғаға 8-10 см тереңделген, пешке қараған оның кең бөлігі 18-20 см жеткен. Пештің барлық қабырғалары секілді ол да саз балшықпен сыланған.

Осы үш пештен керамиканың сынықтары, мыс қожының, кенің және мыстың тамшы тәрізді кесегі табылды.

Бұғұлы I – Орталық Қазақстандағы қола дәуірінің ең ірі қонысы, ол Қарағанды қаласынан оңтүстікке қарай 120 км және Ақсу-Аюлы ауылынан 35 км солтүстікке қарай, Бұғұлы тауының шығыс етегінен өтетін Шерубай-Нұра өзенінің құйылысында Шопа тау өзенінің оң жағалауында орналасқан. Бұғұлы кең тау аралық аңғары және қалың орманы бар тау тізбегін құрайды. Шүйгін шөбі бар жайлау және грунт суының салыстырмалы түрде жиі шығуы қоныстардың пайда болуына себеп болды және сондықтан Орталық Қазақстанда тұруға дайындалған орын болды.



Қоныстың ауданы шамамен 7 га. Шамамен 100 құрылыстың қалдықтары сақталған, олардың жартысынан көбісі үй-жайлар.

Қоныс 1955 жылы үй-жайдың қабырғаларын қаптаған, жиектері жер бетіне шығып тұрған гранит тақталары арқылы ашылды. Бұл қоныстың жоспарын түсіруге мүмкіндік берді. Тақталар 60-80 см тереңдікте қазылып көмілген, олардың жоғарғы жиектері жер бетіне 30-40 см шығып тұрды.



Үй-жайдың құрылысын және үй-жайлар қатарында мәдени қалдықтардың сипатын анықтау үшін шурфтар салынды, нәтижесінде барлық үй-жайлардың жоспары тік бұрыш екендігі анықталды. Бұғұлы I қонысының екіге бөлінуі оның топографиялық ерекшелігін құрайды: оңтүстік - анағұрлым ескілеу бөлігі және солтүстік бөлігі. Олардың арасында үй-жай құрылыстарымен алмасатын және құрылыс сипаты бойынша оңтүстік топқа тиісті кішірек мола орналасқан. Бұғұлы I оңтүстік бөлігіндегі үй-жай солтүстік бөлігіндегі үй-жайлардан ішкі алаңы ашық дұрыс шеңбер құрайтын жоспарымен ерекшеленеді. Сонымен қатар, қоныстың осы бөлігіндегі барлық үй-жайлардың жоспары домалақ немесе бұрыштары домаланып келген тік бұрыш. Жертілендердің ауданы 120-дан 300 м² дейін жетеді.

Бұғұлы I қонысының оңтүстік бөлігінде неолит тұрақтарының бітістері бар, ал солтүстік бөлігі топографиялық жоспарының мардымдылығымен айрықшыланады, ол қоғамдық құрылымының өзгеруін және құрылыс ісі деңгейінің өсуін дәлелдейді.

Қоныстың солтүстік жағындағы үй-жайлар –



Бүгүлі I қонысының сызбасы



Бүгүлі I қонысының сызбасы

мекендеушілерінің көп болғандығын дәлелдейтін көп лақытты жайлар. Осы бөлікте шаруашылық құрылыстарға көп орын бөлінген: мал ұстайтын қаша, кен балқыту мен металл өңдеуге арналған пеші бар шеберхана, қойма болған. Олардың барлығы үй-жайлармен қатар орналасқан.

Үй-жай 17-ортақ бір қабырғасы бар және екі шаруашылық жайы бар екі тұрғын жайдан құралған. Бірінші үй-жайдың ауданы – 220 м², екіншісінікі – 130 м², шеберхана – 100 м², қосалқы жай – 80 м². Кешеннің жалпы ауданы – 530 м².

Үй-жай 22 – бір қабырғамен біріккен, жоспары домалақ шеберханадан және мал ұстайтын қашадан тұрады. Кешеннің жалпы ауданы – 660 м².

Үй-жай 24 – ауданы 360 м². Бұл үй-жай 25 байланысқан шаруашылық құрылыс. Оның оңтүстік-шығыс бұрышында шеберхана орналасқан, еденінде мыс кені, қож, құралдар мен керамикаң сынықтары түріндегі өндірістік қоқыс сақталған.

Үй-жай 26 – ірілердің бірі. Мұнда ортақ қабырғамен және екі шаруашылық жаймен біріккен екі тұрғылықты тамның кескіні байқалады. Үлкен жертөлениң ауданы – 208 м², кішісінікі – 128 м². Жер асты дәліз оны үй-жай 25 байланыстырады. Тік қыстама тақталар үй-жайдың тек бұрыш бөлігінде сақталған.

Үй-жай 28 – тас негізі жақсы сақталған жоспары тік бұрыш. Құрылыста бес тұрғын жай бар, олар ішкі қабырғалармен бөлінген және оңтүстік-батыстан солтүстік-шығысқа тізбектеліп орналасқан. Тамның жалпы ауданы – 1500 м². Олардың арасындағы анағұрлым ірісінің ауданы – 400 м² және анағұрлым көнесі тізбектің соңында орналасқан. Қалған жайлардың өлшемдері 240-тан 340 м² дейінгі аралықта. Тамның биіктігі және қатаң пішіні басшысының қонысы деп топшылауға негіз болады.

Үй-жай 32 – қабырғалары ортақ және оңтүстіктен солтүстікке қарай тізбектеліп орналасқан үш тұрғын жайдан тұратын ірі кешенді құрайды. Үй-жайлардың ауданы 180-200 м². Екінші жайда тас ошақтың ізі сақталған. Үй-жайдың негізі жақсы сақталған, тік тұрғын тақталардың кей жерлері бұзылған.

Үй-жай 37 – пішіні тік бұрыш екі үй-жайдан, бітімі үшбұрыш және бітімі төрт бұрыш I қосарлана салынған жайдан құралған кешен. Олардың барлығы бір ортақ қабырғамен біріккен. Соңғы үш жайдың шаруашылық маңызы болған – шебер-


хана және қойма ретінде қолданылған. Үй-жайлар бір ретпен, ұзын өзегімен батыстан шығысқа қарай орналасқан. Олардың өлшемдері 240 м² және 260 м². Үй-жай негізін құрайтын тастар алғашқы салынған күйінде сақталған.

Үй-жай 38 – бітімі тік бұрыш, бүйірлері арқылы бір-бірімен байланысқан және көлденең өзегімен солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа бағдарланған екі жартылай жертөле. Үй-жайдың қабырғасы тұрғызылған тақталар өздерінің алғашқы калпында сақталған. Үй-жайдың ауданы: батыс бөлігі – 320 м² және шығыс бөлігі – 288 м².

Үй-жай 40 – пішіні тік бұрыш, қоныстың солтүстік соңында орналасқан. Ол қола дәуіріндегі тұрғын тамдардың арасындағы ірілердің бірі. Осы барлық үш тұрғын жайдың және екі шаруашылық құрылыстардың тас негізі жақсы сақталған. Үшінші жайдың солтүстік бұрышында үлкен тас ошақтың ізі қалған, бәлкім бұл жер отқа табыну орны болған. Барлық жайлар бір-бірімен ортақ қабырғалар арқылы байланысқан және оңтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа созылып, тізбектеліп орналасқан. Бірінші үй-жайдың ауданы – 253 м², екіншісінікі – 396 м², үшіншісінікі – 484 м². Шаруашылық құрылыстар ортадағы үй-жайдың оңтүстік қабырғасына қосылған. Олардың ауданы – 72 м² және 64 м².

Үй-жай 43 – пішіні қатаң үшбұрыш, ол қоныстың шығыс соңында жеке орналасқан.

Оның шығыс қабырғасына бітімдері үшбұрыш екі шағын жай қосарлана салынған. Гранит тақталардың тек төменгі бөлігі сақталған. Үлкен жайдың ауданы – 168 м², кішісінікі – 36 м². Жайдың ішінде, солтүстік-батыс бұрышқа жақын жерде



Бүгүлі I. Жерлеу алаңы



Ортау III. Жерлеу алаңы

тамақтың қалдығы мен жануарлар сүйегінің ізі қалған үлкен тас ошақтың кескіні сақталған. Ошақтың диаметрі – 1,8x1,2 м.

Қоныста үлкен ғылыми қызығушылық тудыратын басқа да көптеген тұрғын жайлар бар. Олардың дені әзірше ашылмаған.

Ең ірі 2-ші және 3-ші қосарлана салынған жайлардың пішіні қитты созынқы. Осы белгілері бойынша оларды сәулет тарихына белгілі «ұзын үйлер» типіне жатқызуға болады. Бірақ, мәдени қабаттардан бұлардың үй-жай екендігін дәлелдейтін олжа табылған жоқ. Қосарлана салынған жайлар қоныстың оңтүстік-батыс бөлігінде, ежелгі жерлеу орындары бар дөң үстінде жеке орналасқан. Қосарлана салынған жайлардың ұзындығы – 42 және 88 м, ені – 17 және 32 м, ауданы – 714 м² және 813 м². 3 қосарлана салынған жайдың оңтүстік-батыс бұрышында тас төсеме түріндегі алтарь орналасқан, оған екі тас жол барады. Оңтүстік-шығыс бұрышында орналасқан кіре берісте табыну және құрбандық шалу орны болған. Ежелгі жерлеу төбесінде орналасқан қосарлана салынған жайлардың, алтарьлар мен тас жолдардың мажусилердің ғибадатханасы болған деп айтуға негіз болады, мұнда қасиетті отқа және аспан шырақтарына табыну рәсімдері өткен.

Ортау кешенінде, сондай-ақ орта және кейінгі қола дәуіріне тиісті ежелгі жерлеу алаңдары ауданында орналасқан жақсы сақталған «ұзын үй» зерттелді. Тамның түбін тазарту кезінде құрбандық шалу отының ізі мен жануар сүйектерінен түзілген күлдің қалың қабаты табылды.

Нұра (Байғана) өзенінің оң жағасының жайылма алқабында, қоныстың шығыс жиегіндегі үлкен үйлердің маңында орналасқан тағы бір «ұзын үй» біздің ойымызша рудың аксүйек өкілдеріне тиісті болған. «Ұзын үйдің» жанында Нұра ө. жағасының жоғарғы жайылымында Беғазы заманына тиісті тігінен қойылған тақталардан құралған қорымдары бар үлкен

обалар орналасқан. Жоспары тік бұрышты Нұра құрылысы ұзын өзегімен оңтүстіктен солтүстікке бағдарланған. Оның ұзындығы – 20 м, ені – 10 м, жалпы ауданы – 200 м². Кіре берісі батыс жағынан. Барлық белгілері бойынша – бұл мажусилер ғибадатханасы. Оның шығыс қабырғасына қарай бұрыш жасай отырып, ұзындығы 130 м тас жол өтеді. Анағұрлым мықты тас жол Беғазы заманының Ортау IV тобынан табылды. Ірі малта тас төселіп жасалған оның мықтылығы сондай, тіпті бүгінгі күнде де оның алғашқы қалпы сақталған.

Бұғұлы II

Қоныс Бұғұлы, Қостұмсық және Қаратұмсық тауының етегінде иілім жасайтын, шатқалдан жазыққа Шопа өзені ағатын Қаратұмсық тауларының солтүстік-шығыс сілемдері арасындағы таулы аңғарда орналасқан. Қарама-қарсы сол жақ жағада Бұғұлы II үлкен мола тұр. Әлі зерттелмеген басқа мола төмешікте, қоныстан 0,5 км оңтүстік-шығысқа қарай орналасқан. Бұғұлы I және II қоныстарының маңында орналасқан екі ірі мола олардың ұзақ уақыт тұрғандығын дәлелдейді.



Бұғұлы, II. қоныс үй-жайының сызбасы



Бүгүлы. II. Үй-жайдың қабырғасы тас тақталармен қаланған

Қоныс жер бетінен 10-20 см шығып тұрған тұрғын үй мен шаруашылық құрылыстардың бітістері арқылы табылды. Осы белгілері бойынша қоныстан 30-дан аса қосарлана салынған жайлар табылды, олардың ішінде 20 шақтысы – үй-жайлар. Әрбір үй-жайдың қасында бір немесе екі шаруашылық маңызы бар құрылыстардың – мал ұстайтын қашалардың, шеберханалардың, кішкентай қоймалардың және т.б. болуы тән. Үй-жайлардың және шаруашылық құрылыстардың қабырғалары көкденең қалау әдісімен тас тақталардан тұрғызылған және қырымен орнатылған ірі гранит тақталарымен қапталған, бұл қалама түрі бүгүлы қоныстарындағы үй-жайлар құрылысының ерекшелігін құрайды. Тамның жоспары тік бұрышты немесе шаршы. Ірі үй-жайлар қоныстың шығыс және оңтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан, олардың ауданы – 100 м², ал кішірек

үй-жайлардың ауданы ~ 30 м² болған. Өлшемі және оқшау орналасқанына қарағанда әр жерге жеке отбасына арналған болуы керек. Бүгүлы II қонысында 100-ден кем емес адам өмір сүрген (бір отбасында 5 адам деп есептегенде), ал көршілес Бүгүлы I қонысында тұрғындар саны едәуір көбірек болды, 300-ден кем емес.

Бүгүлы II қонысынан үш мәжусилер ғибадатханасы табылды: екеуі – қоныстың батыс бөлігінде, біреуі – шығыс бөлігінде. Қоныстың батыс бөлігіндегі ғибадатханалардың бірі Бүгүлы I қонысындағы 2-ші ғибадатхана ұқсас. Бұл өлшемі 5x6 м болатын тік бұрышты ғимарат. Солтүстік қабырғаның бұрышынан өзен малта тасы төселген жол өтеді, ол әрбір 10 м сайын батысқа бұрылады. Жолдың жалпы ұзындығы – 25 м. Оның қасында ірі тас блоктардан құралған екіншісі орналасқан. Мәжусилер храмының кіре берісі солтүстік жақта орналасқан. Кіре берістің жан-жағында тас үймесі бар екі кішкентай оба орналасқан. Біздің болжауымызша, бұл жерде ежелгі бақсы - шамандардың жерленген жері.

Қоныстың шығыс жақ ұшында пішіні тік бұрышты үшінші храм орналасқан, қыр жақтарының өлшемдері – 7,5 м және 10 м, кіре берісі оңтүстік-батыс жақта. Оңтүстік-шығыс бұрышында шағын алтарьдің ізі қалған. Осы бұрыштан шығысқа қарай ұзындығы 18 м тас жол өтеді. Егер оңтүстік қабырғаны алып тастасак, онда ғибадатхананың жоспары тек үшбұрыштардан құралады. Үшбұрышты фигуралар қола дәуіріндегі материалдық мәдениет заттарының көбінде кездеседі. Бұл олардың сиқырлық маңызы болған деген ойға әкеледі.

Кейінгі қола дәуіріндегі алтарьлардың ұзындығы ~ 3 м, ені 1,1 м-ден 5 м-ге дейін және биіктігі 0,3 м-ден 0,8 м дейін, көбінесе батыс және оңтүстік қабырғаларда орналасқан. Табыну орны болған ғибадатханалардың анағұрлым ежелгі түрлері ашық тас ошақтар болған. Ашық аспан астында жағылған құдыретті алау кейін жай ішіне ауыстырылды. Бүгүлы қоныстарынан ашық аспан астындағы оттың қалдықтары және алтарьлар табылды.


Жиырма қоныстың ізі Бүгүлы патшалықтан шығысқа қарай 28 шақырым, Шерубайнұра өзенінің кең алқабынан табылды. Олардың бірі – Шет ауданының «Нұрталды» (Қошқарбай) совхозының орталық мекенінен 6 шақырым жерде ірі Ақсу қонысы орналасқан. Тағы бір Қармыс өзенінің (Шерубайнұра

өзенінің оң тармағы) аңғарынан, Қарсақбай шатқалынан оңтүстікке қарай 16 шақырым жерден табылды. Қоныстардың елеулі бөлігі Талдынұра өзенінің аңғарында тұр. Бұл ежелгі қоныстар Бұғұлы I және II қоныстарынан 8-ден 50 шақырымға дейінгі радиуста орналасқан, бұл Нұра өзенінің аңғарында және оның тармақтарында халықтың қалың қоныстанғанын дәлелдейді.

Аккезен

Аккезен қонысы (Кезенауыз, Бада зәйімке) ~ 5 га ауданда, Байбала қонысынан 7 шақырым оңтүстік-шығысқа қарай және Қарағанды облысы Шет ауданы Ақбауыр ауылынан 7 шақырым батысқа қарай Қотыр-Қызылтау тауының шығыс етегінің кең сайында орналасқан. Қотыр-Қызылтау тауының солтүстік етегінде, 12 шақырым батысқа қарай Шортанды-бұлақ қонысы және ежелгі Алабұға кеніші орналасқан.

Аккезен қонысында ежелгі 60 құрылыстың ізі табылды, оның жартысы – үй-жайлар. Қоныстың топографиялық жоспарының пішіні солтүстік-шығысы ашық, бос орталық алаңы бар жарты шеңбер. Солтүстік бөлігінде жертөле түрінде (20) үй-жайлары бар ескі бөлігі орналасқан. Үй-жай жертөлелерінің топографиялық кескіні тереңдігі 40-тан 80 см-ге дейін жететін шұңқырлар болып келеді, көбінесе сопақша пішінді, ал қалғандары тік бұрышты. Ірі жертөлелердің ауданы – 325 м², орташасы - 130 м²-ден 150 м²-ге дейін, кішілері – 50-60 м². Қоныстың ескі бөлігінде бейіттер үй-жайлармен араласып орналасқан, мұндай көрініс Бұғұлы I қонысынан да байқалады.



Аккезен қонысы. «Ұзын үй»

Аккезен қонысының оңтүстік бөлігінің топографиялық кескіні басқаша. Жер үсті үй-жайлар анағұрлым ірі көлемдерімен, ұзын тас блоктарды көлденең қалау әдісімен тұрғызылған және ірі тіреу тақталармен бекітілген тас қабырғалар құрылымының алыптығымен ерекшеленеді. Тұрғын жай құрылыстарының саны – 9, анағұрлым ірілерінің ауданы – 330 м², орташасы – 264 м².

Осы бөлікте шығыстан батысқа созылған 3 «ұзын үйдің» қалдықтары табылды. Бірінің көлемі – 32x7 м, ауданы – 225 м². Үй ірі тас тақталарынан құралған сыртқы қорымы бар кесек тастан қаланған, оны батыс бөлігінде сақталған қорымның қалдықтарына қарап айтуға болады. Бәлкім, бұл үй-жайды суық солтүстік-батыс желдерден қорғау үшін салынған қорғаныс бөгет болар.

Бізбен зерттелген «ұзын үй» композициясына өзара көлденең қабырғалармен бөлінген он жай кіреді. Үйдің ортасында екі үлкен бөлме және көлемі орташа екі бөлме орналасқан. Бұл кешен шамамен патриархалды отбасының басшысына тиісті болған. Үлкен бөлменің ауданы – 30 м², қалған екеуінікі – 18 м². Оңтүстік жағынан үлкен бөлмеге қосалқы жай қосарлана салынған. Патриархалды үйдің шығыс қабырғасының бойымен бірі – утилитарлы, екіншісі діни маңызы болған екі тас ошақтың ізі сақталған. Үй-жайдың орта бөлігіне шығыстан және батыстан екі қанат қосылып салынған. Үй-жаймен оны ені 1,8 және 2 м болатын дәліз біріктірген. Батыс қанатында ауданы 24 м² ірі жайдың ізі жақсы сақталған, оның оңтүстік-батыс бұрышынан тас ошақтың кескіні табылды. Осы қанатта ауданы 12 м² тағы екі жай анықталды. Шығыс қанатында да екі жай болды, олардың шеткісінің ауданы – 30 м², ал орта бөлігіндегісі біріншісінен екі есе кем.

Біздің ойымызша, тайпа басшысы және оның жанұясы «ұзын үйдің» тұрғындары болған. Жас отбасылар үшін үлкен үйді ошағы бар жеке бөлмелерге бөлу – ру-тайпалық ұйымдарда орын алған үлкен өзгерістердің дәлелі.


Қоныстардан тысқары, жерлеу төбелеріндегі мәжусилер храмы және ру басшысының қабірі зерттелді. Мәжусилер храмының пішіні шаршы, ауданы – 156 м², пішіні тік бұрышты дөрекі өңделген тастардан салынған. Құрылыс сипатына қарағанда мәжусилер храмы және қоныстың оңтүстік бөлігіндегі

тас үй-жайлар кейінгі қола дәуірінде пайда болды. Олар қоғам санасының эволюциясындағы жаңа кезеңді көрсетеді. Бір қоныста қола дәуіріндегі андроновтық және беғазы-дәндібай заманына тиісті ескерткіштерінің болуы оның жүз жылдар бойы тұрғанын дәлелдейді.

Байбала

Байбала қонысы Талдынұра өзенінің оң жағасында, Ақкөзен қонысынан солтүстік-батысқа қарай 7 шақырым жерде тұр. Ол 1947 жылы жер бетіне шығып тұрған тақталардың кескіні арқылы ашылды. Жоспары түсіріліп, өзінің тас қабырғаларының арқасында сақталып қалған бір жертөле қазылды. Оның солтүстік қабырғасы ауыл шаруашылық жұмыс жүргізу кезінде трактормен бұзылып қалған.

Үй-жайдың бүйір жақтарының өлшемі – 11 және 10 м, ауданы – 110 м². Үй-жайдың қабырғалары қырымен орнатылған гранит тақталарының екі қатарынан тұрғызылған, ол 0,6 м-ге дейінгі тереңдікте грунтқа батырылған. Қатар арасындағы



Байбала қонысы. Үй-жайдың сызбасы

бос кеңістік қиыршық таспен толтырылған және мықтап нығыздалған. Жабыннан түскен бар салмақ қабырғаларға және ішкі тіреу бағаналарына түскен.

Қола дәуірінің құрылыс ісіне тиісті жалпы қағидаларды сақтау барысында да Орталық Қазақстан қоныстарының жеке үй-жайларынан жергілікті өзгешіліктері байқалады. Осылайша, Павлодар облысының Баянауыл ауданының Қалба тауларында Қаратомар қонысынан бұрыштары дөңгелектенген үй-жай табылды.

Ұзын тас блоктардан тұрғызылған қабырғалары және жақсы сақталған негізі бар үй-жай Ортау қонысынан табылды. Оның ауданы – 78 м². Үй-жай Орталық Қазақстанның кейінгі қола дәуіріне тән құрылыс ісінің дәстүріне сай салынған.

1947 жылы Қарағанды облысы, Шет ауданы, «Кеншоқы» совхозының орталық мекенінен 30 шақырым оңтүстікке қарай, Құнанбай тауының оңтүстік-батыс етегінен ауданы ~ 3 га Жамбай-Қарасу қонысы ашылды. Оның топографиялық кескіні шөп-шаллам басып кеткен терең шұңқыр болып кеткен. Ауданы 100-ден 250 м² дейін жететін 15 жартылай жертөлелердің қалдықтары анықталды. Осы тектес қоныстардың іздері Есіл, Нұра өзендерінен ескі Ахметауыл қыстауының маңынан, Талдынұра өзенінен, Сенкебай шатқалынан және Шет ауданындағы Баспалдақ өзенінің аңғарынан табылды.

Шортанды-бұлақ

Шортанды-бұлақ – Орталық Қазақстанның қола дәуіріндегі ірі қоныстардың бірі. Жаңажүрт ауылынан 10 шақырым оңтүстікке қарай және Байбала қонысынан 14 шақырым оңтүстік-батысқа қарай ескі Айнакөл қыстауының маңында Талдынұра өзенінің сол жағасының көркем аңғарында орналасқан. Қоныс биіктігі бір метрге дейін жететін екінші жайылма алқап террасада орналасқан. Қоныстың көмбе ауданы Қотыр-Қызылтау тауының маңында, Талдынұра өзенінің аңғарында және оның ағысынан 45-50 шақырым радиуста, ол жоңалған кейінгі қола ескерткіштерімен ерекшеленеді. Осы ауданда ежелгі Алабұға кеніші, Ақкөзен, Байбала, Сенкебай қоныстары бар. Олардан батысқа қарай алып Ақсу-Аюлы, Бұғұлы, шығыста – Былқылдақ, Қаражал, Ақбастау, Бесоба және басқа алып ес-



Шортанды-бұлақ, Үй-жайы

керткіштер орналасқан. Қоныстар және жерлеу алқаптары түріндегі қола дәуірі ескерткіштерінің көптігі осы жерлерде халықтың қалың қоныстанғанын және Орталық Қазақстанның осы аудандарындағы ежелгі тұрғындарының дамылсыз өмірін дәлелдейді.

Қоныс – ауданы – 5 га және орталық алаңы ашық, қисық шеңбер түріндегі топографиялық кескін. Пішіні тік бұрыш және шаршы түріндегі жергөлелер солтүстіктен оңтүстікке қарай екі-үш қатармен тізбектеліп орналасқан. Үлкен үй-жайлардың ауданы – 275-360 м², орташа – 120-200 м², кішісі – 35-75 м².

Қоныстың шығыс ұшында кесек тастан қаланған шеберхананың қалдықтары сақталған. Шурфтау кезінде шеберхананың түбінен мыс кождың кесектері, керамиканың қалдықтары және жануарлардың сүйектері табылды.

Гранит шөгінділері тас күйінде 100-200 м. жерде жатса да, Шортанды-бұлақ қонысының тұрғындары үй-жай салу кезінде ағашты көп қолданған. Қоныс аумағында екі құрылыстың қалдықтары болды: мәжусилер ғибадатханасы және жоспары тік бұрыш етіп тұрғызылған металл өңдейтін шеберхана.

1955 жылғы топографиялық түсірілім кезінде қоныстың кескіні әлде де сақталған еді. 38 құрылыстың ізі табылды, оның 30-ы үй-жай ретінде танылды. Қоныстан тыс оңтүстік-шығысқа қарай мәжусилер ғибадатханасының ізі табылды.



Шортанды-бұлақ, Үй-жайдың тас қабырғасы



Шортанды-бұлақ, Үй-жайдың негізгі өзегі бойымен созылған ошақ

Содан бері көп өзгеріс болды. Аңғардың сол жақ жағалауы толықтай жартылып, нәтижесінде көптеген үй-жайлардың кескіні жоғалып кеткен. Қоныстың аумағы бойынша жол салынған. 38 ескі құрылыстың арасынан тек 18-нің кескіні сақталған.

Шортанды-бұлақ қонысының алаңында екі стратиграфиялық шурфтың көмегімен екі үй-жай 14 және 21 зерттелді.

Солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа созылған, пішіні тік бұрышты ойпаң түріндегі 14-ші үй-жай қоныстың оңтүстік-батыс бұрышында үй-жайдың екінші қатарында орналасқан. Оның ауданы – 160 м². Оңтүстік-шығысқа қараған кіре беріс жұқа қатпарлы тас тақталарынан сатылы табалдырық түрінде салынған. Үй-жайдың шығыс жақ қабырғасына бүйір жақтары 3 және 4 м бітім тік бұрыш тамбур жалғасады. Үй-жайдың батыс бөлігінде, оны екі бөлмеге бөлетін ағаш қалқаның қалдықтары байқалады. Ауданы 15 м² кішісі дәлізбен екіге бөлінген. Бұрыштардағы үлкен үшбұрыш жәшіктер бөлменің қойма болғандығын көрсетеді.

Үй-жайдың жер асты бөлігі 60 см тереңдікте болды, ал жер үсті бөлігі биіктігі бір метрден кем емес. Еден ортасына қарай еніс келген. Үй-жайдың түбінде қара жолақтар байқалады, ол өрттің болғандығын дәлелдейді. Үй-жай қабырғасының бойымен диаметрі 25 см-ден 40-қа дейін, тереңдігі 12-15 см домалақ шұңқырлар түріндегі тіреу бағаналарының ізі табылды. Ұзын бүйір жақтары бойынша олардың саны – 9, қысқалары – 8, шұңқырлардың түбі тастарға толы. Шұңқырлардың диаметрлеріне қарағанда, тіреу бағаналары ретінде айтарлықтай салмақты көтере алатын қалың бөренелер пайдаланылған. Қабырғаларды және жабынды тіреп тұрған бағаналар аралығы 1 м - 1,5 м – 2 м тік қойылды.

Үй-жайдың ортасында диаметрі ~ 40 см болатын төрт шұңқыр болған. Мұнда алып-салмалы раманы ұстап тұратын төрт үлкен бағана тұрды. Алып-салмалы раманың құрылысы үй-жайға жарық түсіру және ошақтан түтін шығару үшін есептелініп салынды.

Ортада ұзындығы шамамен – 6 м, ені – 1 м, тереңдігі – 30-35 см үй-жайдың өзегі бойымен созылған негізгі ошақ орналасты. Оның түбі қатты күйген. Ошақ тастан қаланған. Бұған бүкіл алаң бойы шапшып жатқан тастар дәлел болады, осы тастардың қатты қыздырылғандары соншалық, саусақ сәл тиіп кетсе олар үгітіліп қалады.

Шеңбер ретінде тастардан қаланған екінші ошақ кіре берістің солтүстік-шығыс бұрышында орналасқан. Оның диаметрі – 1 м, ені – 0,3 м, күл қабатының қалыңдығы – 18 см.

Үй-жайдың солтүстік-батыс бөлігінде тұрмыстық өндіріспен байланысты үшінші ошақтың ізі байқалған. Күлдің, қождардың және мыс дөңгелекшелердің көп болуы Атасу қонысындағы үй-жай 4 өндірістік пешін еске түсіреді.

1,2 м тереңдікке кететін және бүйір жақтарының өлшемдері 9 м және 8,5 м тік бұрыш түріндегі шұңқыр – үй-жай 21 алаңның солтүстік-батыс бөлігінде орналасқан. Оның шығыс қабырғасынан ұзындығы 3 м және ені 2,5 м тік бұрышты дәліз өткен.

Үй-жай қаңқалы болды, оған тереңдігі 25 см-ге дейін, диаметрі 30-40 см бағаналардан қалған шұңқырлар дәлел болады. 17 шұңқырдың арасынан екеуі тамбурдың шетінде, үшеуі – оңтүстік қабырғада және төрт-төрттен – басқа қабырғаларда орналасқан. Ошақ маңының, үй-жайдың ортасында бағаналардан қалған тағы төрт шұңқыр байқалады, онда бөренелі жақтау орнатылған, олар біраз көтерілген кезде бөлмеге жарық түскен және ауа алмасып тұрған.

Қатарға қойылған бөренелерден салынған үй-жайдың қабырғаларын ішкі бағаналар сүйеп тұрды. Оны едендегі шіріген бөренелерден қалған қара дақтар дәлелдейді. Ортада құлаған патырдың салдарынан 0,4 м тереңдікте өлшемі 8x7 м және қалыңдығы 8-ден 10 см-ге дейін жететін қара дақ бар.

Үй-жайдың ортасында тығыз нығыздалған және тегіс еденде түбі қатты қыздырылған және осы қабырғалар тұрғызылған қождалған саз балшық түйіршіктері үйілген саз пештің ізі сақталған. Пештің өлшемі – 1,5x1,4 м, тереңдігі – 0,8 м. Оның түбінен сынған керамиканың және қождалған керамика материалдарының сынықтары көп табылды, оның барлығы пештің қыш құмыра бұйымдарын күйдіруге арналғандығын дәлелдейді. Жайпақ тастардан салынған басқа пеш үй-жайдың алдыңғы бөлігінде орналасқан шеберханада болды. Үй-жайдың шетінде саз балшықпен сыланған жоспары тік бұрыш үлкен балқыту пеші тұрған. Оның ұзындығы – 2 м, ені – 1,5 м, биіктігі – 0,8 м. Пештің маңында ұсақталған кеннің, қождың кесектері, жануарлардың сүйектері жатты.

Шортанды-бұлақ қонысы Беғазы-Дәндібай заманындағы

ең ірі ескерткіштерінің бірін құрайды. Қоныстарды қазу кезінде табылған бай материалдар мал шаруашылығы басым қоныс мекендеушілерінің кешенді шаруашылық сипатынан көрініс береді. Сонымен қатар қоныс тұрғындары кен шығарумен және металлургиямен, егіншілікпен және тұрмыстық өндіріс түрлерімен айналысқан.

ҚОНЫСТАРДЫҢ ҚАРҚАРАЛЫ ТОБЫ

Қола дәуірінде Қарқаралы даласы Орталық Қазақстанның ірі кен-металлургия орталығы болған. Солтүстікте – Баянауыл даласымен, оңтүстікте – Балқаш өңірімен, батысында – Есіл-Сарысумен бірге ол Еуразия континентінің барлық дала алқабында қола мәдениетінің таралуына ықпалын тигізген аймақтың негізгі тарихи-мәдени торабын құрайды. Оған ежелгі ірі Атабай, Әділ, Шұрұқ, Кеңтөбе, Қызылеспе, Қорғантас, Саяқ кеніштері және т.б. көптеген қоныстар, ұлан-байтақ жерлеу алқаптары, күрделі тас ғимараттар дәлел болады.

Қарқаралы II

Қарқаралы I қонысы Қарқаралы өзені аңғарынан, тау паткалынан шыға берісте табылды. 1940 жылы қоныс алаңында Қарқаралы өзенінің құлама жарында геолог И.А. Могилевский түбі домалақ ежелгі мыс балқыту пештерін ашты. Өкінішке орай, қазіргі уақытта ежелгі мәдени алқаптан түк те қалған жоқ, қоныс аумағы қала құрылыстарына толы. Жер қазу жұмыстары кезінде қоныстану алаңынан керамика, еңбек құралдары, жануарлар сүйектері және кейде күл жиналған тас ошақтардың үймесі түріндегі ежелгі мәдениет заттары табылады.

Қарқаралы II қонысының ауданы – 7500 м² (150x50 м). Үй-жайлардан басқа шаруашылық маңызы болған пішіні сопақ көптеген шұңқырлар сақталған: сумен флотациялауға арналған су жинайтын шұңқыр, байытылған кен және т.б. сақтауға арналған қоймалар.

60-шы жылдары қоныстану алаңы толықтай жыртылды. 1962 жылы Қарқаралы II қонысында үш үй-жайға қазба жұмыстары жүргізілді. 1947 жылдың жоспарында белгіленген

12 үй-жайдың ішінен тек үй-жай 1 салыстырмалы түрде жақсы сақталған.

Өзеннің тік жарында орналасқан үй-жайдың батыс бөлігі көктемгі судың тасқынымен жуылып кеткен. Сақталып қалған үй-жайдың ауданы – 240 м² (12x20 м). Жартылай жертеленің төменгі бөлігі 50-60 см тереңдікте грунтта тұрған. Жоспары тік бұрышты үй-жай батыстан шығысқа бағытталған. Үй-жай құрылысы кезінде қоныс тұрғындары өңдеуге келетін ағаш материалдарын пайдаланған. Бөренелі қабырғалардың іздері ені 20-25 см қою-сары жолақтардың кескінінен жақсы байқалады. Олардың арасынан құрылыс материалдары ретінде қайың діндерінің қолданғанын дәлелдейтін қайың қабығының кесектері табылды.

Ағаштан шауып жасалған, қосарлана салынған жайдың бұрыштары анық көрінетін оңтүстік қабырғаның кескіні жақсы сақталған. Үй-жайдың бұрыштарынан жабынды тіреп тұратын бағаналардан қалған диаметрі 30-35 см домалақ шұңқырлар анықталды. 0,7-0,8 м тереңдіктен табылған үй-жайдан едені тегіс емес, орта тұсында ойықтар бар. Үй-жайдың солтүстік-шығыс бұрышында пішіні домалақ, диаметрі – 3 м, тереңдігі 35 см-ге дейін жететін үлкен ошақ тұрған.

Үй-жай 2 ауданы шамамен 300 м² пішіні тік бұрышты ұнғыма түрінде Қарқаралы өзенінің құлама жарынан табылды. Қабырғалары бөренелерден тұрғызылған. Үй-жайдың еденін ірі құм араласқан саз балшықтың қалың қабаты жапқан. Пішіні төрт бұрыш шұңқыр болып келетін бір ошақ солтүстік-батыс бұрышында орналасқан. Домалақ шұңқыр түріндегі, екіншісі үй-жайдың ортасында, оңтүстік қабырғаға жақын орналасқан.

Үй-жай 3 өзеннің құлама жарында орналасқан, оның солтүстік-батыс бөлігі толықтай шайылып кеткен. Ол 1 және 2 үй-жай сияқты бөренелерден тұрғызылған, ұзын өзегімен батыстан шығысқа қарай бағдарланған, сақталып қалған аудан – 112 м².

Қарқаралы III (Суық-бұлақ)

Қоныс Қарқаралы қаласынан 25 шақырым оңтүстік-батысқа қарай, Суық-бұлақ өзенінің сол жағасында, Мұхтарсай паткалының тереңінде орналасқан. Бұл елдімекен жан-жағынан

биік орманды таулармен қоршалған, тек солтүстік-шығыс жағы ашық. Қоныс қорғасын алынатын кеніште пайда болған.

Осы қонысты 1947 жылы алғаш қарау кезінде Қарқаралы III (Суық-бұлақ) 12 үй-жайдың ізі бар металлургтердің ірі қонысы екендігі анықталды. 1955 жылы түсірілім кезінде қоныс алаңында ұңғыма түріндегі 8 үй-жайдың кескіні анық көрініп тұрды. 1962 жылы жағу кезде тек бір ғана үй-жай, шеберхана және дәл өзен жағасында күлдік аман қалған. Стратиграфиялық шурфтардың көмегімен үй-жайы болмаған жердің ортасынан пішіні домалақ үлкен тас ошақ табылды.


Топографиялық кескіні және мәдени қалдықтары бойынша Қарқаралы I, II, III кеншілердің және металл балқытушылардың қоныстары болған. Қоныс мекендеушілерінің тұрмысындағы металлургияның маңызын Қарқаралы өзенінің құлама жарынан табылған балқыту пештерінің қалдықтары және қонысқа жақын жерде орналасқан көптеген ескі кеніштер дәлелдейді.

Тағыбай-бұлақ

Тағыбай-бұлақ қонысы Павлодар облысы Баянауыл ауданы аумағында, Тағыбай-бұлақ өзенінің сол жақ биік жайылымында, Қызылтау тау сілемінің солтүстік-шығыс ылдында, ескі Тайшық қыстағынан шығысқа қарай бірдей шақырымда тұр. Қоныстан солтүстікке қарай екі-үш шақырым жерде, Жаңтайма бөктеріне




Тағыбай-бұлақ қонысы



Тағыбай-бұлақ қонысы. Үй-жайдың орналасуы

қарама-қарсы алқапта қола дәуірінің әр кезеңінің ескерткіштері орналасқан. Әулие деп аталатын қола дәуірінің басқа ескерткіштер кешені Қызылтау тауының ең жоғарғы шатқалынан ағатын Қобдық өзенінің аңғарында орналасқан. Ежелгі үлкен кешендер құрған қалған Жосалы көлінің маңында кездеседі, мұнда ежелгі мыс кенін шығару іздері сақталған. Өндіріс материалдарының қалдықтарына қарағанда Тағыбай-бұлақ қонысында ежелгі кеншілер мен металлургтер өмір сүрген.



Тағыбай-бұлақ қонысы. Үй-жайдың сызбасы. 1 және 2

Қоныс орналасқан жер үш жағынан биік емес тас төбелер қатарымен қорғалған және оңтүстік-шығыс жағы ашық, биік алаңды құрайды.

Қоныс қосарлана салынған жайлары бар солтүстік-шығыстан оңтүстік-батысқа қарай тізбектеліп орналасқан алты үй-жайдан құралған. Жер үсті типті үй-жайлардың барлығында қалыңдығы 2 м-ге дейін жететін мықты тас қабырғалары болған. Олардың арасындағы ең ірісі оңтүстік-батыс соңында орналасқан, оның ауданы 375 м², ең кішісі – 88 м². Үй-жайлар бірінен соң бірі 4-тен 10 м-ге дейінгі қашықтықта орналасқан.

Тағыбай-бұлақ қонысының алты үй-жайының арасынан ұзын өзегімен оңтүстік-батыс-солтүстік-шығыс сызығы бойынша бағдарланған ең ірі үй-жай зерттелінді. Пішіні тік бұрыш үй-жайдың бұрыштары біршама домалақтанған.

Үй-жайдың қабырғалары қырымен орнатылған ірі түйіршікті құмдақ тақталарынан тұрғызылған. Ішкі қабырғалар анағұрлым ірі тақталардан (1,5x0,78x0,28 м және 1,5x0,96x0,27 м) салынған. Қабырғалар арасындағы кеңістік тастардың ұсақ сынықтарымен толтырылған.

Үй-жай калкамен екі бөлікке бөлінген: оңтүстік-батыс (180 м²) және солтүстік-шығыс (150 м²). Үй-жайдың оңтүстік бөлігіне басты үй-жайға кіретін бөлме қосарлана салынған, ал шығыс бөлігіне солтүстік қабырғасы тұтас бөлме қосарлана салынған. Сақталып қалған қабырғаның биіктігі 0,50м-ден 0,60 м-ге дейін жетеді.

40 см тереңдіктен анықталған үй-жайдың едені кей жерлері тегістелген тау жылысының табиғи жаратылысын құрайды. Тастың жоғарғы жағы қиыршық таспен, саз қабатымен және нығыздалған топырақпен жабылған. Үй-жайдың ішінде үш тас ошақтың қалдықтары табылды. Солтүстік қосарлана салынған жайдың орта бөлігінде кіре беріске қарай көлденең салынған тақталардан тұрғызылған тағы бір ошақ табылды. Ошақтың пішіні тік бұрыш, оның өлшемі – 1,2x0,5 м. Табылған олжаларға қарап, солтүстік қосарлана салынған жай металл өңдеу және керамикалық бұйымдарды шығаратын өндірістік жай – шеберхана болған деп айтуға болады.

Жезқазған қоныстары

Ежелгі материалдық өндіріс іздері қола дәуірінде және орта ғасырда Орталық Қазақстанның ірі металлургия орталығы ретінде Жезқазғанның аса ерекше экономикалық және мәдени маңыздылығын көрсетеді.

Жезқазған ескерткіштерінен жергілікті өзгешелігімен қатар, Орталық Қазақстанның басқа аудандарындағы ескерткіштерімен ұқсас екендігін көреміз. Оларға: алып тас қабырғалары бар жартылай жертелелер, ауқымды жерлеу алқаптары, кеніштер, карьерлер, қазба, таратқыштар, үйінділер, мыс пештері, қождардың, таяу құралдарының жиналуы, көптеген шаруашылық және ирригациялық құрылымдардың (бөгеттер, жасанды су айдыны, қойма-шұңқырлар, құдықтар) және т.б. қалдықтары жатады.

Жезқазған қоныстарының арасындағы анағұрлым ірілері: Миықұдық, Айнакөл, Сорқұдық, Кресто-Воздвиженское (Кресто), Златоуст Қоныстар Кенгір, Желді және кішкентай тармақтарының бойында 3 шақырымнан 8 шақырымға дейінгі қашықтықпен тізбектеліп орналасқан.

Ежелгі үй-жай – жартылай жертелелер керамика, кен ісі құралдарының сынықтары көп жиналған шұңқырлар түрінде (8-ден 20-ға дейін) табылған.

Жезқазғанның бірегей ескерткіштерінің арасынан сақталып қалғаны аз. Жезқазған қаласының шекарасында бұрын болған ежелгі металлургия мәдениетінің қалдықтары бар (Кресто, Златоуст) үлкен қабат қазіргі кезде жаңа құрылыстарға толы.

Кеншілер мен металлургиягердің көп жылдық жұмыстарының нәтижесінде, сондай-ақ әр дәуір мәдениеттерінің қабақтануы салдарынан Жезқазғанның ежелгі қоныстарының топографиясы күрделі, әрі шиеленіскен. Дегенмен, ескерткіштерді мұқият тексерген кезде әр дәуірдің кескіңдері жеткілікті түрде анық байқалады.

Миықұдық қонысының тарихы қола дәуірінен басталып орта ғасырға дейін жеткен. Қазақтар оны Елуқұдық деп атаған. Ол өзеннің кең аңғарында, Жезқазған кенішінің ортасынан 1 шақырым оңтүстікке қарай орналасқан. Қоныс ауданы кең, оның зерттелген бөлігінің өлшемі батыстан шығысқа қарай – 800 м, солтүстіктен оңтүстікке қарай – шамамен 600 м, Қ.И. Сәтбаевтың өлшеуі бойынша ~ 10 га құраған.

Милықұдық көптен бері геологтарды қызықтырып келеді. Ең алғашқы терең траншея революцияға дейін, үгілген мыс кені және кен құралдары бар ашық үлкен ор табылған кезде қазылған еді. Кен әрі терең траншея Жезқазғанның бас геологы Қ.И. Сәтбаевтың бастамасымен 1939 жылы қазылды. Геологтар ежелгі кенмен қаныққан жердің көлемін анықтап, қоныста қалған мәдени қалдықтарды көргілері келді.

Қоныстың мәдени қабаттары жер қазу жұмыстары кезінде, әсіресе теміржол салу кезінде бірнеше рет ашылып қалған.

Милықұдық қонысы (Жезқазғанның басқа да ескерткіштері туралы) жөніндегі біліміміз Жезқазғанның жаңа құрылыстарында археологиялық қадағалау жасаған Н.В. Валукинскийдің тынымсыз еңбегінің арқасында толықты. Осы ашылулардың негізінде ғалым ауданның жалпы кескіні 800x600 м деп анықтады. Оның зерттеулері қоныстың анағұрлым ескі бөлігін құрайтын батыс бөлігін және орта ғасырға (XII-XV ғғ.) тиісті саз балшық пен тастан жасалған жер үсті құрылыстарының елеулі бөлігінің қалдықтары сақталған шығыс бөлігін қамтыды. Милықұдықтың қола дәуіріне, ерте және кейінгі орта ғасырға тиісті төменгі, орта және жоғарғы горизонттары бар екендігі анықталды.

Төменгі қабаты жоғарғы қабаттардан саз балшық түсімен және материалдық өндіріс қалдықтарымен айрықшаланады. Осы қабаттан ирек тісті баспа-таңбамен түсірілген өрнегі бар жапсырмалы керамиканың фрагменттері, кварциттен, кремнийден және басқа қатты жыныстардан жасалған құралдар табылды.

Төменгі қабаттың ортасында ошақ қалдығы қалған таяз шұңқырлар түріндегі төрт жартылай жер төленің ізі табылды. Жер төселер қатармен орналасқан, олардың арасы 1,5-2 м-ден көп емес. Жер төселердің кіре берісі солтүстік-шығыс жағында орналасқан.

1-ші, 2-ші және 3-ші жер төселердің ауданы 72 м², 56 м² және 30 м² ұзын өзегімен басым жел бағытында, яғни солтүстік-батыстан оңтүстік-батысқа қарай орналасқан. Осы тектес үй-жайлар Айнакөл және Сорқұдық қоныстарынан табылды.

Жезқазған қоныстарында үй-жай – жартылай жер төселердің негізі биіктігі бір метрден асатын тік қабырғалары бар кең ойпаң түбінде болды. Ойпаң қабырғалары құмдақтың ірі тақталарынан тұрғызылған, оны шұңқырдың ішінде көп жиналып қалған

тас тақталар дәлелдейді. Ойпаңдар тас қапталармен орылды, олардың көбісі Милықұдықтың төменгі мәдени қабатынан табылды. Жартылай жер төселер шатырының салмағы тас қабырғаларға түсті.

Ежелгі кеншілер мен металлургтердің үй-жай қалдықтары қалған Милықұдықтың төменгі қабаты кейінгі қола дәуіріне тиісті. Бұл уақыт керамикамен дәлелденеді.

Әр жер төседен табылған тас ошақтың қалдықтары Жезқазғандағы ежелгі металлургтер үй-жайында міндетті түрде табылды. Ошақтар мыс құмдақ тақтасынан салынып, қырымен қойылған үй-жайдың ортасында орналасқан. Ошақтардың пішіні сопақ, ұзындығы шамамен 2 м, ені 0,7 м. Құлдік қабатының қалыңдығы 0,3 м-ге жеткен. Құлдің қабатынан көмір, мыс кені қожының ұсақ кесектері, ал ошақ маңынан кремний құралдары мен сүйектер табылды.

Төменгі мәдени қабаттан ұсақталған және байытылған кенді сақтауға арналған шұңқыр-қойма түріндегі шаруашылық құрылыстардың, сондай-ақ ежелгі бөгеулердің, бөгеттердің қалдықтары және тастан тұртызылған құдықтардың іздері сақталған. Диаметрі 100 м-ден асатын үлкен су жинайтын шұңқырлар мыс кенін жуу үшін және су флотациясы үшін қолданылды. Су жинайтын шұңқырлардың маңында төмпешіктер, үйінділер, «шашыранды» түрде сақталған шұңқыр-қоймалар, мыс кенін үтетін және байытатын орындары болған.

Милықұдық қонысының әр телімінен мыс балқытатын пештер табылды, оның елеулі бөлігі қола дәуіріне тиісті. Қоныс ауданында мыс кенін жуу үшін және су флотациясы үшін қажетті су сақтауға арналған тастан жасалған бөгеттер мен бөгеулердің қалдықтары табылды.

Сорқұдық қонысы – қола дәуірінде үлкендігі бойынша Милықұдықтан кейінгі Жезқазғандағы екінші металлургия орталығы. Ол Жезқазған кенішінің солтүстік бөлігінде орналасқан.

Сорқұдық 1945 жылы А.В. Кузнецов пен Н.В. Валукинскиймен ашылып, зерттелді. Екі үлкен су тармағы қосылатын үлкен аумақта қола дәуірінің және ерте орта ғасырдың (қыпшақ) ескерткіштерінің орналасқаны анықталды.

Сорқұдық қонысындағы үй-жай – жер төселердің іздері

бір-біріне жақын орналасқан жеке шұңқырлар тобын құрайды. Үй-жайлардың жоспары бүйір жақтарының өлшемдері 6x8 м-ден 8x12 м-ге дейін жететін, шұңқырдың тереңдігі – 1,3 м болатын тік бұрышқа жақын. Шұңқырларда периметрі бойынша құмды тақталар жатты, олардың кейбірі қырымен қазылып қойылған еді. Бұл үй-жайдың қырымен қойылған құмдақ тақталары екі қатар етіп тұрғызылған тас қабырғалардың болғандығын дәлелдейді. Едені жазық, кей жерлеріне құмдақ тақталар төселген, жіктері саз балшықпен сыланған. Еденде бағаналардан қалған іздің болмауы – бұл үй-жайдың жабынның тас қабырғалар тіреп тұрғандығын дәлелдейді. Үлкен тас ошақтар жартылай жертөлелердің ортасында орналасқан. Үй-жайлардың жанында диаметрі 2-ден 3 м-ге дейін жететін, тереңдігі 0,8-1,0 м болатын домалақ және сопақша пішінді кіші шұңқыр-қоймалар табылды.

Қалыңдығы 30 см-ге дейін жететін күл қабаты жиналған ошағы бар үй-жай 18 табылды. Тысқары орналасқан екі жертөледе су тармағына қараған дәліз өтті, онда үгітілген кеннің «шашырандысы» болды.

Құлман қонысы ұзындығы 200 м-ден асатын, ені – 120 м болатын тік бұрышты, үлкен төбе. Осы биіктеу тұрған алаңда тастарының өлшемі 12x8 м тік бұрышты жолақ түріндегі бірқатар үй-жайлар мен шаруашылық құрылыстардың қалдықтары сақталған. Құлман қонысындағы жертөлелердің қабырғалары тастан жасалған. Қоныстың қасында Жезді өзенінің тармағынан ежелгі бөгеттің қалдықтары табылды. Құлман қонысы болған уақыт – қола дәуірінің соңы, ежелгі көшпенділер дәуірінің басы.

3. ЕЖЕЛГІ МЕГАЛИТТИК ГИМАРАТТАР

Қазақстанның сәулет және құрылыс ісі тарихында ежелгі кесенелердің тас құрылыстары ерекше орын алады. Осылайша, Орталық Қазақстанның ежелгі тайпаларының өмірінде б.з.б. II мың жылдықтың соңында орын алған түбегейлі өзгерістердің нәтижесінде, қола мәдениетінің дамуының жаңа кезеңін көрсететін ескерткіштердің ерекше тобы бар. Бұл ескерткіштер өткен дәуірлердің ескерткіштерінен көлемдігімен, пішінімен

және жерлеу рәсімімен ерекшеленеді, дегенмен кейбір бітімдері сақталған, бұл әрине өтіп кеткен және жаңа дәуірлердің ғимараттары арасындағы сабақтастықтың болғандығын дәлелдейді.

Орталық Қазақстандағы ежелгі құрылыс ісінің ескерткіштері – Беғазы, Саңғыру, Бұғылы, Ақсу-Аюлы кесенелері – бұл тайпа басшыларының кең жер асты қабірлері, оларды тұрғызу үшін үлкен тас кесектер пайдаланылған. Олар тас құрылыстарының бірінші үлгілерін құрайды. Жер бетінде өзінің тастан жасалуының арқасында көне заманнан бастап біздің заманға дейін сақталған ескерткіштер көп емес. Олар сол замандағы ұлы мәдениеттің ескерткіштері болып табылады. Бірнеше мыңдаған жылдар тұрған алып тас қабырғалар байырғы адамдардың сенбестік дене күшінің және рухтарының мықтылығын дәлелдейді.

Көне сәулет ескерткіштерінің композициясы өзгеше, оларға қайталанбас пішін тән және құрылыс есептерінің пісіп-жетілген элементтерін іске асыруын дәлелдейтін ғажайып құрылыс шешімі кездеседі.

Орталық Қазақстан аумағында тастан жасалған құрылыс ісінің дамуына – гранит, диорит, құмдақ, мергель, әктас, порфир және т.б. табиғи тастардың молшылығы себеп болды. Сарыарқада – «мингу кая» тасты құрметтеу рәсімі болған. Б.з.б. II мың жылдықтан бастап тас – тұрғын жай, мемориалдық және діни ғимараттар құрылыс кезінде қолданылған негізгі құрылыс материалы болған. Бұл ғимараттар тайпа басшыларын және ерен батырларды мәңгілікке есте қалдыру үшін жасалған. Топырақпен және таспен жабылған қабірлер оба түрінде осы күнге дейін сақталған. Оларды сәулет және құрылыс өнерінің объектілері ретінде зерттеу үлкен ғылыми қызығушылық тудырады.

Орталық Қазақстанда тас басты құрылыс материалы болған.

Қола дәуіріне адам тасты өңдеудің мың жылдық тәжірибесімен келді. Осы дәуірде металлдық құралдар пайда болып, адамдар тастарды аниғұрлым мұқият өңдей бастады. Үлгілері Қазақстанның мұражайларында сақтаулы тұрған қола аспаптар – балға, келі, «шолпы», бұрғы, қашау және т.б. көмегімен ежелгі құрылысшы тасты өңдеп, ілесне бөлшектерді

дәлдеп келтірген.

Қола дәуірінің бейіттері әдетте көне қоныстарға немесе ұзақ тұрақтар орнына жақын жерде орналасқан. Жеке топтарда 40-тан 300-ге дейінгі бөлек тұрған құлпытасстар орналасақан. Жерлеу алқаптарының ұзындығы кей жерлерде 10-15 шақырымға дейін жетеді. Мемориалдық кешендердің көбісі және олардың өлшемдері ежелгі адамдар үшін олардың ерекше маңыздылығын білдіреді және қола дәуірінде Орталық Қазақстан халқының тығыз орналасқандығын дәлелдейді. Тас ғимараттар қола дәуіріндегі тамдардың пішіні мен салыну тәсілдері жөнінде анық мәлімет береді.

Үлкен тас кесектерінен тұрғызылған қола дәуірінің тамдары халық арасында – «алыптың үйі» немесе «мықтының үйі» деген атауға ие болған.

Ш. Уәлиханов: «на пути из Каркаралов в Актан встречается множества гробниц, составленных из плит вертикально и плотно сжатых между собой, с одной стороны находятся двери. Подобные галереи есть в Большой орде»,¹⁵ – деп жазған.

Қола дәуірінде қалыптасқан мемориалдық ескерткіштерді салу дәстүрі ежелгі адамдардың діни ұғымдарымен байланысты сол уақыттағы идеологиялық қажеттіліктердің болғандығын және патриархалды-рулық құрылысты қалыптастыру кезеңіндегі қоғамның даму деңгейін дәлелдейді. Осы дәуірде бейіттерді үй-жайға ұқсас етіп салу идеясы пайда болған, ол жоспардың геометрлік бітімдерінен және қабырға құрылыстарынан байқалады. Үй-жайдың жер қабырғалары сияқты жерлеу қорымдарының қабырғалары жерге қазылып көмілген және қырымен қойылған жалпақ гранит тақталарымен қапталған. Әрине, бұл әдіс үй-жай құрылысының көп жылдық тәжірибесімен шыңдалған. Тайпа басшыларының немесе ру ішіндегі беделді мүшесінің құрметіне мемориалдық ескерткіштерді тұрғызу кейінгі қола дәуірінде дәстүр болып қалыптасады және тайпалық одақтардың құрылу кезеңінде және кейінгі дәуірлерде дамуын жалғастырады. Әкеге сыйыну, ата-баба рухын құрметтеуді дәріптейтін осы дәстүрдің туындауы және бекуі ескі наным-сенім – тәңірмен байланысты.

Ежелгіде халықтық синклиттер, ас беру, діни рәсімдер мен құрбандық шалған орындарда ескерткіштер көп жиналған. Діни ғимараттар – мінгірлерде көктемнің келуімен, ежелгі малшылардың малды көбеюі және егіннің бітік шығуы үшін

дұға қылу рәсімдері өткен.

Мегалиттер Орталық, Оңтүстік-Шығыс Қазақстанда (Тарбағатай), Жетісуда кең тараған. Олардың қарапайым түрлеріне – мінгірлер, жалпақ тастар, цисталар, тақталы қоршаулар және т.б. жатады. Олардың ең ежелгілері – мінгірлер, олар жерге қазылып көмілген алып тақталар, биіктігі 1,5 м және одан биік, кескіні домалақ немесе тік бұрыш. Неолит және ерте қола дәуіріндегі мінгірлер – өңделмеген тас кесектер, жалпақ ұштары жоғары қараған, кейбірі (Байғана, Атасу өө.) 30-дан 60° еңіс тұр. Бұл тастарды халықта «алып тас», «дәу тас» деп атайды. Мінгірлер орналасқан орындар да солай аталады.

Мінгірлер ежелгі табыну ескерткіштері. Олардың маңында қайтыс болғандардың құрметіне ас беріліп, құрбандық шалынған.

Олар төбелер мен жазықтық баурайларында орналасқан. Жеке тұрғандары да (Байғана ө.) және тас аллеясы түрінде топтасып келетіндері де (Көрпетей, Қорғантас, Қызылшоқы таулары) бар. Мінгірлер тобы Қызыл-Арай, Көрпетей тауларында, Байғана өзенінде (Нұра өзенінің тармағы) және Атасу өзенінің жоғарғы ағысында орналасқан.

Темірастауда және Бесобада мінгірлер тобы өздерінің ор-



Мінгірлер аллеясы. Көрпетей тауының солтүстік-шығыс етегі. Қарағанды облыс, Ақтоғай ауданы



а



б



с

Менгирлер: а – Қанаттас, өз. Нұртай, в – Қойшоқы; с – Ақсай өз. Нұртай



а



б



с

Дольмендер. а, в – өз. Нұртай, Құрылыс, Ақтоғай ауданы; с – Баспаздақ, Шет ауданы.

наласуы бойынша киіз үйлерден құралған көшпелі котанды еске салатын жабылмаған айналым қоршау құрайды.

Кемелденген қола дәуірінде тас сағана дольмендер кең тарала бастайды – олар дала қоғамындағы көрнекті өкілдерінің қабірлері, сондай-ақ рулық жерлеу орындары. Санғыру және Беласар кешендерінде қырымен қаратып, бір-біріне нық қойылған, жонып тегістелген ірі гранит тақталарынан жасалған үлкен тас жәшіктер қорымның ішінен табылды. Дольмен-жәшіктер лақыттардың бүйір тақталарының жиектеріне нық тіреліп тұрған көлденең қойылған екі тас тақтамен жабылды. Дольмендердің өлшеміне қарай жабын тақталардың ені 1,2 м-ден 3 м-ге дейін жеткен. Жерлеу лақыттарға су өтіп кетпеу үшін жабын тақталары бүйір қабырғаларының үстінен 10-20 см-ге биік болған. Бұл құрылыс әдісі, сондай-ақ үй-жай құрылысы кезінде де қолданылған. Жабын тақталарының үсті көбінесе мұхият тегістелген, соның арқасында олар бүйір тақталардың жиектеріне нық келген. Кейде олардың қосылған жерлерін жасыл түсті саз балшықпен бекіткен, олар үшінші өңдеу қалдықтарынан алынған. Оның мықтылығы сондай, бұзылуы өте қиын. Дольмендердің төменгі бөлігі осындай балшықпен сыланған.

Ерте және орта қола ескерткіштері үшін үймесі жоқ, тігінен жерге қазылып көмілген тас тақталардан құралған қорымдар айналымы түріндегі мола үсті тамдары тән. Осындай қорымдардың ортасында – екі-үш гранит тақталарымен жабылған тас жәшіктер бар, ол ұзын өзегімен оңтүстік-батыстан және солтүстік-шығысқа бағдарланған. Олардың бітімдері негізінен патриархалдық-рулық құрылым идеологиясын бейнелейді. Осы ескерткіштерден табылған олжалар сол кезеңнің шаруашылық тұрмысы жөнінде анық көрініс береді.

Кейінгі андронов дәуірінің бейіттері өткен дәуірлерге қарағанда ірілігімен ерекшеленеді және домалақ, сопақ, тік бұрыш немесе шаршы болып келетін қорымдар құрайды. *(Қосымша. 1-ші кесте)* Олар қырымен жерге қазылып көмілген ірі гранит тақталарынан жасалған, көбіне үймесі жоқ, егер болса да 20-30 см-ден аспайды. Қорымның ішінде 2-ден 12-ге дейінгі және одан көп жәшіктер табылды, оларда бір отбасының мүшелері жерленген, әдетте сол жақ қырымен, бүріскен күйінде жатқызылған.

ҚОЛА ДӘУІРІНДЕГІ ҚОРЫМДАР



Қызылтау тауы. Баянауыл ауданы, Павлодар облысы.



Құрылыс, өз.Нұртай.



Бақты, Түзгүл.



Көрпетай тауы, Нұртай өз. аңғары, Шет ауданы.



Аққойтас, Қарқаралы ауданы.



Қызыларайдың солт. тау үсті, Сарыөлең аңғары.



Көктас I.



Беласар.



Беласар.

Ежелгі және кейінгі көшпенділердің қорымы



Баянауыл. Қалмақ қырган.



Саңғыру I, өз.Атасу.



Жақсы-Қызылтау тауы, Шет ауданы.



Қармыс, өз. Шерубай-Нұра. Ертедегі түріктер қорымы.



Павлодар облысы, Баянауыл ауданы. Түрік қорымы.

Суреттер 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 48, 49, 50, 51, 52, 53, 54, 55, 56, 57, 58, 59, 60, 61, 62, 63, 64, 65, 66, 67, 68, 69, 70, 71, 72, 73, 74, 75, 76, 77, 78, 79, 80, 81, 82, 83, 84, 85, 86, 87, 88, 89, 90, 91, 92, 93, 94, 95, 96, 97, 98, 99, 100



Цисталар: 1 — Бүгүлі 1; 2 — Беләсар; 3 — Саңғыру I, 8.

Қырымен қойылған тас тақталардан құралған тік бұрыш немесе шаршы қорымдар түріндегі қабірлердің ауқымды тобын үймесіз «қотан-тастар» құрайды, олардың ішінде тас жәшік - «бесік тастар» орналасқан, мұнда бір патриархалды отбасының мүшелері жерленген. Бұл қорымдардың тарихы қола және ежелгі көшпенділер дәуірін қамтиды. Өзінің құрылымы бойынша қотан-тастар Солтүстік Кавказдағы және Кубаньдағы дольмендерге ұқсас.



а



б

Қола дәуірінен кейінгі тас жәшіктер: а – Беласар;

б – Көктас II.



с

с – Телжанкүзәу, өз. Атасу.



а



б

Отбасы мүшелері жерленген: а – Беласар; б – Қараөзек, өз. Атасу.

Қазақстанның ежелгі құрылыс мәдениеті ескерткіштерінің көптеген топтарының бірін ғылымда «циста» деген атауы бар тамдар құрайды. Цистаға өртелген мүрденің күлін салған.

Цисталардың қабырғалары дольмендердегідей тік қойылған тақталардан емес, тасты көлденең қалау арқылы тұрғызылған. Қатар тұзу болып шығуы үшін қалыңдығы 4-5 см-ден құмдақтың жұқа қатпарлы тастары пайдаланылған. Цисталардың тереңдігі 1,1 м-ге жеткен. Жабын үшін өлшемі 125x85x12 см болатын жайпақ тас тақталар таңдалынған. Цисталар әдетте үймесіз келеді, егер болса да биіктігі 30 см-ден аспаған. Екі жағдайда үйменің үстіне немесе жерге көлденең қойылған тас тақталарды айналдыра қалаған. Айналым жалпы диаметрі 6-9 м болатын бірінің ішіне бірі шоғырлана орналасып, екі реттік, үш реттік қаланған.

Қола дәуірінің соңында цисталар көлемінің ұлғаяуы және айналым қаламалардың орнына біршама тереңдікте орналастырылған, жерге тігінен қазылып көмілген жайпақ тас тақталардан алып тік бұрыш немесе шаршы қорымдарға ауысу байқалады. Осы қорымдардың ортасында ашық алаңда бір-екі циста орналасқан.

Орта қола мәдениетінің кемелдену кезеңінде Орталық Қазақстанның аумағында пішіні мен өлшемі дәстүрлі андронов мәдениеті ескерткіштерінен айырмашылығы бар ауыспалы типті ескерткіштер пайда бола бастайды. Осы уақытта тайпа басшыларының, тайпа ақсүйектері өкілдерінің және атақты жауынгерлердің қабірлерінің үстіне айналым қорымдары бар топырақ немесе тас үймесі түрінде обалар тұрғызыла бастаған. Осындай обалар Орталық Қазақстанның бүкіл аумағында: Нұра, Шерубайнұра, Талдынұра, Аққойтас, Түндік, Жарлы, Ақшы өзендерінің аңғарларында, Сарысу, (Жаманөзен, Үркек), Тоқырауын, Талды (Кент тауларында), Аппас (Ақтерек, Бөрітас шатқалы) өзендерінің жоғарғы бойында, Сарыөлең (Қызыл-Арайдың солтүстік тау үсті), Қаршығалы, Қазанғап, Құсақ, Дағанда (Көкшетау тауында), Соран шатқалында, Темірші, Бакты, Мыржық, Арқалық, Қу және т.б. тауларында кездеседі.

Өкінішке орай, Орталық Қазақстандағы обалардың көбісі ертеден қазылып қойған, үймелердің ортасында терең ұңғымалар байқалады.

Олардың кейбіріне тоқталып өтейік.

Атасу өзенінің сол жағасында орналасқан Айшырақ Б ке-

шенінде ауыспалы кезеңнің 9 оба-қорымы бар. Обалардың барлығы көзге тамаша көрінетін ақ кварцитан жасалған қорымдармен қоршалған.

Оба 6 – тас үйме түрінде Айшырақ Б кешенінің солтүстік-батыс бөлігінде орналасқан. Обаның диаметрі – 14,6 м, биіктігі – 1 м. Үйменің түбі бойынша қырымен қазылып орнатылған жайпақ тақталардан құралған айналдыра салынған қорым өтеді. Оба биігінің маңында кварциттің ірі сынықтарынан тұратын екінші айналдыра салынған қорым өтеді.

Оба 7 – ақ түсті ірі кварцит блоктары көлденеңінен қойылып, екі рет айналдыра салынған үйме, ол кешеннің солтүстік-батыс соңында орналасқан. Обаның диаметрі – 11 м, биіктігі – 0,65 м. Оба мұқалған: үстіңгі бөлігінде там шұңғыма бар, бұл жерден құрылыс үшін тастар алынған. Шұңғыманың түбінен жерлеу жәшігінің жоғарғы жиектері көрініп тұр.

Оба 11 – биіктігі бір метрге дейін жететін жер үймесі Атасу өзенінің аңғарынан Бетпақдалаға өтетін жолдағы топтаманың оңтүстік соңында орналасқан. Обада қырымен орнатылған гранит тақталарынан құралған үш қорым үш жапырақты гүл өрнекті еске түсіреді. Обалардың ішінде ұзын өзегімен батыстан-шығысқа қарай бағдарланған бір-бір жәшіктен орналасқан.

Егізек 1967 жылы ашылды және 1968 жылы алдын ала тексерілді. Алып некрополь гимарат құрылысы, жерлеу рәсімдері және мәдениет заттары ұқсас келетін екі топшадан құралған. Ол оңтүстіктен Қызылтау, батыстан Алғабас, солтүстіктен Ортау және шығыстан Аба тауларымен қоршалған жазықтықта орналасқан. Топшаларда 145 жеке тамдар бар, олардың ішінде «мұртты» оба, Түрік қағанаты заманының тас мүсіні бар үш қорым бар, қалғандары қола дәуіріне тиісті. Солтүстік топшада ең көбі 105 қорым бар. Андронов заманынан қола дәуіріне ауысу кезеңінің оба-қорымдары ірі тақталардан жасалған, айналдыра салынған қорымдары бар үлкен үйме тобелерді құрайды.

Байбала II тобы етегінде қола дәуірінің Байбала және Сенкебай қоныстары орналасқан Қотыр-Қызылтау тауынан алыс емес Талдынұра өзенінің оң жағасында орналасқан. Байбала тобы айналдыра салынған қорымдары бар пішіні сфера немесе және куб болып келетін үлкен үймелі обалардан тұрады, айналдыра салынған қорымдардың саны – 10, шаршылы қорымдар – 20.

Айналдыра салынған қорымдары бар тас пен топырақтан

құралған үймені құрайтын үлкен обаға қазба жұмысы жүргізілді. Оның диаметрі – 28 м, үйменің биіктігі – 1,8 м, айналдыра салынған қорымның диаметрі – 20 м. Айналдыра салынған қорым жақсы сақталған. Онда қырымен қазылып көмілген 54 гранит тақтасы бар. Тақталардың барынша үлкен өлшемі – 1,4x1,2 м, ені – 0,75x0,75 м. Үйменің астында 0,7 м тереңдіктен екі қатар етіп тас кесектерінен қаланған ішкі қорымның қабырғалары табылды. Қаламаның қалыңдығы – 1,3 м, биіктігі – 1,2 м. Айналымнан ішкі қабырғаға дейінгі қашықтық – 7 м. Қорымның ішінде ұзын өзегімен батыс-шығысқа қарай бағдарланған үлкен тас жәшік бар. Оның көлемі – 2,3x1,55, тереңдігі – 1,6 м. Ол бір біріне тығыз орналасқан екі алып гранит тақталарымен жабылған. Жәшік пен жабын тақталарының жиектері анық көрінген.

Беласар Б – Орталық Қазақстанның ірі некрополи. Орта қола дәуірінің соңында, жайылымдық мал шаруашылығы мен кен-металлургия кәсібі белсенді дамып, жаңа жайылымдарды игеру қажеттілігі туындаған кезде пайда болған. Орналасу жері бойынша Беласар Бетпақдала шөлі арқылы оңтүстікке, Шу және Сырдария өзендерінің аңғарларына өту кезіндегі транзитті пункт болып табылады. Ол оңтүстіктен – Тайатқан, батыстан – Шұнақ, солтүстіктен – Арит-Үшқызыл тауларының арасында, Кіік станциясынан 20 шақырым солтүстік-батысқа қарай және Қарағанды теміржолының Мойынты станциясынан 45 шақырым жерде орналасқан.

Беласар кешенінде көбінесе андроннан кейінгі қолаға ауысу кезеңінің ескерткіштері орналасқан, олар айналдыра салынған қорымдары бар тік бұрышты қорымдар мен үймелі төмпешіктер түрінде сақталған. Үлкен Беласар кешенінде осы тектес қорымдары бар обалар шамамен оншақты. *(Қосымша I-ші кесте).*

Беласар кешенінің әр кезеңдегі ескерткіштерін зерттеу нәтижесі орта қоланың соңында бейіттер құрылымының өзгере бастағанын дәлелдейді.

II мың жылдықтың соңында андроновтық шеңберлер мен сопақшалар жойылып кетеді. Енді қырымен қазылып көмілген алып гранит тақталарынан құралған айналдыра салынған қорымдары бар үлкен обалар патриархалды-отбасылық қауымның жерленген жері емес, ол тайпа басшылары мен белгілі жауынгерлердің қабірлері. С.В. Киселев: «В Западной Сибири в

позднеандоновское время замечается та же тенденция, что и в конце срубной культуры. Появляются крупные курганы, насыпавшиеся, очевидно, над выдающимися членами рода. Нам удалось исследовать такие курганы в местности Бесоба, под Каркаралинским»¹⁶.


Айналдыра салынған қорымдары бар обалар тек Орталық Қазақстанда ғана кездеседі және кейінгі қола дәуірінен бөгей-дәндібай заманына ауысуын білдіреді. Олардың пайда болуы мүлтік дифференциацияның үрдісімен қатар жүрген осы өңірдегі тайпалардың қоғамдық өмірінде болған терең өзгерістерге тәуелді.

Б.з.б. II мың жылдықтың соңында қола мәдениетінің жаңа даму кезеңінде Сарыарқа кеңістігінде андроновтардан ірі өлшеммен, пішінімен және жерлеу рәсімімен ерекшеленетін ескерткіштер пайда болды. Олар өткен және аяқ басқан дәуірлердің мәдениеті арасындағы сабақтастықты растайтын кейбір бітімдерін сақтайды.


1952 жылы ОҚАЭ-мен Қарағанды облысы Шет ауданының орталығы болып табылатын атас кенттің маңында Ақсу-Аюлы кешені зерттелді. Кешен қырымен орнатылған, ірі гранит тақталардан құралған, айналдыра салынған қорымдары бар өлшемі әр түрлі 12 обадан құралған. Жарты сфера пішіні бар ең ірі обаның астынан қола дәуірінің ең ірі гимареттарының бірі – Ақсу-Аюлы II кесенесі табылды. Бұл мегалиттің мезгілі б.з.б. XII-XI ғғ.



Ақсу-Аюлы II. Графикалық бейнесі.



Жабынды қайта құру графикасы.



Кесене жоспары.



Ақсу-Аюлы II қимасы.



Солтүстік-шығыс қабырға.



Көсененің аэрофотосуреті. Ақсу-Аюлы II, 2009 ж.*

Там үйіменің астында болғандықтан ол осы күнге дейін сақталған және бізге қола дәуіріндегі құрылыс ісі мен сәулет өнерінің жауһары болып табылатын тас құрылымды егжей-тегжейлі зерттеп, суреттеп беруге мүмкіндік туды. Тамның алыптылығы мұнда тайпа басшысының жерленгенін дәлелдейді.

Ол диаметрі 30 м, биіктігі 1,8 м айналдыра салынған қорымы бар, қырымен қазылып көмілген ірі гранит тақталарынан құралған оба үйіндісі. Оның диаметрі – 24,5 м, тік тұрған тақтаның биіктігі – 1,2 м-ден 1,6 м-ге дейін. Бірінші айналдыра салынған қорымнан 11 м ортаға қарай ірі тік бұрышты тақталарды көлденең қалау әдісімен жасалған, пішіні таға тәрізді екінші қорым өткен. Ол қорымның өлшемі (ішкі өлшем бойынша) батыстан шығысқа қарай – 7,9 м, солтүстіктен оңтүстікке қарай – 7,6 м, сақталған биіктігі – 1,5 м. Түбіндегі қаламаның ені ~ 2 м.

Екінші қорымға жалғасқан үшінші қорымның пішіні-

бұрыштары домалақтанған тік бұрыш. Бүйір жақтарының ұзындығы 4,45 м және 3,40 м. Екінші қорым сияқты ол да батыстан шығысқа қарай созылған және тік бұрышты тақталарды көлденең қалау техникасымен салынған. Тамның орталық бөлігінде, сондай-ақ ішкі қорымның батыс және шығыс бүйірлерінде қырымен қазылып көмілген тақталар тұр. Осы тақталарда сатылы жабын орналасқан.

Ішкі қорымның бүкіл алаңы күйіп қалған ағаштың қалдықтары бар күл қабатымен жабылған. Шамасы, 30 сантиметрлік күл қабаты төбе жабындысының өртену себебінен пайда болған. Оның қалыңдығына қарап жабын үшін пайдаланылған материалдың саны жөнінде айтуға болады. Жәшіктің тас тақталары ысталған, ал арасындағы бос кеңістік күлмен және көмірмен толтырылған. Оңтүстік-батыс қабырғаның жоғарғы бөлігіндегі кең ойық ағаштан жасалған жабын тозбай тұрып өрттің болғандығын дәлелдейді. Жабынның құлауы себебінен оңтүстік-батыс қабырғасы басқа қабырғалардан төмен.

Ішкі қорымның ортасында ауданы – 2,5x1,45 м, тереңдігі – 1,6 м грунтты жәшікте пішіні тік үлкен жәшік тұр. Жәшік ішкі қорымнан 1-1,2 м, қашықтықта тұр. Екінші және үшінші қорымның арасында ені 1,8 м айналып өтетін дәліз болған.

Жәшік ұзын өзегімен батыстан шығысқа бағытталған. Ол екі гранит тақталарымен тығыз жабылған. Жәшіктің шығыс бөлігін жауып тұрған тақталардың өлшемі – 1,85x1,2x0,41 м, батыстағы – 1,4x1,36x0,2 м. Жәшіктің бүйір жақтарында ертеректе тік тұрып, жабынның орталық тіреуі болған үлкен гранит тақталары жатқан. Там түбінің барлық алаңы қалыңдығы ~ 50 см болатын саз, ірі құм, топырақ және қиыршық тас араласқан нығыздалған қабатпен жабылған. Бұл кесектеу тіреу қабырғаларына тіреліп, контрфорс қызметін атқарған. Еденді кесектеу сыртқы және ішкі қорымның тұрақтылығын қамтамасыз еткен. Осындай құрылыс тәсілдерімен тас табыт қойылған орталық жайдың үстіндегі жабынды ұстап тұрған қорымдар мен тіреу тақталарының беріктігі қамтамасыз етілген.

Құрылыс техникасы жағынан алып қарасақ, мегиттік құрылыс кезінде қолданылған көлденең қалау әдісі үлкен қызығушылық тудырады. Осындай әдіспен тұрғызылған кабірдің ішкі қорымы негізгі және қоршау құрылымы болып, екі қызмет атқарған. Көлденең қалау үшін өлшемдері 40x35x5 см-

*Бұл сурет археолог Ж. Смакловтан алынды.

ден және 120x80x7 см-ге дейін жететін пішіні тік бұрыш немесе шаршы болып келетін тас тақталар пайдаланылған.

Тік қима ішкі қабырғаның төменгі қатары грунтта екі қатар етіп қойылған үлкен жалпақ тас тақталардан, ал жоғарғы бөлігі – кішірек тақталардан тұрғандығын көрсетті, сондықтан қабырғалардың төменгі жағы - 1,2 м-ге дейін, ал жоғарғы бөлігі - 0,4 м дейін жеткен. Тақталар өзара саз балшық ерітіндісімен байланысқан. Тастардың кедір-бұдырлығы себебінен пайда болған бос аралықтар ұсақ қиыршық тастармен толтырылған. Домалақтау келген бұрыштардың байланысы тік жапсарларды бекітетін ұзын тас блоктардың көмегімен жүзеге асқан.

Ішкі қорымның өлшемі – 2,5x3,4 м, сыртқы – 8x7,4 м (ішкі орам бойынша). Тұтастай қалау үшін әрбір бір-екі қатардан соң қабырғаның бүкіл қалыңдығы бойымен ашық «тесіктер» өтті, олар «жатқызылып қойылған» тастармен бір қатарда алмасып орналасты. Жоғарғы қатардағы тақталар тұтастай тек «тесіктер» түрінде салынған. Сыртқы жақтан көлденең қалау пішіні тік бұрышты тастармен қапталды. Домалақтанған бұрыштарды байланыстыру үшін ұзын тас блоктар таңдалынды, олардың көмегімен тік жапсарлар жасалынды, және олардың төменгі жағы тік, ал жоғарғы жағы ішке қарай еңіс болды. Осы құрылыс әдісінің негізінде кейінгі дәуірлерде кеңінен қолданылған бос аралықтарды азайту идеясы жатты.

Өргінізі Ақсу-Аюлы II кабірінде бөренелерден тұрғызылған жабынның пішіні пирамида болғандығын дәлелдейді. Ол үшін бөренелерді қалау әдісі қолданылған, там биіктей келе әрбір жаңа сатыдағы бөрене 15-20 см қысқа болған.

Ортау II

Бейіт құрылысы бойынша **Ортау II** кешені Ақсу-Аюлы II ұқсас. Ол да негізінде айналдыра салынған қорымдары бар обадан тұрады. Ортау кешенінде 20 қорым бар, олардың барлығы беғазы мәдениетінің әуелгі кезеңіне тиісті.

Осы топтың ішінен бізбен үш үлкен оба зерттелді, олардың барлығы бұрында-ақ тоналып кеткен.

Оба 1 кешендегі ең үлкені, оның диаметрі 36 м, айналдыра салынған қорымының диаметрі 28 м, обаның биіктігі – 3,2 м.

Қорымның ішінде батыстан шығысқа қарай созылып жатқан, пішіні сопақ, тастал салынған там болды. Ішкі алаңның өлшемі – 3,5x3 м, сақталған биіктігі – 1,5 м. Ені 0,5 м қабырғалардың бүйірлері сыртқа қаратып салынған («тесік») ашық тақталармен алмасып келетін екі қатар етіп, тек қалау әдісімен орындалған. Ортау II қаламасының қалыңдығы қабырға түбінде және оның жоғарғы жағында да бірдей. Қабырғаның қимасы мынаны көрсетті: төменгі қатарда таспен бірдей анағұрлым ірі тақталар, ал олардың үстінде «бір жарым кірпіштен» екі қатар етіп тік бұрыш тақталар салынған. Ортасында 1,8 м тереңдікте қырларының өлшемдері 1,5 м және 1,8 м пішіні шаршы дерлік үлкен тас жәшік тұр. Жәшіктің қабырғалары жақсы тегістелген және тақталар бір-біріне жақсы ұштастырылған.

Оба 2 біріншісіне қарағанда кішірек. Обаның пішіні сопақ, батыстан шығысқа қарай созылған, ауданы – 17,0 м²; қаламаның ені және биіктігі бір метрден асады. Үлкен тас жәшік қорымның ортасында орналасқан, ол да ұзын өзегімен батыстан шығысқа бағдарланған. Жәшіктің бүйір өлшемдері 1,5 және 2 м, биіктігі – 1,2 м. Жәшіктердің жиектері жерден 40 см-ге шығып тұрған. Оның қабырғаларының беріктігі қиыршық тас пен ірі құмды кесектеу арқылы қол жеткізілген.

Бұғылы III кешенесі – тастан жасалған там, Бұғылы I қонысынан 0,5 шақырым шығысқа қарай, Бұғылы тауының шығыс баурайында қола дәуірінің соңғы шегінде тұрғызылған.




Қорған Бұғылы III.

Бұғылы таулары Қарағанды қаласынан 80 шақырым оңтүстікке қарай Шерубайнұра өзенінің сол жағасында және Успенка кенішінен 60 шақырым солтүстік-шығысқа қарай орналасқан. Ескерткіштердің көп болуы осы орындарда халықтың қалың болғандығын дәлелдейді. Тау жайылымдарының және су қайнарларының мол болуы, тама-



Бұғұлы III кесенесі. Жаппы көрінісі.



Бұғұлы III кесенесінің қимасы.



Бұғұлы III. Қабірдің кіре берісі.



Бұғұлы III. Қабірлер.



Бұғұлы III, Кіре беріс құрылысы тастан жасалған қабір.



Бұғұлы III, Кесененің пирамидалық-сатылы құрылысы.

ша ландшафт, кеніштердің көптеп кездесуі адамдарды ежелгі дәуірден бастап-ақ қызықтырған.

Әр замандағы ескерткіштердің ірі кешені шоғырланған Бұғұлы тауларымен қоршалған Шопа өзені аңғарының тарихи-топографиялық ортасы бедерлі болып келеді. Олардың арасын-



Бұғұлы III кесенесінің шығыс қабырғасы.

да кейінгі қола дәуірінің немесе бегазы-дәндібай заманының ескерткіштері басым.

М.К. Қадырбаевтың қатысуымен 1955-1956 жылдары зерттелген Бұғұлы III ескерткіші зерттелді. Бұғұлыдағы тас қабір батыс жағынан екі алып менгир орналасқан үлкен обаның астында болған. Обаның биіктігі шамамен 4 м, оның диаметрі – 28 м. Обаның үйіндісі аршылған соң біздің алдымызда композициялық аяқталған сәулетті ескерткіш көрінді.

Ескерткіш маңызы әлі анықталмаған ерекше шұңқырлар тобының оңтүстік соңында орналасқан. Шұңқырлар тізбектеліп оңтүстік-шығыстан солтүстік-батысқа қарай созылған. Шұңқырлардың диаметрі 2 м-ден 25 м-ге дейін жетеді. Барлығы топта 22 шұңқыр болған, оның үшеуінде сирек кездесетін тас нобайлар бар. Шұңқырлардың бірін қазу кезінде оның отқа табыну рәсімі жасалатын діни орын екендігі анықталды. Отқа табыну іздері шұңқырлардың бірін қазу кезінде және моланың өзінен анықталды.

Ғимараттың композициялық аяқталғандығы және оның алып өлшемдері бұның тайпа басшысының қабірі деп қорытынды жасауға негіз болады.

Бұрыштары анық шоғырланған шаршы түріндегі тамның жоспары – бұл жаңа тарихи кезеңді білдіретін жаңа бітімдер. Бұғылы III композициясы қос қабырғалы, шаршы тамды құрайды, оның жалпы ауданы – 225 м².

Қабірдің сыртқы қабырғасының қалыңдығы – 1,5 м, саз балшық ерітіндісімен қосылған пішіні тік бұрыш (ұзындығы 40-70 см, қалыңдығы 18-22 см) ұзын тас блоктарды көлденең қалау әдісімен салынған. Осы тектес техника Ақсу-Аюлы II, Ортау II және Беғазы молаларынан байқалады.

Қабырғаларды қалау кезінде ежелгі құрылысшылар бос аралықтарды ұсақ тастар мен саз балшықтармен толтырып, жапсарларды байланыстырған. Бұғылы тамдары тоғыз қалама қатарынан тұрған, әр қатардағы тастардың қалыңдығы орташа 20 см, сөйте тұра сыртқы және ішкі өлшемдері (1,8 м және 2,1 м сәйкесінше) бір-біріне сай келмеген. Мүмкін бұл сәйкессіздікке қабырғаның ішкі қаламасы ойпаңнан басталуы себеп болған шығар.

Тамның солтүстік жағында кіре беріс орналасқан, ол биіктігі – 2,5 м, ені 1,15 м және қалыңдығы – 0,68 м тік бұрыш, қырымен орнатылған екі гранит тақталарынан тұрғызылған. Молаға кіре берісте бағаналарға және бүйір қабырғаларына тірелетін екі метрлік гранит тақталары қойылған. Қабірдің кіре берістің өлшемі 1,7x1,15x0,16 м, бітімі – тік бұрыш тақтамен қалқаланған.

Ішкі жай өзінің композициясы бойынша бүйір жақтары 4,1x4,1 м, жалпы ауданы - 17 м² нақты шаршыны құрайды. Қабір – қырымен қойылған гранит тақталарынан құралған үлкен тас жәшік. Тақталар жақсы өңделген, олардың биіктіктері бірдей, бірақ ені әр түрлі. Қабірдің батыс, шығыс және оңтүстік қырлары өлшемдері 2,18x0,7x0,18 м – 2,20x1,5x0,18 м аралығындағы үш ірі тақталармен қапталған. Солтүстік қабырғада тік қойылған тақталары бар көлденең қаламасының үйлесуі байқалады.

Қабірдің солтүстік-шығыс қабырғасы және сыртқы қабырғаның солтүстік-шығысы арасында құрбандық шалатын орын болған айналып өтетін дәліз өтеді. Дәліздің ұзындығы - 3,3 м, орташа ені - 0,8 м. Қасиетті от жағылған дәліздің едені тегіс тақталардан салынған.

Тас тақталардан салынған кесенелер жабындарының құрылысы сипаты болып келеді. Ежелгі құрылысшылар тас

жабынның салмағын дұрыс бөле білген. Төрт алып гранит тақталар негіз болған. Биіктей келе азая беретін тақталар бірінің үстіне бірі қойылып, кертпеш құраған. Пирамиданы пішіні жарты шеңбер тақта аяқтаған. Осындай құрылыстың арқасында жабын қиық шошак түріне ие болған. Саз балшық ерітіндісімен қосылған жабын тақталарының арасына тас жастықшалар қойылған. Ішкі қабырғалардың биіктігі – 1,8 м болғанда, ұшы шошак жабын тақталарының арқасында тамның биіктігі – 3,7 м жетті. Тас жабынның салмағы және бұрыштан бұрышқа диагональ бойынша орналасқан, граниттен жасалған орталық және бұрыштық тіреу бағаналарына түскен. Бір тіреу бағанының өлшемі – 1,65x0,28x0,17 м.

Орталық Қазақстанда кейінгі қола дәуірінде пайда болған жабынның пирамидалық-сатылы құрылысы кейінгі ғасырларда кеңінен тарала бастаған «жалған» күмбездің үлгісі болып табылады.

Саңғыру I. Қабір I

Орталық Қазақстанның кейінгі қола дәуіріндегі Саңғыру I ескерткіштер тобы 1955 жылы Ақмоладан Ташкентке қарай үлкен керуен жолы өтетін әсем Саңғыру тауының етегінде, Сарысу өзенінің сол жақ тармағында, Атасу өзенінің жоғарғы баурайынан ашылды. Кешеннің әкімшілік атауы – Қарағанды облысы Жаңаарқа ауданы «Ақтау» совхозы.

Атасу өзенінің аңғарында қола мәдениетінің үш кезеңінің ескерткіштері орналасқан: андроновтан кейінгі, андроннан Беғазыға ауысу кезеңі және беғазы. Қола мәдениетінің Атасу өзенінің аңғарында таралуы Нұра, Есіл және Ертіс өзендерінің аңғарларында жан мен мал басының қарқынды өсуімен және жаңа жайылымдық орындарды іздеумен байланысты болды. Беғазы заманында жаңа аумақтарды игеру Бетпақдала шөлінің солтүстік шекарасына дейін жетеді.

Саңғыру I қола дәуірінің соңғы кезеңінің, яғни беғазы заманының 40-тан астам тақталы қорымдары бар. Тас қорымдар Саңғыру («Бүркіттің ұясы») тауының шығыс етегі бойымен оңтүстіктен солтүстікке қарай қатар тізбектеліп орналасқан. Олардың анағұрлым ұзыны ертерек пайда болған. Бүтін қалған

қорымдардың арасынан 1955 жылы жетеуі, ал 1963 жылы – сегізі зерттелді. Қалғандары тонаушылармен бұзылған, бізбен зерттелген қорымдардың ішінде біреуі ғана аман қалған.

Саңғыру I кесенесі кіші тізбектің батыс бөлігінде орналасқан және басқа үш қорыммен бірлесіп кешеннің оқшау бөлігін құрайды. Жоспары бойынша төрт жаққа бағдарланған екі қабат қабырғасы бар төрт бұрышты ғимарат.


Сыртқы қабырғалардың өлшемі 10x9 м, қаламаның қалыңдығы – 2 м. Сыртқы қабырғаның барлық қабырғалары жергілікті халықпен шаруашылық мақсатта пайдаланылған, оңтүстік бөлікте жоғарғы жағы мұқалған тек төрт тақта және солтүстік-батыс бұрышында екеуі қалған.

Шығыс қабырғадан басқа ішкі қабырғалар грунтқа 0,3 м тереңдікке көмілген және қырымен орнатылған ірі тақталардан тұрғызылған. Тақталардың өлшемдері – 2,75x1,2x0,16 м, 2,36x1,2x0,16 м, 2,2x1,2x0,18 м. Тақталардың жапсарлары төрт қырлы тас блоктардан тұратын тіреулермен бекітілген.

Сыртқы және ішкі қабырғалардың арасындағы кеңістік – ол құрбандық шалатын орын, ені - 0,8 м айналып өтетін дәліз болған.



Саңғыру I кесенесі.



Саңғыру. Қабір 1 жоспары.

Саңғыру I. Қабір 7.

Саңғыру I тобындағы 7-ші тас кесене 1963 жылы зерттелген. Ол Саңғыру I моласының үлкен тізбегінен солтүстік-шығысқа қарай орналасқан. Ғимараттың үлкен өлшемдері және оның оқшау орналасуы бұның тайпа басшысының қабірі екендігін білдіреді.

Қазу жұмыстарын жүргізер алдында бұл тас үйіндісі бар оба болған, оның түбінен гранит тақталарынан жасалған тік бұрышты қорымның кескіні байқалды. Үйіндінің астынан Саңғыру I кешеніндегі ең ірі там анықталды. Кесенеді бір-біріне жалғасқан үш алып қабырғалардың ортасында үлкен тас сағана бар.

Оның жоспары бұрыштарымен төрт жаққа бағдарланған,

шоғырланған төртбұрышты құрайды. Сыртқы қабырғаның өлшемі 10x10 м, екінші қабырға 8,4x8,4 м, үшінші ішкі 5x5 м. Тас сағана қырымен қойылған төрт алып гранит тақталарынан құралған үлкен төрт бұрышты жәшік түрінде жасалған. Оның ені – 2,4 м және биіктігі – 1,0 м.

Орталық Қазақстанның ескерткіштері арасында – бұл үш қабырғасы бар жалғыз ғана қабір. Сыртқы қабырға көлденең қалау әдісімен тұрғызылған, мұнда пішіні тік бұрышты тастарды – көлденеңінен және тігінен орналастыру арқылы тұрғызылған. Қалау арқылы қабырғаның орта бөлігі салынған. Сыртқы қабырғаның бұрыштары бойынша тіреулері бар үлкен тас тақталар тұр. Қабырға сыртқы жақтан қырымен қазылып көмілген үлкен гранит тақталарымен қапталған. Солтүстік-батыс және солтүстік-шығыс қабырғалардың тақталары жақсы сақталған. Басқа бөліктердің тақталары бұзылған, олардың көбісін жергілікті халық шаруашылыққа жаратқан.

Екінші, анағұрлым мықты қабырға тік бұрышты тастардан 4-5 қатар етіп көлденең қалау әдісімен тұрғызылған. Бұл үшін бірдей тастар таңдалынған. Қатарлар арасындағы кеңістік саз балшықпен араластырылған тастармен толтырылған. Қабырға қаламасының қалыңдығы – 1,5-2 м, сақталған биіктігі – 0,6-0,7 м.

Үшінші, ішкі қабырға қырымен орнатылған ірі гранит тақталарынан құралады. Қабырғалардың арасында айналып өтетін дәліздер орналасқан. Біріншісінің ені – 0,8 м, екіншісі – 0,85 м, үшіншісі, ішкі – 1,1 м.

Тамның қабырғалары тіреулермен бекітілген. Тастан жасалған жатынтақталары құлаған кезде тамның ортасында үйінді пайда болған. Шамасы, мұнда екі жабын жүйесі қолданылған. «Жайпақ төбе» болғанда дәліздердің үстіне жабын төселген, ол үшін ұзындығы 1,5-2 м гранит тақталары қолданылған. Ішкі төрт бұрыштың шатырлық төбе жабындысы болған, бұрыштары біртіндеп кертілу және тақталы жақтаудың өлшемі біртіндеп сатылы түрде азайту әдісі бойынша құрастырылған. Бұндай құрылыс техникасы Орталық Қазақстанның мегалиттік ғимараттарын (Бөгазы, Дәндібай, Бұғылы III, Санғыру I, Ортау, Ақсу-Аюлы) салу кезінде қолданылған.

Тамның маңайында жайпақ граниттің көптеген кесектері жатты, осылардан шамасы жабын жабылған. Өлшемі – 2,3x1,0x0,18 м, 2,2x1,8x0,18 м болатын жайпақ гранит

тақталары тек бұрыштарда ғана сақталған. Бұғылы III кесенесінде сақталған сатылы жабын сол замандағы құрылысшылардың туындысы. Қорыммен тірелетін тегіс тақталар бұрыштардан ортаға қарай олардың периметрлерін жоғарыға қарай біртіндеп азайта салынды.

Тас табыттың пішіні ені – 2,4 м және биіктігі – 1,0 м төрт ірі гранит тақталарынан салынған төрт бұрышты үлкен тас жәшік. Орталық Қазақстанда кейінгі қоланың ескерткіштері арасында Санғыру I үш қорымы бар жалғыз ғана ескерткіш.



Санғыру I. Қабір 7



Санғыру I, 7. Солтүстік-шығыс қабырға тіреулері.



Санғыру 1.7. Қабырғадағы тас табыт.

Сыртқы қабырғаның ішкі жағы тік бұрышты тас блоктарды көлденең және тігінен алмастыра отырып, көлденең қалау әдісімен гранит тақталарымен қапталған (сурет).

Анағұрлым мықты ортадағы қабырға тік бұрышты тастарды 4-5 қатар етіп көлденең қалау әдісімен орындалған. Бұл үшін бірдей тастар таңдалынған. Қатарлар арасындағы кеңістік саз балшықпен араластырылған тастармен толтырылған. Қабырға қаламасының қалыңдығы – 1,5-2 м, сақталған биіктігі шамамен – 0,7 м.

Ішкі қабырға қырымен қазылып орнатылған және тік контрфорстармен бекітілген алып гранит кесектерінен құралған. Қабырғалардың арасында үш айналып өтетін дәліз орналасқан: біріншісінің ені – 0,8 м, екіншісі – 0,85 м, үшіншісі, ішкі – 1,1 м. Ғимараттың қабырғалары мықты тіреулер – контрфорстармен бекітілген, олардың биіктігі 0,9 м-ден 1,05 м-ге дейін жететін аздап өңделген тік бұрышты бағаналар. Әсіресе, арақашықтығы 1,5-2 м болатын мықты тіреулер қорымның ішкі жағынан орнатылған: солтүстік-шығыс және солтүстік-батыс қабырғалары бойынша бес-бестен, оңтүстік-батыста – 3. Саны осындай тіреулер ішкі қабырғаның үшінші тақтасын тіреп тұр. Тонаушылар өтетін саңылауы бар оңтүстік-шығыс жағында тақталар мен тіреулер табылған жоқ.

Тамның ортасында және бұрыштарында өлшемдері 1,5x0,6x0,10 м-ден 2,4x0,4x0,18 м болатын ірі гранит тақталарының жиналуы байқалады. Бұл бұзылған жабынның тақталары көп. Шамасы, мұнда жабынның екі жүйесі қолданылған. Қабырғалар арасындағы дәліздер жайпақ төбе түрінде жабылған. Ол үшін ұзындығы 1,5-2 м гранит тақталары қолданылған. Ішкі төрт бұрыштың үстіне шатырлық төбе жабындысы жабылған. Бұл төрт бұрыштардың бұрыштарынан ортаға қарай жоғарғы тақталардың өлшемін біртіндеп азайта отырып жүзеге асқан. Шатырдың осындай құрылысы Безағыз-Дәндібай заманындағы Орталық Қазақстанның мегалиттік ғимараттарына тән.

Бегазы некрополі

Орталық Қазақстанның әр замандағы ескерткіштері арасынан осы өңірде қола мәдениетінің дамуының шарықтау шегін сипаттайтын кең-ауқымды кешендер – қабірлерді ерекше атап өтуге болады. Көпке дейін бұл тамаша ескерткіштер ғылымға белгісіз болды. Олар академик және сол жұмыстың авторы Қ.И. Сәтбаевтың бастамасымен ұйымдастырылған ОҚАЗ-мен ашылып, зерттелді және бегазы-дәндібай мәдениетінің ескерткіштері, Орталық Қазақстанда қола дәуірінің соңғы кезеңінің ескерткіштері ретінде ғылымға енді¹⁷.

Бегазы мәдениеті андроновтан қола дәуіріне өту кезеңінде (б.з.б. XIII-XI ғғ.) қалыптасады. Осы кезеңнің ескерткіштерінде өтіп жатқан андронов дәуірінің бітістері де, сонымен қатар өткен кезеңдерге беймәлім материалдық мәдениеттің жаңа пішіндері анық көріне бастайды.

Бегазы кесенелері – монументалдық тас сәулеттің жаңа дәуірін белгілейді. Олар жазықтықта, Қарағанды облысы Ақтоғай ауданындағы тамаша Бегазы және Қызыл-Арай тауларының маңында орналасқан.

Орталық Қазақстанның топонимикасында сақталған ежелгі «Бегазы» атауы өте қызықты. Алғашқыда, бұл тек ескерткіштің атауы болды, өйткені бұл жерде б.з. IV-V ғғ. белгілі болған «азы» тайпасынан шыққан «бектер» жерленген. Кейін жужань тайпалық одағының күшеюіне байланысты олар батысқа қарай

ығысты. Уақыт өте келе жақын жатқан таулар мен өзендер осылай атала бастады. Мемориалдық ғимараттан жергілікті топонимикаға ауысу – бұл заңды құбылыс, бұны академик Н.Я. Марр бірнеше рет атап көрсеткен.¹⁸

Орталық Қазақстанның топонимикасы көне заманда осы ұлан-ғайыр аумақты мекендеген басқа да тайпалардың атауларын сақтаған: қазылықтар (қарлұқтар), тоқырауындар, мүкірлер, маутандар, жебелейлер, баятырлар, қыпшақтар және т.б. Тоқырауын, Мүкір, Беғазы өзендері бір-біріне жақын ағады және осы жергілікті атауларында сақталған тайпалардың дәстүрі мен тұрмысы ортақ болып, бір кездері өздерінің рулық аумақтарында өмір сүрген. Осы ауданда орналасқан жоталардың бірі «Бектау-ата» деп аталынады, кейінірек оған ата сөзі қосылған. Байырғы замандарда, шамасы бұл жерлер бектердікі болған. Бектердің тайпа ақсүйектерінің қатарынан болғандығын Беғазы және Бектау-ата аудандарында орналасқан мемориалдық тамдар дәлелдейді.

Некрополь Беғазы өзенінің оң жағасының жайылма алқабында, Беғазы өзенінің Тоқырауын өзеніне құйылысынан 18 шақырым биік, Ақтоғай ауданынан 40 шақырым жерде орналасқан. Қызыл-Арай және Беғазы таулары Арал-Ертіс су бөлінісінің ең жоғарғы нүктесін құрайды. Әсем таулы алқап, қыналы және жапырақты орман, судың молшылығы – бұның барлығы әрине өздерінің тұрғылық жері етіп Беғазы және Тоқырауын өзендерінің алқаптарын таңдаған ежелгі тұрғындардың назарын аударды. Бай тау жайылымдары малшылардың шаруашылық және іс-әрекеті үшін өте жағымды болды. Беғазы некрополинен алыс емес жерде көптеген ежелгі кен шығару орындары (кеніштер) болған, ол кеннің шығарылғандығын және одан мыс, қалайы, ал кейін темір (Бесшоқы, Қарашоқы, Қызыл-Арай) балқытылғанын дәлелдейді. Әрине, қола дәуірінде бұл ауданда белсенді әрі қарбалас өмір өтіп жатты. Бір өкініштісі, кешен маңындағы бір жазықтық жыртылған және енді ежелгі қоныстардың ізін табу мүмкін емес.

Көрші тұрған ландшафтың арасынан ежелгі заманда мола салу үшін тас алынған гранит жартастары мен құздар ерекше.

Беғазы некрополи алып жатқан аумақтың жалпы ауданы 10 га құрайды. Онда жеті ғимарат орналасқан. Кешеннің солтүстік бөлігінде орналасқан тас кесене 1 және 2 ірілігімен айрықшаланады.

Беғазының тас кесенелері құрылымдық жағынан ұқсас болған – кіре беріс дәлізі, жоғарғы айналып өтетін галерея, тіреу бағаналары бірдей, дей тұрсақ та өлшемі мен қабырғаларының тұрғызылуы бойынша бір-бірінен айырмашылығы болған.

Беғазы қабірлерінің жоспары бір-біріне жалғасқан екі анық төрт бұрыш түрінде жасалған. Олардың бүйірлері төрт жаққа бағдарланған. Кесене 1 және 2 сыртқы қабырғалары тегіс гранит тақталарын тік қою арқылы, ал қалғандары саз балшықты қоймалжыңмен цементтелген кесек тастарды көлденеін қатарлап қалау әдісімен жасалған. Жерлеу камерасы сыртынан бір-біріне қиюластырылған және қырымен қойылған ірі гранит тақталарымен қапталған.

Беғазылық кесене 1 және 2 тұрғызу үшін өзінің өлшемімен таң қалдыратын, сұр түсті ұсақ түйіршікті кесектер таңдалынған. Тік бұрышты, тегіс тақталар түрінде жасалған бұл кесектердің салмағы 1-ден 3 тоннаға дейін жеткен.

Мықтылықты қамтамасыз ету үшін тақталар өлшеміне қарай грунтқа әр тереңдікке батырылған, әдетте 0,8 м, 1,3 м, ең ірілері өздерінің биіктіктерінің үштен біріне дейін батырылған. Тақталар жер бетінен 2-2,5 м шығып, алыстан көрініп тұрған.

Гранит тақталарын сүйеп тұруға арналған төрт қырлы етіп тегістелген тіреу бағаналары мен тіреулер Беғазы ескерткіштерінің өзіне тән ерекшелігінің бірін құрайды. Тіреулердің биіктігі ішкі лақыт қабырғасының биіктігімен немесе қаптау тақталарының биіктігімен дәл келген және ғимараттың өлшеміне қарай 0,80x1,20 м аралықта өзгеріп тұрған. Тастарды көлденең қалау әдісімен орындалған контрфорстың қарапайым түрі тіреу ретінде қолданылған.

Беғазы, Ақсу-Аюлы, Бұғұлы, Садығру мегалиттік ғимараттарда қола дәуіріндегі құрылыс мәдениетінің негізгі идеялары жалпыланған. Тұрғын жайлардан, дольмендерден, цисталардан, ауыспалы кезең ескерткіштерінен байқалатын негізгі құрылыс әдіс-тәсілдерін біртіндеп жасау қола дәуірінің соңғы кезеңінде, Қазақстанның сәулет тарихында алғаш рет құрылыс құрылымының көлемдік-кеңістік тапсырмалары өз шешімін тауып, тіреу және күмбезді жабын идеясы іске асқан кезде өз шарықтау шегіне жетеді. Беғазы заманының алып тамдарында тік тұрған алып кесектерден тұрғызылған қабырғалар құрылысының идеясы іске асты, осы күнге дейін ол менгірлер

мен кромлеханы шеңберлетіп қатармен қою түрінде кездеседі.


Тайпа басшылары мен белгілі жауынгерлерді мәңгілікке есте сақтау дәстүрі бірнеше жүз жылдықтан бұрын пайда болған. Қола мәдениетінің жоғарғы даму кезеңінде ірі гранит тақталарынан жасалған алып бегазы кесенелерінің пайда болуы кен ісі мен металлургияның дамуымен және патриархалды рулық қоғамдағы өзгерістерге әкелген мал басының қарқынды көбеюімен байланысты экономикалық өсіммен байланысты.

Кесене 1 және 2 тоқталып кетейік.

Кесене 1 некропольдің солтүстік бөлігінде, Бегазы тауының етегінде орналасқан. Кесене көп жылдар бойы тоналған. Бірінші



Бегазы 1 және 2 кесенелері кешенінің жалпы көрінісі.



Бегазы 1 жоспары.

караған кезде кесененің ортасында тереңдігі 4 м-ге жететін тонаушылар шұңқыры табылды. Кесене жойылған деген күдік туды. Бірақ, біз кателесіппіз. Қазба жұмыстары арқылы жұптасқан қабырғалары және кең айналып өтетін галереясы бар сұр түсті граниттің үлкен кесектерінен тұрғызылған сәулетті кесене ашылды. Тамның жалпы ауданы 128 м². Өлшемі бойынша бұл қола дәуіріндегі ең алып ескерткіш.

Бүйір жақтары төрт жаққа бағдарланған екі төртбұрыш тамның жоспарын құрайды. Төрт бұрыштың сыртқы жағының ұзындығы 9,6 м, ішкі жағы – 6,0 м.

Там жер асты және жер үсті бөліктерден тұрады. Жер асты бөлігі 1,2 м тереңдікке кетеді, оның қабырғалары пішіні тік бұрышты гранит тақталарының көлденең қаламасынан тұрғызылған. Жапсарларды байланыстыру үшін саз балшықты ерітінді қолданылған. Ойпаңның бүйірімен биіктігі 1,1 м жер үсті қаламасы басталған. Нәтижесінде қаламаның жалпы биіктігі – 2,3 м, қалыңдығы 2,0 м. Тас тақталары арасындағы бос аралық киыршық таспен толтырылып, саз балшықпен бекітілген.

Көлденең қалу әдісімен тұрғызылған қабырғаның жер үсті



Бегазы 1 кесенесі. Алтарға өтетін тамбур.



Алтардағы мөнгірлер.



Кесененің солтүстік-батыс бұрышы, ішінен қарағанда.

бөлігінің маңында бір-біріне тығыз келетін қырымен орнатылған сұр түсті алып гранит кесектері тұр. Алғашқыда 42 тақта болған. Қазіргі кезде 20 тақта қаз қалпында тұр, 10-ы құлаған. Кейбір тақталардың жоғарғы бөлігі қағылған, ал қалғаны бұзылған. Тақталардың жер үсті бөлігінің өлшемі мынадай: $1,6 \times 1,1 \times 0,14$ м – $2,5 \times 1,15 \times 0,14$ м. Олар жерге 1 м-ге дейінгі тереңдікте қазылып көмілген. Тақталардың жер үсті бөлігі ішкі жайдың қабырғаларынан 1,1 м биік тұр. Сондағы қорымның жалпы биіктігі – 3,5 м.

Кесене жабының биіктігі 1,5-2 м-ден кем емес, сондағы тамның биіктігі 5 м-ден кем емес.

Кесененің жабын жасау үшін оның ішкі жайы әр қайсысында үш-үштен болып келетін екі бөлікке бөлінген. Ішкі жайды екіге бөлу ұзындығы алты метр кеңістікті ұзындығы үш метр тақталармен төбені жабу үшін қажет болды, нәтижесінде тақталардың бір ұшы қабырғаның тіреулеріне, ал екінші ұшы – бағаналарға орнықты. Сақталғаны 5 баған, оның үшеуі батыс қабырғаның бойында, ал екеуі – ортасында тұр. Үш баған толықтай сақталған. Ғимараттың ортасында тұрған екі бағанадан еден үстінен 0,5-1,2 м шығып тұрған тек екі негіз қалған.

Сыртқы қаптама тақталар ішкі қабырғаға төніп тұрған, нәтижесінде биіктігі – 1,1 м, ені – 2,0 м, ауданы – 50 м^2 болатын айналып өтетін галерея түрінде кең кеңістік пайда болған. Осы галереяны жабу үшін екі метрлік тақталар қажет болды, нәтижесінде екінші қабат үлгісі пайда болды. Галерея жерлеу мүқаммалын қоятын сөре ретінде пайдаланылды. Мұнда алғашында 40-50-ден кем емес керамикалық ыдыстар тұрды, олардың сынықтары кесененің әр ұшынан және әр тереңдіктен табылды.

Кесене 1 тағы бір ерекшелігі оның сыртқы және ішкі қорымдары оларға тақталған, қырымен қойылған төрт қырлы бағаналармен сүйемелденеді. Біздің заманымызда солтүстік қабырғада үш тіреу, оңтүстікте – екі тіреу және батыста – екі тіреу сақталған.

Шығыс жағында орналасқан кесененің кіре берісінде екі жағынан қойдың алып тас мүсіні орнатылған, ол жерленген адамның маңыздылығын білдірген. Оған ұзындығы – 9 м, ені – 4 м тамбур (дәліз) өтеді. Оның шеттері мен кесек тастарды көлденең қалау әдісімен қорым салынған. Қаламаның биіктігі

Кесененің кіре берісіндегі
"қой тас".



Тамбурдың сол қанаты.



Тамбурдың оң қанаты.



Солтүстік қабырға.





Кесененің солтүстік-шығыс бұрышы



Беғазы 1. Кесененің оңтүстік-батыс бұрышы.

кіре берісте 1,0 м, қалыңдығы 0,8 м, тамбурдың басында 0,5 м, қалыңдығы 0,4 м, яғни шығыстан батысқа қарай бағытта, тамға жақындай бере дәліз қабырғасының қаламасының биіктігі де, қалыңдығы да ұлғая түскен. Мұнда алғашқы қауымдағы үй-жайдың кіре берісі сияқты етіп салу ежелгі дәстүр байқалады.

Тамбурдың еденіне қиыршық тас төселген және жақсы тапталған, шеттері еңіс және көлденең өзегі биік тұрған пандус ретінде жасалған.

Кесене 1 алтарь діни заттарға арналған жер үймесі ретінде ішкі жайдың батыс қабырғасында орналасқан. Оның ұзындығы – 3,5 м, ені – 1,5 м және биіктігі – 0,4 м. Үйменің үстінде қырымен қойылған үш биік менгир тұр. Ежелгі адамдардың ұғымында тас мәңгіліктің, мықтылықтың нышаны болған, ал тас менгирлер діни зат (құбылыс) болып есептелген.

Кесене 2. Алғаш рет 1946 жылы зерттелген, 1984 жылы археолог Л.Р. Қызыласовтың қатысуымен қазылды. Беғазы кешенінде – бұл үлкендігі бойынша екінші ескерткіш. Ол кесене 1 оңтүстікке қарай бес метрлік жерде орналасқан.


Композициясы бойынша кесене 1 ұқсас, ішкі жай қабырғасының құрылысында және дәліздің кіре берісі құрылысында айырмашылықтары бар.

Тамның жоспары төртбұрыш, біріне-бірі жалғасқан екі алып қабырғасы бар. Қабырғалары төрт жаққа бағдарланған. Сыртқы қабырғаның өлшемі – 9,5x9,5 м, ішкі 5,5x5,5 м, сыртқы шаршының ауданы – 90 м², ішкі – 30 м². Ішкі жайдың қабырғалары жерге 1,2 м тереңдікке батып тұр, қабырға бойында өлшемі – 2,0x1,0x1,2 м-1,2x0,4x0,12 м болатын ірі тақталар қойылған. Ішкі жайдың құрылымы бойынша кесене 2 Беғазыдағы кіші тас кесенелердің құрылысына ұқсас. Ойпаңнан биік, оның бүйір бөлігінен биіктігі – 1,0 м, қалыңдығы – 1,8 м кесек тастардан жер үсті қаламасы өтеді. Сыртқы тақталардың жоғарғы бөлігі мен ішкі жайдың жабыны арасында орналасқан қаламаның жоғарғы қабаты айналып өтетін галерея ретінде салынған екінші қабаты құраған. Галереяның биіктігі – 2 м, ені шамамен – 2 м, ауданы – 36 м². Кесене қабырғасының жалпы биіктігі шамамен төрт метр. Ішкі қабырғалардың сыртқы жағында тастар қатарын құрайтын ірі сұр гранит кесектері тігінен жерге көмілген.

Қатармен тұрған үлкен тас тақталар ғажайып айбынды құрылыс атмосферасын құрайды.



Бегазы 2 кесенесі.



Бегазы 2 кесенесінің жоспары.



Бегазы 2 кесенесі.

Алғашқыда сыртқы қабырғалардың жанында шамамен өлшемдері бірдей 40 тақта тұрған. Олардың арасында 20-сы сақталған, 8-ші жерде жатыр, қалғандары шамасы, жергілікті халықпен пайдаға жаратылған, олардың іздерін жер бетіне аздап шығып тұрған ұштарынан ғана байқауға болады. Сақталып қалған тақталардың жоғарғы жағы қабырға үстінен 1,6-2,0 м биік. Олар аздап өңделген және пішіні тік бұрыш. Қалама деңгейінен бастап тақталардың өлшемі 2,5x1,2x0,13 және 2,4x1,3x0,13 м құрайды. Олардың шамамен 1/3 ұзындықтары жер астында жатыр.

Қабырғалар сыртынан да және ішінен де тігінен қойылған, төрт қырлы жақсы тегістелген блок пішінді алып тіреулермен тірелген. Көлденең қимасындағы олардың өлшемдері 0,15x0,21 м-ден 0,24x0,24 м. Кесененің ішінде мұндай блоктардың саны – 10, сыртында – 6. Олар негізінен көп болған, өйткені тастардың ірі-ірі сынықтары жер-жерде шашылып жатыр. Блоктар қаптама тақталардың бұрыш және қабырға жапсарлары бар жерлерде негізгі тіреу ретінде пайдаланылған.

Ішкі жайдың төбе жабындысының қалмасы жоғарыға қарай біртіндеп тарыла беретін сатылы құрылым түрінде болды. Бегазы 2 орта тұсында биіктігі 2 м-ге жететін тіреу бағаны сақталған. Бұл пирамидалы күмбезі бар кесененің биіктігі 5 м-ге дейін жеткен деп топшылауға мүмкіндік береді.

«Мәңгілік үй-жайдың» кіре берісін құрайтын гранит кесектерін өңдеуде аса мұқияттылық байқалады, ол шығысқа қараған. Шаршының басты өзегі бойынша кіре беріске қарай ұзындығы 7,0 м, ені 3,5 м болатын кең тамбур (дәліз) өткен. Тамбурдың қорымы қырымен қойылған ірі гранит тақталарынан орындалған. Мұнда бізбен басқа ескерткіштерден байқалған құрылыс әдісі қолданылған, тақталардың ені мен биіктігі кесенеге жақындай келе бірішама үлкейеді, ол объектіні алыстатып көру әсерін береді.

Кесене 2 ерекшеліктерінің бірі оңтүстік-шығыс бұрыш пен дәліздің арасында үлкен төрт бұрыштың сыртында орналасқан төрт бұрышты жай түрінде орындалған құпия орын болып табылады. Ауданы 8 м² құпия орын қырымен қойылған ірі гранит тақталарынан құралған. Оның өлшемі 2,8x3,0 м. Бұл негізгі сағанаға қосарлана салынған құрылыс. Мұндай қосарлана салынған құрылыстар Бұғылы III және Саңыру I табылды, мүмкін бір үйдің мүшелері үшін салынған болар.

Кесенені қазу кезінде ретсіз жатқан жұқа тақтайлар табылды, олардан еден жасалған. Бұны солтүстік-батыс бұрышта алғашқы қалпында жатқан пішіні төрт бұрыш екі жайпақ тақта арқылы анықтауға болады.

Тамның ортасында құлап қалған жабынның ұзын тақталары жатты. Осы жерде шығыс қабырғадан 1,6 м қашықтықта, 0,5 м тереңдікте тас бағана (менгір) табылды, оның сақталған биіктігі 1,5 м және қимасындағы өлшемі 0,25x0,35 м, ол жабынды тіреу үшін пайдаланылған және құрбандық шалатын орын болған. Менгірдің жоғарғы бөлігі мұқалған. Өзегі бойынша қатар орналасқан тіреу бағаналары 3-тен кем болмауы қажет. Шамасы, ол тонаушылармен бұзылған.

Кіші беғазы кесенелері 3, 4, 5, 6 кесене 1 және 2 ұқсас: пішіні төрт бұрыш, бүйір жақтары төрт жаққа қараған, қабырғалары гранит тақталарынан жасалған, қаптама тақталарының жапсарлары тіреу бағаналарымен бекіген, сыртқы және ішкі қабырғалардан пайда болған айналып өтетін галерея, кіре беріс дәлізі бар. Сонда да, кіші беғазы кесенелердің өлшемі кішірек, кей жағдайларда ішкі жайдың қабырғалары бойында көлденең орнатылған бір гранит тақтасымен ішкі жайды екі камераға бөлген (кесене 5).

Осы кесенелерінің жайпақ шатыры тас тіреулеріне қойылған




Беғазы 6 кесенесінің қабырға еңсі.

жұқа гранит тақталарынан құралған. Олардың өлшемдері 2-ден 3м-ге дейінгі аралықты жабуға мүмкіндік берген. Аралықтың қашықтығын қысқарту үшін жоғарыда аталған қабырғаның жоғарғы бөлігін ішкі алаңға еңіс қылдыру әдісі қолданылған. Жабын тақталары кей кезде алғашқы қалпында сақталған, ал олардың ұштары бүйір тіреулерінің үстінен төніп тұрды. Тас жабынның салмағы гранит тақталарына және орталық тас бағаналарға түсті.

Беғазы кесенелері Орталық Қазақстандағы ескерткіштердің ерекше тобын құрайды. Қола дәуірінің өткен кезеңдерінің тамдарымен байланысты беғазы ескерткіштері тек қана Орталық Қазақстанның қола дәуірінің соңғы кезеңінде кездесетін өзгеше сәулет-құрылыс ерекшеліктерімен айрықшаланатын.

Қабырғалары көлденең қалау әдісімен орындалған және ірі



СМ 1:10 0 10 20 30 СМ

Бегазы 5 кесенесінің қабірі. Сызбасы және жоспары.

гранит тақталарымен қапталған құрылыс бегазы кесенелерінің жалпы бітімін құрайды. Төрт қырлы тас бағаналар және көлденең қалау әдісімен орындалған тастардан жасалған контрфорстың қарапайым түрі қабырғалардың мықтылығын сақтауға арналған. Кіре беріс дәліздері мен айналып өтетін галереялар бегазы кесенелерінің ерекшелігін құрайды. Кесене 1 және 2 дәліздерінің (тамбурларының) биіктігі жерлеу лақтының деңгейінен жоғары.


Ежелгі құрылысшылар үлкен жайды ішкі бағаналармен бөлу арқылы шатырлық жабынның шешімін тапқан.

Бегазы кесенелерінің айбындылығы құрылыс техникасы тарихымен айналысатын зерттеушілерді қызықтырды. Қарқаралы және Коуирад аудандарының қазба байлықтарын зерттеген белгілі геолог М.П. Русаков ежелгі тамдардың түр-сипатын байқау үшін Бегазы некрополине әдейілеп барған. Біздің ойымызша, кесенелерді тұрғызу үшін әкелінген тастар Бегазы тауынан жеткізілген, олардың шыққан жерлері некропольден 300-500 м қашықтықта тұр.


Бегазы құрылыстары – таптық қоғамға дейінгі адам қызметінің жемісі. Олар алғашқы-қауымдық еңбек шарттарында рулық ұжымның күшімен тұрғызылған. Жұмыстардың барлығы тетіктер, катоктар және бөренелердің көмегімен жасалды деп сеніммен айтуға болады. Үлкен тас кесектерін жеткізу қиын кезінде жүзеге асты. Үш мың жылдықтан аса уақыт тұрған алып тастардан тұрғызылған қабырғалар байырғы адамдардың таңқаларлықтай дене күші мен рухани күшін көрсетеді.

Қола дәуірінде өзара этникалық туыстас көптеген дала тайпаларын біріктірген мәдениеттің күрделі даму үрдісі өтіп жатты. Кен ісі мен металлургияның, керамикалық өнер мен құрылыс ісінің, басқа қолөнердің кемелденуі негізінде қола мәдениетінің басқа, жеңіл, қарапайым түрлерден анағұрлым күрделілерге ауысуы жүріп жатты.


Бегазы заманының құрылыс әдістері таң қаларлық. Ежелгі құрылысшылар жабыны пирамидалы, жайпақ тас тақталарды көлденең қалап, алып тас кесектерін орнату арқылы үлкен кеңістікте күрделі құрылыс идеясын іске асыра алған. Осындай әдістер кешені андронов дәуірінде әлі болған жоқ. Тас тамдарының көптігі мен алыптылығы, керамикалық өнер заттарында оқолардың әсемдігі мен сан-қилы болуы, қола және алтын



Бегазы 4 тасты қорымы. Жалпы көрінісі, жоспары және қимасы.



Бегазы 3 тасты қорымы. Жоспары және сызбасы.



Беғазы 6 тасты қорымы. Сызбасы, жоспары және қимасы.

бұйымдарының үлкендігі мен пішіні Орталық Қазақстандағы қола дәуірінің соңғы кезеңі болып табылады. Осы аталып өткен материалдық мәдениеттің бітімдері қола мәдениеті болған басқа облыстардан анықталған жоқ, ол мынадай тоқтамға әкелді: Орталық Қазақстан – қола мәдениеті дамуының басты ошағы болған ежелгі металлургия орталығы.

Айбындылығымен және сәулеттігімен таң қалдыратын Беғазы 1 және 2, Бұғылы III, Саңғыру I кесенелері, күрделі мүсіндер, керамика өнерінің заттары Еуразиядағы дала тайпаларының көрнекті ежелгі мәдениет құбылысының біріне



Беғазы 7 тасты қорымы.

жатады. Олар тайпалардың өсіп, нығайуының дәлелі, олардың құрметіне осы кесенелер тұрғызылған аксүйектердің, рубасшыларының бөлініп шығуының дәлелі.

Осы бірегей ескерткіштердің жалпы тарих үшін, ежелгі кезеңнің материалдық мәдениет тарихы және сәулет тарихы үшін маңызын бағалау мүмкін емес. Ұлы қола дәуірінің мәдениеті осы ұлан-ғайыр аймақта пайда болған ежелгі өркениеттің нәтижесі болып табылады. Орталық Қазақстанның көне ескерткіштерін одан әрі зерттеу – осы дәуір жөнінде біздің білімізді тереңдетуге мүмкіндік береді.

Тастан күрделі тамдарды тұрғызу дәстүрі көпке дейін сақталды. Тайпа одақтарының дәуірін қамти отырып, ол ерте орта ғасырға дейін (VIII-X ғғ.) сақталды. Феодализация және идеологиялық құрылымның өзгеруі кезеңінде ежелгі құрылыс дәстүрлерінің орнына жаңалары келеді, тамдардың сәулет түрлері өзгереді. Тас тамдармен бірге саз балшықтан, шикі және күйдірілмеген кірпіштен жасалған тамдар пайда болады.

II Бөлім

ЕРТЕ ЖӘНЕ КЕЙІНГІ КӨШПЕНДІЛЕР ДӘУІРІНІҢ ҚҰРЫЛЫС МӘДЕНИЕТІ

Қола дәуірінің соңында (б.з.б. VIII-VII ғғ.) Қазақстанның ежелгі малшылары мал басының өсуіне байланысты біртіндеп отырықшылықтан жайылымдық мал шаруашылығына және көшпелі өмірге ауысады. Осыдан дала кеңістігін игеру басталады.

Қазақстанның оңтүстік және солтүстік аймақтары арасындағы жыл сайынғы көшіп-қону климаттық жағдайға байланысты болды. Сырдария жағасынан және Қаратау тау алдынан солтүстікке, Сарысу және Есіл өзендерінің айдындарынан бассейндеріне өтетін меридиандық бағыттағы көшпелі жол көп жылдарға дәстүрлі болды.

Мал басының өсуіне байланысты қауым ішінде ежелгі рулық ұйымының негіздерін бұзған мүліктік теңсіздік және әлеуметтік антагонизм үрдістері күшейе түсті. Тайпа аксүйектері жайылымдықтарға иелік етіп, малдарды тартып алуға тырысты, ол тайпа арасындағы дау-дамайға әкелді. Сонымен қатар ұжымдық өндіріс қағидаларына негізделген үй-жайларда және қоныстарда алғашқы экономиканың бітімдері сақталған.

Көшпелі өмір салты төрт дөңгалақты арба үстіндегі үй-жайдың пайда болуына себеп болды. Арба үстіндегі үй-жай түрі қола дәуірінің соңында пайда болып, ежелгі көшпенділер даласында кең тарала бастады және Батыс Қазақстан, Арал өңірі аудандарында, Маңғыстаудағы оғыздарда және Астрахань облысындағы ноғайларда XIX ғасырдың соңына дейін болған. Ат жегілген күймелі арба көрінісін қарасу стеласынан¹⁹ және белгілі қырым «Анфистериясынан»²⁰ байқауға болады.

Далалықтардың көшпелі өмір салты жеңіл жығылатын үй-жай түрі – киіз үйдің туындауына негіз болды.

Киіз үй ағаштан шабылып жасалатын және саз балшықты жер үсті үй-жайларынан кейін пайда болды. Шошала — оның түпнұсқасы болып табылады. Киіз үй б.з.б VII-VI ғғ. кеңінен тарала бастайды. Киіз үйдің скифтердің, сактардың, гүндардың

және көшпелі мал шаруашылығы басты шаруашылық түрі болған басқа халықтардың үй-жайы болғандығын антика қайнарларынан белгілі. Қытай саяхатшыларының сипаттауына, үйсін қожайындары жазғы уақытта «киізбен жабылған домалақ лашықтарда» тұрған.

Орта ғасырларда Плато Карпини киіз үйді былай суреттейді: «Ставки у них круглые, изготовленные наподобие палатки и сделанные из прутьев и тонких палок. Наверху же в середине ставки имеется круглое окно, откуда попадает свет, а также для выхода дыма, потому-что в середине у них всегда разведен огонь. Стены же и крыша покрыты войлоком, двери сделаны также из войлока, ... некоторые быстро разбираются и переносятся на выючных животных, другие не могут разбираться и переносятся на повозках»²¹. Осындай үй-жайларды тасымалдау үшін олардың елшемі мен жолдың алыстығына байланысты бірден беске дейін бұқалар жегілген.

Таптық қоғамның пайда болуы кезеңінде домалақ үй-жай — «үйтас» және тастан жасалған діни ғимарат «дін» пайда болады. Антика тарихшысы Приск Кастий теңізінен солтүстікке және солтүстік-шығысқа қарай мекендеген көшпенділердің домалақ тас ғимараттарын «восходящие в высоту с известной мерой пропорции»²² деп суреттеген. Грек географы Страбон



Киіз үй

былай жазған: «Жители гор ... возводят каменные здания, имеющие ту же круглую форму, как их юрта».

Қазақстанның мал шаруашылығымен айналысатын тайпалардың өмірінде түбегейлі өзгерістер (б.з.б. VII-VI ғғ.) темір құралдардың пайда болуына байланысты болды. Темірдің туындауымен, деп жазды Энгельс, «начинается эпоха железного меча, ... железного плуга и топора». Темірмен қатар таспен де, қоламен де салыстыруға келмейтін мықты және өткір құралдар пайда болды.

ОҚАЭ-мен ескерткіштер тобы зерттелді, бұл ескерткіштерде кейінгі қола дәуірінің мәдени дәстүрлерімен бірге ерте темір мәдениетінің қалыптаса бастауына дәлел болатын бітістер пайда болады. Айдарлы (Атасу өзенінде), Бұғылы II (Құсмұрын), Кент (Қарқаралы таулары), Былқыздақ I топтарынан, Тағыбай-бұлақ (Баянауыл ауданы), Суық-бұлақ (Қарқаралы III) және т.б. қоныстарынан жерлеу құрылыстарының және керамика бұйымдарының қарапайым түрін көре аламыз. Осы ескерткіштерден табылған еңбек құралдары кейінгі қола дәуіріне тән емес, олар ерте темір мәдениетіне ауысу кезеңіндегі дала қоғамында болған күрделі өзгерістерді бейнелейді.

Бұл дәуірде негізгі қозғалыс көзі ретінде атты үйрету қарқынды дамыды, бұқа мен түйе жегу көлігі ретінде пайдаланылды. Жалпы осының барлығы көршілес тайпалардың арасында мәдени-экономикалық қарым-қатынастың туындауына, сәуданың өсуіне, тәжірибенің алмасуына алып келді, қолөнердің дамуы ынталандырылды. Қауымның іс-әрекет шеңберінің ұлғаюымен олардың тайпалық одақтарға бірігу шарты пайда болды.

Еңбек бөлінісі туындаған уақытта көшпелі қоғамның болмысын қамтамасыз етуге арналған алғашқы қоныстар мен салалық шаруашылық пайда болды. Г.В. Григорьев былай деген: «Чистых кочевников не бывает, в той или иной мере всякие кочевые народы знают земледелие, обеспечивающее им растительную пищу. Как показали исследования сакских городищ, ... существовало известное разделение труда: часть населения кочевала, а другая оставалась на месте»²³. Ежелгі малшылардың шаруашылық өмірінде қалалардың орны туралы С.П. Толстов айтқан: «Анализ истории ... центрально-азиатских государств с гегемонией кочевников показывает, что связь северных ставок

кочевых царей с городами юга является одной из важнейших предпосылок самого существования центрально-азиатских кочевых империй»²⁴. «Вслед за потерей городов, через более или менее продолжительный срок наступает политический распад кочевых царств»²⁵.

Қазақстан аумағында алғашқы ірі бірлестік – Сырдарияның төменгі ағысынан Жетісуға дейінгі кеңістікті мекендеген сақ тайпаларының одағы (б.з.б. VII-III ғғ.) болды. Арал өңірі мен Каспий маңы даласын мекендеген даншар мен каспийлықтар, Жетісуға және Балқаш көлі жағасындағы мекендеген исседондар сақ тайпаларының құрамына енді. Сақ тайпаларының экономикалық негізін көшпелі мал шаруашылығы құрады. Сактар дәуірінде (б.з.б. VI-IV ғғ.) Қазақстанның оңтүстік аймақтарында, Сырдария, Талас және Шу өзен аймақтарында су бөгеттері мен суару каналдарының кең желісі бар ирригациялық жүйеге негізделген суармалы жер шаруашылығы дами бастайды.

Геродот бойынша Орталық, Солтүстік және Солтүстік-Шығыс Қазақстанның далаларын аргиппей, аримаспа тайпалары қоныстаған, олардың бірін антика тарихшылары «гриф алғындарына күзетушілер»²⁶ деп атаған. Осы тайпаларда да сактар сияқты негізінен мал шаруашылығымен айналысқан. Тұрғындардың көбісі тайпа қажеттіліктерімен қатар, айырбас үшін кен шығарумен, алтын, мыс және басқа да металлдарды іздеумен айналысқан. «От грифов, через исседонов греки получали золото», — деп Геродот айтқан (б.з.б. V ғғ.).

Дала мекендеушілерінде шаруашылықтың қосалқы саласы ретінде егіншілікпен, дәнді дақылдар өсірумен, соның ішінде тары өсірумен айналысты. Көшпелі малшылардың осы ерекшелігі жөнінде Ф.Энгельс былай жазды: «В климатических условиях Туранского плоскогорья невозможно пастушеская жизнь без запасов корма на долгую и суровую зиму; луководство и культура зерновых хлебов были здесь необходимым условием»²⁷.

Жаңа экономикалық шарттар ежелгі рулық қауымның салтын бұзып, қоғамның кедейлер мен байларға бөлінуіне негіз болды. Анағұрлым анық бұл құбылыс кейін сактардың (б.з.б. IV ғғ.), үйсіндер мен қанлылардың ортасында байқалады. Көшпелі мал шаруашылығы және отырықшы егіншілік кедейлердің еңбегін пайдалану арқылы жүзеге асты.

Сырдария, Талас және Шу өзен айдындары қала мәдениетінің бөсігі болған. Қалалардың пайда болуы сақтардың, тұндардың, үйсіндердің, қандылардың, қыпшақтардың тарихымен байланысты. Тайпалық одақтар пайда болған заманда (б.з.б. V-III ғғ.) Сырдария, Ангрэн, Шыршық, Келес өзендерінің аңғарларында алғашқы қоныстар мен қалалар — тайпалық одақтардың орталықтары пайда болады, онда әскери, саяси және аймақтық мәселелерді шешу үшін ру-тайпаның басшылары жиналған.

Сырдариядағы қоныстар туралы алғашқы мәліметтер Александр Македонскийдің сақтар еліне шабуыл жасау кезіне тиісті (б.з.б. IV ғғ.). Македонскийдің әскери жорықтары туралы жазған тарихшы Арриан былай деді: «восстали жители сакских городов, расположенных на берегу Яксарта [Сырдария]»²⁸. Ал Диадор (б.з.б. I ғ.): «царица саков Зарина ... построила много городов»²⁹.

Сырдарияның орта және төменгі ағысына саз балшықтан соғылған ғимараттар тән. Қоныстардың жанында дуалдар тұрғызылып, тереңдігі 2-3 метрге дейін жететін ор қазылған. Қақпасы оңтүстікке немесе оңтүстік-шығысқа қараған. Ежелгі үй-жайлардың жоспары патриархалды-рулық қауымның ежелгі бітімдерге негізделген. Саз балшықтан соғылған үй-жайлар ұзын, тар дәліз ретінде салынған және жабынмен жабу ыңғайлы болған. Ортақ ошақ үй-жайдың ортасында орналасқан, одан шығатын түтін күмбезді жабынның саңылауынан шыққан және осы саңылаудан ішке жарық түскен. Ошақтың маңында отбасы мүшелеріне арналған жантайма төсектер болған³⁰.

Кейін, феодалдық қоғамның қалыптасуы барысында таптық бөлінудің күшеюімен бірге қамал қабырғаларының ішінен екінші қорым – цитадель салу қажеттілігі пайда болды, олар тайпа басшысының және ақсүйектерінің қауіпсіздігі үшін жасалынды. Феодалдық билік ыңғайған сайын қалалардың жанында фортификациялық мұнаралары бар қабырғалар салына бастады.

Малшы-сақтардың қотандары әдетте төмпешіктермен қоршалған терең сайларда, тау өзендерінің аңғарларында орналасты. Қыстаулардың осылайша орналасуы климаттық және табиғи шарттарға және жайылымдарды маусымдық пайдалануға байланысты болды. Жартылай көшпелі сақтардың қотандарының қалдықтары Қаратау, Іле-Алатау тауларының алдында, Жетісуда

сақталған. Осы жерлерден сақтардың отырықшылық мәдениеті табылды.

Малшылар шаруашылықтарына байланысты киіз үйлерді топтап (ауыл) орналастыру әдісін қолданған, әдетте мал сиятын жердің маңында орналасқан. Қазақша ол «қотан», ал монғолша – күрең деп аталған. Екі термин бір мағынаны білдіреді – малды қорғау, сақтау. Түнгі уақытта киіз үйлердің арасында арбалар қойылған немесе арқан керілген, яғни малды жұртқыш андар мен бөтен адамдардан қорғау қажет болды. Анағұрлым байырғы заманда көшпелі қоныс құрылымы ерте орта ғасырда бекіген сырдариялық, қаратаулық және басқа қоныстар мен қалалардың құрылыс кезінде феодалдардың қыстауларынан бастау алды.

Археологиялық мәліметтер бойынша б.з.б. V ғғ. сақтарда шикі кірпіш пайда болған. Мықтылық беру үшін шикі кірпішке сабан, аттың қылын, жүн, қиыршық тас қосқан. * Кірпіштің пішіні мен өлшемі қытайлық және ирандық кірпіштерден айырмашылығы болған.

Сақтардың үй-жайлары туралы Квинт Курций былай деді: «Они строят лачуги из сырцового кирпича и так как земля бедна материалами, то [лепя] их на голом склоне горы пользуются тем же кирпичом до верхушки здания, где они оставляют отверстие для света»³¹. Квинт Курцийдің бұл хабарламасы – құрылыс кезінде ағаш материалы қолданылмай салынған сол кездігі үй-жайлар жөніндегі жалғыз ғана қайнар көз.

Төбе – ежелгі қала орны түріндегі сақ қоныстарының қалдықтары Сырдарияның жағасында және оның ағысында орналасқан. Келес өзенінің аңғарында Жартөбе, Қаратөбе орналасқан, Арыс өзенінің аңғарында – Жуантөбе, Майбалық, Қосқоңыр, Талас өзенінде Жұмбайтөбе, Талас-Алатау етегінде Құлан ежелгі қала орны орналасқан. Осы қоныстарда саз балшықтан және жоспары домалақ, сопақша келген, көбінесе анық бітімі жоқ ірі шикі кірпіштен тұрғызылған құрылыстар болған. Аталған ежелгі қала орындарын қазу кезінде осы қоныстардың тұрғындары негізінен мал шаруашылығымен және егіншілікпен айналысқандығын дәлелдейтін көптеген

* Кейінірек, қазақтар осы құрылыс әдісін пайдаланған. Шикі кірпішті мықты етіп жасау үшін аттың қылын, жүн, қойдың сүтіні қосқан, сүтте ұстастырғыш материал – кәзені бар.

үй жануарларының сүйектері және жер игеру құралдарының қалдықтары табылды³².

Отырар оазисіндегі Қауыншы ескерткіші, Қуандарияда Жетіасардың төменгі қабаты және Сырдарияның төменгі ағысындағы Шірік-рабад ескерткіштері сақтардың отырықшы қоныстарының мәдениетін анағұрлым жарқын бейнелейді.

Профессор С.П. Толстовтың жетекшілігімен Хорезмдік КСРО ҒА экспедициясымен Жетіасар кешені зерттелді, бұл кешеннен әр кезеңдегі құрылыс ісінің ерекшеліктері байқалады. Жетіасар Жосалы теміржол станциясынан алыс емес Қуандария өзенінің ескі арнасының ауданында орналасқан. Оның төменгі қабаты – бұл ерте сақ заманының (б.з.б. 1-ші мың жылдықтың ортасы) көне-қауымдық үйлердің қабаты, жоғарғы қабаты (б.з. II-III ғғ.) кейінгі антика дәуіріне тиісті.

Жетіасар сопақша қабырғамен қиыпталған үлкен қауымдық үйлер тобынан тұрады. Олардың бірінен сәкісі және ортасында ошағы бар жай табылды. Жетіасар сақтардың тайпа бірлестіктері басшыларының резиденциясы болған Сырдариядағы ірі орталықтарының бірі.

Кешендегі ең ірісі Алтынасар ежелгі қаланың орны бітімі трапеция тәрізді, төрт құлап қалған төбеден құралған. С.П. Толстов бірінші төбені – «Үлкен үй» деп атаған. Үлкен қауымдық үйдің қираған орнының жоспары – шыршықты құрайды. Мәдени қабаттарынан 16 құрылыс қабаты табылды. Ежелгі қала орнының ежелгі қабаты қатар орналасқан ұзын, тар жайлардан тұрады³³.

Отырықшы қоныстардың ішіндегі анағұрлым ірісі – Шірік-рабад. Ежелгі қала орны 1946 жылы КСРО ҒА Хорезм экспедициясымен Қызылорда қаласынан 300 шақырым оңтүстік-батысқа қарай Қызыл-күм шөлінен табылды. Қоныстың уақыты б.з.б. I-ші мың жылдық. Ежелгі қала орнының бітімі – сопақша. Оның ұзындығы – 850 м, ені – 600 м. Оның ауданынан ені 40 м және тереңдігі 4,5 м әр заманға тиісті орлармен қоршалған бекіту жолақтарының ізі қалған. Ежелгі қала орнының орталық бөлігінде – штадель орналасқан³⁴.

Сақ заманында Сырдария сағасында пайда болған басқа ірі қоныс – Күйік қаласы – сақ тайпасы басшыларының бірінің қыстауы. Пішіні тік бұрышты ежелгі қала орнының бұрыштары домалақтанған саз балшықтан соғылған аласа қабырғасы бар,

көлденең өзегімен батыстан шығысқа қарай бағдарланған. Қабырға негізінің қалыңдығы – 5 м, оның айналасында ені 10 метрге дейін жететін ор қазылған. Бекініс қабырғасы ежелгі Сырдария қоныстарына тән пішіні шаршы болып келетін шикі кірпіштен тұрғызылған. Қоныстың солтүстік қабырғасының тұсында өлшемі 50x50 м домалақ ғимараттың құлаған төбенің ізі қалған.

Отырықшы қоныстардан алыс емес жерде көбінесе үлкен оба үймелері түріндегі бейіттер табылды. Сақтардың анағұрлым ежелгі құлшытастарында қола дәуірі мәдениетінің құрылыс бітімдері болған. Бұл тас қаламалардың пішіні – шенбер болған, ортасында жалпақ тақталармен жабылған үлкен тас жәшік (дольмен) болған.

Антика авторлары сақтардың арасынан бағпақ пен көлдерге толы Арал өңірінде, Сырдария сағасында өмір сүрген массагет тайпаларын бөліп көрсетеді. Олардың бекітілген қоныстары кеңес ғылымына «бағпақты ежелгі қала орны» ретінде белгілі. Мекендеушілерінің негізгі тіршілік көзі — мал шаруашылығы, егіншілік және балық аулау болған. С.П. Толстов былай деген: «История «болотных городищ» завершается в X-XI вв., когда их обитателями стали тюркские племена, выступающие в источниках под именем огузов»³⁵.

Талас өзенінің жоғарғы бойында және Орталық Қазақстанда аршылған үңгірлері бар обалар бұл жерлерде оңтүстік және солтүстік облыстары арасында маусымдық көшпелі күй кешкен ғұндардың орны болғандығын дәлелдейді. Ғұн обалары Ұлытаудан, Торғай және Терісаққан өзендерінің жоғарғы бойынан шығысқа қарай Қарқаралы және Шыңғыстау тауларына қарай созылған таулы және өзен аңғарларын алып жатыр. Мүрдделердің бас сүйегінің бұзылуы ғұн жерлеу орындарының ерекшеліктері болып табылады³⁶. Ғұн тайпаларының орналасуына қарасақ ғұндардың көшу жолы қанды иелігінің аймақ шекарасынан шығысқа қарай өрбіген және Талас аңғарынан меридиан бойынша солтүстікке қарай, Сарысу, Есіл өзендерінің айдындарына және Қарқаралы даласына өткен.

Көне заманда Жетісу қалаларының құрылысына ғұндардың билеушісі Мөденің (б.з.б. 209-174 жж.) қосқан үлесі зор болды. Мөденің Орта Азияның көптеген тайпаларын біріктіріп, Қытайға қарсы шыққаны қытай деректемелерінен белгілі. Мөде

заманында шығыс пен батыс арасында керуен жолы салынды. Мөденің ұрпақтары Түрік қағанатының билеушілері болды. Мөдеден кейін бұл қалалардың құрылысына Оғыз хан көп үлес қосқы. Мөде сияқты, Оғыз хан да Орта Азияның көптеген тайпаларын біріктірді³⁷. Оның әскері ұйғырлардан, қандылардан, қыпшақтардан, қарлұқтардан, қалаштар мен ағашерлерден (орман тайпасы) құралды. Кейінірек оларға керейіттер, наймандар (сағыз), онғұттар (уак), қырғыздар, бекрендер, танғұттар, дулаттар, қоңыраттар қосылды³⁸. Оғыз-ханның резиденциясы – Талас қаласы болды, ал жайлау Орталық Қазақстанда Ортау және Кертәу тауларында орналасты³⁹.


Жаңа дәуірге дейінгі бірінші ғасырда ғұндардың басшысы Шижы қалалар құрылысын бастады. Сыма Цянь, Де Грот және Е.Шаван Шижыдың Талас өзенінде салған қаласы – астана болғандығын жазған.

Тараз (Талас) «жарыс» деген мағынаны беретін «Чангу» ат ойындарына арналған тас қорымы бар алаңда салынды. Осыдан бұл қаланың «Талас» деген атауы шығады. Тас қорымдары бар осындай алаңдар ежелгі ғұндардың дәстүрінде болған.

Тараз (Талас) қаласы үйіндімен жабылып қалғаны қытай жазбаларынан белгілі, оның ішінде киіз үйлер орналасқан⁴⁰.

Шижы дәуіріне Тараз қаласынан 45 шақырым шығысқа қарай орналасқан Шөлтобе бекінісінің құрылысы жатады. Шөлтобе бекінісінің жоспары бүйір жақтарының өлшемдері 80x100 м шаршы болатын төрт бұрыш пішінді. Бекіністің айналасында қалыңдығы 1,3 м жететін мықты қабырға болған. Шөлтобе бекінісінің ерекшелігі, жабыны болған дәліздердің периметрі тар. Сыртқы қабырғада атысу орны белгілі бір ретпен орналасқан. Бекініс қабырғаларының өлшемі 45x35x25x9 см болатын трапеция тәрізді пішіні бар үлкен шікі кірпіштен тұрғызылған. Дәлізі бар бекіністің ішкі қабырғасында диаметрі 80 м, бұрыштарының пішіні жартылай домалақ мұнарасы бар жоспары төрт бұрыш бекініс тұрғызылған.


Тараз қаласынан шығысқа қарай 20 шақырым жерде ғұн заманына тиісті Қызыл-Қайнар қамалының ескі жұрты орналасқан. Бекіністің пішіні төрт бұрыш, қабырғалары өлшемі 45x35x25x8 см пішіні трапеция болатын шікі кірпіштен жасалған, олардың бойында бір-бірінен бірдей қашықтықта ату орындары орналасқан (әр бір қабырғада ~ 20). Шөлтобедегі



Ақыртас ежелгі қала орнының жоспары.

секілді қабырға бойымен тар дәліздер өтеді. Қамалдың ішінде, оның оңтүстік-шығыс бөлігінде биіктігі 4,5 м-ге дейін жететін құрылыс болған. Оның екі төменгі қатары тік орналастырылған пахсадан жасалған, ал үшіншісі – керткітерді жасай отырып, шікі кірпіштен жасалған. Жоғарғы қатардың биіктігі – 1,6 м. Киіз үйдің шаңырағы тәрізді күмбедің биіктігі – 3 м, ол қола дәуірінен бастау алатын сағылы қалау әдісімен шікі кірпіштен тұрғызылған және сабан қосылған саз балшықпен сыланған. Шөлтобе және Қызыл-Қайнар қамалдары б.з.б. I ғасырда қытайлардың Талас қаласын күйреткенге дейін пайда болған.

Талас Алтауының солтүстік баурайында, 45 шақырым Тараз қаласынан солтүстік-шығысқа қарай, Талас өзенінің оң жағасында ежелгі – Түймекент ескі жұрты бар. Ежел-



Түймекент ежелгі қала орнының жоспары.

гі камалдың жоспары бүйір жақтарының өлшемі 375 м, төрт бұрыш. Камалдың жанында ірі (45x35x12 см) піші кірпіштерден тұрғызылған кең, терең емес ор болған. Сақталып қалған қабырға үймесінің биіктігі 20-дан 35 м-ге дейін жетеді. Төрт бұрыш алаңның төрт жағында бұрыштары төрт жаққа қараған, басқа тобелерден анағұрлым биік – күзет мұнараларының қалдықтары орналасқан. Мұнаралардың барлығы – 24.

Ежелгі Қызыл-Қайнар және Шөлтөбе камалдарының шекарасында қою қызыл құмдақ кесектерінен тұрғызылған, өзінің сәулеттігімен таң қалдыратын, салынып аяқталмаған Ақыртас

(б.з.б. I ғ.) бекінісінің қалдықтары бар. Түймекентпен көршілес орналасқан Ақыртастың тарихын аңыз байланыстырады.*

Ақыртастың жоспары төрт бұрыш, бүйір жақтарының өлшемі 185 және 205 м. Ежелгі қала орнының ауданы ~ 4 га. Кең ішкі аула шоғырланған қорыммен қоршалған. Ауланың оңтүстік бөлігінде қожайынның бекінісі орналасқан, ал ауланың ортасы оның сарбаздарына тиісті болған, дәл осы жерде су айдыны болған. Ауланың солтүстік және оңтүстік бөліктерінде ішкі аудалары мен өтшелері қосарлана салынған тұрғын жайлары болған.⁴¹

Ең биік мұнара және негізгі қақпа оңтүстік-шығыс бөлікте орналасқан, солтүстік-шығыс жағындағы қақпа қосымша қабырғалармен қорғалған. Камалдың ішінде үй-жай құрылысының ізі көрінбейді, мұнда көпшелі өмірмен байла-



Ақыртас ежелгі қала орны.

* Аңыз: Көкше-ханның Түйме есімді қызы болған. Қыздың сұлулығы сондай, оны бір көрген жан ес-түсінен айырылып ғашық болған. Аджы есімді құрылысшы да оны естіп, ханның алдына келіп қыздың қолын сұрайды. Хан: «Маған бір де бір жау ала-алмайтын тас камал салып бер», — деп шарт қояды. Аджы ұсынысты қабыл алады. Екі шебер-батыр жұмысқа кіріседі. Бұл әкесі мен баласы болған. Әкесінің есімі – Алаңғасар, ұлдың есімі – Арслан. Арслан әкесіне тас кесектерін беріп тұрған, ал ол тастарды тегістеп, қабырға етіп тұрғызған. Қабырға адам бойына жеткен кезде Талас аңғарында ғұндар мен қытайлардың соғысы басталып кетеді, сөйтіп Ақыртастың құрылысы тоқтап қалады.⁴²

нысты киіз үйлер, арбалар және шаруашылық заттары болуы мүмкін. Зәулім Ақыртас ежелгі сәулеттің көрнекті құрылысы.

Атақты қала құрылысшы және қолбасшы Тон-Алып (иран аңыздарында Афрасиаб), сактар мен ғұндардың батырлық дәстүрлерін сақтаушы Арал теңізінің жағалауын мекендеген ғұндардың абдал (абделдер, эфталиттер) тайпасынан шыққан. Абдалы – ақ ғұндар, олар юечжийлерге тікелей қатысты.

Афрасиаб (Алып-Тон) біздің заманымыздың бірінші ғасырдың ортасында өмір сүрген. Афрасиаб анасы жағынан печенегтерден таралғаны иран деректемелерінен белгілі. Ол Әмудариядан Дешті-Қыпшақтың солтүстік шекарасына дейін созылып жатқан үлкен елдің билеушісі болған. Алып-Тон Шу өзенінің аңғарын өзінің туған жері деп есептеген. Алып-Тон ел басқарған кезде 40 жыл бойы халық жақсы тұрған.

«Сауран хикаяларына» енген Афрасиаб туралы аңызды Сауран қаласында Закария Казвини жазып алған. Казвини иран әскерінің Афрасиабқа шапқанын, Сайрам және Қаратау қалалары арқылы Ташкенттен Қорғалжын көліне және Жезқазған қаласына дейін барған жолында қудаланғанын суреттейді. Махмұд Қашғаримен жазылған аңыз бойынша Алып-Тон — белгілі қолбасшы және зерек билеуші болған. Махмұд Қашқари оны «Аюн бек» — «Күн құдайы» деп атайды. Баласағұнның «Құдатғу білік» еңбегінде және наймандардың эпостық аңыздарында Алып-Тон жайлы айтылады.

Алып-Тонның дәуірінде қалалар Сырдарияда, Арал және Каспий теңіз жағалауларында, Шу, Талас өзендерінің аңғарларында, Ыстық көл жағасында салынған. Олардың көбісі иран әскерімен бұзылған.

Ыстық-көлдің жағасында Алып-Тон баласы Барысханның құрметіне Барысхан қаласын тұрғызды. Осы қалада қарлұқтардан шыққан Махмұд Қашқари дүниеге келген. Гардизидің пайымдауынша, Барысханда қыш құмыра ісінің және құрылыс ісінің шеберлері, балташылар және ұсталар көп болған.

Алып-Тон қайтыс болған соң әкесінің ісін балалары – Алып-Тегін, Құтты-Тегін, Күш-Тегін, Барысхан және қызы Қаз жалғастырған. Олар Жетісу қалаларында және Шу алқабында басшылық еткен.

Алып-тонның қызы – Қаз өте дарынды болған. Ол балалық шағын аңшылықпен және ат ойындарымен шұғылданып Арал

теңізінің жағасында өткізген. Қаздың ең сүйікті орны – Балқаш көлі – «Қаз суы» болған. Махмұд Қашқаридің айтуынша Қаз құралай атумен айналысты, көп уақытын Балқаштың солтүстік жағалауында өткізген. Осы жерде Қаз деп аталатын камал салынған. Фортификациялық ғимараттары бар Қаз қамалының үйіндісі Мойынты өзенінің аңғарында болуы мүмкін. Ол орыс геодезисті Нифантьевпен зерттелді және суреттелді. Балқаштың жағасында Алып-Тонның ұрпақтарымен «Қаз-қаласы», «Құм-шаһар», «Жарық-шаһар», «Бармен» қалалары тұрғызылды.

Б.з.б. III ғасырда сак конфедерациясынан эконоикалық қатынастан алып қарағанда анағұрлым мықты тайпалар үйсіндер мен кангюйлер (қаңлылар) бөлініп шығады. Үйсіндердің ежелгі мәдени іздері Жетісуға және Іле Алатауының етегінде кездеседі, кангюйлер – Қаратау аудандарымен шекаралас Сырдария және Талас өзендерінің аңғарларында кездеседі. Үйсіндер мен кангюйлердің шаруашылық өмірінде мал шаруашылығы егіншілікпен қатар жүрді. Олар қой, жылқы және ірі қара, түйелер мен қодастарды өсірді, олар жүк таситін көлік ретінде пайдаланылды.

Тарихи топография үйсіндер мен кангюйлерде қоныстардың үш типі болғандығын дәлелдейді:

1. Үйсіндердің ірі қотандары – тау өзендерінің аңғарларында және тау етегінде орналасқан тұрғылықты құрылыстары бар қыстаулар мен қыстақтар. Олардың мекендеушілері жартылай отырықшы өмір сүрген, жаз мезгілін табындарымен бірге биік тау алқабындағы көгалдарда өткізіп, күз кезінде қыстауларына қайта оралған.

Үйсіндер қотандарының іздері Іле-Алатау етегінен табылды – Алматыдан, Талғардан, Шіліктен, Түргеннен, Ыстықтан, Қарғалыдан, Ақсайдан, Қаскеленнен, Іле өзенінің алқабынан, Ыстық-көл жағасынан, Талас Алатауының етегінен (Мерке, Құлан) және Шу өзенінің (Ақыртөбе) аңғарынан табылды.

2. Қоныстардың екінші типіне – көбінесе бекінісі жоқ қоныстарды құрайтын кангюйлердің қыстақтары орналасқан жерлер. Бұл тұрғындары мал шаруашылығымен қатар суармалы егіншілікпен және бағбаншылықпен айналысқан отырықшы егіншілік қоныстары. Олар Сырдарияның оң жағасынан, Ташкент қаласынан оңтүстікке қарай, Арыс, Талас, Шу өзендерінің аңғарларынан, сондай-ақ Қаратау тау алдынан табылды.

Кучиден солтүстік-батысқа қарай, Іле өзенінің оң жағасында орналасқан.⁴⁷ Үйсін гуьмосының бұйрығымен Чигу қаласында сарай салынғаны қытай деректерінен белгілі. Бұл ғимараттың ізі сақталмаған. Қала б.з. V ғасырдың ортасында жужаньдармен қиратылды, үйсін басшысы Луковье тауына [Памир] қашады.⁴⁸ Осы қайнар көздерінен Тэмурту-нора [Ыстық-көл] көлінің маңында Гуььюе⁴⁹ қаласы болғандығы және Іле өзені мен Тэмурту-нора көлінің арасындағы Жоңғар қақпасында – Хын-дос қаласы болғаны белгілі.⁵⁰

Қаратау тау алдында, Талас және Шу өзендерінің аңғарларында, Жетісуда саз балшық тамдары Сырдариядан қарағанда б.з.б. II ғасырда кешірек пайда болған. Осы уақытқа дейін құрылыс материалы ретінде тас, ағаш, қамыс, шн қолданылған.

Бейіттерді тұрғызу кезінде үйсіндер тянь-шань шыршасын пайдаланған, ал қамыс пен шнді байланыстырушы материал ретінде қолданған. Ежелгі үйсіндік бейіттер ұсақ тастармен көмкерілген, ал шатыр үшін жуан шырша бөренелері қолданылған, үстінен қамыспен жабылған.⁵¹ Үйсін обаларын қазу кезінде сылақ табылды.

Біздің заманымызға дейін жеткен оба үймесінің астында жатқан ағаштан жасалған жалғыз ғана сәулет ескерткіші – Қ.А. Ақышевпен ашылған және зерттелген Іле өзенінің



Бесшатыр кешенесі.

аңғарында, Алматы қаласынан 80 шақырым орналасқан Бесшатыр қабірі (б.з.б. IV ғғ.). Бесшатыр тянь-шань шыршаларынан тұрғызылған.

Ежелгі үйсіндердің қотан-қоныстары Алматы маңындағы елдімекеннен, Ақсайдан, Қарғалыдан, Қаскелеңнен, Талғардан және т.б. табылды.

Бұрындары қолөнермен және саудамен айналысқан ығы-жығы болған қала орталықтарының іздері Жетісуда сақталған. Иран-хазар аңыздарында, «Оғыз-намеде», қасиетті «Шу» қаласы туралы хикаяда Жетісудың табиғаты, ең биік шың — Хан-Тәңірі орналасқан Тәңір-Тау (Тянь-Шань) тауы туралы айтылады. Жетісу қалалары туралы құнды хабарлар «Муджал ат-таварих уа л-кисас» «*تاریخ التتار علی ما کان*» иран дерек көздерінде, аға және іні Хань династиясы қытай анналдарында, Вей династиясының жылнамаларында жазылған.

Шу [Чу] өзенінің жағасында салынған ежелгі Шу қаласы туралы көптеген аңыздар бар. Махмұд Қашқари қалдырған баға жетпес хикаяда «Шу» қаласын атақты Шу қолбасшы тұрғызғаны жазылған.⁵² Қала б.з.б. IV ғасырда болған, ол кезде Сайрам, Талас [Тараз], Баласағұн қалалары болмаған. Қала тұрғындары негізінен сақтар, үйсіндер, қаңлылар, қайлар [оғыздар] болған. Қалада сауда мен қолөнер дамыған.

Ежелгі заманда ескерткіштердің көп тараған түрі обалар, олар қола дәуірінің құрылыс дәстүрінен басталады.

Обалар Қазақстанның аумағында және оған шекаралас Оңтүстік Сібір, Орал, Орта Азия облыстарында кездеседі. Әсіресе Жетісуда, Орталық және Шығыс Қазақстанда болған.

Оба үймелері тайпа басшыларының, ақсүйектер өкілдерінің, аты шыққан жауынгерлердің бейіттерін құрайды. Тайпа басшыларының оба-қабірлері сәулеттігімен ерекшеленеді. Кейбір обаларда ат көмілген жерлеу орындары бар.


Обалар ата-бабаға сыйынумен байланысты патриархалды-рулық шамандық идеологияның көрінісі болып табылады. Дала халқы қабірлердің үстіне топырақ немесе тас үймелер жасаған, бұл жерді адамның аяғы баспаған және жаудың тарапынан ешқандай қорлау бомаған. Қабірлер рулық аумақтың белгілері сақталған қоныстарға жақын жерлерде тұрғызылған. Анағұрлым ескі обалар б.з.б. II мың жылдықта пайда болған. (Қосымша. 2-ші кесте. «Обалар»).



Тас обалар: 1-Шалқантөбе, 2-ұзын өз.Қазанғап, 3-Айыртау

1905 жылы обалар туралы кен-тау инженері И.В. Козырев жазған: «При своих многочисленных поездках я поражаюсь обилием древних курганов, разбросанных по площади уезда.* Особенно богата ими южная часть, начиная от левого берега р. Ишим»⁵⁷.

Обаларды тұрғызу дәстүрі көшпелі қоғамның тұрақтану дәуірінде алып көлемдерге ие бола бастайды. «37 жауынгер» қабірі (Қарағанды облысы Шет ауданы), айналдыра салынған қоршауы бар Байыштың-Қарашоқысы, Қызылтас обалары (Қарағанды облысы Ақтоғай ауданы), Бесоба обасы (Павлодар облысы Баянауыл ауданы) ерте скиф заманына тиісті. Қабірлер құрылысының ұқсастығы және әдет-ғұрыптардың қайталанған іздері оларды ежелгі заманнан бері Қазақстан аумағын мекендеген тайпалардың материалдық мәдениет заттар жатқылуға



«37 жауынгер» қабірінің сызбасы.

* Бұл жерде Ақмола уезі айтылып тұр, оған революцияға дейінгі кезеңде Ақмола және Қарағанды облыстары, Орталық Қазақстаннан үлкен бөлігі енген.

мүмкіндік береді. «Ежелгі көшпенділер» дәуіріне немесе кейбір ғалымдардың айтуынша «скиф-сармат» заманына Орталық Қазақстанның көптеген ескерткіштер тобы жатады. Осы заманда шамасы, кейін, қыпшақтар деген атаумен белгілі болатын этнос қалыптасады.

Ежелгі обалар сақтардың, ғұндардың, үйсіндердің, қаңлылардың тайпалық одақтардың тарихына тиісті. «Күюші», «қыпшақтар» [қыпшақтар] оба мәдениетіне зор үлестерін қосты²⁴. Осы халықтардың обалар мәдени етіне шынайы берілгендігі әдет-ғұрыптардың, тұрмыстың және дәстүрлердің ортақ болғандығын дәлелдейді.


Ежелгі сақтардың, ғұндардың, қаңлылардың обалары Сырдарияда, Жетісуда, Іле Алатауының солтүстік баурайының аңғарында, Орталық Қазақстанда орналасқан. Ең әйгілі сақтардың обасы 1976 жылы Қ.А. Ақышевпен ашылды, Алматы қаласынан 50 шақырым шығысқа қарай Есік обасы астынан сақ ханының жерлеу орны – сақ өнерінің заттары бар «алтын киімдегі адам» табылды.²⁵

Ерте сақ заманының обалар тобы Байыштың-Қарашоқысы (Қарағанды облысы Ақтоғай ауданы) шатқалында, Тоқырауын өзенінің жоғарғы баурайында орналасқан. Олар кейінгі қола дәуіріне тән тігінен қазылып көміліп, айналдыра салынған обаларға ұқсас, бұл әр дәуірдің мәдениеттері арасындағы сабақтастықты дәлелдейді.

Ғұндардың болған іздері – обалар тізбегі түріндегі ерте көшпенділердің жерлеу орындары Қазақстанның оңтүстігінде (Талас өзенінің аңғары) және шығысында, сол сияқты Орталық Қазақстанда (Қаракенір өзенінің жоғарғы ағысында, Арқалық тау алдында, Қызыл-Арай таулары және т.б.) байқалады.

Үңгірлер — ғұн обаларының ерекшелігін құрайды. Талас өзенінің жоғарғы баурайында және Орталық Қазақстанда табылған үңгірлер оңтүстік және солтүстік облыстар арасын мекендеген ғұндардың болғандығын дәлелдейді. Ғұндардың обалары тау және өзен аңғарларында орналасқан, Ұлытаудан, Торғай және Терісакхан өзендерінің жоғарғы ағысынан шығысқа қарай Қарқаралы және Шыңғыс тауларына дейін таралған. Ғұндардың жерлеу орындарының ерекшелігі — жерлегендердің бас сүйектері зақымданған болады.

Қарағанды облысы Шег ауданының Беғазы таулары-



Беғазы тауы. Обадан табылған бас сүйек

нан беғазылық кесенелер кешенінен батысқа қарай үңгірлері бар ғұн обалары қазылды. Пішіні жарты сфера обалар ірі тас сынықтарынан тұрғызылған. Обаның диаметрі – 8 м, биіктігі – 0,9 м. Обадан 3 шақырым оңтүстік-батысқа қарай өңделмеген, биіктігі 1,2 м сұр түсті граниттен жасалған тас бағана тұр. Обаның астынан зақымдалған бас сүйегі жақсы сақталған орта жастағы әйелдің қаңқасы табылды.* Осы сияқты зақымдалған бас сүйектер Талас өзенінің аңғарындағы үңгірлері бар обаларды қазу кезінде А.Н. Бернштаммен табылды. Ал біз Ұлытау ауданындағы Қаракенір өзенінің жоғарғы баурайында орналасқан обадан кездестік. Осы бас сүйектердің барлығы артқа қарай еңіс шошақ пішін тән. Бұл бала кезінен үшкір шлемдерді киюдің

* Бас сүйек Миклухо-Маклай атындағы этнография мұражайына берілді.

салдары. А.Н. Бернштам үңгірден кенкөлдiң 6-шы обасынан бас сүйегі әдейі зақымданған баланың бейігін анықтады.⁵⁷ Антрополог Е.В. Жиров осы дәуірде бас сүйекті жасанды түрде зақымдау әдісі болғандығын растайды.

Үйсiндер мен қаңлылардың тайпа ақсүйектерінің өкiдлері үшін обалар тастардан шоғырлана салынып, меридиан өзегі бойынша бөлініп (Іле өзені аңғарындағы Қарашоқы және Қаратау тауындағы Бекқара обалары) салынған. Обаның ортасында қорыммен қоршалған жерлеу камералары болған.

Көрсетілген оба кешендерінде кеңістікті композициялық игеру, көзбен қабылданатын алыптылығына сай оны құрылымдық бөлу идеясы іске асқан. Кешендер жазық бетте орналасқан, біртұтастығын көкжиек деңгейінен жоғары тұрған тас бағаналар мен жарты сфера түріндегі обалар қатары бұзады. Құрылыстың бір бөлігінің басқалардан биік болуы олардың байланысын бұзбайды, керісінше кешенді біртұтас, біркелкі ансамбль ретінде қабылдануын күшейтеді.

Ұлытау және Арғанат обаларының көлеміне таң қалған Г.Ф. Генс: «Можно ли вообразить, чтобы горы, возвышающиеся от горизонта до 25 или более сажень, были сделаны руками человеческими для прикрытия брэнного праха? Иногда на степи гладкой, как морская поверхность, показываются уединенные холмы, покрытые зеленым дерном, представляя путешественнику великолепный вид и внушая невольное почтение к покоящемуся праху»,⁵⁸ — деген.

Григорий Иванович Спасский XIX ғасырдың ортасында шығыс ескі көздерін тайсалмас жинаушы және жанкешті энтузиаст болған. Орталық Қазақстанның ескерткіштеріне арналған «Древности Сибири» мақаласында ол үлкен оба үймелері мен тас қорымдардың тарихи-мәдени маңызын талқылайды: «Нельзя без удивления смотреть на оные высокие насыпи, подобно холмам возвышающиеся над горбнищами и на на огромные камни из гранита, порфиры, яшмы и других пород, около их поставленные». Спасский бұл тастардың басқа алыс жерлерден әкелінгенін айтады: «ибо в окрестных горах вовсе нет одинакового с ними свойства камней». Спасский секілді көптеген ғалымдарды мына сұрақ мазалайды: «Удивительно, каким образом переведены были эти громады, когда (даже) при нынешних

механических пособиях невозможно сего исполнить без величайших трудов?»⁵⁹

Оба ескерткіштерінің екі түрі белгілі. Біріншісін ру ақсүйектері жанұясымен жерленген бейіттері тізбектеліп орналасқан обалар құрайды, екіншісін «сәулелі» тас обалар құрайды.

Обалар топтармен кездеседі: бес-оба, үш-оба, жалғыз-оба.

Обалар тізбегі әдетте солтүстіктен оңтүстікке қарай меридиан өзегі бойынша ажыратылып жарты шеңберді құрайды. Осындай композиция көшпелі ауылдың жоспарынан көрінеді.

Қазақстанның сәулет тарихында және құрылыс ісінде ежелгі көшпенділер — ғұндардың мәдениетіне тиісті «сәулелі» обалар ерекше орын алады. Ал «мұртты» обалар тек Орталық Қазақстанда, Талас өзенінің аңғарынан және Қаратау тау алдынан кездеседі. Олар әдетте тау алды жазықтықтарының үлкен аумағын немденіп, өзгеше тастар ансамблін құраған. Бұл кешендер адам жерленген үлкен обадан және ат көмілген кіші обадан және тас «сәулелерінен» құралған.⁶⁰ Олар Шыңғыс жотасынан Тобол өзенінің жоғарғы бойына дейінгі бүкіл Орталық Қазақстанға таралған. Обадан шығысқа қарай өтетін екі «сәуле» атақты жауынгердің немесе тайпа басшысының «мәңгілік үй-жайы» бар қорымды бейнелейді. (Қосымшаны кара, 3-ші кесте).


Елеулі қапшықтыққа (250 м.) созылған «сәулелі» обалар — ғылым үшін өте қызықты дерек. Кейде осы обалар кешендерінде стелалар кездеседі. Орталық Қазақстанның әр бұрышынан табылған биік, тегістелген стелалар қыпшақ дәуіріне тән (VI-XIII ғғ.) тас мүсіндердің түпнұсқасы болып табылады.

Әр дәуірдің обаларын шолып өтейік.


Мойынты станциясынан 16 шақырым батысқа қарай, Аркалық тау жотасының оңтүстік баурайында ірі тас үйіндісінен құралған обалар тобы бар. Үйіндінің пішіні тік бұрыш, ол батыстан шығысқа қарай созылған. 15 обадан құралған тізбек солтүстіктен оңтүстікке қарай созылып жатыр.

Үш кіші оба Кеңгір өзенінің арнасынан батысқа қарай 1,5 шақырым орналасқан.


5 обадан құралған тізбек Қарағаш таулы үстіртіндегі Аймысық тауынан солтүстік-шығысқа қарай екі шақырымдық жерде орналасқан. Жер үймесі түріндегі обалар терең орлармен




Қанқашты тауының солтүстік-шығыс тау жотасы. Қарқаралы ауданы.




Қойшоқы.




Жұмыртқалы келі, Баянауыл ауданы.




Қызылтау тауы, Баянауыл ауданы.



Құсмұрын, өз.Шопа.




Бүгұлы II, өз.Шопа. "Сәулелі" обалар.




Сартсай аңғары, өз.Қаракеңгір.



өз.Сарысу.



Ұлытау.



1




2




3




Толпағай.




Топагай




Жамбай-Қарасу.




Құрылыс.




Қойтас, өз. Сарыөлең аңғары.




Сарытабан, өз.Атасу.




Қараөзек аңғары, өз. Атасу.



Санғыру II, өз. Атасу. "Сәулелі" обалар нысаны мен өзге де




Ақсай, өз.Атасу.




Айдарлы, өз. Атасу.

Ерте және кейінгі қола дәуіріндегі көшпенділердің қабірі.



Агадыр станциясы (оңтүстік-батыстан 30км.)



Үлкен-Берлі аңғары. Торғай облысы.

қоршалған, кіре берісі шығыс жағында орналасқан. Обалардың осы тобынан өздері ірі және өлшемдері тең екеуі ерекше көрінеді. Олардың биіктігі ~ 3,2 м, диаметрі ~ 16 м.

Осы обалардан алыс емес қашықтықта (~ 1,5 км), оңтүстік-шығыс бөлігінде 1905 жылы кен инженері И.В. Козыревпен әйгілі Қараағаш обасы қазылып алынды. Козыревтің суреттеуінше «курған этот имел высоту 3,5 м, диаметр – 10,5 м и был окружен рвом с перешейком с восточной стороны».⁶¹

Аймысық (Қараағаш) тауының биік ұштары (әсіресе батыс төбелер) тас үйінділерге толы екендігі зерттеу арқылы анықталды. Мұнда шамамен 20 шақты ірі және орташа көлемді тас обалар болады. Обалардың негізі дөңгелек, ал үш жағы жалпайтылған немесе шашак, биіктігі 0,5-тен 2 м-ге дейін, диаметрі 7-ден 15 м-ге дейін жеткен.

Обалар тобы «Қараағаш» колхозының аумағында Қараағаш қарағай орманының батыс жағында және Аймысық тауының солтүстік-шығыс ұшында, биік террасада орналасқан. Арасындағы бір обаның өлшемі өте үлкен. Биіктігі — 3 м, диаметрі — 18 м үлкен тас үйінді. Тас үйінділердің маңында дұрыс емес шаршы немесе көп бұрыш түріндегі ежелгі тас құрылымдарының қалдықтары табылды. Мүмкін, ол дінгілер болар.

Ескерткіштердің көп бөлігі Қараағаш қарағай орманы мен Қорғалжын көлінің арасындағы кең ойпаңдан өтетін Құлан-Өтпес өзенінің төбелі жағасында орналасқан. Ескерткіштер Құлан-Өтпес және Нұр екі өзеннің арасын ала отырып, шығыстан оңтүстік-шығысқа қарай өтіп, Есіл өзенінің жоғарғы ағысында орналасқан ескерткіштерге ұласады. Бұл ескерткіштер негізінен бір уақытта пайда болған және ежелгі көшпенділер дәуіріне, яғни Орталық Қазақстанның ұлан-байтақ жерін көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан көшпелі тайпалар қоныстанған уақытқа сай келеді.

Ескерткіштердің көп бөлігі Құлан-Өтпес өзенінің оң жағасында орналасқан, ондағы қатпарлы алқаптар кең жазықтықпен алма-кезек ауысады. Мұнда, ежелгі көшпенділер дәуірінен басталып кейінгі қазақтар дәуіріне дейін дала малшыларының қыстаулары болған, оны XVIII-XIX ғасырлардағы ежелгі бейгіттердің және қазақ қыстауларының қираған бөліктерінің көп болуы дәлелдейді.

Жазық дала басталатын сол жағада жазғы уақытта көптеген қой отарлары, ал қыс кезінде жылқы табыны жайылған.

Құлан-Өтпес өзенінің аңғарында Молдабай өткелінде, Қараағаштан (Шошқа көл) Киевқаға (Нұра ауданының орталығы) өтетін үлкен даңғыл жолдың жанында жоғарғы жағы шошақ киіз үй түріндегі ашық сарғылт түсті жер обасы орналасқан. Өзінің өлшемі бойынша бұл Құлан-Өтпес өзенінің ірі обаларының бірі болып табылады (оның диаметрі – 30 м, биіктігі – 3,5 м). Дегенмен, жауын-шашын әсерінен оба қатты шайылып қалған және оның бетінде ойықтар пайда болған.

Дәл осы ауданда Құлан-Өтпес өзенінің оң жағасында, Осакаров ауданында ежелгі көшпенділердің обалар тобы орналасқан. Бұл орын биік жерлерінде өлшемдері әр түрлі тас үйінділері бар төмпешіктер тізбегін құрайды. Осылайша, үлкен обалар тобы Құлан-Өтпес өзенінің оң жағасынан 2-3 шақырым шығысқа қарай және Комсомол атындағы колхоз фермасынан 3-5 шақырым оңтүстік-шығысқа қарай орналасқан төмпешікте үлкен обалар тобы орналасқан. Тас үйінділері түріндегі жеті обадан құралған тізбек пішіні дұрыс емес шеңберді құрай отырып, солтүстіктен оңтүстікке қарай созылған. Батыс («құрметті») бөлігінде ең ірі обалар орналасқан (олардың арақашықтығы 3-4 м), осы тізбектен 8-10 шақырым шығысқа қарай өлшемі кішірек үш үйме орналасқан. Құлан-Өтпес өзеніндегі тізбектің жалпы сипаты жарты шеңбер немесе шеңбер түріндегі көшпелі ауылдың (костың) жоспарын еске салады.

Қараағаш таулы үстірт ауданында және Құлан-Өтпес өзені жағасында ескерткіштердің көп болуы көшпелі мал шаруашылығы белсенді даму кезінде (б.з.б. III-I және б.з. VIII ғғ.) Орталық Қазақстанның осы аудандарында қоныстанушылардың көп болғандығын дәлелдейді, ол жайылымдықтың мол болғандығына байланысты.

Батыс және солтүстік-батыс желдері басым болып келетін Орталық Қазақстанда шаруашылық ошақтан алыс болуы үшін ру қауымының ақсүйектері көшпелі қостың батыс бөлігін немденген. Батыстағы «құрметті» бөлікті немденген ру ақсүйектерінің жерлеуіндегі обалар тізбегі көшпелі қостың архитектурасын құрайды. Келтірілген мысалдар Құлан-Өтпес және Нұр екі өзен арасындағы ескерткіштердің көбісі таптарға бөліну түрі

белсенді жүріп жатқан ежелгі көшпенділердің тарихына тиісті болғандығын дәлелдейді.

Өлеңті (Ерейментау тау алды) өзенінің аңғарындағы обалар тізбегі – «Бесоба» деп аталады. Ол Өлеңті өзенінің (Қорық) жайылма алқабының батыс шетінің биік террасасында орналасқан. Кішкентай оба (оның диаметрі 14,10 м, биіктігі 0,80 м) тізбектің солтүстік бөлігінде, оның сол қанатын құрай отырып орналасқан. Одан кейінгі оба № 2 – тізбектегі ірі, орта бөлігін алып отыр. Оның диаметрі – 24,20 м, биіктігі – 2,3 м. Обаның жоғарғы бөлігінен тонаушылардың болғандығын дәлелдейтін терең ұңғыма табылды. 42 м қашықтықта оңтүстікке қарай үшінші үлкен оба орналасқан – ол осы тізбекте тонаушылардан аман қалған оба. Оның диаметрі – 23,70 м, биіктігі – 2,6 м. Оба № 4 – ең ірі, оның диаметрі – 25 м, биіктігі – 2,8 м, ол № 3 обасынан 24 м шақырымда оңтүстікке қарай орналасқан. Оған тонаушылардың қолы жеткен, мұны үйменің үстіндегі тереңдігі 1,20 м ұңғыма дәлелдейді. Ең оңтүстік оба – бесінші, ол тізбекті аяқтайды, одан 12 м қашықтықта № 4 оба орналасқан. Пішіні жалпқан бұл жер үйіндісінің биіктігі – 1,3 м, диаметрі – 28,20 м. тізбектің жалпы ұзындығы – 216 м.

Нұра және Есіл өзендерінің жайылымдарында, әсіресе олардың жоғарғы ағыстарында ежелгі көшпенділердің ескерткіштері орналасқан, ол ерте кезде жайылымдықты және көптеген көшпелі тайпалардың жиналған орны болған. «Ботақара» атауымен белгілі осы заманның ескерткіштерінің бірі Қарағанды облысы Тельман ауданы Сенокосный кентіндегі Нұра өзенінің сол жағасынан екі шақырымдық жерде орналасқан. Жер үйіндісі түріндегі обаның пішіні сопақша, ол солтүстіктен оңтүстікке созылған. Ол оңтүстік-шығыс жағынан шеттері ашық терең ормен қоршалған. Өзінің конфигурациясы бойынша оба қарағаштікіне ұқсас. Сопақшаның ұзындығы – 47,7 м, ені – 41,1 м, обаның биіктігі – 3,86 м. Бір шетінен екінші шетіне дейінгі ордың ұзындығы шамамен – 150 м, тереңдігі – 1,60 м. Көрсетілген өлшемдер Ботақара обасы – Орталық Қазақстандағы ең ірі обалардың бірі екендігін дәлелдейді.

Үлкен тас үйінділерінің арасында колхоз фермасынан 4 шақырым оңтүстік-шығысқа қарай орналасқан «Сарыоба» обасы бөлек тұр. Биіктігі – 2,5 м, ал диаметрі – 26 м болатын тастардан құралған бұл топырақ үйіндісінің пішіні – домалақ.

Көскініне қарағанда бұл ескерткіштің салынған уақыты ежелгі көшпенділер дәуірінің соңы, жаңа эраның басы.

Кейде елеулі қашықтыққа (250 м) созылған «сәулелі» обалар – ғылым үшін өте қызықты дерек.

Құлан-Өтпес өзенінің оң жағасында, Комсомол атындағы колхоз мекенінен 5 шақырым оңтүстік-шығысқа қарай және Ізенді шатқалынан 4 шақырым шығысқа қарай «сәулелі» оба орналасқан. Оба ұзындығы – 0,30 м, ені – 0,15 м тас блоктардан құралған. Оның биіктігі шамамен – 1,5 м, диаметрі – 12 м. Обада бес қатар етіп қойылған тастардан екі айырылатын «сәулесі» (жолдары) бар, олардың ұшы кіші көлемді тас үйіндісімен аяқталады. Әр қаламаның ені шамамен 1,00 м. Оңтүстік «сәулені» ұзындығы (батыс ұшынан кіші шығыс обаға дейінгі аралық) – 198 м, солтүстік – 200 м, шығыс ұштарының арақашықтығы – 150 м. Оба алыстан көрінеді. Осы жерде тағы екі топырақ үймесі бар, жоғарыда суреттелген обадан 20 м оңтүстік-шығысқа қарай, ал үшіншісі – одан 25 шақырым солтүстікке қарай орналасқан. Кейінірек, осы жерде «сәулелі» обаға жақын жерде орналасқан көптеген ұсақ топырақ үйінділерінің бар екендігі анықталды.

«Сәулелі» обалар Құлан-Өтпес өзенінің солтүстік бөлігінде, фермадан 2 шақырым солтүстік-батысқа қарай жерде ашылды. Олар пішіні дұрыс емес жартылай шеңбер түрінде оңтүстіктен солтүстікке қараған жазықтықта орналасқан. Тізбекте бір-бірінен арақашықтығы 15-тен 40 м-ге дейін болатын 5 тас үйінді орналасқан. Үлкен обалардың біреуі алаңның орта бөлігінде орналасқан, оның диаметрі – 14 м, биіктігі – 0,65 м. Екіншісі, анағұрлым ірісі соңғысынан 8 м батысқа қарай орналасқан, оның биіктігі – 0,70 м, диаметрі – 16,0 м. Қалған кіші обалар тізбектің оңтүстік және солтүстік жағында орналасқан. Ортадағы



«Бесоба» қанаттас обасы, өз. Өлеңті.

үйінділерден ені – 0,80 м, ұштары шығысқа қараған сәуле тәрізді екі тас қалама өтеді. Солтүстік қаламаның ұзындығы 52 м, оңтүстік бөлігі – 50 м. Кіші тас үйінділермен аяқталатын шығыс ұштарының арасындағы аралық – 45 м. Соңғы үйінділердің диаметрлері – 5,4-5,5 м, биіктігі – 0,30 м.

Шет ауданының Қарасай өзені аңғарында ежелгі көшпенділер обаларының бірнеше топтары орналасқан. Біз «сәулелі» үш үймелі тас обадан құралған бір топты қаздық. Үш обаның арасынан ең ірісі – солтүстікте орналасқан, оның диаметрі 12,5 м, пішіні домалақ, үстіңгі жағы тегіс. Одан 13,5 м оңтүстік-батысқа қарай дәл сондай пішінді оба орналасқан, оның диаметрі 10,6 м. Соңғысынан оңтүстік-шығысқа қарай негізгі оба орналасқан, оның диаметрі 11,7 м. Обадан шығысқа қарай үш қатар етіп тастан тұрғызылған екі айырылған «сәуле» өтеді. Олардың арақашықтығы 7,2 м. «Сәулелердің» басында және соңында кішкентай тас үймелері бар. Оңтүстік «сәуленің» ұзынды – 100 м, ені – 2 м, «сәуленің» басындағы үйменің ұзындығы – 6,5 м, соңында – 8 м. Обалар мен «сәулелердің» арақашықтығы – 55 м, шығыс ұштары арасындағы қашықтық – 84 м, «сәуле» майысқан жерінен – 105 м.

«Сәулелі» обалар Нұра өзенінің жоғарғы ағысында, Сиезтөбе шатқалында, Шешенқара тауынан солтүстік-шығысқа қарай бірнеше шақырым жерде орналасқан.

Корпетай (Қарағанды облысы Коунрад ауданы) тауының тау алды жазықтығында орналасқан Қанаттас кешені обалардың арасындағы ең ерекшесі болып келеді. Қанаттас кешені үш бөліктен тұрады: сыртқы қорым, обаның өзі және қабірге апаратын ұзындығы 300 м дәліз түріндегі екі тас жол немесе «сәуле». Бүкіл кешен бірнеше мыңдаған шаршы метрді алып жатыр. Жолдың екі шығыс ұшының арасы – 150 м. Кешен алаңының батыс бөлігінде жерге тігінен қазылып көмілген үлкен тас бағаналар орналасқан. Айналыра салынған қорымның ортасында екі тас үйінді орналасқан, оның бірінің астында тайпа баспасы, ал екіншісінде аты (жылқы) көмілген. Оба үйіндісін екі рет үзілген, айналдыра салынған тас қаламасы орайды, оның бірі – обаның солтүстік-шығысында, екіншісі – оңтүстік-шығысында орналасқан. Қорғаныс қабырғалардың қақпасына ұқсас үзіктер қорымның сыртынан да жақсы көрінеді.

Бегазы және Тоқырауын өзендерінің құйылысынан 5

шақырым солтүстікке қарай қисық шеңбер түрінде аумақты алып жатқан бес обадан құралған топ орналасқан. Оңтүстік оба біршама шетте орналасқан. Осы кешенге екі ирек сызығымен өтетін тас «сәулелер» және орталық үймелердің батыс және шығыс жағында орналасқан тас тақталардан құралған биік қорымдар кіреді.

Ұлытаудың солтүстік баурайында, Өрезайыр шатқалының жанында ОҚАЭ-мен алты обадан (тас үйме) құралған топ зерттелді, олардың арасында батыс жақта орналасқан екі үлкен оба ерекшеленіп тұр. Обалардың диаметрі 10 м, биіктігі – 1 м, олардың арақашықтығы – 10 м. Обаның жан-жағынан екі кішкентай оба орналасқан, олардан шығысқа қарай екі тас «сәуле» өтеді. Оңтүстік ұзындығы – 126 м, солтүстік – 140 м. «Сәулелердің» ұшында диаметрі 8 м, бір обадан орналасқан, олардың арақашықтығы – 100 м.

«Сәулелі» және тас мүсіндері бар обалар Атасу өзенінің аңғарында Ақсай деп аталатын елдімекенде, Айшырақтан 15 шақырым солтүстік-батысқа қарай орналасқан. Обаның батыс жағында екі биік менгір орналасқан, ол обамен байланыспаған. Обаның шығыс жақ бөлігінде кіші оба орналасқан, оның астында ат көмілген. Үлкен обаның диаметрі – 12 м, биіктігі 0,75 м. Обаның солтүстік жағынан биіктігі 3 м тас мүсін тұрған. Біз оны жерде жатқан күйінде тауып алдық. Обаны қазу кезінде үңгір табылды, ол кейінгі ғұн заманына (б.з.б. IV-V ғ.) тән.

Ғұн тайпасының одақтары ыдырай бастаған кезде тарихи аренаға қыпшақтар аяқ басады. Қуниктің, Аристовтың, Маркварттың, В.В. Бартольдтың, Хирттың, Иностранцеваның зерттеулері осындай қорытындыға келеді, ал А.Н. Бернштам оларды б.з.б. III ғасырға жатқызды.

Әдебиеттерде Орталық Қазақстанның қыпшақтары б.з. VI ғасырынан белгілі. Осы заманнан бастап бұл этникалық атау Орхон жазбаларында⁶³ және қыпшақ тайпасының Батыс-дугласс қағанатының құрамына енгені жөнінде қытай хроникасында кездеседі. Ежелгі этностардың бірі ретінде, қыпшақтар туралы Рашид-ад-дин⁶⁴, Абулғазин⁶⁵, Хафиз Тыныш жазған. Қыпшақтар ежелгі оғыздар, қарлұқтар және ұйғырлар сияқты VI-X ғғ. басым тарихи роль ойнады⁶⁶. Орта Азияны арабтар басып алғанда және Батыс-Түрік қағанаты құлаған кезде (VIII-X ғғ.) қыпшақтар Торғай даласынан Ертіске дейінгі аумақта жеке одақ құрған.

Кимактар (қыпшақтар) өз ішінде басым* және немек деп екі руға бөлініп, Ертіс жағасында, Сарысу және Есіл өө. бассейндерінде қоныстанды, қырғыздардың батыс жақ көршілері болды.

Қыпшақ обалары бар кешенде әдетте тас мүсіндер кездеседі.

1955 жылы Бесоба (Қарқаралы ауданы) кешеніндегі обаларды қазу кезінде жерлеу камерасының солтүстік сыртқы қабырғасынан 70 см тереңдікте обаның ортасында басы батысқа қарай бұрылған тас мүсін табылды. Бұл мүсін ұсақ түйіршікті қызғылт граниттен жасалған, оның анағұрлым кейінгі тас мүсіндерден айырмашылығы схемалылығы және қарапайымдылығы. Бұл олжалар обаларды қыпшақ заманына жатқызуға мүмкіндік береді.

Ақоба обасының жер үймесі Торғай облысының Терісаққан өзенінің аңғарында орналасқан. Оба жоспарының пішіні домалақ, диаметрі – 37 м, биіктігі – 6 м. Обаның жайпақ шеттері дөңес және ортаның биігіне қарай біртіндеп көтерілген. Обаны қазу кезінде қыпшақ заманына тиісті екі ересек адамның және бір баланың жерленген орны табылды. Осы аңғарда төрт кіші топырақ оба және «сәулелі» бір оба орналасқан.

«Сәулелі» және стеласы бар обалар тобы Беғазы тауының солтүстік баурайынан алыс емес Жиішкө өзенінің аңғарында



«Мұртты» қанаттас обасы кешенінің сызбасы.

*Басым — қазақ руы бөсентейін, қазіргі уақытта Павлодар облысының негізгі халқы құрайды. Семиярқтен Омбы облысының шекарасына дейінгі Ертіс жағасының аумағын алып жатыр.⁶⁸

орналасқан. Топ үлкен обалардан және екі жәшіктен тұрады. Обалардан «сәуле» түріндегі тас қалама өтеді. Үлкен оба аланның батыс бөлігін, жәшіктер — шығыс бөлігін алып жатыр. Жәшіктердің шығыс шеттерінде бір биік стеладан тұр. Стелалардың беті тегіс, олардың жоғарғы жағы бет-әлпеті анық көрінетін адамның басы түрінде өңделген. Стелада Орхон жазбаларын еске салатын белгілер бейнеленген. Кешендердің алыптығы қоғамдағы теңсіздіктің күшеюін көрсетеді, өйткені бұл ескерткіш ақсүйектердің құрметіне тұрғызылған. Белгілеріне қарап, ескерткішті Түрік қағанатының құрамына енген қыпшақтардың тайпалық одағының қалыптасу кезіне жатқызуға болады.

Бес обасы мен стеласы бар өзгеше кешен Коурад ауданының ортасында, Ақтоғайдан 40 шақырым солтүстікке қарай, Тоқырауын өзенінің жоғарғы баурайында Былқылдақ қойнауында орналасқан. Обалар биік террасада жарты шеңбер болып, әр аланның ішінде орналасқан. Бұл көшпенділердің дәстүрлі құрылысы. Ескерткіштің өзгешілігін тас үйме құрайды. Оның басқа үймелерден өзгешелігі мұндағы тастар белгілі бір жүйемен орналасқан. Ең үлкен обаның диаметрі – 16 м және биіктігі – 1,2 м. Одан шығысқа қарай төрт қырлы тас блоктардан салынған екі майысқан «сәуле» өтеді. Оңтүстік «сәуленің» шығыс ұшында (оның ұзындығы – 72 м) биіктігі – 2,2 м, ені – 0,6 м жақсы тегістелген стела өтеді. Дәл осындай стелалар обалардың батыс жағында орналасқан. Біз оларды жартылай құлаған күйінде тауып алдық. Олар жер бетіне тек 80-90 см-ге шығып тұрды. Бұл стелалар Орталық Қазақстанның бүкіл аймағында кездесетін тас мүсіндердің түпнұсқасы болып табылады.

Құлан-Өтпес өзенінің оң жағалауының биік жерлерінде, Комсомол атындағы сүт фермасынан 5-8 шақырым оңтүстік-шығысқа қарай обалар тізбегі тексерілді. Тізбек батыстан шығысқа қарай созылып жатыр және өзінің батыс ұшымен Құлан-Өтпес өзенінің оң жағасының жайылма алқабына тіреледі. Өлшемі анағұрлым ірі обалар бірінен соң бірі 200-500 метр қашықтықта орналасқан тас үйінділерді құрайды. Комсомол атындағы колхоз мекенінен 6-8 шақырым шығысқа қарай солтүстіктен оңтүстікке қарай орналасқан төбелер тізбегі орналасқан. Осы төбелердің биік жерлерінде тас үйінділер өте

көп, олардың арасында алып «Қараоба» обасы ерекше көрінеді. Оның биіктігі – 2,8 м, диаметрі – 28 м. Оба гранит тақталарынан салынған және орта тұсындағы биік жері шошақ. Обалар маңында тік тақталардан тұрғызылған қорым бар. Тақталардың кейбірі адамның бет-әлпеті әлсіз көрінетін мүсін түрінде өңделген. «Қараоба» түріндегі обалар қыпшақ заманына (VI-X ғғ.) тән. Бұл обаның осы замандағы ескі ескерткіштердің қатарына жататындығы анық.

Ұлытаудың солтүстік жазықтығында обалар тобы орналасқан. Орталық обада сұр граниттен жасалынған «тас әйел» жатты. Тас мүсін кеудесі анық көрінетін, қарны үлкен және жамбасы кең жалаңаш әйелдің мүсінін бейнеледі. Бас бөлігі болған жоқ. Сақталған бөлікте ешқандай бітімдері жоқ жайпақ бет болды. Мүсін орналасқан үйменің ортасында терең тонаушылар ұңғымасы болды. Үйменің диаметрі – 25 м, оның биіктігі тексеру кезінде 0,5 м құраған. Үйменің оңтүстік-батыс жағынан тағы бір кіші үйме өтеді. Негізгі үймеден шығысқа қарай ірі жалпақ тастардан жасалған екі айрылатын «сәулелер» өтеді. «Сәулелердің» ені шамамен бір метр. Оң жақтағы «сәуле» негізгі үймеден бастылып, ұзындығы 116 метрге жетеді, ал сол жақтағы үймеден 5 метр жерден басталады және оның ұзындығы – 130 метр. «Сәулелер» шығыс жақ ұштарының арасы 80 метр. «Сәулелердің» арасындағы алаңда бірнеше тас үймелер болған. Жергілікті тұрғындар бізге обалардың бірін қазу кезінде табылған тас мүсінді берді.

Ежелгі көшпенділерден кейінгі оба құрылысының келесі кезеңі кейінгі көшпенділермен байланысты.

ОҚАЭ-мен Төртқара күмбезінен 3 шақырым, Жанғабыл тау өзенінің жоғарғы террасасында орналасқан кейінгі көшпенділердің обалар тобы табылды. Осы өзеннің оң жағасының бойында Ұлытаудан Атбасарға қарай ескі данғыл жол өтті, ал 8 шақырым оңтүстікке қарай — Ұлытау-Ақмешіт орналасқан. Мұнда Ұлытаудың солтүстік және солтүстік-батыс етегінде көптеген тас үймелер бар. Қазып алынған обалардың бірі құрбандыққа шалынған қой сүйектерінің ізі қалған кенотаф болып шықты.

Осы Жанғабыл тобындағы басқа обаларды зерттеу кезінде шамандық әдет-ғұрыппен байланысты кейбір ерекшеліктер табылды. Осы обаның құрылысында үйменің ортасында гранит

тақталарынан тұрғызылған – соляр шеңберінің бейнесі салынған. Соляр шеңберінің бейнесі обаның жанында тұрған тас мүсінде де кездеседі. Үшінші обада адаммен бірге оның аты көмілген. Қазылған обалардың диаметрі – 8,0-9,0 м, тас қабаттың биіктігі – 0,5-0,6 м. Жерлеу камералары тік бұрышты тас тақталардан тұрғызылған, ұзындығы – 1,8-2,3 м, ені – 0,9-1,1 м және тереңдігі – 0,6 м. Осы обалар тобының уақытын көрсететін аспектінің бірі пішіні VI-VIII ғасырларға тән - керексурлер. Осы тектес керексурлер Алтай мен Енисейдің материалдары бойынша С.В. Киселевпен және Л.А. Евтоховпен суреттелген.⁶⁹

Әдетте таулы аудандарда шоғырланған ежелгі көшпенділердің ескерткіштеріне қырымен қойылған тақталардан салынған төрт қырлы қорымдар жатады. Әдетте қорымның шығыс жағында тұратын тас мүсіндер осындай қорымдардың тұрақты серігі болып табылады. Мүсіндердің беті шығысқа қараған. Бұл тамдар түрістер дәуіріне (VI-VIII ғғ.) тиісті.

Ұлытау ауданындағы Жақсы-Арғанат тауында, Атбасар данғыл жолынан алыс емес жерде бір-біріне жақын орналасқан он шақты қорымдар бар. Өкінішке орай, тас мүсіндер қорымдардың барлығында сақталған жоқ. Көбінесе Ұлытаудан Атбасарға өтетін керуен жолының жанында орналасқан қорымдар заңа шеккен. Түнгі немесе күндізгі аялдайтын орындарда тас мүсіндер және тақталар жарылып, оттың астына пайдаланылған. Біз оттың ізі бар тас мүсіннің бөлігін тауып алдық. Арғанат тау жотасының ең басты нүктесі – Мық тауының солтүстік-шығыс етегінде орналасқан қорымдар толықтай бұзылған.

Кейінгі көшпенділер дәуіріне «Бесоба» атауымен белгілі обалар жатады, олар Қарағанды қаласынан 46 шақырым батысқа қарай, кішкентай Соқыр өзенінің Нұр өзеніне құйылысында, жергілікті халық «Жартас» деп атайтын жерде орналасқан. Жартылай сфера тәрізді бес жер обасынан құралған тізбек солтүстіктен оңтүстікке қарай созылған, оның ұзындығы шамамен – 125 м. Тізбекте диаметрі – 18 м, биіктігі – 1,4 м топырақ обасы ортада тұр, оның екі жағында оң және сол жақ қанатын құрайтын екі-екі обадан орналасқан. Солтүстік жағында кішкентай обалар, оңтүстік жағында – ірі обалар орналасқан. Соңғы солтүстік обаның диаметрі – 12 м, биіктігі – 1,12 м, соңғы оңтүстік оба тізбектегі ең ірісі болып табылады, диаметрі – 3,4 м, биіктігі – 3,6 м.

Оңтүстік обаны қазу кезінде бізбен Ұлытау ауданында зерттелген шикі кірпіштен жасалған кейінгі-қыпшақ камераларына ұқсастығы бар жерлеу камерасынан ер адамның қаңқасы табылды, оның қасында қару-жарақтар – болат қылыш, садақ және темір жебе салынған қорамсақ, сондай-ақ, ат әбзелдері және күміс бақырлар жатты. Жылқының бай құрал-жабдықтары аттың жерленген орындары бар половец-қыпшақ обаларынан табылды.⁷⁹ Біз зерттеген оба XIII ғасырға тиісті және кейінгі қыпшақ заманына дәл келеді.

Жартас тобының обалары – кейінші қыпшақ жерлеу орындары феодалдық таптың ұзақ уақыт тұрақтануын көрсетеді. Обалар 2 және 3 жерлеу тұрыптары ортақ болған және осы үрдістің бастапқы фазасына дәл келеді. Обалар 4 және 5 кемелденген, тіпті исламның ықпалында болған феодализмнің бітімдері байқалады. Одан табылған заттар исламға дейінгі көшпенділердің жерлеу орындарына жатады.

Қазақстанның аумағында таралған обалар, тақталы қорымдардың пішіні әр түрлі және әдет-тұрыптары ұқсас, ежелгі көшпелі қоғамның, оның тұрмыс-тіршілігін суреттейтін аспектілері байқалады. Ескерткіштердің ерекшелігі, олардан табылған материалдық мәдениет заттары ежелгі қайнар көздерінен алынған деректермен қосылып, олардың уақытын дәл анықтауға және осы ескерткіштерді бүгінгі Қазақстан аумағында мекендеген тайпалардың тарихына және мәдениетіне орайластыруға мүмкіндік береді. Бұл ескерткіштерді ары қарай зерттеу көшпелі мәдениет жөнінде білімізді толықтырып, тайпалардың этногенезіне байланысты көптеген мәселелерді анықтауға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер (I және II бөлім бойынша)

1. Драверт П. Грот с писаницей на озере Джасыбай в окрестностях Баян-Аула. ИЗСТО. Т.VII, Омск, 1930.
2. Кривцова-Гракова О.А. Алексеевское поселение и могильник. Труды ГИМ. Вып. XVII. М., 1948.
3. Ильина М. Древние типы жилищ Закавказья. М., 1946.
4. Киселев С.В. Древняя история Южной Сибири. М., 1950. С. 357.
5. Грязнов М.П. Памятники карасукского этапа в Центральном Казахстане. СА. LXVI, 1952.
6. Грязнов М.П. Боярская писаница. ПИМК. 1933, №7-8. С.41.
7. Блаватский В.Д. Искусство Северного Причерноморья античной эпохи. М., 1947. С.43.
8. Маргулан А.Х. Бегазы-Дандыбаевская культура Центрального Казахстана. Алма-Ата, 1979. С. 165.
9. Кривцова-Гракова О.А. Указ.соч.
10. Маргулан А.Х. Указ.соч. С. 163-164.
11. Там же. С. 261.
12. Там же. С. 164.
13. Там же. С.184.
14. Там же. С.191.
15. Там же. С.194.
16. Там же. С.196.
17. Там же. С.198.Ш6.
18. Там же. С.215 Кар.
19. Там же. С.225 Тб.
20. Там же. С.233 Дж.
21. Валиханов Ч.Ч. Собр.соч. Т.III. Алма-Ата, 1965. С.36.
22. Маргулан А.Х. Указ. соч. С. 275.
23. Там же. С.26.
24. Там же. С.55.
25. Там же. С.33.
26. Киселев С.В. Указ. соч. С.102.
27. Маргулан А.Х. Указ. соч. С.101.
28. Там же. С.112.
29. Марр Н.Я. Чуваши-афетиды на Волге. Чебоксары, 1926.

30. Маргулан А.Х. Указ. соч. С.70.
31. Там же. С.81.
32. Там же. С.86, 90, 92, 97.
33. Киселев С.В. Указ. соч. С. 186.
34. Блаватский В.Д. Указ. соч. С.43, рис.19.
35. Плино Киртани. История монголов. Перевод А. Маленна. С.7.
36. Дестулис Г.С. Сказания Приска Понтийского. Ученые записки, II отд. АН Кн. VII, вып. I. СПб., 1861.
37. Маркс К., Энгельс Ф. Избранные произведения. Т.II. С.295.
38. Григорьев Г.В. Келесская степь в археологическом отношении. Известия АН КазССР. Серия археол. Вып. I. Алма-Ата, 1948. С.57.
39. Толстов С.П. Древний Хорезм. М., 1948. С.258.
40. Там же.
41. Россия. Т. VIII. С. 138.
42. Маркс К., Энгельс Ф. Указ. соч. С.93.
43. Баженов Л.В. Древние авторы о Средней Азии. Ташкент, 1940. С.24.
44. Там же. С.61.
45. Тереножкин А.И. Холм Ак-Тепе. Труды Института истории и археологии АН УЗССР. Т.I. Ташкент, 1948.
46. Баженов Л.В. Указ. соч. С.24.
47. Бернштам А.Н. Памятники старины Таласской долины. Алма-Ата, 1941. С.13; Григорьев В.Г. Келесская степь в археологическом отношении. Известия АН КазССР. Серия археолог., вып. III. Алма-Ата, 1948. С.57.
48. Археологические и этнографические работы Хорезмской экспедиции 1949-1953. М., 1958. С. 235-237.
49. Толстов С.П. По древним дельтам Окса и Яксарта. М., 1962. С. 139.
50. Там же. С.136.
51. Жиров Е.В. Об искусственной деформации головы. КСИ-ИМК. VIII вып. 1940; Бернштам А.Н. Кенкольский могильник. Л., 1940.
52. Рашид-ад-дин. Сборник летописей. ТВО. Ч.V. СПб., 1858. С.17.
53. Там же. С.7-8.
54. Там же. С.12-13; Его же. Сборник летописей. Т.I, кн.1. М.-Л., 1952. С.80.
55. Бернштам А.Н. Памятники старины Таласской долины. Алма-Ата, 1941. С. 12.
56. Байпаков К.М., Ермакович Л. Б. Древние города Казахстана. Алма-Ата, 1971. С.58-61.
57. Дикаев А.А. Легенда о великане по прозвищу Алаңгасар-Алиф. Протоколы заседания Туркестанского кружка любителей археологии. 1908-1909, XIII. С. 20-24; Его же. Рассказ о Алаңгасар-Алифе. ЗВО, т. XI. С.292-297; Его же. Алаңгасар Алиф туралы әңгіме. Рукописный фонд ЦНБ, папка 1162, лл.146-148.
58. Толстов С.П. Древний Хорезм. С.20.
59. Записки саратовского купца Я.П.Жаркова о киргизах. Библиотека для чтения. 1852. Т. СХV. №9. С.25.
60. Миллер Ф. История Сибири. Т.I. 1939. С. 367.
61. Бичурин Н.Я. Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. М., 1950. Ч.II. С.184.
62. Там же. С.152.
63. Там же. С.258.
64. Бичурин Н.Я. Указ. соч. Ч.III. С.22.
65. Там же. С.61.
66. Воеводский М., Грязнов М.П. К истории усуней. ВДИ. 1938, №3. С.158.
67. Махмуд Кашгарский. Извлечения из «Диван лугат ат-турк». МИТТ. Т.I. С.309.
68. Козырев И.В. ИАК. Вып. XVI.
69. Бичурин Н.Я. Указ. соч. Ч. III. С.183.
70. Ахитов К.А. Курган Иссык. М., 1978.
71. Бернштам А.Н. Кенкольский могильник. Л., 1940. С.15.
72. Жиров Е.В. Указ. соч.; Бернштам А.Н. Указ. соч. ЖС. 1916, вып. II-III. С. 57.
73. Генс Г.Ф. Замечания о древностях в Киргиз-кайсацкой степи. СВ. 1822, ч. XX, кн.10-12. С.146.
74. Спасский Г.И. Древности Сибири. СВ. СПб., 1818, ч. I. С.148-149.
75. Исмагулов О.И. Черепа из курганов с каменными выкладками (Центральный Казахстан). В сб. «По следам древних культур Казахстана» Алма-Ата, 1970. С.251.
76. Козырев И.В. Указ. соч. С.2.
77. Маргулан А.Х. Отчет о работах Центрально-Казахстанской археологической экспедиции 1947 года. Известия АН Каз.ССР. Серия археолог. 1949, вып. 2. С.6.
78. Бернштам А.Н. Основные этапы культуры Семиречья и Тянь-Шаня. СА. XI. 1949. С.362.
79. Там же.

80. Рашид-ад-дин. Сборник летописей. Т. I. Кн. I. М.-Л., 1952. С. 84.
81. Абулгази. Родословное древо тюрков. Перевод и предисловие Г.С. Саблукова. Казань, 1906.
82. Радлов В.В. К вопросу об уйгурах. СПб., 1893. С.25, 34.
83. Бартольд В.В. Киргизы. Фрунзе. 1927. С. 20
84. Потанин Г.Н. Казак-киргизские и алтайские предания, легенды.
85. Киселев С.В., Евтюхова Л.А. Отчет о работах Саяно-Алтайской археологической экспедиции в 1935 г. Труды ГИМ. Вып. XVI. М., 1941.
86. Маргулян А.Х. Раскопки погребения воина XIV века в долине реки Нуры. Труды ИИАЭ АН Каз.ССР. Археология. Алма-Ата, 1959. Т.7.
87. Городцов В.А. Результаты археологических исследований в Бахмутском уезде. Труды XIII археологического съезда. С.271-273; Его же. Типы погребений печенегов, торков, половцев. Труды XIII археологического съезда С.142. Спицын А.А. Курганы киевских торков и берендеев. ЗАО. Т.ХI. 1899; Его же. Кочевнический курган близ города Юрьева Польского. ИАК. Вып. 15. 1905; Крицова-Гракова О.А. Погребения подних кочевников из раскопок в Оренбургском уезде летом 1927 г. Труды секции РАНИОН. IV, 1929.

III Бөлім

ОРТА ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ СӘУЛЕТІ. ҚОНЫСТАР, ҚАЛАЛАР, КЕСЕНЕЛЕР

Феодализмнің туындап, дамуы шартында Қазақстанның сәулет және құрылыс ісінің даму тарихын төрт кезең бөлуге болады: VI-IX ғғ. – ерте феодализм, X-XII ғғ. – дамыған феодалдық қатынастардың орнығуы, XIII-XIV ғғ. – монғолдардың басып алуы және XV-XVIII ғғ. – кейінгі орта ғасыр. Қазақстанның ұлттық сәулетінде осы кезеңдер өзінің жетістіктерімен белгілі.

Қалалардың және құрылыс өнерінің дамуы X-XII ғасырларда өзінің шарықтау шегіне жетеді. Осы уақытта қалалық қоныстардың саны ғана емес, сонымен қатар сәулет өнерінде және сәндеу өнерінде сапалы кадам жасалуы байқалады. Қазақстанда қала мәдениетінің өсуі көп салалы шаруашылықпен, дамыған феодалдық қатынастардың орнығуымен және исламның келуімен негізделген. Қарахандықтардың әулетінен шыққан ақсүйектер исламды басты идеологиялық тірек ретінде қабылдап, Оңтүстік Қазақстанда және Жетісуда өзінің басымдығын көрсетеді. Қарахан мемлекетінің қалаларында - Баласағұнда, Таразда, Отырарда, Сайрамда, Баба-Атада және т.б. феодалдық қажеттіліктер сәйкес сәулет композицияларының және құрылыс әдістерінің жаңа пішіндері пайда болады. Бұл цитадельдері мен рабадтары бар, бірқатар қоғамдық және діни ғимараттар – мінәреттері, сардоб, керуен-сарайлары, күзет мұнарасы және фортификациялық құрылыстары бар қамалмен қоршалған қалалар. Осы дәуірде Қазақстанда Жүсіп Баласағұнның «Құдатту білік» және Махмұд Қашқаридің «Түрік тілдерінің сөздігі» атты алғашқы әдеби ескерткіштер пайда болады.

Сырдарияда, Жетісуда, Маңғыстауда жүргізілген археологиялық зерттеулер орта ғасырлық сәулетшілік ескерткіштерінің ашылуына әкелді. Осы зерттеулердің нәтижелері А.Ю. Якубовскийдің (Сығанақ), М.Е. Массонның (Түркістан), А.Н. Бернштамның (орта ғасырлық Тараз), С.П. Толстовтың (Сырдарияның төменгі бойы және Арал теңізінің жағалауы),

Қ.А. Ақышевтің, К.М. Байпақовтың, Е.Б.Ерзаковичтің (Отырар, Жетісу) еңбектерінде жазылған.

Көптеген сәулет ескерткіштердің және қоныстардың іздері Торғай және Ұлытау далаларынан, Нұра, Сарысу, Кеңгір өзендерінің аңғарларында және т.б. орналасқан. Н.П. Рычков, Х.М. Френ, И.П. Фальк, П.С. Паллас, И.С. Георги, И.П. Шангин, Г.И. Спасский, Г.Ф. Генс, А.И. Левшин, А.И. Шренк, М.М. Иванов, Э.Н. Эйхвальд және т.б. өз еңбектерінде осылай деп жазған. Академик Х.М. Френ былай жазған: «Многочисленные памятники далекого прошлого, каменные гробницы, усыпальницы с надписями скульптурами весьма часто встречаются на всем протяжении Южной Сибири, на Ишиме, Иртыше, Енисее, на озере Зайсан»¹. Белгілі бір пішін жасалып күйдірілген кірпіштен тұрғызылған ғимараттар жөнінде, исламға дейінгі замандағы ерекше ескерткіштер туралы Г.Ф. Генс жазған². Бұл ескерткіштер Ұлытаудан Ертіске дейінгі, Қорғалжын көлінен Сырдарияға дейінгі кең-байтақ кеңістікте кездеседі. «Всякий исторический процесс для него [казахского народа] не прошел незамечным, — деп жазды Я.Я. Полферов ... Памятники прошлого многое скажут пытливому уму об исторической жизни степи и прольют свет на социально-духовные явления прошлого»³.

ЖАҢА ЗАМАННЫҢ ҚҰРЫЛЫС ТӘСІЛДЕРІ

Келесі ғасырлардың құрылыс өнеріне негіз болған жаңа құрылыс тәсілдері Х-ХІІ ғасырларда Оңтүстік Қазақстанда қалыптасты. Кеңес ғалымдарымен бірнеше рет Х-ХІІ ғасырлар — «были эпохой чрезвычайного развития строительного искусства в Средней Азии и Южном Казахстане» деп айтылды⁴. Сол заманның сәулет өнеріндегі ең бастысы — жаңа идеялардың пайда болып, олар сарайлардың, собор мешіттерінің, күмбездердің, сардобтардың, медреселердің, керуен-сарайлардың, феодалдық қамалдардың безендірілуінен және олардың құрылымдарынан байқалды.

Бетше босағаны жасаумен қатар тропштардың, көп қырлы

* Бетше босаға, дін ғимарат композицияларының басты элементі ретінде құрылыстың алдыңғы қабырғаларын бөліп көрсету негізінде тұндалды.

барабандардың және күмбездердің тропш жиектерінен тұратын ғимараттың құрылымдық бөлігі қарқынды дами бастайды. Күмбездер, сүйірлі аркалар, қуыстар және тас үңгілер үлкен өнермен жасала бастады, олардың сәндік және құрылымдық маңызы болған. Орта ғасырлардағы құрылыстардың архитектурникасын «желкенді» күмбездер құрайды.

Х-ХІ ғасырлардан бастап Оңтүстік және Орталық Қазақстанда кесенелерді салу кезінде күйдірілген кірпіш негізгі құрылыс материалы болып табылды. Осы кезде төрт бұрышты кірпіштер көп тарала бастайды. Мемориалдық сәулет ескерткіштерінде төрт бұрыш, үшбұрыш, ромб, шыршалы өрнек түрінде кірпіштерді қалау әдісімен ажарландыру элементтері пайда болады, ол үшін бедерлі кірпіштер және кесілген терракота қолданылған. Ғимараттарды кірпішпен сәндеу қалау кезінде аса мұқияттылықты қажет етті.

Осы заманда галереясы бар екі қабатты ғимараттар пайда болады. Жоғарғы беті ганч ерітіндідегі байланысқан тақталар қатарымен қапталған жарты сфералы күмбездер көп қырлы немесе пішіні басқа барабандарға сүйенді. Осы құрылым пішіндер үйлесімінің аяқтау нысаны болды.

Сәулеттік сәндеудің бір элементі — түрлі тұрмыстық, аңшылық, соғыс көріністерін, мәйіттің өмірінен эпизодтарды бейнелейтін суреттерді қабырғаға салу. Ежелгі қабырға суреті Кеңгір өзенінің кесенесінде бейіт тақтасында сақталған, қару-жарақтарымен және атымен тұрған жауынгер бояумен бейнеленген. «Бағана» таңбасының болуы бұл жауынгердің бағаналы руынан шыққандығын дәлелдейді. Кесене қабырғаларындағы суреттер Сырдария, Талас, Шу, Ембі өзендерінің аңғарларынан табылды. Қабырға суреттері Жамбыл облысы Меркі ауданындағы Байтымбет, Жантая кесенелерінен байқалды. Олар киіз үйдің ішкі көрінісін және қазақтар өмірінің тұрмысын бейнелейді.¹⁰

Құрылыс ісінің және сәулеттің дамуы үшін — құрылыс материалы басты мәселе болған. ХІХ ғасырлардағы орыс ғалымдары Н. Богаевскийдің⁵, М. Татаржинскийдің⁶, М.Я. Киттардың⁷, кеңес ғалымы А.Н. Глуховтың⁸ еңбектерінде Қазақстан сәулетінің тарихында алғаш рет құрылыс материалдарының мәселелері жазылған.

Ежелгі заманнан бері Қазақстанда және Орта Азияда тас, саз балшық, сарғыш топырақ, шікі және саманды кірпіш, ағаш,

шым, камыс, сабан, гипс – құрылыс материалдары болған.

Ежелгі орта ғасырда зәулім ескерткіштерді тұрғызу кезінде тас басты құрылыс материалы болған. Осы замандағы қабірлер ишмадан, порфирден, қызыл және жасыл құмдақтан және т.б. салынған. Маңғыстауда, Қу, Дегелең тауларында бұл жағдайда әктас кең пайдаланылды. Атасу өзенінде ақ тастан жасалған құрылыстар кездеседі. Граниттен, сиениттен, диориттен, габбродан жасалған мүсіндер қыпшақ бейіттерінің айнымас бөлігі.

Осы кезде тастан салынған құрылыстармен қатар ғимараттар саз балшықтан, пахсадан және ірі шикі кірпіштерден салына бастайды, ганч* алебастр – жана құрылыс материалдары игеріле бастайды.

Іргетасы мықты болған жағдайда шикі кірпіштен тұрғызылған ғимарат өте берік болған, оны жүз жылдықтар бойы тұрған кейбір қамалдар мен кесенелердің қабырғалары дәлелдейді. Н. Пудовиков: «Дома из сырцового кирпича удобны, теплы, прочны и дешевы», «лучшими строителями жилых домов из сырцового кирпича были казахские мастера»⁹ – деген. Сүттері мол болғандықтан ежелгі малшылар соны шикі кірпіштің және қыш ыдыстардың сапасын жақсартатын құрал ретінде пайдаланған, соның арқасында олар өте мықты болған.**

Күйдірілген кірпіш байырғы күйдірілген батпақ пен шикі кірпішпен қатар кеңінен қолдана бастайды. Ғимараттың іргетасын салу кезінде дәстүрлі құрылыс материалы – тас пайдаланылған, ал ағаштарды байластыру үшін жиде және шов тал қолданылған.

Ежелгі құрылысшылар саз балшықтың илімділігін жақсы білген. Үй-жайларды, қыстауларды салу кезінде шикі саз балшықты кабат-кабат етіп жапсырған. Мұндай ғимараттар – саз балшықты деп аталған. Саз балшықтан қабырғаларды тұрғызу кезінде «пахса» деп аталатын сарғыш топырақ таманша құрылыс материалы болып табылды. Одан салынған молалар

*Ганч – құрамында гипс пен саз балшық бар тас түріндегі таужынысты күйдірудің нәтижесінде алынатын тұтқыр материал.

** Бізбен 1947 жылы зерттелген Нұра өзенінің төменгі бойында, Мартұқ қойнауындағы көне кесененің жоғарғы беті жылтыр болып келеді, ол оның құрамына сүт қосылып жасалған кірпіштен тұрғызылғандығын дәлелдейді.

бірнеше жүз жылдар бойы бұзылмай сақталған. Әсіресе осындай саз балшықтан жасалған күмбездер Балқаш өңірінде және Шығыс Бетпақдала көп. Саз балшықтан салынған ғимараттар бүкіл Орталық Азияда кең таралған.

Саз балшық ерітіндісі – лай, қақ, май қабырғаны шикі кірпіштен тұрғызу кезінде байланыстыру материалы ретінде қолданылған. Көбінесе қабырғалар гипс қосылған саз балшық ерітіндісімен жасалған, ол «ганчхаю» деп аталған.

Саз балшық, сондай-ақ сылақ дайындайтын материал ретінде пайдаланылды. Ол үшін саз балшық ерітіндісіне қамыр сияқты қоймалжың болғанға дейін саман қосылған, оны бір тәулік қойып қойған. Және көбіне саз балшық шаңы мен кішкентай самандарды илеуіштен өткізген. Бұл ерітінді сылақтың бірінші қабаты ретінде пайдаланылды, одан кейін ганчхак, оның үстінен – таза гипстың қабаты өтті, соңғы кабатқа су бүркіп, темір үккішпен тегістеліп отырған.

Ерте орта ғасырдың соңынан бастап кесенелердің (кешен, күмбез) және басқа ғимараттардың қабырғалары шикі кірпіштен салынып, күйдірілген кірпішпен қапталған. Кейде тек қана күйдірілген кірпіштен салынған. Құрылыс ісінде шаршы, үшбұрыш, ромб, шырша түріндегі қоғамдық және мемориалдық ғимараттардың маңдайшаларын бедерлі кірпішпен қалау әдісі кең тарала бастайды. Колонналары, пилондары, ұшқыр аркасы бар бетше босаға (пентаки) түрлі өрнектермен әшекейленді, мысалы, «шым-шыммен» және өрнектелген жиектермен көмкерілді.

Орта ғасырдың сәулет ескерткіштерінде күмбездерді, аркаларды және қабырғаларды нығайту үшін және жапсырма өрнектер мен терракотаны орындау үшін құрылысшылар гипс пен алебастрды (бор) қолданған, соңғысы түсінің ақ болуына байланысты қымбат бағаланды. Гипспен коса алебастр кесенелердің ішкі қабырғаларын сылау үшін қолданылған.


Ағаш «астауда»* немесе жер шұңқырында шикі кірпіш дайындау үшін саз балшықты сумен немесе әк-құмдақ ерітіндісімен белгілі бір қоймалжың болғанға дейін араластырған. Ол үшін өгіздер мен аттар пайдаланылған. Осы қоймалжыңнан шикі кірпіш дайындалған. Кірпіштер мықты болуы үшін ерітін-

* Астаудың ұзындығы шамамен – 30 см, ені – 12 см, қалыңдығы – 8 см болған.

діге сабан, жүн және сүт қосылған, содан кірпіш өте мықты болған. Шикі кірпішті күйдіріп, содан күйдірілген кірпіш шыққан. Күйдірілген кірпіштен ежелгі Түймекент, Жанкент, Созақ қалалары, тамаша Жұбан ананың, Жошы ханның кесенелері және т.б. салынған. Кесенелерден алыс емес кейбір жерлерде кірпіштер күйдірілген пештердің ізі сақталған.

Ағаш сүрегі – Жетісуда, Ертісте, Алтайда, Солтүстік Қазақстанда бірегей құрылыс материалы болып есептелді. Қарағайдан, майқарағайдан және қайыңнан үй-жай салынып, кесенелерді тұрғызу кезінде ағаш сүрегі пайдаланылған. Сырдарияда, Талас және Шу өзендерінің аңғарларында үй-жайлар теректен, жидеден және қарағаштан жасалған аркалықтармен жабылып, жайпақ төбе қамыспен, шөппен, ал ең үсті топырақ араластырылған қимен жабылған. Осы үйлердің төбесі саз балшық ерітіндісімен сыланған. Ағаш материалдарының арасында терек өте мықты болып есептелген.

Жаңа сәулет феодалдардың жаңа талғамы мен идеологиялық қажеттіліктеріне жауап берді. Сол замандағы ескерткіштердің арасында діни және қорғаныс ғимараттары, қамалдар, кесенелер, собор және басқа да мешіттер, сондай-ақ керуен-сарайлар, сардобтар, моншалар және т.б. көп кездеседі. XI-XII ғғ. ескерткіштері арасында сақталып қалғаны аз, және олардың көбісі уақыт өте келе бұзылған.



Кірпіш күйдіретін пештің графикалық суреті.

ҚЫСТАУ, АУЛА, ҚОРА ЖӘНЕ ШОШАЛА

Ежелгі заманда қазақтармен жалғастырылған жерді ұтымды пайдалану дәстүрі қалыптасқан. Сонда жер аймақтарға бөлінген: қыстау, қыстақ (қысқы қоныс), жайлау (жазғы тұрақтар), күзеу (күзгі тұрақтар).¹¹ Қазақтар қыстауда қазаннан бастап сәуірге дейін, ал жайлауда – мамыр-шілде, күзеуде – тамыз-қыркүйек айларында қоныстанған.

Қыстау үшін жер таңдау кезінде, ежелгі замандағы сияқты, далалықтар басым желдерден қорғайтын төмпешікті жайылымдықтарды таңдай отырып, елдімекеннің топографиясын ұтымды пайдаланған. Қыстау етіп таңдалынған жерлердің табиғат байлығы орыс ғалымдарымен де айтылған. Тау-далалы ландшафт қыстау үшін анағұрлым оңтайлы жерлер болған. Таулы аймақтар далалықтардың өздерін және олардың малдарын қатты аяздар мен борандардан қорғаған.


XIX ғасырдың ортасында жартылай көшпелі шаруашылықтарды зерттеген П. Медведевский мынаны байқаған: қоныс орнату үшін далалықтар желден қорғалған жерлерді іздеген, отынды және мал үшін мол жем-шөп алу үшін қыстаулардың жанында ыңғайлы су айдындары болуы керек. «Киргизские землянки разбросаны по степи по одиночке, или по несколько вместе; в обоих случаях, – деп жазды П.Медведевский, – поселение носит название аул. В ауле от 2 до 8 жилищ». «Выбирая местность, защищенную от ветров, казах имеет в виду не столько личные удобства, сколько удобства для скота».¹² Басқа автор: «Каждый кыстау с обособленным участками, с пастбищами, сенокосными угодьями и колодцами считался собственностью владельцев кыстау».¹³

Қыстау (кыстақ) – қоршауы болған қысқы қоныстың атауы. «Границы каждой зимовки обозначаются обыкновенно природными знаками, как то: речкой, озером, лоциной, горкой; если же для определения границ не представляется природных удобств, тогда ставится большой камень или другие [знаки] замечательные предметы, которые, конечно, каждому из киргиз хорошо известны. Границы зимовок были издавна распределены»¹⁴ – деп белгісіз автор жазған. Қоршаудың ең қарапайым түрі – ішінде мал қамайтын қашасы бар қамыстан, саз балшықтан, шарбақтан шеңбер немесе төрт бұрыш етіп жасалған қоршау.

Қыстау жанындағы қарапайым қорымдар ежелгі орта ғасырда «аула» деп аталды. Ауланың ішінде киіз үй, шошапа орналасқан, кең ашық алаңда табын тұрған. Қыстаудың жоспары үнемі бір максатты көздеген – басты байлық ретінде қоғамдық табынды қорғау болған. Ауланың қорымы домалақ, сопақ, кейде тік бұрышты пішінді болған, қыстаудың кіре берісі оңтүстікке немесе оңтүстік-шығысқа қарап тұрған. Орта ғасырлық аула қорымының конфигурациясын сырт пішіні Қазақстанның көптеген аударында сақталған ойпаңдар береді. Осындай ойпаңдар Қаратау тау алдындағы Күлтөбеде, Сырдария бассейнінде, Жетісуда, Ұлытау тауының төңірегінде (Нөгербек-Дарасы, Қаратон, Орда-қонғай), Сарысу, Есіл, Нұра өзендерінің айдындарында, Қарқаралы және Баянауыл тауларында байқалады. Тарбағатайда және Алтайда орта ғасырлық тас қорымдар аулалардың іздері «керген-тас» деп аталды.¹² Ауласы бар қыстауларда тек қысқы уақытта өмір сүрген, ал жазғы уақытта оның тұрғындары жазғы жайылымдықтарға көшкен. Қазақстанның аумағында осындай қыстаулар үлкен тарихи кезеңде – кейінгі қола дәуірінен біздің заманымызға дейін болған.

Аула қорымдардың дені феодалдық соғыс кезінде және жоңғарлар шапқыншылығы (1723-1728 жж.) кезінде бұзылған. Өсіресе, Оңтүстік Қазақстанның жартылай көшпелі қоныстары көбірек бұзылғаны XIX ғасырда Қазақстан аумағында топографиялық түсірілім жүргізген орыс кен инженерлерімен байқалды. Осы жайлы жазбалар Н.П. Рычковтың, И. Германның, И.П. Шангиннің, С.Б. Броневскийдің, Нифантьевтің және т.б. күнделіктерінде кездеседі.

Жайлаудан-жайлауға көшіп-қону барысында әр ауыл жыл сайын өткен жылы өздері болған жерлерге қайта орналасқан.¹⁶ Ескі, көп жылдық тұрақтарды қазақтар «ескі жұрт» деп атаған. «Жұрт» деген сөзінің мағынасы – бір орында көптеген адамдардың жиналуы, оның негізгі ұғымы – халық, қоғам. Жазғы тұрақ киіз үйдің ізі туған елді, туған жерді білдірген нышан. Бұл сөздің заңды мағынасы да бар, бұрын болған жерде ізі сақталған орында немдену, яғни жұрт – бұл жазғы тұрақ үшін орнықты орын. Орта ғасырларда әр бек – феодалдың өзінің киіз үйі (журты) болған. Туыстық қатынасы бар бірнеше ауыл



Жайлау. Жұрт – киіз үйдің тұрақты орны.

орналасқан жер, басқа ешкімнің құқығы жоқ ұжымның меншігі болған.

«Қотан» деген көне сөз Орта Азия халықтарының қолданысында кездеседі және әр мағына білдіреді. Қазақтарда ол – қасқырлардың шабуылынан қорғайтын мал қамайтын қашаны білдірген.

Феодалдық қоғамның қалыптасуымен қыстаулардың жанында мұнарасы – «қамалы» бар саз балшық немесе тас қабырғалар тұрғызыла басталды, оларды айнала топырақ ойпаңы қазылды. Қамалдың ішінде тайпа басшысы өз отбасымен және жақын адамдарымен бірге тұрған цитадель салынды. Феодалдық таптың нығаюымен қамалдармен бірге фортификациялық құрылыстар және қамалдан жоғары тұрған биік мұнаралар салына бастайды. Қорған сөзінен бұрынқары әскери бекіністер болған қалалар мен ірі қоныстар өз атауларына ие болды: Ақ-Қорған, Қызыл-Қорған, Қорған-төбе және т.б. Кейінгі орта ғасырда осы бекіністердің кейбірі феодалдық қожайындардың резиденциясы және ордаларына айналды.

Мойынты өзенінің жоғарғы бойында, Егінді-бұлақ қойнауында орналасқан мықты қамал түріндегі орта ғасырлық

бекіністер топограф Нифантьевпен суреттелді: «Игин-булак – огромный курган [крепость] из глины, укрепление с многочисленными бойницами. Построен для отвращения нападения врага».¹⁷

Орта ғасырлық нығайтылған қоныс-қыстаудың топографиясы жөнінде қызықты мәліметтерді Орталық Қазақстанда жұмыс істеген генерал С.Б. Броневскийдің жазбаларынан, «окружных приказов», (1822-1830 жж.) байқаймыз. Оның жазбаларында мынадай жазулар бар: «В окрестностях Каркаралинских гор и на равнинах у реки Нура много каменных укреплений в виде эллипса; они суть большие и малые, но фигурно одни другим совершенно подобны. Все они развалились до основания. При входе у стен были по две круглые башни, на середине двора были врыты толстые каменные плиты для стрельбы из-за оных».¹⁸ Бұл жерде «қамал» жөнінде сөз болып отыр. Броневский, басқа да авторлар сияқты қазақтардың атауымен олардың пайда болуын қалмақтармен байланыстырады.¹⁹ Шын мәнінде бұл құрылымдар қалмақтарға дейін пайда болған. Бекініс қоршау – қамалдардың пайда болуы қалмақтардың тарихымен байланысты емес, олар қалмақтардан бұрын ерте пайда болған. Қазақтар оларды тек сақтық себебінен қалмақтармен байланыстырады, өйткені исламның келуімен бұрынғы қазақ мәдениеті мәжусилер сияқты қуғындала бастайды. 1508 жылы Шайбани ханмен қолданған кертартпашыл мұсылмандық діни қауым «алдамшы» халық ретінде қазақтарға қарсы арнайы қасиетті соғыс туралы «фетва» шешімін шығарады, бұл қазақтарды ғасырлар бойы құрылып келген барлығынан бас тартуға мәжбүр етті, исламға дейінгі кезеңдегі сәулет ескерткіштері ислам ықпалына көнбеген қалмақтардың ескерткіштері болып есептелді.

Сонымен қатар Нифантьев пен Броневский суреттеген атыс ойығы жөніндегі мәселеге тоқталып өткен жөн. Осы авторлар жазған ескерткіштер соғыс болмаған аудандарда орналасқан. Қазақ ханы мен шайбанидтер арасындағы феодалдық соғыс кезінде қалмақтар Сырдария, Талас өзендерінің жағасында, Қарағай және Ұлытау тауларында өтті. Осы жерлерде Қасым ханмен, Бұрындықпен, Хақназар ханмен салынған фортификациялық мұнаралары бар қамалдар қатарының қалдықтары сақталған.

Нифантьев пен Броневский суреттеген қамалдардағы

амбразуралар құрылыс ісінің дәстүрімен байланысты. Олар көбінесе қазақтар бейіттерінің қабырғаларында кездеседі. Бұл ойықтар жайылып жүрген малдың және үй жануарларының басты жауы – қасқырларды бақылап жүру үшін жасаған.

Жартылай отырықшы қыстаулар орта ғасырларда аула және қора (кура) деп атала бастайды. Бұл кезде аула сөзінің мағынасы кеңейгені байқалады, оның ұғымы қорымнан қыстауға дейінгі аралық дегенді білдіреді. Олардың арасындағы айырмашылық мынада, аулаға киіз үйлер, арбалар, шошалалар ғана емес, сондай-ақ мал қамайтын қаша сыйған, сондықтан қорадан қарағанда ауланың көлемі үлкен болды.

«Қора» сөзі «аула» сөзі сияқты – қорғау мағынасын береді. «Қора» сөзінің қорымның қарапайым түрі – «қоршау» сөзінің және қорғаныс қабырғасы бар қамал – «қорған» сөзінің түбірі бір.

Қора (кура) – қоршауы бар және ішкі алаңы ашық қыстау орта ғасырларда пайда болады. Осындай қоныстар жөнінде Темір сарайының тарихшысы Ұлытауға жорығында бірге болған Шараф ад-дин Әли Йазди алғаш рет хабарлайды. Йазки қоршауды «қурья» деп айтады. Ол: «Для Тимура устроили куры ... и внутри них воздвигли высокие шатры и палатки», – деп жазады.²¹ Йазидің айтуынша «қурья» [қора] дала өкілдерінің, ақсүйектердің, ірі мал ұстаушылардың шатырлары, киіз үйлері, арба-үйлері тұрған қоршалған аумақты білдірген. Қора тек жануар көліктері – салт аттар мен түйелерге ғана арналған. Ірі бай қазақтар «қой ауыл» деп аталатын зәйімкеде, шалғай жерде өз малдарын ұстаған.

Бізбен зерттелген Кеңгір өзеніндегі ойпаң Йазди суреттеген қораның (қурья, кура) сипатын береді. Бәлкім, бұл жерде Темірдің ордасы болған. Денгі Қыпшаққа жорығында (1391 жыл) ол Сарысу өзенінде ұзақ тоқтап, құландарды атқаны әдебиет қайнарларынан белгілі.

«Қораның» екі түрі бар: «ашық қора» және «жабық қора». Ашық қора Қазақстанның оңтүстік аудандарына тән. Тұрғын жайлар әдетте оның оңтүстік бөлігінде, ал шаруашылық жайлары – солтүстікте, ортасында ашық аула болған, онда тұрғын жайға жақын шошала орнатылған.²²

Жабық қора ауа-райы қатты солтүстік аудандарда кең таралған және онда мал ұстайтын қаша, тұрғын жай мен

шаруашылық қосарлана салынған жайлар орналасқан.

Орталық және Солтүстік Қазақстанда – ауа-райы қатты аймақтарда қорымдар, бұрынғы замандағы сияқты тастан, шикі кірпіштен немесе шымнан тұрғызылған. Қарқаралының жанындағы алыш қорым туралы М.Красовский былай жазды: «К югу от селения тянется стена довольно значительной высоты, в иных местах около 5 аршин и толщиной 2 аршина. Отсутствие башен и пристроек, огромное пространство, занимаемое стеной, указывает на то, что внутри огороженной площади сгонялся скот».²³ Тас қорымдар кей жерлерде бүкіл қойнау арқылы бір жартастан екінші жартасқа өткен. Кейбір ғалымдар осы тас үйінділерінің адам қолының ісі екендігіне күмән келтіреді. Осындай қорымдар жабайы аң аулау кезінде оны қамау үшін жасалған деген пікір бар.

Қазақстанның солтүстік және шығыс аудандарында қорымды ағаштан (шақа), шетеннен немесе қамыстың жуан бумасынан жасаған, осыдан шом-қора деген атау пайда болған.* Жабьқ қоралардың төбесі жазық болған, ол қола дәуіріндегі сияқты ағаш бағаналармен тірелген.

Қамыстан жасалған қорымдар қазақтар өз жерлерінен қуғындалып Арал теңізі, Каспий маңы, қамысы көп келдердің жағасында қоныстанған «Ақтабан шұбырынды» кезінде кең тарала бастайды.

XIX ғасырда Оңтүстік Қазақстанда және Жетісуда экономикалық және саяси шарттардың өзгеруіне байланысты қорымдарды көбінесе қамыс пен шетеннен жасай бастады. Қазақстан туралы еңбегінің белгілі авторы А.К.Гейнс Қазақстанның оңтүстік аудандарындағы қыстауларға барып, былай деген: «Зимовка состоит из большой скирды сена, запаса кизяка и просторного загона для скота, сделанного из тростника и обложенного землею. Все это обнесено плотной изгородью из тростника. В середине оставлено место для юрты. Когда грянут холода, юрта будет перенесена сюда и снизу обсыпана снегом или землею. Скирда сена, гора кизяка и загон, охватывающие с трех сторон юрту, будут охранять ее от ветра и буранов».²⁴

Қыстау ішкі жағында малды қамуға арналған қашасы бар



Шетеннен тоқылған қорым.

ашық алаң «аула» қорымынан қорасында тұрғын жайлар мен шаруашылық жайлары салынған қыстауларға дейінгі эволюциядан өтеді. Қыстаулардың бұл түрі бүкіл Қазақстанда кездеседі.

XIX ғасырдың ортасында жаңа шаруашылық шарттарында, орыс дәстүрінің ықпалымен тастан, шикі кірпіштен, шымнан, ағаштан, күйдірілген кірпіштен (Торғай, Ұлытау және Атбасар аудандары) жасалған шаруашылық жайлары бар қораларды салу идеясы кеңінен таралады. Ең ірі шаруашылық ғимарат қысқы уақытта малды тасалауға арналған. Қазақтардың малдарына қаншалықты қамқор болғандығын В. Шно жазды: «Хотя постройка и распланировка двора отличаются замечательной целесообразностью и пониманием потребностей скота, но скотный навес киргиз делает непосредственно над входом в свое человеческое жилище. Этим жилище свое изолировал от притока свежего воздуха».²⁵

Тұрғын жайлар шымнан – шым үй, шикі кірпіштен – там үй, ағаштан – ағаш-үй тұрғызылды. Жабьқ аулалардың жазық төбесін ағаш бағана – аша, бақан, тіреу, сондай-ақ қалденен мәтке – арқалық және сырғауыл ұстап тұрған. П. Медведский: «Казахские жилища складываются из нежженного кирпича и представляют собой невысокие домики с плоскою крышей из камыша, тальника в смеси с глиною, или же ... из досок и обы-

* Шом, шомбал – қамыс, жуан деген мағынаны білдіреді.

пается землею... Самый домик внутри вымазан глиною», – деп жазған.²⁴

Шаруашылық жай етхана немесе еттіктен және жас малды ұстайтын – үйшік және т.б. қоймалардан құралған. Үй иесінің дәулетіне қарай қорада мал тұратын әр түрлі жайлар болған: қой қора (қонтора), сиыр қора, ат қора, сондай-ақ ауыз қора – тұрғын жайды мал тұратын жайдан бөлетін дәліз, қойма – жазғы киіз үйлерді және түрлі мүкәммалды сақтауға арналған орын, қый қора – тезек сақтайтын орын, шолан т.с.с. олардың барлығы бір шатырдың астында болған. Өрт қауіпсіздігі үшін аран, пішен қора және қырман оқшау орналасқан.

Орта ғасырларда шопала өз мәнін жоғалтпайды. Қаратаудан Шу, Сарысу өзендерінің төменгі ағысынан солтүстікке Петорпавлға, Омбыға, Тарбағатай мен Алтайға дейін таралу себебі, оның құрылысының қарапайымдылығы. Шопала өзінің саз балшықтан және шетенмен қапталған қабырғаларымен кедейлер үшін әбден жарамды қысқы үй-жай болған.

«Шопала» сөзінің синонимі ретінде Орталық және Солтүстік Шығыс Қазақстанда «қаратам» сөзі пайдаланылады, ол «қара, ысталған қосарлана салынған жай» болып аударылады. Шу өзенінің аңғарында және Қаратау тау алдында кең таралған шопаланың басқа синонимі «ошақ» және «мор» – түгін, ыс мағынасын беретін сөздерден құралған «морошақ» сөзі қолданылған. Осыдан «морлау» – етті ыстау сөзі шыққан. «Қаратам» және «морошақ» сөздері «шопала» сөзінің синонимі ретінде шопаланың үй-жай ретінде ежелгі заманнан бері қолданылған мағынасы өзгерген уақытта осы жерлерде пайда болды. Ол ұзақ уақыт сақталуы үшін етті ыстайтын асүй ошағы түсінігін берген. Оны шопала шаруашылық қосарлана салынған жайлар кешеніне енетін қазақтар қыстауларының тарихи топографиясы дәлелдейді.

Бір қызығы ғылыми әдебиетте шопала туралы мәлімет аз. Біршама қысқа, бірақ нақты мәліметтерді біз қазақтардың тыныс-тіршілігін зерттеген В.Шнзден көреміз, ол шопала сөзіне – «чучело» деген транскрипциясын береді. Шнз: «чучело ... жилие, не отличающееся однако ни теплотой, ни сравнительным удобством и по виду похоже на летнюю войлочную юрту киргиза».²⁵ Шопаланың ортасындағы ошақтың түрі қола дәуіріндегі үй-жайлардағы ошақтарға ұқсас: «Посредине чучелы выка-



1



2

Сырымбет ауылы, Көкшетау облысы. 1-2. төртбұрышты шопала.



3



4

Сырымбет ауылы, Көкшетау облысы. 3-4 – бесбұрышты шовшала.

пывается продольная, с отвесными боками ямы, куда кладутся дрова, – деп жазды Шнэ, – устанавливается или непосредственно на краях ямы казан [чугунный котел] или на треножнике – тагане».²¹ Сонымен қатар Шнэ шовшаладағы оттың үздіксіз жағылғандығын айтады: «Горит неугасаемый огонь: в чучелах он поддерживается толстыми сырыми древесными пнями и усиливается по надобности подкладываемыми мелкими дровами и хворостом. Отопление юрт осенью до перехода в зимовки,



1



2

Шовшала. Омск облысы. 1-қораның жанынан қарағандағы көрінісі; 2-сыртқы көрінісі.*

отопление чучелы и кошей в течение не менее семи месяцев – отопление непрерывное».²⁰

XIX ғасырдың ортасынан бастап, тұрғындардың әлді тобы шаруашылық жайлары бар қораларды сала бастаған кезде, құрылымы жағынан аз өзгерген шовшала өзінің ежелгі атауын (шовшала – «онақ үстіндегі конус»), ежелгі күмбезді үй-жайдың

*Проф. Г. Мұсабаевтың түсірген суреттері бойынша берілді.



Шошала. Шошаланың төбесі ішкі жағынан.



Жер үйдің қорасы және шошала. Сырымбет.

және ошақтың пішінін сақтай отырып, батрактардың үй-жайы бола тұра ас үй мағынасына не бола бастайды.³⁰ Жабық қорада – шошала тұрғын және шаруашылық қосарлана салынған жайлардың арасында алаңның ортасын иемденген. Бұл жер «ескі жұрт» деп аталады. Қоралардың салына басталуы себебінен шошаланың қабырғалары бұрынғыдай көрінбейді, тек оның пирамидалы күмбезі бүкіл ауладан биік тұрған.

Шошала сияқты қазақтардың – жер үйлерін жарық күмбездің саңылауынан түскен. Ол үшін төбеде үйдің жазық шатырының үстінен биік тұрған және көпіршіктеніп қапталған кішкентай пирамидалы күмбезі бар алып-салмалы тік бұрышты жақтау орналасқан.

Қазақ шошалаларының кейбір түрлері ежелгі алтайлықтардың үй-жайлары «жер ұйық» – XIX ғасырға дейін болған жер үйлердің құрылымына ұқсас болған, бұл кездейсоқ емес, өйткені екеуі де ежелгі күмбезді үй-жайдың бір түпнұсқасынан бастау алады. Біздің байқалуымызша, қазақ үй-жайлары түп тамырымен ежелгі дәуірлердің бітімдерін сақтаған. Бір элементті қысқы үй-жай «шошаланың» таралуы құрылымының қарапайымдылығына байланысты шатырлық тұрпатты үй-жай құрылысы дәстүрінің тұрақтылығымен түсіндіріледі.

Құрылыс ісінің дамуына байланысты шошала біртіндеп өзінің алғашқы мәнін жоғалтып, шаруашылық жай қызметін атқаратын болады.

Құрылыс ісінде және бүгінгі таңда қолданылатын ежелгі замандарда пайда болған терминдер бар: «там тұрғызу», «там көтеру», ірге, қабырға, еңсе, үй еңсесі, төбе, арқалық, белдік, үйдің оғы, сақы, еден, терезе және т.б.

Қазақ ұлттық стиліндегі тұрғын үй құрылыстары шикі кірпіштен, күйдірілген кірпіштен, кейде тастан жасалған. Мұса Шорманов қазақ шеберлері (үйші) туралы жазған, олардың арасында үй шебері, қалақшы, сылақшы, ағаш ұсталары болған.³¹ Қазақ тілінде «там» сөзі сақталған: «там үй» – шикі кірпіштен салынған үй, «қызыл там» – күйдірілген кірпіштен салынған үй.* Тұрғын үйлер бірнеше жайлардан тұрған: «қонақ үй», «ас үй», «қазандық». Төбесі жазық және терезесі бар үй-жай оңтүстікке қараған. Тұрғын жайлардың қасбеттері қарапайым сәнделген.

Оңтүстік Қазақстандағы стационарлық үй-жайлардың негізгі түрлері С. Жолдасбаевпен зерттелген және суреттелген.³² Оңтүстік Қазақстандағы тұрғын үй қосарлана салынған жайлар құрылысының материалына қарай әр түрлі аталған: кепе, жерүй, қаратам, тамүй, ағашүй. XV-XVIII ғасырлардағы қазақтардың стационарлық үй-жайларының құрылымдары және сипаты екі

* Ұлытау және Торғай далаларында күйдірілген кірпіштен салынған үйлер бар: XIX ғасырдың бірінші жартысында салынған Сарысу өзеніндегі Жандәулет үйі, қасбеті күйдірілген кірпіштен бедерлі қаламамен өрнектелген Сарыкентір өзеніндегі Айранбай үйі, Сарыторғай өзеніндегі күйдірілген кірпіштен салынған Алыс және Қараторғай өзеніндегі Майқы үйлері өзінің ірлігімен және бұрыштарындағы кішкентай мұнараларымен қамалдарды еске салады.

түрге бөлінген: жерге батырылып орналасқан – жертелелер және жартылай жертелелер және жер үстіндегі құрылыстар. Жертелелердің тереңдігі 1,5 м-ден 2 м-ге дейін, жартылай жертелелердікі – 60-70 см. Осы үй-жайлардың жоспары тік бұрыш немесе шеңбер. Жертелелердің төбесі жер деңгейінде орналасты, жартылай жертелелердің төбесі жердің бетіне 1-1,5 м шығып тұрды. Осы екі жағдайда да негізгі арқалық екі немес үш тік тұрған бағаналарға орнықты. Арқалыққа бір ұшымен жартылай жертелелердің шетіне тірелген сырғауыл қойылды. Тік бұрышты үй-жайлардың төбесі екі еңіс, ал домалақ үй-жайлардың төбесі шошала болған. Осындай үй-жайлардың қалдықтары Ақтас мешіт қонысында және Сауран маңында зерттелген.²⁵ Біз суреттеген жер үсті стационарлық үй-жайлар – шошала. Кейбір аудандарда шошала «тошала» деп аталды. Осы суреттелген үй-жай түрлерінің туындауы түбірімен қола дәуіріне тиісті.

1849 жылғы М.Я. Киттардың «Саяка хана Внутренней Киргизской Орды» мақаласында Жәңгір ханның Каспий теңізі жағасында 1826 жылы құрылыс бастап, Жаңа 1828 жылы қоныс тойын жасаған ордасы жөнінде жазады. Хан үйінен басқа қызметшілер үшін үйлер салынған. Кейбір сұлтандар Жәңгір ханға қарап осы жерге қоныстанған. 1846 жылы жазда ұзын өзегімен батыстан шығысқа қарай орналасқан ордада 89 үй болған. Үйлердің орналасуы орамдар мен көшелерді құраған.

Ханның үйі ағаштан салынып, сыланып, төбесі жасыл түсті темір төбемен жабылған және жаңбыр ағатын құбыр болған. Үйдің әсем маңдайшасының ортасында кішкентай террасаға өтетін есік болған. Террасаның үстінен алты ақ колоннамен тіреліп тұрған мезонин балқоны болған. Хан сарайының бағида пішіні крест тәрізді әдемі орда ғимараты – мешіт болған. Шаруашылық ауласы тақтай шарбақпен қоршалған. Осы жерде шаруашылық қызмет болған, ал ауланың сыртқы бөлігінде малға арналған жай орналасқан.

Еуропа стилінде салынған хан үйін суреттей отырып, Киттара кедейлердің үйлері – «тас» үйлер жөнінде жазады. Бұл үйлер тас деп жай аталған. Каспий өңіріндегі үйлер тастың болмауы себебінен әжептәуір шөп қосылып, саз балшықтан дайындалған шикі кірпіштен салынды. Осындай үй-жайдың төбесі қабырғаларды тіреп тұрған жұқа сырғауылдар негіз

ретінде салынған саз балшықпен жапсырылған кірпіштерден жасалған. Осындай үй тек бір ғана бөлмеден тұрған.²⁴

Кіші жүз қазақтарының үй-жайлары А.Н. Глуховпен зерттелген және суреттелген. Үй-жайдың қарапайым түрі тереңдігі 1,5 метрге жететін жартылай жертеле, ол аласа топырақ ойпаңымен дөңгелектене қоршалған. Осындай үй-жайлардан басқа кірпіш ретінде кесіліп, тақта тастан, шымнан жасалатын құрылыстар кездеседі. Саман кірпіш сонда да ең көп таралған материал болып табылады, ол тер төгуді қажет еткен, бірақ одан, мықты және салыстырмалы түрде көп жыл тұратын үй-жай тұрғызылған.²³

Жартылай жертеле түріндегі үй-жайларды салу кезінде құлап қалмауы үшін оның қабырғалары ішке қарай еңіс орналасатындай етіп ор қазылады. Шым кірпіштен қабырға тұрғызу кезінде жабысуын арттыру үшін кірпіш шөпті қабатымен төмен қаратып қойылған. Тақта тас қаламасы саз балшықпен цементтеледі.²⁶ Жабынды ұстап тұру үшін ғимараттың орталық өзегі бойымен ағаш бағаналар «бақандар» олардың ұштары қабырға үстінен 20-30 см биік тұратын етіп қойылады, нәтижесінде екі еңіс төбе пайда болады.²⁷

Жабынды ұстап тұрған ағаш бағаналар, тастан жасалған қабырғалар, алып-салмалы терезелер, шұңқыр-қоймалар және ауланың ішінен тастармен қапталған құдықтар түбірімен қола дәуірінің құрылыс мәдениетінің дәстүрлерінен бастау алатын архаикалық қазақ құрылымдарын дәлелдейді.

Қыстау саз балшықтан (топырақ қорған), тастан (тас-қорған), шикі кірпіштен, пахсадан және қамыстан (дуал), шетеннен, ағаштан (шақа) салынған аула ішіндегі кең кеңістік, мұнда мал ұстайтын қора, үй-жай, шаруашылық қосарлана салынған жайлар және тастармен қаланған құдықтары бар ашық аула болған. XVIII ғасырдың басында жоңғарлармен өздерінің тұрақты жерлерінен қуғындалған қазақтар Аралдың жағасында, Телі-көл, Қорғалжын көлдерінің жағасында, Ақсақыл-Барби²⁸ көлінің Торғай даласында, Солтүстік Каспий өңірінің жағасында қоныстана басталған және көп уақыт бойы қолда бар материал – қамыстан қорым жасалды. Осындай қорымдардың қалыңдығы бірнеше метрге жеткен (Аманбайдуал), оларды шөп-қора деп атаған.

Д.Л. Львович өзінің байқағандарымен бөліседі: «Подожли

мы к деревушке... смотрим, какие тут дома есть. Смотрим, да дивуемся. Избушки из дерна состроены. Нарезан дерн в болоте, вроде как кирпичи, да домины из него складены. Дырочки в стенах понаделаны, кругом будто двор стеной обнесен, а никого нет. А это киргизские зимовки. В них киргизы летом не живут. Они с весны как закатятся в степь, так только к зиме возвращаются. Киргизу на одном месте стоять нельзя, потому-что у него скотины много».⁴⁰

Солтүстік далаларда қыстауларды тас пен кірпіштен салу жалғаса берді. Геологист Ю.А. Шмид: «В долине Сары-Су на расстоянии 360 верст были размещены 19 киргизских зимовок [қыстау], в Акмолинском уезде – 9, в Атбасарском уезде всего 28, расположенных друг от друга с интервалом 12-15 верст».⁴¹ Ғалым кірпіштен жасалған үйлер жайлы жазып отыр (Бөтештің, Құнанқараның, Жандәулеттің, Сарғұттың үйлері). Бөтештің үйі Сарысу өзенінің төменгі ағысында орналасқан «в 10 верстах к югу от старинного укрепления Жаман-Курган».⁴² Шикі кірпі-



1



2

Қазақ қыстаулары. 1,2 Сартабан.



3



4



5

Қазақ қыстаулары. 3 Сартабан, 4 Негербек-Дарасы, 5. Терісаққан өзені



XIX-XX ғасырлардағы қазақ үйлері.



1



2

Қазақ үйлері: 1-өз.Қараторғай, Майды үйі, 2-Ұлытау ауданы.



3



4



5

Қазақ үйлері: 3-4-өз.Қаракеңгір, Махат Ерденнің үйі, Қойшықараның үйі, 5-өз.Сарыкеңгір, Айранбайдың үйі.

штен салынған қабырғалары бар қамал түріндегі Сарғұттың үйі Кенгір өзенінің Сарысуға құятын жеріне жақын орналасқан. Оның жанында «Аманбайдуал»* атауымен белгілі Сарғұттың атасы қамалының үйіндігі жатыр.⁴³ Бір жерде әр заманның

* Халықтың аңыз бойынша қамал Абылай ханның замандасы, XVIII ғасырдың бірінші жартысында өмір сүрген Аманбай батырмен салынған.



Құрылысы аяқталмаған тас кірпіштен тұрғызылған жаңа қазақы үй.



Жаңа қазақы үйлердің қорасы және шошаға.

құрылыстарының болуы Аманбай руы осы жерлерде шамамен 250 жыл тұрғандығын дәлелдейді.

Ю.А. Шмидтің суреттеуінше, «по обоим берегам р. Сары-Кенгір тянется целый ряд отдельных киргизских зимовок, удаленных друг от друга не более одной версты».⁴³ Анағұрлым ірі қыстақ Бармақ көне Басқамыр ежелгі қала орнында болған. Кенгір және Қара-Жыланды өзендерінің құйылысында Тобылды және Арыстанбай қыстақтары болған, Нұркетай қыстағы Кенгір және Жезді өзендерінің құйылысында орналасқан.

ОРТА ҒАСЫРЛЫҚ ҚАЗАҚСТАНДА ҚОНЫСТАР МЕН ҚАЛАЛАРДЫҢ ПАЙДА БОЛУ ШАРТТАРЫ

Отырқшы егіншілік пен көшпелі мал шаруашылығы арасындағы қарым-қатынас мәселелері кеңес ғалымдары В.В. Григорьевтің, С.П. Толстовтың, А.Н. Бернштамның, Т.А. Жданконың, А.Х. Марғұланның, Қ.А. Ақышевтің және т.б. ғалымдардың еңбектерінде жазылған.

Көшпелі шаруашылық нақты бір әлеуметтік және табиғи-климаттық шарттарда пайда болды. Қазақстанның дала кеңістігі көшу феномені жаңа эраға дейін пайда болып, екі мыңнан аса жыл өмір сүрген жайлы орын болды. Көшуді ретсіз қозғалыс, хаос ретінде түсінуге болмайды. Бұл нақты аумақ шекарасында (тайпалық, рулық, қауымдық) жайылымдық алқаптарын ұтымды пайдалануға негізделген жүйе.

Қола дәуірінің соңғы кезеңінде байқалған (б.з.б. X-VIII ғғ.) мал шаруашылығының қарқынды дамуы, мал басының өсуі шаруашылық түрінің және Қазақстанның ежелгі тайпаларының тұрмысының өзгеруіне әкелді, алдымен жайлау, ал кейін көшпелі мал шаруашылығына ауысу үшін жайылымдықты дайындаған. Жайылымдық мал шаруашылығының басымдығы бұл шұрайлы жерлерді кеңейтуге негізделген отарлық мал шаруашылығын ұйымдастырудың жаңа үлгісі болған. Мал шаруашылығының табысты өсімі және осы мезгілдегі халық санының көбеюі жаңа жайылымдықтарды игерудің қажеттілігі туындайды.

Бұл дәуір феодалдық қатынастардың тұрақтануымен және дамуымен байланысты терсең әлеуметтік-экономикалық өзгерістермен белгілі. Мал жайылымы үшін анағұрлым ыңғайлы аудандар көшу кезеңінің басында-ақ анықталған еді. Бүкіл көшпелі ақсүйектер өз малдарын жақсы жайылымдықпен қамтамасыз ету үшін шөбі шүйгін жерлерді иеленуге тырысты. Малмен және мал өнімдерімен сауда-саттықты дамыту биліктегілердің байлығын арттырды. Бұл өз кезегінде мал басының өсуіне және жаңа жайылымдықтарды игеруге әкелді.

44а С.П. Толстов Ғұз қалалары. С.85: оның іздерімен ежелгі хорезмдік өркеннет. С.270

Ежелгі малшылардың шаруашылық өмірінде жылдың әр маусымында табиғи және ауа-райыға байланысты жер алқаптарын ұтымды пайдалану қағидаттарына негізделген

жайылымдықтарды маусымдық пайдалану құбылысы байқалды. Нәтижесінде оңтүстік және солтүстік облыстардың арасында Сырдария жағасынан және Қаратау тау алдынан солтүстікке Сарысу және Есіл өзендерінің жайылымдарынан Орталық Қазақстанның жайылымдықтарына меридиан бағытында көшпелі жол өткен. Осы жерде ерте орта ғасырда оғыздар, қыпшақтар және қанлылар өмір сүрген. Қытай жылнамаларының мәліметіне қарағанда қанды тайпаларының жазғы қоныстары қыстауларынан жеті күндік жерде орналасқан. Гардизи «Зей-нуль-Ақбар» шығармасында оңтүстік қалалар мен кимақтар елі арасындағы меридиан жолы жөнінде былай деген: «Что касается пути к кимакам, то из Фараба идут в Янгикент [Жанкент]; на пути из Янгикента в страну кимаков встречаются реку, переправляются через нее и приходят в пески, тюрки называют это место Уюкман [Жеты-Конур]. Дальше приходят к горе Кенд-Ортагы. [Путешественник] идет по берегу все той же реки [Сарысу] среди зелени, травы и деревьев до истока реки; гора высока. После этого поднимаются на гору по узкой тропинке. От горы Кенд-Ортагы приходят к реке Асус [Есиль]; по этой дороге в течении пяти дней на людей совсем не падает свет солнца из-за тени деревьев до самого берега реки Асус».⁴⁵ Ол Сарысу өзенінің арнасынан және оның Арғанат тауынан бастау алатын Қаракенгір тармағы бойымен өткен керуен жолы жайлы жазады. Жол Қаракенгір өзенінің жоғарғы бойынан шатқал арқылы өтіп, Терісакқан өзенінің аңғарына, одан соң Есіл (Асус) өзеніне төмен түседі, одан барып Ертістің төменгі ағысына дейін осы өзен бойына ағады.

Көшпелі және отырықшы шаруашылық түрлерінің үйлесуі ежелгі Қазақстанның қалалары және қоныстары бар шаруашылық және мәдени аудандарының пайда болуына себеп болды. С.П. Толстов: «Возникновение восточных городов... обусловлено именно первым крупным разделением труда – отделением кочевников от земледельцев. Возникающий на этой ступени город, как центр натурального обмена между скотоводами и земледельцами является тем звеном, которое сохраняет внутреннюю связь общества», – деп жазады.⁴⁶

Басқа аудандарға қарағанда Оңтүстік Қазақстанда мал басының көбеюімен қоғамның байлар мен кедейлерге бөліну әлеуметтік үрдісі қарқынды бастайды. Феодалдар таптардың

құрылуы халықтың негізгі тобының жоқшылыққа ұшырауына және көшіп-қонуы үшін малы болмаған жатақтардың пайда болуына әкелді. Дүние-мүлкі жоқ жатақтар отырықшы өмір сүруге мәжбүр болған, олар алғашында аңшылықпен және балық аулаумен күн көрген.

Феодалдық қатынастардың қалыптасу үрдісі қоныстар мен қалаларға жақын жатқан аудандардан тұрғындарының келуіне ықпал етті. Әсіресе VI-VIII ғасырларда Оңтүстік Қазақстанда қолөнер және сауда орталықтары болып табылатын отырықшы қоныстар санының үдемелі өсуі байқалады. Талас және Шу өзендерінің аңғарларында, Сырдарияда, Қаратау, Іле-Алатауы етегінде үш жүзге жуық қоныстар бар. Осы кезде суармалы егіншілік кең құлаш жаяды, оған Сырдария өзенінің жайылымдағы, Талас және Шу өзендерінің аңғарларындағы суару каналдарының және ирра гашиялық құрылыстардың қалдықтары дәлел болады. Жаңа экономикалық шарттар қолөнердің дамуына және айырбастың кенеюіне ықпал етті.

Профессор С.П. Толстов былай жазады: «У... племен, как дотюркского, так и тюркского периода до XI в. доминировало комплексное оседлое или полuosедлое, скотоводческо-рыболовно-земледельческое [культура проса] хозяйство, связанное с наличием укрепленных постоянных поселений – городов, локализующихся у воды, чаще всего в хорошо естественно орошаемых и изобилующих рыбой дельтовых районах, являющихся местами наибольшего тготения степных племен».⁴⁷

Көктем басталысымен феодал-малшылар Сырдария, Талас, Шу өзендерінің жағасынан, Қаратау тау алдынан өздерінің киіз үйлерімен және малдарымен солтүстікке, Орталық Қазақстанның жайылымдарына, Сарысу, Есіл, Нұра, Тобол өзендерінің аңғарларына көшкен. Сарыарканың ауа-райы мен табиғаты малды сақтап, оның өсіп-көбеюіне ықпал етті. Күз басталысымен малшылар оңтүстікке, қысты өткізген өз қыстауларына қайтып оралған. Қызылқұмның алып алқаптары, Арал теңізінің аралдары мен жағалауы, Сарысу, Шу, Арыс өзендерінің төменгі ағыстары, Талас Алатау, Қаратау тау алды, Келес даласы мал үшін қысқы жайылым болды. 1253 жылы қыркүйектің соңында Сарысу даласынан өткен Рубрук оңтүстіктен оралып келе жатқан малшыларды көрген.⁴⁸

Көшпенділер оңтүстіктен Бетпақдала шөлінен жылына екі рет өткен: ерте көктемде және ыстығы қайтқан күзде өткен.

Оңтүстіктен солтүстікке көшудің меридиан жолдары тұрақты болған, олар Бетпақдала арқылы өтті. Баяғыда Бетпақдаланы оңтүстіктен солтүстікке бірнеше жолдар қиып өткені тарихи-топографиялық зерттеулермен анықталды, олардың іздері соқпақ жол, бейіттер және дабыл маяктары (тас белгілер - омака) түріндегі іздері бүгінгі күнге дейін сақталған. Осы жолдардың ішінде Талас аңғарын (Тараз қаласы) Ертістегі қимақ қоныстарымен қосып тұрған ең шығыс жол Бетпақдаланың солтүстік-шығыс шекарасы арқылы («Хан жолы») ары қарай Мойынты – Ақсу – Қарқаралыға өтіп Ертістің жағасына дейін жеткен. Басқа жол Таст-Уванас-Орда-Шағыл-Жаңаарқа (Сарысу өзенінің жоғарғы бойы) маршруты бойынша Түркістан, Созак және Құмкент қарақұм қалаларынан – Нұра өзенінің төменгі бойынан Есіл өзені бойынша қимақтардың шеткі қоныстары орналасқан Ертістің төменгі бойына дейін жеткен. Үшінші жол – ежелгі Отырар мен Сығанақтан өткен, оның тармақтары Жеті-Қоңырда екіге айырылған: біреуі Қараяр-Ұлытау-Торғай, екіншісі – Жиделі-Қоңыр-Аралтөбе-Түгескен-Қайып-Ата-Қарағаш-Қорғалжын бағыты бойынша өткен, одан Есіл бойымен жүріп Ертістің жағасына дейін жеткен. Ыстық жазғы айларда керуендер Телікөл-Белен-Ана (Төбешар)-Жаңа-Қорған-Қараяр (Болған-Ана) – Арал-Төбе-Түгескен-Қайып-ата – Жұбан-ана – Қарағаш-Қорғалжын (Саға) бағытымен Сарысу өзенінің бойымен жүрген. Осы бағытта ежелгі қала орындары, суару каналдарының және сәулет ғимараттарының іздері орналасқан, олардың кейбірі осы күнге дейін сақталған.⁴⁸

Тағы бір керуен жолдарының бірі Сығанақтан және Сарысу өзенінің төменгі бойынан (Телікөл) Оңтүстік Оралға, бұл бұлғарлардың жері болған. Ибн-ал-Асир (XIII ғ.) қыпшақтар туралы былай деген: «Они [қыпшақтар] кочуют летом по соседству с землей болгар, зимою около Баласагуна».⁴⁹ 1253 жылы осы жолмен Созак, Құмкент, Саудакент, Жетісу қалаларынан Рубрук өткен. Бетпақдаланың оның әр ұшымен қиып өткен осы жолдар оңтүстік қалаларын солтүстік облыстарымен байланыстырған.

Меридиандық көшпелі жол жазық даланы кесіп өтетін екі өзен – Сарысу мен Шу өзендерінің жайылымдықтарын мекендеген тайпалардың шаруашылық өмірінде өзіндік ізін қалдырды. Әсіресе мұнда отырықшылық және көшпелі мал шаруашылығының арасында байланыс өте жақсы көрінеді.

Көшпенділердің шаруашылық іс-әрекетімен байланысты меридиан бағытында көшпелі жолдардың болғаны ескі жазбаларда жазылған.⁵¹

Батыс Қазақстанда тұратын адай тайпалары да меридиан бағытында оңтүстіктен солтүстікке, Ойыл арқылы Маңғыстаудан Хобда өзеніне дейін, сондай-ақ Үстірт бойынша көшкен.⁵²

Жетісу және Шығыс Қазақстан қазақтарында Орталық және Батыс Қазақстанның далалары мен шөлейт жерлеріндегі көшпелі мал шаруашылығынан мүлдем басқа жартылай көшпелі – жартылай отырықшылық мал шаруашылығын жүргізу нысаны болған.⁵³ Су және жайылымдықпен еш қиындық көрмейтін осы аудандарда дала және шөлейт аудандарындағы сияқты қысқы жайылымдықтардан жазғы жайылымдықтарға көшу қажеттілігі болған жоқ.

Қ.А. Ақышев былай деген: «В истории развития хозяйственной деятельности в Средней Азии и Казахстане, древнее Семиречье занимает особое место. Его географическая среда обусловила своеобразный путь развития хозяйства саков и усуней. Свообразие состояло в том, что в отличие от районов «классического» земледельческого или кочевого скотоводческого хозяйства здесь скотоводство сочеталось с земледелием, а кочевничество – с полупоселдостью. В Семиречье – горной стране не могло быть многодневных изнурительных переходов с зимних на летние пастбища, как это было в степных и полупустынных районах, например, в Западном и Центральном Казахстане».⁵⁴ Тұрғындар Жетісудың солтүстік аудандарынан Орталық және Батыс Қазақстанда орын алған оңтүстіктен солтүстікке емес, керісінше оңтүстікке, тау жайылымдарына көшкен.⁵⁵ Жетісудың малшылары үшін ұзақ уақыт бойы көшу қажеттілігі болған жоқ. Осы аймақта көптеген табындар Іле Алатауының және Жоңғар Алатауының таулы алқабындағы қоғалда, өзен-көлдердің жағасында жайылды. Жетісудың оңтүстігіндегі тұрғындар өз отарларын қоныстарына және қалаларына жақын бақты.

С.И. Руденконың мәліметтері бойынша, Бұқтырма мен Қара Ертістің жағасында қыстаған наймандар мен керейлер мамырдың соңында көшуді бастап, бір жаққа 60-100 шақырымнан көп өткен жоқ. Өз қыстауларына қазан айына қарай қайтып оралған.⁵⁶

Отырықшы өмір салты құрылыс ісінің қарқынды дамуына ықпал етті. Қоныстар мен қалалардың пайда болуымен егіншілік, қолөнер түрлері мен сауда белсенді дами бастады. Біртұтас, экономикасы бір қоғамдағы еңбек бөлінісі мал өнімдерін, дәнді-дақылдар мен қолөнер бұйымдарын тұрақты түрде сату мен айырбастауға әкелді.

Тарихи әдебиетте көшпенділер мен отырықшы халық арасында қарама-қайшылық болды деген пікір кең таралған. Біз бір нәрсені түсініп алуымыз керек, көшпелі мал шаруашылығы мен отырықшылық егіншілік қоғамның экономикалық негізін құраған. Сондағы айтатынымыз, көшпенділер туралы ұғымдар белгілі түрде шартты екендігін мойындаймыз. Көшуден отырықшылыққа ауысу үдерісі өзара байланысты. Көшпенділер кей кезде қоныстағылар мен қалалықтардың санын толтырып отырықшылық өмір салтына көшкен, ал отырықшы халық мал санын көбейтіп көше бастаған.

Қалалар екі басты шаруашылықты біріктіретін негізгі буын болған. С.П. Толстов: «Своеобразный специфически «городской» облик древней цивилизации среднеазиатских оазисов, несомненно, находит свое объяснение в исключительно крупной роли связи кочевников и земледельцев. Эта роль также ... определяет огромное значение торговли в жизни среднеазиатских полисов при относительно примитивном характере общественной организации и господстве натурально-хозяйственных отношений», — деп жазды.³⁷ Үлкен материалдық фактілерге жүгініп және ізашарлардың зерттеулерін негізге ала отырып, С.П. Толстов көшпелі шаруашылықты орта азиялық қалалардың қалыптасуында шешуші роль ойнаған фактор ретінде суреттейді. «Роль кочевников в формировании среднеазиатского города, в которое оседающие кочевники входят как весьма существенный составной элемент, — деп жазады ол, — может быть прослежена на большом материале».³⁸

Көшпенділер мал өнімдерін тұтынып қана қойған жоқ, оларға қоныстар мен қалаларда шығарылатын өнімдер керек болды. Малшылар малдарын және мал өнімдерін егіншілік өнімдеріне және қолөнер затына тұрақты түрде айырбастап отырған. Салалық шаруашылықтағы қолөнершілердің орны бөлек болды. Олар ат әбзелдерін, киіз, керамикалық, ас үй ыдыстарын және басқа да көптеген заттарды жасаған. Қытай,

византия және сирия қайнар көздеріне сүйенсек, Қазақстанның қойнауынан кен шығару қарқынды жүріп жатқаны белгілі болды.³⁹

XVIII-XIX ғасырлардағы орыс саяхатшыларының айтуынша Сырдарияның төменгі ағысын және Қаратау тау алды мекендеген қазақтар жақсы «егіншілер» болды. XVIII ғасырдағы қазақтардың отырықшы өмір салты жөнінде И.С. Георги былай айтқан: «Киргизы Большой орды живут во всегдашних зимних деревнях, а летом обитают по большей части в тростниковых юртах. Некоторые из них занимаются земледелием».⁴⁰

Жетісудың ақыны Құлмамбет Майкөт ақынмен айтысқанда Үлкен жүздің қазақтарының отырықшы өмірі жайлы айтады:

Қаратаудың қазағы
Тамның артын шөмейткен,
Там мен үйді көбейткен.
Нансыз, асқан еті жоқ
Етін нанмен көбейткен.

Осы туралы ескі мақал да бар:

Ұлы жүз әуелі бастан нанға той,
Алтауды қия алмай алтын қой,
Арыс, Талас, мекен қыл Шудың бойы.

Қазақстанның оңтүстік аудандарының салыстырмалы түрде жұмсақ климаты мал басының сақталуына, көбеюіне және егіншілік мәдениетінің үздіксіз жалғасуына ықпал еткен. Халықтың отырықшы бөлігі Сырдария, Талас, Шу өзендерінің аңғарларындағы, Қаратау тау алдындағы қалалар мен қыстауларда шоғырланды. Осы аудандарда көшпейтін — жатақтар өмір сүрген. Орталық Қазақстанда оның қатты ауарайымен және жұтымен — отырықшылық мәдениет үздіксіз дами алмады, ол қайта жаңғырып, қайта басылып отырды. XIX ғасырдың орыс қайнар көздерінен Орта жүздің қазақтары мал шаруашылығымен, қолөнермен, саудамен және астық өсірумен айналысқаны белгілі. Көкшетау, Көкпекті, Аягөз, Қарқаралы, Ақмола және Баянауыл округтері астық өсірумен көзге түсті. Қазақтар қамтылған қыстақтарда өмір сүрді, суармалы егіншілікпен, шөп шабумен, өзі үшін және сауда үшін жануар ши-

қизатымен өңдеумен, қысқа отын дайындаумен айналысты.⁶¹ Сонымен қатар Старков: «только безвыходная бедность может заставить кайсака обратиться к хлебопашеству, которое он оставляет при малейшей возможности обойтись без него», — деген.⁶²

Қыпшақтардың жартылай отырықшы және отырықшы тұрмысымен «қорұқ», «үй», «көң», «қотан» терминдері байланысты. «Қорұқ» [құрық, қорық] сөздері қабырғамен қоршалған күзетілетін орын, кеңістік деген мағынаны білдіреді.⁶³ Ежелгі үйсіндер мен түрік қағандарының арасында осы сөз осындай мағынада қолданылды. Нәтижесінде Қорұқ сөзі ұрпақтан-ұрпаққа берілетін ханның алшауыт қожалығын білдірді.⁶⁴ Қабырғалардың қалдықтары қалған қорұқты Жетісудан, Орталық және Шығыс Қазақстаннан кездестіруге болады.

Көне «көң»* сөзі Қазақстанның топонимикасында (Жақсы-көң, Жаман-көң өзендері) және бір қақпалы алынбас камал мағынасында (Ергене-көң) тарихи аңыздарда сақталған. Осы сөздің тағы бір мағынасы — тұрақты, бұрынғы орын. Торғай және Алатау далаларында көң сөзі — қыстау сөзінің синонимі болып келеді (мысалы, Амангелді көні).

«Үй» сөздің мағынасы: ел, иелік, үлес, жер, отан, үй. Осылайша, «қыпшақ үйлері» қыпшақтардың елі (жері), «найман үйлері»-наймандардың елі (жері) деген мағынаны береді. Барактың үйі, Орда-Еженнің үйі сөздері «иелігі, үлесі» дегенді білдіреді.

«Қотан» сөзі — жазғы жайылымдардағы тайпалардың бірлестігін білдіреді.

Махмұд Қашқаридің айтуынша, кішкентай ауыл — қышлақ (қыстау, қыстақ)⁶⁵, туралы-йер, ояғлы-йер,⁶⁶ бекініс — сенгир⁶⁷, қала тұрпағындағы қоныстар — кент⁶⁸, кенжек-сенгир — қыпшақ қаласы.⁶⁹

Оғыздар мен қыпшақтардың отырықшы өмір салтын суреттейтін сөздерге В.В. Бартольд нақты тарихи анықтама береді. Ол «ютук», «ятак» жатақтар, отырақ, «қышлак» — қыстаулар деген сөздерге назар аударады. Оның айтуынша, «жатак» сөзі — көшуге

* Бұл сөздің дәлме-дәл мағынасы — бір орында қидың жиналуы, ал екінші мағынасы — аула. Бұл мағынада Торғай және Ұлытау қазақтарында және бүгінгі күндері қолданылады.

шамалары келмейтін отырықшы кедейді білдіреді. Қыстақ тұрғындарының көбісі жайлауға көшіп кеткенде жатақтар егістерге және құрылыстарға не болып қалған. Қыпшақ сөзі «отырақ» — отырған дегенді білдіреді, ал В.В. Бартольд бойынша, ол отырықшылық мағынасын берген.⁷⁰ «Отырақ», «отырар» — синонимдес сөздер, отырықшылық мағынасын береді. Осыдан көшпейтін, бір орында тұрақтаған деген мағына білдіретін Отырар қаласының атауы шыққан.

Қазақстанның аумағында алып төбелер түріндегі жоғалып кеткен қалалардың іздері Сырдарияның орта және төменгі ағысында, Талас, Шу, Іле өзендерінің аңғарларында, Қаратау және Тянь-Шань тауларының етегінде, Орталық Қазақстанның даласында, Ертіс, Жайық, Ембі, Сағыз өзендерінің жағасында, Каспий маңы ойпатында, Аралдың жағасында, Маңғыстауда орналасқан.

Осы кең-байтақ кеңістікте орта ғасырларда өмір қайнап жатты. Ең ежелгі отырықшы мәдениеттің орталықтары Сырдария өзенінің жайылымдығында, Жетіасар, Шірік-Рабат, Іңкәр-қала және т.б. ежелгі қоныстарында пайда болған. Тайпалық одақтардың құрылуы кезінде Талас, Шу өзендерінің жайылымдықтарында қоныстар мен қалалар пайда болады.

Қазақстан қалаларының бірінші құрылысшылары сақтар (б.з.б. VII-IV ғғ.), кейін ғұндар, үйсіндер, қаңлылар (б.з.б. III-I ғғ., б.з.б. I-VI ғғ.) болғаны ежелгі қайнар көздерінен белгілі. Олардың ізбасарлары — қыптар, оғыздар, қыпшақтар. Қазақстанның орта ғасырлық қалаларының тарихы түрік заманынан (VI-VIII ғғ.) басталады. Осы кезде қоныстар, феодалдық бекіністер мен қамалдар саны көбейеді, егіншілік, қолөнер, сауда серпіліс алады. Көшпенділер, егіншілер және қолөнершілер арасындағы еңбек бөлінісі, сондай-ақ феодалдық таптарының нығаюы X-XII ғғ. Қазақстанның қала мәдениетінің гүлденуіне әкеледі.

Қазақстанның орта ғасырлық қалалары туралы қытай, араб, парсы, орта азиялық және орыс қайнар көздері хабарлайды. Темірдің сарай тарихшысы — Йаздидің⁷¹ хабарламалары өте құнды.

Йазди Жетісу қалалары Іле-Балықты, Жоңғар Алатауындағы Еміл Ғожыны, Балқаштағы — Май-Балықты, Янгиді, Көкшетенізді, Аягөзді, Көк-Саланы суреттейді. Ол Ұлытаудағы

қалалар мен қыстақтар туралы жазады. Кішіқтау, Ортақ, Кертақ, Құтлұқ-үй, Ұлық-Бақырлық – «Ұлы жез» қаласы [Жезқазған], Орда-Базар, Жар-қала, Қарасу, Ұлық-үй, Өрен-сарай, Алтышак қамалы, Нұр (Нұра өзенінде). Ұзди Сырдария қалалары – Арыс өзенінде Баршын [Кент], Құтлұқ Балық, Қара-Асман (Қара-Аспан), Орда-Балық (Орда-Кент), Бал-Шымкент, Қаратау өтегіндегі қыпшақ қалалары – Құмкент, Құмкенжек туралы жазады.⁷²

Сырдария қалалары туралы және олардағы шатырлар туралы Ф. Рузбихан былай деді: «В каждом улусе есть свой правитель, который пребывает со своим народом в старинном юрте».⁷³

Мамұт Қашқаридің айтуынша, қыпшақтар, қарлұқтар, шекілдер (шекті), яғма (яғмауыттар) әдемі әдеби тілде сөйлеген, ол қала тұрғындарына тән.⁷⁴ Қарлұқтар, шекілдер (шекті), яғма Қарахан мемлекетінің негізін құрып, Жетісудың тұрғындары болған. Шу аңғарында Ыстық көлде, Талас аңғарында олармен қалалар тұрғызылды, оның ішінде: Қыяс, Саблы-Қыяс, Өрен-Қыяс, Қары-Қыяс, Талғар. XIII ғасырдың басында қарлұқтар қаңлылармен одақтасып Жетісу қалаларын басқарған, олардың ішінде Алмалық болды.

Археологиялық жұмыстар VI-VIII ғғ. қалыптасқан және кейінгі ғасырларда Қазақстанда сақталып қалған қоныстардың тұрпатын анықтауға мүмкіндік береді. Қоныстардың мынадай түрлері анықталды: егіншілер мен қолөнершілердің жатақ қоныстары, керуен-сарайлар, жауынгерлер қамалдары, ақсүйек өкілдерінің замоқтары мен билеушілердің резиденциясы.

Ежелгі жатақ қоныстарында көне бітімдер байқалады, олардың сырт пішіні бекініс қабырғалары жоқ, домалақ, сопақ және төрт бұрышты, мәдени қабатында колонер өндірісі мен егіншілік заттарының қалдықтары бар.

Әскери қамалдарда да, керуен-сарайлардың да сырт пішіні төрт бұрышты, бірақ біріншілері екіншісінен ірі өлшемімен және дуал жанындағы мұнараларымен ерекшеленді.

Билеушілердің және ірі феодал-малшылардың резиденциясы күзет мұнарасы және су толтырылған айналыра қазылған орлары бар, бекініс қабырғамен қоршалған қамалдардан тұрады. Осындай қоныстың бірі цитаделі бар Ордакент. Осы тектес замоқтардың қираған бөлшектері көбінесе Талас және Шу өзендерінің аңғарларында, Қаратау тау алдында кездеседі.

Тұрақты және серпінді дала өркеннеті көшпелі және отырықшы өмір салтының бірін-бірі толықтыруға негізделген. Екі шаруашылық түрлерінің үйлесуі ежелгі заманнан кейінгі қазақтарға дейінгі Қазақстан аумағын мекендеген тайпалардың бүкіл тарихынан өтеді. Көпші жүйесі б.з.б. IX-VII ғасырларда қалыптасты. Ол жайылымдық және су көздерін маусымдық пайдаланудан бастау алды. Археологиялық ескерткіштердің, қоныстардың, қыстаулардың тарихи топографиясы негізінде ғалымдар мынадай бітімге келді: жайылымдық-көшпелі жүйе мың жылдықтар бойы өзгеріссіз болған.⁷⁵ Мал шаруашылығының және егіншіліктің үйлесуі Қазақстан тұрғындарының өмір сүру шарты болған.

Сырдарияның төменгі және орта ағысы, Қаратау тау алды және Жетісу ежелгі заманда отырықшылықтың туындаған ауданы, қала мәдениетінің бесігі болды. Қазақстанның Оңтүстігінде тайпалардың шоғырлануы орта ғасырларда олардың бірігуіне әкелді, XV ғасырда Қазақ хандығы құрылды.

Қазақстан тарихы, XV ғасырдың екінші жартысынан бастап феодалдық қақтығыстардың және кенеттен шапқыншылық жасаудың себебінен қала мәдениетінің құлдырауына әкелді. Әсіресе Темір әскері мен қазақ хандары Керей мен Жәнібектің арасындағы соғыстар өте ауыр тиді (XVI ғ.). Жоңғар басқыншыларының шапқыншылығы қалалардың бос қалуына және кейінгі мәдениет пен сәулеттің дамуына кері әсерін тигізді. Әбілқайыр ханның жоңғарларды қуып шыққан соң кейбір Сырдария қалаларын қалпына келтіру әрекеті қайтыс болуы себебінен мәресіне жетпеді.

Сырдария қалалары

Сырдария – Орта Азиядағы ірі өзен, ол қала мәдениетінің пайда болуында жетекші роль атқарды. Тигр және Евфрат сияқты Сырдария Әмудариямен бірге ежелгі суару және отырықшы егіншілік мәдениет орталығы болды.

Сырдарияның жағасында алғашқы қоныстардың пайда болуы сақтар мен қаңлылардың іс-әрекетімен байланысты. Сырдарияның орта және төменгі ағысы аудандарында ежелгі орта ғасырдан бастап монғол шапқыншылығына дейін оғыздардың, қаңлылардың және қыпшақтардың отырықшы

және жартылай отырықшы тайпалары тығыз қоныстанған еді. Сырдария сағасының аудандарында екі ірі оғыз тайпалары – бузок (сағкол – оң кол) және үш-оқ (сол кол) өмір сүрді, осы жерден ежелгі оғыздардың Бузок және Сағдере қалаларының қираған қалдықтары табылды.⁷⁶ IX-X ғасырларда Сырдарияның орта және төменгі жайылымдарында оғыздардың мемлекеті құрылды.

Орта ғасырлық Сырдария қалалары жөніндегі мәліметтер араб географтары Ибн-Хаукаль, ал-Макдиси, ал-Идрисидің еңбектерінде, Худуд ал-Алемнің анонимдік шығармасында бар, мұнда қысқы жайылымдық жерлердің суреттері қалған: «Между Исфиджабом и берегом реки находится главное пастбище всего Исфиджаба и некоторых (частей) Чача, Параба и Кенджиде*. В нем расположена тысяча палаток» [киіз үй].⁷⁷

Ал-Идриси былай деген: «Города гузов многочисленны. Они тянутся друг за другом на север и восток»⁷⁸. Анағұрлым ірі оғыз қалалары: Жент, Жанкент, Баршакент, Қора, Еркебай, Күйгенкала, Кумкала.

Сырдарияның орта және төменгі ағысы аудандарында елеулі қала мәдениетінің болуы және оның монғолдар шапқыншылығы кезінде күйреуін 1246 жылы осы жерлерде болған Плано Карпини дәлелдейді: «В этой земле мы нашли бесчисленные истребленные города, разрушенные крепости и много опустошенных селений».⁷⁹

Орта ғасырларда Сырдария қалалары тұрғындарының жартысын қыпшақтар мен қалқылар құраған. Плано Карпинидің⁸⁰ және Жамал Қаршиндің айтуынша, бұл қалалардың тұрғындары коман (қыпшақ) тілінде сөйлеген. Сол дәуірдің ескерткіші ретінде бүгінгі күнге «Махаббат-наме» поэмасы жетті, ол Жент қаласының тұрғынымен қыпшақ тілінде жазылған. Бізге қыпшақ тілінде жазылған және польша шығыс танушысы Загчковский⁸¹ зерттеген біршама поэтикалық, діни және тарихи-әдеби шығармалар, сондай-ақ ресми мадақтамалар (хандық жарлықтар) жеткен.

Сырдария жайылымындағы егіншілік Ильич қонысынан Арал теңізінің жағасына дейін жететін – 500 шақырымнан аса кеңістікті қамтитын күрделі суару жүйесі негізінде да-

*Орта ғасырлық қала Қарстаудың оңтүстік аудандарында, Арыс, Бөген және Шаян аудандарында болған.

мыды. Суарылатын алқаптың ені Сырдарияның орта және төменгі ағысы бойына жайылып, 8-ден 20 және одан көп шақырымға жетті. Ежелгі суару орындарында археологтар аймақтың топографиялық фоннын көрсете отырып, ескі Шиназдан оңтүстікке қарай Арал теңізіне дейін – Сырдарияның жағасы бойымен үздіксіз тізбек болып орналасқан егіншілік қоныстардың үйінділерін тауып алған.⁸²

Сырдария тұрғындары үшін егіншіліктің үлкен роль ойнағанын сол кезде қолданыста болған сөздер дәлелдейді: эгин – егін, ашлык – ас үй, ғұзларда «ашлык» сөзі бидайды білдірген, ягма, тухси тілдерінде енемек – «нан», кейбір оғыздар мен қыпшақтарда, түріктерде – тары, тарышы, бамук сөзі – ғұздар бойынша «мақта», турма – шұмыр, сары турма – сәбіз, туки (дән), үгірген – қызыл дәндері бар өсімдік, ұрынша – оғыздарша жоңышқа және т.б.⁸³ Махмұд Қашқари жазып алған сөздер Сырдария қазақтары бидай мен тары егіп қана қоймай, сондай-ақ мақта (бамук) мен жоңышқа (ұрынша) отырғызғанын білдіреді. Осы сөздердің көбісі қазақ тілінде сақталған. Мысалы, ашлык – астық, эгин – егін, тары және т.б.

Қала құрылысымен бірге Сырдария жағасында монументалдық сәулет дамыды. Зерттеп отырған дәуірдің сәулеті жөнінде пішіні шошак куполы бар куб түріндегі (Кармакшы-ата кесенесі) және шатыр құрылысы түріндегі (Қара-батыр, Төре-батыр, Төретам, Шек-Нияз және т.б. кесенелер) ескерткіштер байқалған.

Сырдарияның орта және төменгі ежелгі қала орындарында, ескі Шиназдан оған Арыс өзенінің құйылысында бітімі шеңбер, шаршы, тік бұрыш, көп қырлы, кейде бітімі анық емес жоспарлар байқалады. Олардың арасында Оксус, Сүткент, Ұзын-ата, Артық-ата (ежелгі Артық қаласы), Жартөбе.

Сырдария қалалары кеңес ғалымдары А.Ю. Якубовскиймен, М.Е. Массонмен, А.Н. Бернштаммен, С.П. Толстовпен және т.б. зерттелді. Профессор С.П. Толстовтың зерттеулері бойынша, Сырдарияның төменгі бойындағы қоныстар мал шаруашылығымен және егіншілікпен байланысты жартылай отырықшы жатақтардың еңбегі есебінен дамыды.⁸⁴ С.П. Толстов өзінің жұмысында Махмұд Қашқаридің жазғандарын келтіреді: «Вид гузов, который живет в городах, не переезжает в другие места и не воюет, называется ятуку».⁸⁵

Сырдария жайылымының оазисінде және Қаратау тау алдында феодал-малшылардың замоктары және егіншілікпен айналысып жазғы уақытта жазғы жайылымдарға көшетін малшылардың замоктарын күзеткен жатақтар өмір сүрген кишлақтар болған. Ірі феодал-малшылардың және бүкіл көшпелі аксүйектердің үлкен алқаптары болған, олар феодалдық-патриархалдық заңдар бойынша жеке-жеке байларға бекітілді, бірақ сонымен қатар жерді қоғамдық пайдаланудың ежелгі дәстүрі сақталды. Осы жерлер малға азық болды, кейбір қожайындардың мал басының саны он мың немесе одан көп болған.

Бекітілген қамалдар мен қоныс-кишлақтардан алыс емес жерде қысқы жайылымдықтар болған. Қызылқұмның алып алқаптары, Арал теңізінің аралдары мен жағалауы, Сырдария, Шу және Сарысу өзендерінің төменгі ағысы, Мойынқұм жерлері, Талас Алатуының тау алды, Келес даласы, Арыс өзенінің аңғары, Қаратау тау алды қысқы жайылымдық орны болған.

Сауран – Сырдарияның төменгі ағысындағы ірі қалалардың бірі. Ал-Макдиси былай деген: «Сауран – большой [город], окруженный 7 стенами, одна за другой, в нем есть рабад, соборная мечеть»⁸⁵. Ибн Хаукаляның айтуынша: «Сабран – город, в котором собираются гузы для [заключения] мира и перемирия и для торговли, когда они в мире; это укрепленный город»⁸⁷. Бұл байқауларды Худуд ал-Алем шығармаларының аноним авторы растайды: «Сабран – город очень богатый, место гузских кушцов»⁸⁸.

«Крепость Сабран является сильно укрепленной твердыней, такой сильной и мощной крепостью, что рука вращения судьбы никогда не достигала подножия ее вала», – деп жазды Хафиз Тыныш⁸⁹. Бекіністің маңында «өзенге ұқсас» ор болған.⁹⁰

Сауран в XIV ғасырда біраз уақыт Ақ Орданың астанасы болған. XVI-XVIII ғасырларда Сауран саяси және экономикалық басымдығы бар қазақ хандарының резиденциясы болады. XVI ғасырдың соңында Сауран Ресеймен алғаш рет достық қарым-қатынас орнатқан қазақ ханы Тәуекелдің ордасы болады. Ол 1595 жылы Сауранда орыс елшісі Вельямин Степановты сенім грамоталарымен қарсы алады. Степанов Сауранда екі ай жатады, Тәуекел ханның қысқы сарайы мен оның жазғы киіз үйін



Ежелгі Сауран қаласы. М.Приоровтың суреті, 1871 ж.



Сауран мұнарасы.

сияпатпаған. Бұхар ханы Абдулланың бұйрығымен Тәуекел ханның құрметіне Сауран мұнаралары салынады. Мұнаралар бұхарлық негізде, биіктігі – 16 м етіп салынды.

Сауранның ескі жұрты Түркістан қаласынан 35 шақырым солтүстікке қарай орналасқан. Жеті ор түріндегі мұнарасы бар қамалдың қалдықтары сақталған.

Сауран ежелгі қала орнының оңтүстік-батыстан солтүстік-шығысқа қарай созылған пішіні дұрыс емес көп қырлы түріндегі архаикалық жоспары бар. Көп қырлы пішіннің бітімі оғыз қалаларына тән. Осындай бітімдер Сырдария жайылымының көптеген ежелгі қала орындарына және Оңтүстік Қазақстанның кейбір аудандарына тән. Сырдарияның орта және төменгі ағысындағы жансыз қалалар үшін домалақ, шаршы, тік бұрыш бітімдер, кейде бітімі анық емес пішін тән.

Сүткент – Отырар оазисінен алыс емес, Сырдарияның сол жағасында орналасқан ірі қоныс. X-XII ғасырларда Сүткент бай Фараб округіне кірген және Келес даласының жайылымдық мал шаруашылығымен тығыз байланыста болған. Шаруашылық даму деңгейі бойынша араб саяхатшылары, соның ішінде Ибн-Хаукаль (X ғ.) Сүткентті Фараб (Отырар) және Тараз қалаларымен бір қатарға қойды.

Сүткент қаласының қираған бөліктері 700 м кеңістікте шашырап жатты, биіктігі шамамен 5 метрге жететін үлкен төбені құрайды. Ежелгі Сүткент қаласынан көптеген мұнаралары бар қамалдар сақталған, онда цитаделі бар шахристан – қала орталығы болған, оның ішінде қала иелері мен феодалдар өмір сүрген. Қамалдан тыс қала орамдары орналасқан, онда қолөнершілер, ұсақ саудагерлер және қарапайым халық тұрған. Үйіндіге қарағанда қаланың төрт жағында дуал болған, олардың ең негізгілері батыс жаққа қараған.

Отырар – Қазақстанның көне қалаларының бірі, орта ғасырларда ірі сауда орталығы болған, Сырдариядағы саяси және мәдени орталық, Еуропадан Қытайға өтетін керуен жолының басты торабы болған.

Қаланың тұрмысы жайлы мәліметтерді араб және иран мәліметтерінен көреміз. Отырар туралы алғаш рет VIII ғасырда айтылады. Араб қайнар көздерінде Отырарды Фараб деген. Сырдария өзенінің орта ағысы жайылымында орналасқан Отырар (Фараб) мен Кедер қалалары бар Фараб округі орта ғасырда ірі

орталықты құраған, оның шаруашылығында жайылымдық мал шаруашылығы мен егіншілік басым болған. Фараб округіне, сондай-ақ Артық-ата, Жанаасар, Қауған-ата, Икан, Иткент, Шорнак және т.б. қалалары енген. «Худуд ал-Алем» шығармасының авторы: «Параб — богатый округ, главный его город называется Кедер...* Это место [стечения] купцов», — деп жазған.⁹¹

Қаланың даму тарихында сақтар дәуірінен басталып, кейінгі қазақ дәуірімен (XVIII в.) аяқталатын бірнеше тарихи кезеңдер бар.

Ежелгі Отырар қаласы Сырдария өзенінің оң жағасында, оған Арыс өзені құятын маңда орналасқан. Кедер* және Отырар қалалары бір қаланың атауы ма, әлде екі жеке-жеке қала ма екендігін анықтау мүмкін емес. Отырар қаласын ежелгі замандарда Сырдарияның суы басып кету қаупі болған, сондықтан оның шекарасы ашық далаға қарай бос болды. Отырардың Көк-Мардан мен Қанды-Тоғай сияқты көне бөліктері бүгінгі күні де халық шаруашылығына зиян келтіріп Сырдарияның суы басып кетеді. Бәлкім, Кедер Сырдарияның жағасынан әрірек тұрған Отырардың жалғасы болған шығар. Отырар оазисіндегі ірі ежелгі қала орындарының бірі Құйрық-төбені зерттеушілер X ғасырдағы Отырардың округінің астанасы Кедер қаласы деп айтқан.

Ежелгі Шаштың (Ташкент) және Сайрамның бай аудандарымен қатар орналасуы – бір жағынан, Арыс өзенінің аңғарымен шекаралас болуы – екінші жағынан Сырдарияның орта ағысындағы кең-байтақ оазисіндегі географиялық жақсы орналасуы, Отырар қаласының бірнеше жылдар қатарынан оның қарқынды гүлденуіне ықпал етті. Қала халқының негізгі бөлігін қолөнершілер, саудагерлер және жатақтар – ауыл шаруашылығының өнімін өндірушілер құраған.

X-XII ғасырларда Отырарда қоғамдық және сауда

* «Кедер» сөзі су тасқынынан қорғайтын бөгет, дамба, үйінші дуал түріндегі ғимарат мағынасын береді. Максидидің айтуынша, Кедер Фарабтан кейін пайда болған қала. Ибн-Хаукаль (XIV ғ.) айтуынша, Кедер Сырдарияның жағасынан 2 фарсах (шамамен 13,5 шақырым) тұрған. Оғыз мемлекеті ығып кезеде Кедер қаласының Фараб облысындағы астана мәртебесіне ие болады. Кедер оғыз билеуші өкілінің резиденциясы болған. Монғолдан кейінгі Кедер атауы кездеспеді. Осы уақыттан бастап оның облысы және оның басты қаласы Отырар деп аталады.

ғимараттары, соның ішінде «түрлі-түсті тастармен қаптаған» (Махдиси) орталық мешіт салына бастайды. Байлар және қолөнершілер деп қала орамдарға бөлінген, саз балшық қабырғамен қоршалған және айналдыра терең ор қазылған. Оның сыртында бақтар мен егістік алқап болған. Қалада билік өкілдері, көпестер, қолөнершілер мен жауынгерлер тұрған. Оның тұрғындары оғыздардан (Истахри, Масуди), қарлұқтардан (Ибн-Хордадбек), қыпшақтардан, қаңлылардан (Иазди) құралған.

Отырар округінде, Весидж қаласында әйгілі философ Әбу Насыр ал-Фараби туған, оның еңбектерін зерттеу кезінде маңызды үлкен тарихи-мәдени мәселелер көтеріледі.

Қазаның Сырдария өзеніне құятын Бөген және Арыс қалаларының сағасы арасындағы бай жазықтықта орналасуы шаруашылықтың екі түрі – жайылымдық мал шаруашылығы мен суармалы егіншіліктің дамуына ықпал етті. Отырар ежелгі қала орнындағы бүкіл кеңістік екі арыққа толы, көбінің ені 4-5 метрге жетеді. Арыстан Түркістанның шекарасына жететін басты арықтың бойында Бұзақ, Ақтөбе, Ақмола, Жаңасар және т.б. деп аталатын суармалы орындардың іздері небайқалады.

Ежелгі қала орнына бірінші қазба жұмысы 1904 жылы археологиямен айналысатын Түркістан үйірмесінің мүшелері А. Кларемен және А. Черкасовпен жүргізілді. Отырар оазисі аймағындағы археологиялық зерттеулер профессор А.Н. Бернштамның жетекшілігімен ҚазССР ҒА Тарих, археология және этнография институтының ОҚАЭ-мен 1947-1949 жылдары басталды. Бұл аймақ алдын ала тексерілді, ежелгі қала орнының алдын ала хронологиясы және керамикасына жіктеме жүргізілді. Экспедиция өз күшін VI-VIII ғасырлардағы ескерткіштер мен мәдени қабаттарға шоғырландырды. Қанды-тоғай, Көк-Мардан, Алтын-төбе төбелері қазылды.

1966-67 жылдары Отырар оазисінде Жетісу экспедициясы жұмыс істеді, ал 1969-1970 жылдары аралығында – Қ.А. Ақышев басқарған Отырар экспедициясы жұмыс істеді.

Отырар экспедициясы Отырардың ежелгі қала орындары мен қоныстар оазисінің стратиграфиясы мен топографиясын зерттерді. Үзген, Қаршығалы, Қотан, Қандөз-төбе, Төрткөл-төбе, Бершін-төбе, Шаға, Шаш-төбе, Қарасуан ежелгі қала орындары және сегіз қоныс зерттеліп, уақыты белгіленді.⁹²

Отырардан алыс емес, Отырар оазисінде орналасқан Ал-

тын-төбе, Көк-Мардан, Қара-Қоңшы, Жалпақ-төбе, Пышақшы-төбе, Қанды-Тоғай төбелері ежелгі орта ғасырдағы халықтың шоғырланғандығын дәлелдейді. А.Н.Бернштам: «Такой тип расселения был связан, прежде всего, с позднеантичной и дофеодальной системой общественных отношений, когда патриархальная семья жила еще в качестве экономической ячейки», — деп жазған.⁹³

Сырдарияның төменгі бойында бұл кезде оғыздар тайпасы мекендеген. Олардың бекіністері мен қоныстарының бітімі домалақ немесе көп қырлы болған.

Феодалдық қатынастардың дамуымен жан-жаққа тараған халық қоныстарға кете бастайды, онымен қатар қалалар өсіп, феодалдық қамалдары пайда болады.

Монғол шапқыншылығының алдында Отырарда қолөнер өндірісі кемелденіп, Орта Азиядағы ірі сауда орталығының бірі болған. Отырардың көлемі туралы Джувейннің хабарламасы бойынша білуге болады, қаланы қорғай алатын ересек ер адамдардың саны — 60 000⁹⁴. Отырар арқылы көптеген керуен жолдары өткен, оның ішінде Алматыдағы Үргенші керуен жолы. Шыңғыс ханның жауынгерлері гүлденіп тұрған қаланы бұзып, оны қираған бөліктерге айналдырды. Отырардың жандануы XIII ғасырдың екінші жартысында басталады, ол монғол кезеңіндегі халықтың қалаға келуімен байланысты. Отырар XVIII ғасырға дейін болған.

Отырар оазисінің жазықтығынан көптеген төбелер түріндегі ежелгі Отырардың ескі жұрты Темір теміржол станциясынан алыс емес, Түркістан қаласынан шығысқа қарай 40 шақырым оңтүстік-шығысқа қарай орналасқан.

Отырар төбе ежелгі қала орнының ортасындағы алып төбе болды. Ежелгі қала орнының аумағы күйдірілген кірпіштердің, құйма және құйма емес керамиканың фрагменттеріне толы болды. Ежелгі қала орнының маңында солтүстік-шығыс және шығыс жағы жақсы сақталған қабырға байқалады. Мұнаралар құлаған үйінді түрінде болды. Орталық төбенің маңында ордың іздері байқалды. Қалаға кірер қақпа үш жақтан орналасты: оңтүстік, солтүстік-шығыс және батыс. Орталық көше оңтүстік және солтүстік-шығыс қақпаны біріктірді.⁹⁵

Төбенің астында ежелгі қаланың орталығы, оның ынта-

делі, шахристаны, шикі және күйдірілген кірпіштен жасалған тұрғын үй және қоғамдық ғимараттардың қалдықтары, тандыр нан салатын пештері бар жайлар⁹⁶, су қоймасы⁹⁷ және т.б. болды. Орталық төбенің жан-жағында қаланың басқа бөліктері көміліп қалған төмпешіктер орналасты.

Археологиялық қазба жұмыстарының қорытындысы бойынша Сырдарияның орта ағысындағы ірі қалалар XV-XVII ғасырларда – Қазақ хандығы құрылып, күшейген кезді қоса отырып, XIII-XV ғасырлардан кейін де біраз болған⁹⁸. Олардың сақталуына Сырдария қалалары Отырар, Сүткент, Артық-Ата, Ұзын-Ата, Сайрам және т.б. арасындағы экономикалық байланыс ықпал етті. Осы кезде Қазақ хандығының қала орталығына айналған Отырардың маңызы зор болды. Феодалдық қатынастардың және жоңғарлардың шапқыншылығының нәтижесінде тұрғындары қаладан кетуге мәжбүр болды, сөйтіп қалалар қаңырап, қирады.


Археологтар Отырар ежелгі қала орнын және Отырар оазисін зерттеп, үлкен жұмыс атқарды. Әлде де жұмыс көп. Отырар оазисінде және оның ежелгі қала орындарында ақтарылмаған сырлар көп.

Іңкәрдарияның солтүстік және оңтүстік арналарының арасындағы ауданда КСРО ҒА Хорезм экспедициясымен Сырлы-там-қала және Заңғар-қала екі ірі оғыз ежелгі қала орны табылды.⁹⁹

Сырлы-там-қала (С.П. Толстовта–Сары-там-қала) қамалдан, қоныстан және кесенеден құралған. Пішіні қисық домалақ, жоспарындағы ежелгі қала орнының диаметрі – 250 м. Цитадель мұнаралармен бекітілген, онда үш құрылыстың қалдықтары байқалады.¹⁰⁰

300x400 м ежелгі қала орнынан батысқа қарай төбелер орналасқан, олардың астында қоныс көміліп қалған. Оны үйлердің және түрлі қолөнер шеберханаларының қалдықтары дәлелдейді.¹⁰¹ Қоныстың мезгілі қыш өндірісінің заттарымен X-XII ғасыр деп белгіленеді.

Сырлы-там мазары биік төбеде орналасқан. Жоспары бір жағының ұзындығы 10 м болатын төрт бұрышты құрайды. Мазар күйдірілген кірпіштен салынған, оның өлшемі — 27x27x4,5 см және 23,5x12,5x4,5 см. Мазардың үшқыр арқасы бар бетше босағасының қуысында кіре беріс орналасқан. Мазардың бет-




Сырлы-там-қала кесенесі.



Сырлы-там-қала кесенесі.

Сырлы-там-қала кесенесі.



Сырлы-там-қала. Кесене ҚазССР Мәдениет министрлігінің жұмысы барысында архитектор Б. Ыбыраевпен түсірілді.

ше босағасын терракота тақталары сәндіейді. Бетше босағанын бұрыштарында кірпіштен салынған диаметрі — 40 см домалақ пиләстрлар қаланған. Мазардың үстінде биік купол бар.¹⁰²

Жанкент — оғыз тайпасы одағының астанасының бірі, оғыз хандарының ордасы. Қала Сарысу, Кеңгір, Есіл, Нура өзендерінің аңғарларына өткен керуен жолында тұрған. Жанкент арқылы Сығанаққа жол өткен.

Жанкент шығыс шығармаларында «Ал-Карығт», «Дех-и-Нау» деп аталады, яғни «Жаңа мекен» деп аударылады. Ибн Хаукаль былай жазған: «В Новом Селении [Янгикент] живут мусульмане, и, вместе с тем, оно — столица государства гузов; там живет зимой царь гузов. Новое Селение находится в 10 днях пути от Хорезма и в 20 днях пути от Фараба».¹⁰³

X-XI ғасырларда Жанкент оғыз билеушілерінің қысқы резиденциясының болғандығы қайнар көздерінен белгілі. Плино Карпинидің айтуынша, Жанкент қаласы монғол шапшылығынан

кейін аман қалған жалғыз ғана Сырдария қаласы. Жанкенттің тұрғындары Баршынкент құлағаннан кейін монғолдарға қарсылық көрсетпеді, «вышли им навстречу и добровольно предались в их руки, отчего город их не был разрушен...»¹⁰⁴.

Орта ғасырлық Жанкент қаласының қираған қалдықтары Сырдарияның солтүстік бөлігінде, оның арнасынан 4 шақырым, Қазалы қаласынан 22 шақырым оңтүстік-батысқа қарай орналасқан. XIX ғасырдың ортасында Жанкент қаласына П.Н. Лерх¹⁰⁵ және В.В. Верещагин¹⁰⁶ қазба жұмыстарымен айналысты. Қазба жұмыстары кезінде сапасы мықты күйдірілген кірпіш, бедерлі сәндік қаптама тақталар, ақшыл және қою көк түсті айнекелі тақталар табылды. Осындай тақталар мен Алтын Орда заманындағы ғимараттардың қабырғаларын әсемделген.

С.П. Толстовпен жасалған ежелгі қаланың жоспары — трапеция тәрізді.¹⁰⁷ Қала ғимараттары ірі шикі және күйдірілген кірпіштен салынған. Бұл шомбал бекініс қабырғасымен қоршалып, сыртынан терсең ор қазылған жақсы бекітілген қала. Қаланың солтүстік-батыс бөлігінде цитадель болған. Материалдық өндірістің қалдықтары қаланың ұзақ жылдар бойғы өмірін дәлелдейді, соны XIII-XIV ғасырлар деп белгіленеді.

Сырдарияның жағасында орналасқан көптеген отырықшы қоныстар мен қалалар, саз балшықтан жасалған құрылыстары бар кишлактар оның кезең-кезеңмен су басуы себебінен жоғалып кеткен. Мүмкін, Жанкент қаласы да осындай күйге ұшыраған болар.*

Жанкенттен алыс емес Сырдарияның төменгі ағысында Қорқыт мазары орналасқан.

Сырдарияның тасуына байланысты Жент, Сауран, Отырар, Сығанақ, Түркістан сияқты ірі қалалары оның жағасынан алыс орналасқан.

Жанкентті қайта қалпына келтіргісі келген Әбілқайыр хан орыс өкіметіне Жанкенттің түсіру үшін инженер-геодезистерін жіберуді сұраған. Орыс өкіметінен инженер Гладышев пен геодезист Муравин іссапарға жіберіледі. Әбілқайыр хан қайтыс болған соң оның ойы жүзеге аспай қалды.

* Өз әйелін әділетсіз торуылдап жүріп Құдайдың қаһарына ұшыраған Жанқархан осы Жанкентте болды деген аңыз бар. Сол үшін құдай жыландарды қаланы бұзу үшін жіберген.¹⁰⁸

Сырдарияда Жаңадария илімінен жоғары оғыз қалаларының ішіндегі ірілерінің бірі **Жент** қаласы болған, кейін ол Дешті-Қыпшақтың шығыс астанасының бірі болады. Жент Қызыл Ордадан 140 шақырым оңтүстік-шығысқа қарай, Жосалы станциясынан 110 шақырым оңтүстікке қарай орналасқан.

Якуттың суреттеуінше: «Дженд – имя большого города в странах Туркестана. Между ним и Хорезмом 10 дней пути»¹⁰⁸. IX ғасырда Жент оғыз билеушілерінің ордасы болады. Жент философ Сұнақ-Ата мен ақын Құтыптың өмір сүруімен белгілі.

Жент қаласын оқшаулау мәселесімен В.В. Бартольд, П.Н. Лерха, В.А. Каллаура және т.б. айналысты.¹⁰⁹

Профессор С.П. Толстов басшылық еткен Хорезмдік экспедиция ежелгі қала орнына археологиялық қазба жүргізді. Толстов орталығы орта ғасырлық Жент қаласы – Жанкала ежелгі қала орны болып табылатын ауқымды орта ғасырлық ескерткіштер кешені жөнінде жазған.¹¹⁰

Сырдарияның төменгі бойындағы ірі қалалардың бірі – **Баршынкент** (Баршынкент қаласы). Монғолдарға көпке дейін берілмегеніне қарағанда бұл мықты бекітілген қала, ол Жентке және Жанкентке баратын іргені қорғаған. «Один город по имени Барчин долго противился ему (т.е. Окедаю)», – деп жазады Плато Карпини.¹¹²

Баршынкенттің қираған бөліктері Сырдарияның оңтүстік жағасында, Қызыл Орда мен Шнелі арасында орналасқан және Қызқала атауымен белгілі.

«Баршынкент» атауы халық поэмасының кейіпкері «Алпамыспен» байланысты. Оғыз феодал ақсүйектерінің өкілі Баршын-сұлу есімді атақты әйел Сырдарияның төменгі бойындағы қаланы өз есімімен атады, осыдан Қызқала атауы шыққан. Аңыз бойынша Сырдарияның оңтүстік жағасындағы Көк-Кесене кесенесі Баршын сұлудың құрметіне салынған.

Қазақ тарихында Сырдария бассейніндегі ең ірі қалалардың бірі ретінде – Сығанақ қаласына ерекше мән берілген. Сұнақ-ата атауымен белгілі Сығанақтың қираған қалдықтары Ташкент теміржолы Түймен-Арық теміржол станциясынан 20 шақырым солтүстік-шығысқа қарай орналасқан.

Сығанақ қаласы — Дешті Қыпшақ¹¹³ және Ақ-Орда қыпшақтар мемлекетінің астанасы Сырдария жайылымының дала бөлігінде, Отырар мен Женттен солтүстікке және солтүстік-шығысқа, Сарысу, Есіл, Нұра және Торғай өзендерінің жайы-

лымдарына кіретін ежелгі қыпшақтардың мекендеген жерлеріне баратын ежелгі керуен жолдарының қиылысында орналасқан. Сығанақтың маңында Рап, Ордакент, Боройнақ (Тиел) қала типтес кішкентай қоныстар орналасқан.

Қытай қайнар көздерінде Сығанақ Сигян деген атауымен Түрік қағанатынан белгілі. Сунах [Сутнак, Сыгнак] қаласы туралы «Худуд ал-Алем» шығармасының белгісіз авторы (X ғ.) жазған. Махмұд Қашқари (XI ғ.) оны «одним из городов гузов»¹¹⁴ – деп атайды. Джувейнидің айтуынша, XII ғасырда Сығанақтың тұрғындары және оның жанында тұрған тайпалар оларды исламға бас игізіп, Сығанақты өздеріне бағындырғысы келген карахандықтарға қатты тойтарыс берген. Джувейнидің айтуынша, хорезмшах Текеш «под предлогом священной войны против неверных отправился в Сутнак».¹¹⁵

Әдеби қайнар көздерінің және археологиялық зерттеулердің мәліметтері бойынша, Сығанақ қаласы пайда болғаннан бастап XVIII ғасырға дейін бірнеше даму кезеңдерінен өткен. Алғашқыда бұл суармалы егіншілікпен, аңшылықпен және балық аулаумен айналысқан жатақтардың кішкентай қонысы болған. Монғолдар күшпен басып аларда (XVIII ғасырдың басы) ол ірі сауда орталығы және колонер орталығы болған. Сауда байланыстарына негізделген Сығанақтың экономикасы сонымен қатар дәстүрлі түрде жайылымдық мал шаруашылығы мен отырықшы егіншілікпен байланыстырған.

Сығанақ ішкі жағында сауда жайлары, керуен-сарайлары және басқа да қоғамдық ғимараттары бар, қала орамдары орналасқан мықты қала қабырғасымен қоршалған. Сығанақ монғол әскеріне қарсылық көрсеткен, оның тұрғындары Үгедейдің елшісі Хасан-Хаджиді өлтірген.¹¹⁶ Жеті күндік қоршаудан кейін 1219 жылы қала монғолдардың қолына түседі, тұрғындарды түгелдей қырып тастайды.

Монғол шапқыншылығынан кейін Сығанақтың қайта қалпына келуі XIII ғасырдың екінші жартысына дәл келеді. Сырдария қалалары Отырарды, Сауранды, Жентті, Баршынкентті және Сығанақты қалпына келтіруде Ерзен хан көп еңбектенеді, оның моласы Сығанақта орналасқан. Қаланың тез қалпына келуіне солтүстік далалар зор үлес қосты, ол жаққа жазғы жайылымдарға бір жағынан өзінің отарларымен малшылар және екінші жағынан Сырдарияның отырықшы егіншілікпен айналысатын қоныстары көшкен.

Сығанақтың тұрғындары егіншілікпен және басқа да кәсіпшілікпен айналысқан. Суармалы егіншілік Сығанақ үшін өте маңызды болған. Ф. Рузбехан: «Поля орошаются выведенными из Сейхуна [Сырдария] арыками», — деп айтқан.¹¹⁷ Сығанақ Сырдариядан шамамен 25 шақырым қашықтықта кейін орналасқан, сондағы жатакшы-егіншілер қалаға баратын канал орнатқан, әдебиетте ол Төмен-арық атауымен белгілі. Осы каналдан Сығанақтың маңайын суарып тұратын ұсақ арықтар желісі таралған.

XIII ғасырдың соңында Сығанақ Ақ Орданың астанасы болады.¹¹⁸ Ф. Рузбехан былай жазған: Сағанақ в Дешт-и Кипчаке ... город в древности был очень цветущим, был окружен большими постройками и обработанными полями, богат разнообразными продуктами и являлся торговым пунктом для казакского народа; он еще известен своей обширностью и мирным населением.¹¹⁹

XIV ғасырдың соңында Сығанақта хан тағына Тоқтамыс отырады. Ақ Орданың және Дешті Қыпшақтың мәдени және саяси орталығында Темір мен Алтын Орданың кенеттен шабылуына дайын болу үшін үлкен әскери күш ұсталынған, күміс шығарылған¹²⁰, ресми грамоталар шығарылған, жер телімдерін және суару каналдарын игеру үшін тархандық (вакуфтық) белгілер берілген. Вакуфтық сонау XVI-XVII ғасырларда, қазақ хандары Тәуке мен Есім хан кезінде берілген.¹²¹

Эрмитажда «Орыс ханның есімі бар Сығанақта соғылған» он бір күміс сақталған.¹²² Сығанақ ол кезде Мәуереннахр қалаларымен бәсекеге түсе алды. Осы кезде қалалар құрылымы қарқынды жүреді, ол оның билеушісі - Қазақ хандығын құрушылардың бірінің ұрпағы болып келетін Орыс ханмен байланысты.¹²³ Орыс-хан кезінде қалалардың қорғаныс құрылыстары бекіді және күйдірілген кірпіштен тамаша ғимараттар тұрғызылды¹²⁴, оның арасындағы он алтысын жартылай күйреген күйде бүгінгі күндері көруге болады.¹²⁵

Ф. Рузбеханның айтуынша, астаналық қала және «таванью Кипчакской степи» бола тұрып¹²⁶, Сығанақ XIV ғасырда өзінің жанына ірі қазақ тайпаларын шоғырландырып, Темірге қарсы күресуге бағытталған орталық болады. Ақ Орданың атымен жүргізілген осы күрестің негізінде, XV ғасырдың ортасында қазақ тайпаларының саяси одағы қалыптасады және Қазақ хандығы құрылады.

XVII ғасырға дейін Сығанақ қыпшақ даласындағы жалғыз ғана сауда орталығы болады. «Производимые в Дешт-и Кипчаке товары, прямо поступают сюда и, в свою очередь, необходимые для него товары идут сюда из Туркестана, Мауранахра, Кашгара и Хотана. Сағанақ является местом сосредоточения купцов. Здесь всегда в достаточном количестве имеются товары всех стран». «Когда-то в нем было такое большое население, что ежедневно поступало на базар пятьсот верблюдов с выюками, из которых к вечеру ни один не оставался непроданным»¹²⁷ — деп айтты Ф.Рузбехан.

Сығанақта Сырдария жайылымындағы ірі қалалар сияқты Мәскеудің Русімен белсенді сауда байланыстары болған, ол орыс және Орта Азиялық нарративті қайнар көздерімен дәлелденеді. Орыс көпестері маталар, металл бұйымдарын, әшекейлер әкелді, оны тұрғылықты халыққа өте қажет болды.

Рузбехан Сығанақты Сырдария қалаларынан және Мәуереннахр қалаларынан бөлек қарастырды, ол тек Қыпшақ даласымен байланысты қала деп есептеді. Оның айтуынша: «Сағанаком начинается пустыня Бетпақдала, там нет культурных и населенных мест. Поэтому, если умирали главные ханы, то их доставляли в Сағанақ, там их хоронили и над ним воздвигали мавзолей. Останки Абулхайр-хана, деда Шейбани-хана, покоятся в восточной стороне вне города».¹²⁸

Кейінгі орта ғасырдағы Сығанақ жөнінде мәліметті орыс география әдебиетінен көреміз. XVI-XVII ғасырдағы «Чертежные книги» әдебиетінің маңызы зор. Мысалы, әйгілі «Книга Большого чертежа» атты әдебиетте былай жазылған: «А от Усть-Кендерлика 150 верст, с левой стороны реки Сыра град Сунак, против Карачатовой горы. А промеж озера Акбашлы и реки Саук, и озера Акколь и по обе стороны реки Зеленчика, и реки Кендерлика Сарсы, и песков Кара-Кум на тех местах на 600 верстах кочевье Казаккия орды. На реке же Сыре от Сунака града 90 верст град Ясырван [Сауран]».¹²⁹ «Книга Большого чертежа» кітабының авторы Сунак (Сығанақ) қаласының Қарағай тау алдынан оңтүстік-батыстан алыс емес далада, Сырдарияның он жағасында орналасқанын дұрыс жазады. Осы кітапта келтірілген ежелгі топонимиялық атаулардың көбісі осы күнге дейін сақталған, тек Сауық пен Кендерлік атауы өзгерген. Сауық — Үрғыз өзенінің орта ғасырлық атауларының бірі, ал Сарысу өзенінен құятын Кенгір орта ғасырларда Кендерлік деп аталған.

Бұл атау Хавиз Тыныштың «Абдулла наме» шығармасында жиі кездеседі.¹³⁰

Сығанақ қаласы 1701 жылы Семен Ремезовпен құрастырылған «Чертежной книге Сибири» кітабында да¹³¹ және 1737 жылы Ресей Академиясымен шығарылған атласта да бар. Ремезовтың атласында Сығанақ № 22 және № 23 деп белгіленген, бірақ бітіруші картада Сығанақ ретінде, екіншісінде – Сұнақ ретінде берілген.

Сұнақ-обасындағы Сығанақтың маңында күйдірілген кірпіштен, кейде тас іргесімен тұрғызылған ежелгі кесенелердің қираған бөліктері жатыр, олардың арасындағы ең ірісі Сұнақ-ата кесенесі.


Орта ғасырлық поэзияда жырланған, тарихи аңыздарға¹³² толы Сығанақ XVII ғасырдың соңында өзінің маңызын жоғалтады. Ориенталист П.И.Лерхтің айтуынша, Сығанақтың соңғы тұрғындары оны XIX ғасырдың бірінші жартысында тастап кеткен¹³³, осы уақытта қаланың көп бөлігі қираған бөлшектерге айналған еді. Кейін орта ғасырлық Сығанақ табыну орнына айналды. Дала тұрғындары бұзылған ежелгі діни ғимараттардың жанына жиналған, осы жерге қайтыс болған туыстарын жерлеген. Бұл жерге ел кезіп жүретін діндарлар келе бастайды. Қаланың қираған қалдықтарында XX ғасырға дейін Сығанақтың «мәңгілік алауын» сақтап тұрған шырақшалар өмір сүрген. Оны В.А.Каллаур және проф. А.Ю.Якубовский айтады.¹³⁴

Сырдария қалалары орта ғасырлардағы феодалдық хандықтар арасындағы ұзаққа созылған қырқысудың нәтижесінде құлаған. Шағатай мен Ақ Орда феодалдық хандықтардың құлау нәтижесінде пайда болған Темір мен Орыс ханның арасында туындаған күрес кейінгі ғасырларда анағұрлым қатты бола бастайды. Қазақ хандығының басшылығында жүрген Орыс-ханның ұрпақтары мен Темір ұрпақтарының арасындағы күрестің басты себебі Сырдария қалалары болған. Қалалары бар Сырдарияның орта және төменгі ағысындағы бассейндер қазақ тайпасы мекендеген жер болған. Сырдария қалалары үшін қазақ және өзбек хандары Барақ пен Ұлықбектің¹³⁵ арасында, Қасым хан мен шайбанидтердің¹³⁶ арасында қанды-қырғын шайқас болған.

Көптеген Сырдария қалалары Сырдарияның көктемгі тасуының нәтижесінде құлаған. Осындай су апаты нәтижесінде

құлаған қалалардың бірі Сығанақ қаласы, оның қалдықтары ғылымда Сұнақ-ата атауымен белгілі, ол солтүстіктен оңтүстікке қарай созылып жатқан үлкен төбе түрінде бүгінгі Янықурған ауданында орналасқан. Сұнақ-ата ежелгі қала орнын зерттегендер В.В.Бартольд, В.А.Каллаур и А.Ю.Якубовский болды, осы жұмыстардың арқасында бізде ежелгі қала орнының жоспары, оның топографиясы және ежелгі ескерткіштердің сипаттамасы бар.

Ежелгі Сығанақ, Сауран, Жент, Отырар қалаларының аудандарында орта ғасырлық сәулеттің ғажайып ескерткіштері



Сығанақ. Құрылыс қалдықтары.


*Суреттер А.Ю.Якубовскийдің «Развалины Сыганака» атты кітабынан алынды. 228-230 бб.



Сығанақ. Құрылыс қалдықтары.



а



б

Сығанақ. Түрлі-түсті бейнелі тастардың қалдықтары.

бар. Олардың көбісі Тәуекел және Шығай хандары кезінде XVI ғасырда салынған. Осы дәуірдің сәулеті мен құрылыс дәстүрлері жөнінде мәліметті осы уақытқа дейін салыстырмалы түрде жақсы сақталған ескерткіштер береді. Осылайша, Сырдарияның төменгі ағысында Қармақшы-ата және Сарман-ата кесенелері орналасқан.

Оңтүстік Қазақстандағы отырықшы мәдениет ошақтарының бірі — Талас аңғары мен ежелші Шаптың арасында орналасқан Сайрам оазисі болды. Сайрам оазисі Нучигянь,¹²⁷ атауымен Сюань Цзанының (VII в.) жазбаларында Талас аңғарының оңтүстік-батысында орналасқан бай аймақ ретінде айтылады.

Қарахандықтардың еншілігінің бірін құрайтын Сайрам оазисінің орталығы — Сайрам қаласы. Сол кездегі қайнар көздерінен ол Испиджаб атауымен белгілі. X-XII ғасырда, гүлдену уақытында Сайрам Талас Алатауы тау алдында, Бадам және Арыс — Шымкент, Мәнкент, Қарабұлақ, Ақсу, Түлкібас және т.б. өзен аңғарларында орналасқан көптеген қоныстар мен кишілақтарды өзіне қосты. Сайрам оңтүстіктен солтүстікке өткен керуен жолындағы ірі жол тораптарының бірі болды. Қаратаудың бай аудандарына жақын орналасуының арқасында, көп салалы экономикасы мен солтүстік және оңтүстік аймақтарымен үздіксіз сауда байланыстарының арқасында Сайрам сол кезде ірі сауда орталығы болып келген Таразбен және Отырармен бәсекелесе алды. Қала бірнеше рет құлаған, бірақ үнемі қайта жаңғырған. Сайрам бүгінгі күндері — өзінің ескі орнында орналасқан қалалардың бірі.

Ежелгі Сайрам дегеніміз — саз балшықтан жасалған қамалдары және біркатар фортификациялық ғимараттары бар Орта Азия тұрғындарының феодалдық қала. Ежелгі қала орнының бітімі төрт бұрыш, ал оның бұрыштары төрт жағынан бағдарланған. Сәулет құрылыстардың көптеген қалдықтары Сайрамда тұрғын үй, қоғамдық және діни ғимараттардың болғандығын дәлелдейді: сарайлар, сауда жайлары, шеберханалар, керуен-сарайлар, мешіттер, күмбездер, моншалар. Сайрамда күйдірілген кірпіштен салынған кесенелер мен мешіттер табылды. Олардың арасында ақын Қожа-Ахмет Йассаунидің әкесіне арнап салынған Ибрагим-ата кесенесі бар. Сайрамнан алыс емес, Қарабұлақта Есім ханның жазғы ордасының қалдықтары қалған.

Сайрамның құрылысы кезінде тас кеңінен қолданылған. Оны тас бағаналар, құдықтар мен жер астына апаратын баспалдақ дәлелдейді.

Сайрамнан ежелгі діни ғимараттарының көптеп табылуы Түркістан қаласына дейін Сайрам исламның ірі дәріпкері болғандығымен түсіндіріледі. Қожа-Ахмет Йассаун Сайрам туралы былай жазды:

Төрт пайғамбар ту құрған
Кіндік қаны жуылған
Кіші Мекке деуші еді
Сайрам* деген жерімді.
Меккелігін айтайық,
Айтулы тұр азаны**,
Қызулы тұр базары.
Әзірет Сұлтан*** алыстан,
Нақыстан құрған көк күмбел,
Астананың қазаны.¹²⁸

Түркістан* (Әзірет) қаласы XII ғасырда қаңлылардан шыққан феодалдардың емін-еркін сезінетін жері болған, ол

* Сайрам — «әулиелер» отаны.

** Азан — мұезинді намазға шақыру.

*** Әзірет Сұлтан — Түркістанның революцияға дейінгі атауы.

* Түркістанның бүгінгі таңдағы атауы XVI ғасырдан бастап қолданысқа енді.

жерден соғылық ақын Қожа-Ахмет Йассаун шыққан. Ол кезде қала Яссы деп аталды. Жоспары бойынша Яссы саз балшықтан салынған құрылыстары бар, көшелері тар, қамалы бар кәдімгі қоныс болған. Бірақ сонымен қатар мұнда күйдірілген кірпіштен салынған ғимараттар болды, олардың арасында діни ғимараттар — мешіттер, кесенелер және медреселер көп болды.

XIV ғасырдың соңында Түркістан Темір наместниктерінің билігінде болды. Темірдің бұйрығымен Қожа-Ахмет Йассаундың моласының үстінен кесене салынды. Орта Азиядан және Қазақстаннан Түркістанға қажыға барушылар келе бастады.

XVI ғасырдың соңында Түркістан қазақ хандығының ордасы болады. Әбілғазының айтуынша осы жерге бірінші болып Есім хан келген. XVII ғасырда Түркістанда Қожа-Ахмет Йассаун кесенесінің қасында Есім ханға және Жәңгір ханға арналған кесенелер тұрғызылған, олар сақталмаған.

Орыс әдебиеттерінде XVII ғасырдың соңында және XVIII ғасырдың басында Түркістан «Тәуке хан қаласы» деп аталады. «Тәуке ханның қаласы» деп бұл қаланы I Петр атайды, ол 1696 жылғы 17 сәуірде өзінің жарғысында тобыл ұлы Семен Ремезовке: «... сколько далеко от Тобольска до Казачьей орды, и каким путем ход бываает, и много ли дней пути... от Тевки-ханова города до Бухарии», — деп суреттеп беруді бұйырады.¹⁴⁶

Өзінің мықты саяси және мәдени ықпалының арқасында Түркістанды Әзірет Сұлтан деп атай бастайды. Қаратау тау алды мен Сырдарияда орналасқан қалалар мен қоныстар Түркістанмен байланысты болған. Созак, Қаршық, Қарнак, Шымкент, Сайрам, Ташкент және т.б. қалалар оған бағынышты болған. XVIII ғасырдың басында Түркістанды жоңғарлар басып алады. Жоңғарларды қуып шыққан соң, Түркістан қазақ қоғамының қайтадан мәдени, экономикалық және саяси орталығы болады.*

Қожа-Ахмет Йассаун кесенесін зерттеген профессор М.Е.Массон былай деген: «Он уникален. В его вознесшейся мощной громаде за традиционными формами, выработанными искусством ислама, невольно чувствуются отголоски созвучных


* Түркістаннан алыс емес Жәнібектің ұлы Қасым ханның бекініс қамалы орналасқан. Қасым хан Шейбан-ханды жеңіп, Сырдарияның төменгі ағысындағы, Қаратау және Талас аңғарында орналасқан қалаларды басып алған соң қамалды тұрғызады.



Түркістан қаласы.



Қажа-Ахмет Яссауи кесенесі.



Кесененің айшықты бөліктері.

эпохе настроений, почерпнутых, быть может, не случайной интуицией из царственного стиля Персии эпохи Сасанидов и архитектуры императорской Византии».¹⁴¹

Кожа-Ахмет Йассауи кесенесі — үлкен аумақты алып жатқан, көп күмбезді ғимарат. Көлемі және құрылыс күрделілігі бойынша кесене орта ғасырдағы ең ірі сәулет ғимараты болған. «Громадный величественный портал, обширный полутемный казанлык, залитая розовым светом могила знаменитого суфия... — все это оставляет неизгладимый след», — деп жазды М.Е. Массон.¹⁴² Кесенені көріп таң қалған Рузбехан: «Мавзолей Ахмеда Ясеви — редкостный среди памятников населенной [части] мира, чудо творения рук человеческих», — деген.¹⁴³

ТАЛАС-ШУ ЕКІ ӨЗЕН АРАСЫНДАҒЫ ҚАЛАЛАР. ЖЕТІСУ ҚАЛАЛАРЫ.

Талас, Шу және Жетісу өзендерінің жайылымдарындағы қала мәдениетінің дамуына ғұндар мен түріктер ықпал етті. Орта ғасырларда Оңтүстік Қазақстандағы отырықшы қоныстар мен қалалар феодалдық қатынастармен және көп салалы экономикамен негізделген, әбден анықталған топографиялық түрге ие болады. Оңтүстік Қазақстанның қалалары — Тараз, Құлан, Сайрам, Отырар, Баласағұн және т.б. қалалардың жоспарлары бірдей болған. Қалалардың ортасында — шахристанда феодалдар тұрған цитадельдер болған, сондай-ақ базарлар, собор мешіттері, керуен-сарайлар, қала маңында — рабадта қолөнершілер мен қарапайым халық тұрған. Қалаларда қоғамдық ғимараттар — керуен-сарайлар, моншалар, сардобтар (су қоймасы), инженерлік құрылыстар — көпірлер, екі қапталдан атқылайтын мұнарасы бар бекініс қамалдары, бөгеттер тұрғызылған. Осы уақытта медресе, мешіттерді салуға көп көңіл бөлінген. Қалалардың жанында қақпалары мен күзет мұнаралары бар саз балшықтан салынған қабырғалар тұрғызылған. Үлкен қалалардың рабадтарының бірнеше қақпалары болған, осы арқылы керуен әр жаққа кеткен.

Оңтүстік Қазақстанның қалалары туралы анағұрлым ежелгі мәліметтерді біз қытай саяхатшысы Сюань-Цзанның жазбаларынан көреміз, ол VII ғасырдың 30 жылдары осы жазық жерлерден өткен.

Оңтүстік Қазақстанда археологтармен ежелгі отырықшы мәдениеттің көптеген қалдықтары табылды: қазіргі кишлактарға ұқсас қоныстар, феодалдық бекіністер, керуен-сарайлар, құйылып жасалатын және құйылмайтын керамиканың фрагменттерінен, еңбек құралдарынан, күмістерден және сол сияқты заттардан тұратын мол көтермелі материалы бар алып қала мәдениетінің қалдықтары. Осы материалдар Оңтүстік Қазақстанда ежелгі орта ғасырда қала құрылысы осылардың негізінде дамыған мал шаруашылығының, суармалы егіншіліктің, қолөнердің, сауданың дамуымен байланысты елеулі экономикалық үрдісі басталғандығын дәлелдейді.

Көне қайнар көздеріне сүйенсек, ежелгі орта ғасыр дәуірінде Тараз және Баласағұн қалалары ең ірі саяси және экономикалық орталықтар болған.

Тараздың орналасуы академик В.В.Бартольдпен сонау 1894 жылы анықталды, кейін профессор А.Н.Бернштамның зерттеулерімен нақтыланды. Ежелгі Тараз (Талас) бүгінгі Тараз қаласының орнында болғандығы анықталды.¹⁴⁴ Археологиялық материалдар Тараз қаласы бірінші мың жылдықтың басында пайда болғандығын дәлелдейді.¹⁴⁵

Тараз қаласы ғұндар тайпалық одағының астанасы (б.з. I-V ғғ.), түрік қағанатының ордасы (VI-VIII ғғ.), қарлұқтар мен қарахандықтар мемлекетінің орталығы (VIII-XII ғғ.) болған. Ежелгі орта ғасыр дәуірінде соғды мәдениетінің пайда болуына ықпал еткен, Тараз қаласына соғды аксүйектерінің елеулі бөлігі келді деген дерек бар.¹⁴⁶

Ежелгі Тараз туралы осы қалада Түрік қағанаты (568 жыл) кезінде болған византия елшісі Земарх Киликийский және тарихшы Мевандр Протектор жазған. Земарх осы кезде Тараз қаласының үлкен саяси маңызы және сауда байланысы болғандығын айтады.

Тараз жөнінде осы сияқты анық мәліметтерді біз Земархтан кейін 60 жыл өткен соң, осы қалаға келген қытай саяхатшысы Сюань Цзанның жазбаларынан көреміз. Оның айтуынша, Тараз әр елдің көпестері келетін маңызды сауда қаласы болған.

Қарлұқтар-қарахандықтар (VIII-XII ғғ.) кезінде Тараз қаласы өте жақсы дамиды. Цитаделі бар қаланың сыртында айналдырып орнатылған, шолғыншы және екі жақ қапталдан қорғалатын күрделі мұнаралар кешені бар қабырғамен қапталған. Қаланың

қақпасы төрт жақтан болған. Қаланың ортасында базар алаңында собор мешіті тұрған.

Тараз қаласының қалдықтары бұл – бұрынғы алып қаланың көлемі мен ескілігін дәлелдейтін шомбал қабаттар. Қазба жұмыстары кезінде шахристаны, цитаделі және сауда-қолөнер орамдары бар кәдімгі ортаазиялық феодалдық қаланың жоспары анықталды. Қазба жұмыстары кезінде табылған материалдық мәдениет заттарының арқасында әр кезеңдегі қаланың өмірі анықталады.

Мәдени қабат түріндегі қабаттар б.з. бірінші ғасырларынан басталып XVI ғасырға дейінгі уақытты қамтиды. Қарахандықтардың дәуіріне (X-XII ғғ.) тиісті үшінші қабат ең мықты болып келді. Осы қабаттан ежелгі қала орнының тереніне баратын қыш түтіктерден құралған қаланың су құбыры табылды, сондай-ақ көп күмбезді ғимарат түрінде, күйдірілген кірпіштен салынған монша табылды. Монша қабырғалары жақсы сыланған бес бөлмеден құралды, оның төменгі бөлігінде қабырғаға сурет салынған.¹⁴⁷

Сол уақыттағы Тараз қаласында қолөнер өндірісінің жоғары даму деңгейін көркемсурет керамикасының фрагменттерінен, құймалы керамика бұйымдарынан және терракота заттарынан білуге болады. Тараз қаласының мәдени мәні жөнінде эпиграфиялық ескерткіштер мен мол нумизматтық материал дәлелдейді, оның арасында түргеш қағандарының күмістері бар. Кемел қала құрылысының деңгейі және қолөнер өндірісінің кең құлаш жаюы Тараздың экономикалық мықтылығын және оның үлкен саяси ықпалын білдіреді.

Тараз қаласы монғол шапқыншылығына дейін гүлденген.

* XII ғасырда өмір сүрген әйгілі софьялық ақын Хәкім-атанян қызының құрметіне осы кесене салынды деген тарихи аңыз бар. Хәкім-ата ақын Қожа-Ахмет Йассауидің (XI-XIII ғғ.) шәкірті болғаны белгілі. Осы аңыз бойынша Айша-Бибі Қараханның қалыңдығы болған. Неке күю күні белгіленіп қойды, бірақ Қарахан жауларымен соғысып жүріп, қалыңдығын алып кету үшін Шапка (Ташкентке) уақытында келе алмайды. Сонда Айша-Бибі жігіті үшін қорқып, анасы Анбар-ананы рұқсатын алып, туған үйінен жасырын қашып шығып, Қараханды іздеуге кетеді, бірақ жолда, ежелгі Тараз қаласынан алыс емес жерде қаза табады. Оны естіген Қарахан қалың қоламен, Айша-Бибі қайтыс болған жерге келіп, оны жерлейді.¹⁴⁸ Кейін ол кесене тұрғызады.



Айша-Бибі кесенесі*

Монғол шапқыншылығынан кейін 300 жыл өткен соң Тараз бос және құлдыраған күйінде болды деп Мұхаммед Хайдар Дулати айтқан.¹⁴⁸ Қазақстанның осы ескі қаласы XIX ғасырдың екінші жартысында Әулие-ата атауымен қайта құрыла бастады.


Біздің күнге дейін X-XII ғасырлардағы сәулет ғимараттарының көбісі бұзылып қалған. Осы кезеңнің сақталып қалған ескерткіштерінің бірі Тараз қаласынан 20 шақырым оңтүстік-батысқа қарай орналасқан Айша-Бибі кесенесі**, ол

* Айша-Бибі кесенесінің фотосуреті Тарих мұражайында, сәулет бөлімінде сақтаулы тұр. Ф. 12402, шифры № 42949.

** Әдебиет көздерінде Атлах қаласының қате атауы келтірілген.



Босағасы арка пішіндес.



Айша-Бибі. Босағаның оң жақ колоннасы



Қарахан кесенесі.



Қайта жөндеуден кейінгі Қарахан кесенесі.

өзінің гажайыптылығымен таң қалдырады**. Кесененің батыс жақ қабырғасы жоқ, қалғандары да едәуір бұзылып қалған. Екі бұрыштық колонналары бар бетше босағадан тұратын басты қасбет жақсы сақталған. Колонналардың және бетше босағалардың қаптамалары қатты бұзылған, жазылардың көбісі өшіріліп қалған.

Сәулет жағынан алып қарасақ, Айша-Бибі кесенесі тұр-сипатымен және құрылымымен ерекшеленеді. Мұнда дәстүрлі күмбездің орнына шошақ купол салынған. Оның қабырғаларында ай мен күннің бейнесі көрінеді.

Аңызда екі белгілі есімдердің кездесуі Айша-Бибі кесенесінің уақытын XII ғасыр деп айтуға негіз болады. Талас аңғарында Қарахан кесенесі тұрғызылған. XIX ғасырдың екінші жартысында Кастанье оның жартылай құлаған күйін суретке салады. Кесене Тараз қаласының ортасында, бүгінгі күні бұрынғыдан айыршыланатын жаңа кесене тұрғызылды. Ескі Қарахан кесенесінің пішіні төрт бұрыш. Оның қасбетінде шырақтары бар екі бұрыштық мұнара болған, қасбет өрнектермен сәнделген.



Бабаджа-Хатун кесенесі.

Айша-Бибі қабірінің қасында Х-ХІІ ғасырлардағы сәулет ескерткіші Бабаджа-хатун кесенесі орналасқан, ол да өзінің өзгеше сәулетімен және құрылысымен көзге түседі. Бабаджа-хатун кесенесінің алып қабырғалары күйдірілген кірпіштен салынған, қасбеті сәндіделмеген. Кесененің қабырғасында ай мен күннің бейнесі анық көрінеді. Ғимарат шатырлық, барабандағы он алты қырлы куполмен аяқталады.

Талас аңғарындағы отырықшы қоныстар бүгінгі таңдағы Талас қаласының оңтүстік жағынан, сондай-ақ солтүстік-шығыс жағынан, талас және Шу өзендерінің арасын құрайтын оазисте орналасқан. Осы жерде пайда болған қалалардың ішінде мәдени-экономикалық қатынастан алып қарағанда **Отлық****, **Құлан**, **Жікіл**, **Бехлу** қалалары анағұрлым маңызды болған.

Макдисидің суреттеуінше, **Отлық** Талас аңғарындағы ірі сауда қоныстарының бірі болған «по величине приближался к Таразу». Қаланың бау-бақшасы өте әсем, көп болған, қаланың қабырғасы болған, оның маңында жүзім өсірген. Базарлар **Отлықтың** жанында болған.

Отлық Жамбыл облысы «Кенес» колхозының ауданында орналасқан ежелгі қала орны Жұбан-төбемен теңестіруге болады. Ежелгі қала орнының бітімі тік бұрышты. Оның ұзындығы – 380 м. Мұнда, қамалдар мен мұнараның іздері бар елеулі мәдениет қабаттары табылған.

Қайнар көздеріне сүйенсек, Тараз қаласынан солтүстік-шығысқа қарай жазықтықта қамалдары, цитадельдері мен мешіттері бар **Жікіл** (Шекті) және **Бехлу** (Беклу) екі ірі қонысы болған. Талас аңғарында ежелгі қоныстар көп болды. Қандай да бір бір үйінділері **Жікіл** және **Бехлу** қалаларымен теңестіруге әзірше мүмкін емес.

Орта ғасырлық жазба ескерткіштерінің мәліметіне қарағанда Талас өзенінің жоғарғы бойында, Талас Алатау шатқалында қабырғалары саз балшықтан тұрғызылған феодалдық қамалдары, күзет мұнаралары және цитадельдері бар – **Ботамойнақ** және **Садыр-Қорған** қоныстары орналасқан.

Ботамойнақ және **Садыр-Қорғанның** қалдықтары араб саяхатшыларымен суреттелген Шелжі және Күміскент ежелгі қалалары ұқсас. Олардың айтуынша Шелжі – цитаделі және мешіті бар кішкентай қала, ол Тараз қаласынан 24 шақырым оңтүстікке қарай орналасқан.



Садыр-Қорған. Қабырғасы мығым қамал.

Тарихы Күмістау тауының күміс кенінің шығарылуымен байланысты Күміскент – салыстырмалы түрде ірі қоныс болып есептелген.

Орта ғасырлық қайнар көздері айтқандай, Төменгі Барысхан керуен жолындағы ірі сауда қонысы болған, оның қалдықтары Жамбыл облысындағы шыны шығаратын зауыттың маңында, Қарасу өзенінің жағасында жатыр. Ежелгі қала орнының

ұзындығы 0,5 км, дуалының биіктігі 15 метрге дейін жеткен, мұнаралардың ізі жақсы сақталған.


Талас, Қырғыз, Іле Алатауы тауларының алдында, Талас, Шу өзендерінің аңғарларында Әулиеғас, Барысхан, Тарты, Шалдабар, Аққұм, Бесағаш, Тамды, Қоқыртай, Қарақомар, Суяб, Аспара (Ашпара), Мерке және т.б. қалалары мен қоныстары болған.

Талас аңғарындағы қала қоныстарының өмірі Шу өзенінің аңғарында және Қаратау оазистерінде орналасқан қалалар мен қоныстарға тікелей тәуелділікте болды. Осы қоныстар, басқалар сияқты VI-VIII ғасырларда пайда болып, X-XII ғасырларда шарықтау шегіне жетеді.

Чань Чуньның айтуынша Талас пен Шу өзендерінің арасында егіншілік болған, егістіктер өткізілген каналдардың суымен суарылған. Жол бағыты Сарысу өзені және Қаратау тау алдынан өткен Ұлытаудан Жетісуға барған Рубрук былай жазған: «На седьмой день к югу нам стали видны высокие горы, и мы въехали на равнину, которая орошалась, как сад, и нашли возделанные земли».¹³⁰ Ол өзі Сарысу өзенінің төменгі бойынан келіп, Қаратаудың солтүстік етегінде орналасқан кен-байтақ оазисті суреттейді. Осы жақтан шынында да алыстан Қаратаудың биігімен әсем панорама ашылады.

Қаратау тау алдында және Талас-Шу екі өзен арасындағы жазықтықта феодалдық бекіген қамалдар мен кедей жатақ қоныстары аралас болған. Осы жерде Баба-ата, Ақсүмбе, Тарсатөбе ежелгі қала орындары орналасқан. Шу өзенінің орта ағысының кең жайылма алқабында Ақтөбе ежелгі қала орны орналасқан.

Орта ғасырлық қала Баба-атаның қалдықтары Қаратау тауының солтүстік баурайында, Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ аудан орталығының Шолақ-Қорған кентінен 25 шақырым оңтүстік-шығысқа қарай орналасқан. Қалада цитадель, шахристан және рабад болған. Ежелгі қала орны биіктігі — 11-ден 25 метрге дейін, ұзындығы — 200 метр тік бұрышты алаң түрінде көрінеді. Қалыңдығы 3 метрге дейін жететін ірі шикі кірпіштен жасалған бекініс қабырғалары дуалмен қоршалған. Ежелгі қала орнының оңтүстік бөлігінде саз балшықтан салынған ғимараттың төменгі бөлігі және биіктігі — 25 м мұқалған мұнаралары бар қақпаның қалдықтары қалған.




Ежелгі Баба-Ата қаласы.

Археологиялық қазба жұмыстарының нәтижесінде Баба-ата ежелгі қала орнының ең ескі жағы ол биіктігі алты метрге жететін тұтас қабырғасы және жоғарғы бөлігінде терезелері бар шикі кірпіштен тұрғызылған, аумағы — 240 м² цитадель болғаны анықталды. Цитадельдің ортасында діни ғұрыптарды өткізуге арналған сегіз қырлы жай болған. XI-XII ғасырларда цитадель мен шахристан өзгертіліп, рабад салынады. Цитадельдің орнына сарай тұрғызылады. Сарайдың ортасында пішіні сегіз қырлы, төрт жақтан кіре берісі бар зал орналасқан. Залға жабыны жазық пішіні тік бұрышты жай қоса салынған.¹³¹

Ақсүмбе қамалының қалдықтары бүйір жақтарының өлшемі — 25x25 және биіктігі 2,5-3 м төрт бұрышты алаңды құрайды. Қамалдың айналасында топырақ ойығы болған. Бұрыштарында біздің уақытқа ойпанның биіктігі — 0,5 м көрініп тұратын төмпешік түрінде жеткен аласа мұнаралар тұрды. Қамалдан алыс емес, Солтүстік Қаратаудың сілемін құрайтын аласа таудың биігінде үстіңгі жағы қиылған шомақ пішінді ғимарат, тас іргеде ірі шикі кірпіштен тұрғызылған «Ақсүмбе» мұнарасы орналасқан. Солтүстік жағында мұнарада 1,5 метр биіктікте арка орналасқан, одан шикі кірпіштен салынған ені 0,8 метр бұралмалы басқышқа өтуге болады.¹³²


Аңыз бойынша Ақсүмбе барлау мұнараларымен және оқ ату



Ақсұмбе. Қымағдың жоспары.

орындарымен жонғорлардың шапқыншылығы кезінде салынған. Дегенмен, жазба қайнар көздеріне сүйенсек ол ертерек, XIII ғасырда салынған. Осылай Шараф ад-дин Йазидің Ақсұмбе мұнарасы XIV ғасырда болған. Темір өзінің әскерімен оның жанында аялдаған. Йазиді былай жазады: «Ақсұмбе – башня, которую устроили на вершине горы Карачук [Каратау] для дозора за стороной Дешт-и Кипчака».

Қаратау оазисінің қала қоныстары арасынан суреттеліп отырған дәуірдегі ең ірілері Құмкент, Саудақент және Созақ болған. Оңтүстіктен солтүстікке қарай өтетін үлкен керуен және көшу жолында орналасқан осы қалалар орта ғасырда өте маңызды болған, олар мал және егін өнімдерін сатып алатын басты сауда орталықтары болған. Дегенмен, алдымен монғолдардың шапқыншылығы нәтижесінде, кейін феодал әскерлерінің өзара қырқысып, жонғорлардың түгелдей қырып-жоюының нәтижесінде қалалардан тұрғындар кетіп қалған. Осы күнге дейін тек Жаңа Созақ қана жеткен, ал қалғандары XVII-XVIII ғасырларда бос қалып, бұзылып қалған.



Ежелгі Тарсатөбе қаласы.

Қаратау тау алдындағы жоғалып кеткен қалалар жөнінде мәліметтер жоқ. Ол жөнінде соңғы кездері ҚазССР ҒА археологиялық экспедициясының ашқан жаңалықтарына байланысты айта бастады. Созақтың ескі бөлігі Тарсатөбе ежелгі қала орны болғаны белгілі, ол бүгінгі Созақтан екі шақырым солтүстік-шығыста орналасқан.


Тарсатөбе ежелгі қала орны монғолға дейінгі үлкен қаланың қалдықтарын құрайды. Қалада цитадель, шахристан және сауда-қолөнер орамдары болған. Оның тарихы шамамен 500 жылды құрайды (VII-XII ғғ.), монғол шапқыншылығы кезінде қоныстағы өмір тоқтап қалды.¹⁵³

Монғол кезеңі аяқталған соң, Ескі Созақтың тарихы басталады, оның қалдықтары бүгінгі күні атауы бір қоныстың оңтүстік бөлігінде жатыр. Ескі Созақ ежелгі қала орны – бұл оңтүстік бөлігінің шеттері қатты мұқалған, алаңы үш тік бұрышты, биіктігі 15-тен 35 метрге дейін жететін үлкен төбе.¹⁵⁴

Анағұрлым алып орталық төбенің ұзындығы 350 метр, ені 200 метр. Қала көшелерінің бітімі осы күнге дейін жақсы байқалады. Саз балшықтан салынған ғимараттың қираған бөліктеріне қарағанда Ескі және Жаңа Созақтың көп бөлігі қаптаған керуен-сарайлардан, тұрғын үй және сауда жайларынан, қолөнер тауарлары шығарылатын кішкентай шеберханалардан құралған. Сонымен қатар, мұнда тері өңдейтін, ұсталық



Ескі Созақ



Ежелгі Созақ қаласы.

және зергерлік шеберханалары болған. Керамикалық ыдыстарды күйдіруге арналған құмдан (үлкен шок ошақ, еденге салынатын пеш) табылды. Қаланың қалдықтары Ескі Созақтың монғол шапқыншылығынан кейін дамыған феодалдық қала болғаны және XVII-XIII ғасырда азып кеткенін дәлелдейді.

Орта ғасырлық қала қоныстарының арасында Құмкент ерекше орында тұр. Құмкент [Құмкент] қаласында қоғамдық және діни ғимараттардың болғандығы, қала саз-балшықтан



Ежелгі Созақ көсенесі.

тұрғызылған қабырғамен қоршалғаны араб қайнар көздерінен белгілі. Және базарлардың қала маңында орналасқаны да осы әдебиеттерден белгілі. Қала Тараздан солтүстікке қарай жазықтықта орналасқан. Ежелгі Құмкенттің шектелген жері Баба-ата ежелгі қала орнынан 30 шақырым солтүстік-шығысқа қарай Құмкент ежелгі қала орнының орналасуына дәл ке-

леді. Құмкент жөнінде хабарламаны біз қалаға 1253 жылдың қарсаңында келген Рубруктан білеміз: «Через неделю после праздника всех святых мы въехали в некий саррацинский город по имени Кинкет». ¹⁵⁵ Рубруктың маршруттық картасында қала Қаратаудан солтүстікке қарай көрсетілген, ол ежелгі қала орны Құмкенттің орналасуына сай келеді.


Құмкент Орталық Қазақстанның даласын мекендеген қыпшақтардың даласына Тараз бен Сайрамнан өтетін екі керуен жолының қиылысында орналасқан.

Құмкент ежелгі қала орны Байқадам кентінің Сарысу орталық ауданынан 25 шақырым солтүстік-батысқа қарай орналасқан. Солтүстіктен оңтүстікке қарай өлшемі – 450 м, батыстан шығысқа қарай өлшемі – 300 м, дұрыс емес тік бұрыш конфигурациясын құрайды. Оның оңтүстік бөлігінде қала қақпасының қалдықтары – 35 метрлік үймелі төбе байқалады. Қала орамдары, ғимараттардың қалдықтары төбелер түрінде жақсы көрінеді, кей жерлерінде ғимараттардың іргетасы және жаяу жолдардың жұмыр тастары байқалады. Ежелгі қала орнының жоғарғы беті керамиканың фрагменттеріне, сондай-ақ, XII-XIV ғасырларға тән күйдірілген кірпіштің бөліктеріне толы. Ежелгі қала орнының жанында екі шақырым радиуста көптеген дөңестер көрінеді, олар – қала жанындағы құрылыстардың қалдықтары, көптеген ғимарат қалдықтарының арасында ұзындығы 5 шақырым болатын суару каналдарының кең тарамдалған желісінің іздері сақталған. ¹⁵⁶

Құмкенттен 25 шақырым шығысқа қарай орта ғасырлық қала Саудақенттің қалдықтары жатыр.

Қаратаудың солтүстік баурайында Тәуке ханның жазғы резиденциясы – Күлтөбе болған, мұнда Тәуке хан Қазымбек және Әйтеке бимен «Жеті жарғыны» құрастырған, осыдан «Күлтөбенің басында күнде кеңес» мақалы туындайды. ¹⁵⁷ Қаратаудың солтүстік тау алдында және Сарысу өзенінің төменгі жағында қыпшақ-қазақ заманына тиісті (XVI-XVII ғғ.) Хантегі, Ақсүмбе, Алатегі замонарларының қалдықтары жатыр.


Оңтүстік Қазақстанның көптеген қалалары Орталық Қазақстанға оңтүстіктен және солтүстіктен келетін керуен жолында орналасқан. Сарысу керуен жолының бастапқы орындары Отырар, Сауран, Жанкент, Сығанақ болды. Қаражарда (Болғанана) керуен жолы екіге бөлінді: біреуі Сарысу өзені бойынша



Ежелгі Құмкент қаласы.



Құмкенттегі кумбездің қасында.



Ежелгі Саудақент қаласы.

жоғарыға қарай Сымтас, Түгіскен шатқалдарына, одан әрі Көнек аңғары және Қараағаштан солтүстікке қарай жазық дала арқылы Нұра өзенінің төменгі бойына жеткен; екіншісі Қаражардан баратын жол солтүстікке Кеңгір өзенінің жоғарғы бойына кетті.¹³⁸

Шу өзенінің төменгі ағысының аңғарын, Жамбыл таулары және Мойынты, Сарысу су бөлінісінің тораптарын коса отырып Шығыс Бетпақдаланы алып жатқан байтақ кеңістіктің тарихи-экономикалық маңызы зор болды. Ол сонау ежелгі заманда жайылымдық алқаптарды жазғы маусымда ұтымды пайдалануға негізделген Қазақстанның оңтүстік және солтүстік аймақтарының экономикалық қарым-қатынасына негізделді. Ерте және кейінгі дәуірлердегі көшпенділердің көптеген ескерткіштерін зерделеу Қазақстанның оңтүстік және солтүстік аудандарының арасындағы байланыс мал басының көбейіп, бір орында отыруға мүмкіндік болмай оңтүстік пен солтүстік аралығында көшу заманынан бастап құлап жая бастағаны белгілі. Оған дәлел ретінде оңтүстікте де, солтүстікте де жазғы және қысқы кезеңдерде көшпелі-малшылардың ұзақ уақыт бір орында болған жерлеріндегі шоғырлана орналасқан ескерткіштерін

көреміз. Бетпақдала шөлінде және Торғай даласында ескерткіштер жоқ.


Бетпақдаладан басталып, Шу өзенінің орта ағысының аңғарында орналасқан ежелгі қала орындары ерекше. Ежелгі орта ғасырда бұл аудан байланыстыру торабы болған: бір жағынан ол Шу өзенінің жоғарғы ағысы мен Талас-Шу екі өзен аралығындағы қалаларымен (Суяб, Баласағұн, Құлан және т.б.), екінші жағынан Орталық Қазақстанмен байланысты. Оны біз Шу өзенінің төменгі ағысының аңғары бойында байқалатын отырықшы мәдениеттің ескерткіштерден байқаймыз. Бұл ескерткіштер VIII-XIV ғасырлардағы аудандағы қарқынды өмірдің үнсіз дәлелдері болып табылады.

Осы ауданның өмірі жайлы алғашқы мәліметтерді орыс ғалым-академигі А.Н.Шренктің басшылығымен жұмыс істеген геодезист Ю.Л.Шмидттің, статистик Л.Р.Чермақтың, кен инженері А.А.Козыревтың, гидротехник А.П.Соловьевтің, А.Н.Шренктің өзінің жазбаларынан байқаймыз. Ғалымдардың сұрақтары көп болды: тарихи геология, орналасу тарихы, суару, егіншілік, кен шығару, тарихи топография. Олардың еңбектерінде Шу өзенінің төменгі бойындағы орналасқан сәулет ескерткіштері мен ежелгі қоныстардың қираған қалдықтары суреттелген, үш жыл бойы А.Н.Шренк кейін Кеңесары ханның көтеріліс бастауымен байланысты және Батыс Сібір мен Орта Азия арасындағы керуен жолын қалпына келтіру қажеттілігі салдарынан XIX ғасырдың 40-шы жылдары ұйымдастырған әскери-топографиялық экспедицияға қосылды. Біріккен экспедицияда топографтар және геодезистер Соболев, Нифантьев, Фролов, Лобанов және т.б. жұмыс істеді. Бұл экспедицияға дейін осы жерлерге Бетпақдаланың шығыс бөлігін Бурнашов пен Поспелов¹³⁹, ал 1813 жылы Жеке Сібір корпусының аудармашысы Назаров, 1830 жылы хорунжий Потанин келіп кетті.

Шу және Сарысу өзендерінің жайылымдарындағы ескерткіштер туралы қызықты мәліметтер КСРО ҒА мұрағатында сақтаулы тұрған академик А.Н.Шренк экспедициясына қатысушыларының материалдарында бар.¹⁴⁰ Топограф Нифантьевтің Бетпақдаланың шөлі арқылы өтетін ежелгі керуен жолдарын тарихи-топографиялық суреттеуі аса құнды материал болып табылады.¹⁴¹ Шөлейттің шығыс бөлігінен үш керуен жолы бойынша өтті және бірінші болып нақты атауларымен

оларды картаға түсірген. Нифантьевтің керуен жолдарын суреттеуі капитан Гольмстремнің,¹⁶² геодезист Ю.А.Шмидтің¹⁶³ және Л.Р.Чермактің түсірілімдеріне дәл келеді.¹⁶⁴

Нифантьевтің топографиялық суреттеулерінде екі бағыт көрсетілген: «Шығыс жол» (Шмидт бойынша «Қарқаралы») және «Абылай жолы» – «Хан жолы». Ол туралы Нифантьев: «Это название носят две дороги, идущие от гор Тайаткан-Чунак и Койлыбай-Булат. Обе они соединяются на речке Кок-Джиде и отсюда следуют на р. Чу. Предание гласит о том, что по ней часто ездил Аблаи на баранту в Большую Орду и к дикокаменным киргизам».¹⁶⁵ Пересекая «восточную дорогу» в районе р. Монгты, в направлении на юг идет левый маршрут «ханской дороги» через горы Тайткан и Чунак по западной стороне горы Караулшоқы, следует к р. Жаман-Жартас, далее по урочищам Кара-Мурза, Кара-Айгыр, Чакчагай, Кок-Джиде, Кызыл-Эспе, Кой-Жарылган, Хантау, Уч-Кербулак, Анракай, Долан-Кара, Кона, Ргайтак, Кенелы и Чу».¹⁶⁶ «Хан жолының» оң (батыс) бағыты жайлы айтсақ, Нифантьев бойынша Қойлыбай-Болаттан Көк-Жидеге дейін, яғни екі бағыттың қосылуына дейін ол Шолдың Ақ-Дүңгі, Сорқұдық, Тоғыз-Құдық Қыйлы-Ходжа), Седакты Сары-бұлақ, Қайып Мергеннің Жартасы және Көк-Жиде құдықтары арқылы өтеді. Қайып Мергеннің Жартасы шатқалының жанында негіз-



Бетпақдала шөлі арқылы өтетін керуен жолдары.

гі керуен жолынан Талас өзенінің жайылымында Шу өзенінің төменгі ағысының аңғары бойынша (Қызыл-Қорған) Байғара тауы арқылы үшінші (батыс) бағыты өтеді. Нифантьев: «Дороги проложены, по местам, которые во всякое время бывают удобно проходима даже и с тяжестями. Летом и осенью проезжают по ним по 500 и более человек вместе».¹⁶⁷ Нифантьевтің суреттеуінше, «Хан жолы» екі бағыттан тұрған — солтүстік және солтүстік-шығыс, олар Шығыс Бетпақдалада, Көк Жиде шатқалында қосылады. Одан әрі бір ғана жол өткен.

Оңтүстік пен солтүстік арасында делдал рөлін атқарған керуен жолдарының үлкен мәдени-үлкен маңызы болған. Олар Шу және Талас өзендерінің жайылымындағы қалаларды Сарысу және Қарқаралы далаларымен байланыстырған. Орыс ғалымдары бірінші болып Қазақстанның оңтүстік және солтүстік облыстарының өзара экономикалық тәуелді болғандығына назар аударды. Далалықтар оңтүстік пен солтүстік аралығында көшіп-қонып жүріп, жазғы маусым ішінде 4000 шақырым жол жүрген.

Ежелгі қоныстардың қираған қалдықтары оңтүстіктен солтүстікке қарай Тастұмсық (Шу станциясынан солтүстікке қарай) ауласынан басталып, Жамбыл тау алдымен аяқталып ұзындығы шамамен 150-180 шақырымға созылып жатқан. Ең шеткі қоныстар Жамбыл тауының оңтүстік-батыс етегінде, Фурмановка қонысынан солтүстікке қарай 35-40 шақырымда байқалды.

Сексеуіл тоғайында бір-бірінен 10-15 шақырым қапшықтықта ежелгі керуен жолында Үлкен-Ақтөбе, Орта-Ақтөбе, Аяқ-Ақтөбе, Бала-Ақтөбе ежелгі қала орындары орналасқан. Шу өзені жағасынан ежелгі қала орнына дейін 12-15 шақырым және олардан Жамбыл тауларына дейін 25-30 шақырым. Қоныстардың Шу өзені жағасынан осынау қапшық орналасуы көктем кезіндегі су тасқынынан қауіптенген дала тұрғындарының көрегендіктерімен түсіндіріледі. Сонымен қатар жазғы уақытта өзенге жақын тұру қауіпті болды, өйткені улы жөндіктердің көп болуы жан үшін де, мал үшін де өте аса қауіпті. Белгілі зоолог профессор Д.Н. Қошқаров: «Река Чу, могущая служить базой для проникновения в Бетпак-дала, летом закрыта для транспортных животных, закрыта непреодолимой завесой из слепней, убивающих верблюда, лошадь», — деп жазған.¹⁶⁸ Осы екі

жағдай қоныстардың неге Шу өзенінен шалғай, оның жоғарғы террасада орналасқандығын түсіндіреді.

Шудың орта ағысында орналасқан ежелгі қала орындарының ішінде ең ірісі — Ақтөбе I.* Ол Шу өзенінің оң жағасынан 12 шақырым солтүстік-шығысқа қарай жазықтықта орналасқан, ол жан-жағынан шөгінді сексеуілмен қоршалған. Ежелгі қала орны пішіні қисық көп бұрыш, биіктігі 5-тен 8-метрге дейін жететін құлап қалған ақ саздақтың төмпешігі түрінде көрінеді. Сыртқы бітімі бойынша бұл саз балшықтан тұрғызылған, қабырғасы мен мұнарасы бар бекініс. Оңтүстік-шығыс бұрыштың маңында шығыс жақ бөлігінде екі жақтан мұнарасы бар қақпа болды, оның іздері төбе түрінде сақталған.¹⁶⁹ Ежелгі қала орнының алаңындағы төмпешіктердің конфигурациясына қарап, мұнаралардың сегіз болғандығын айтуға болады, ол ежелгі қала орнының сегіз қырлы бітіміне сай келген. Ежелгі қала орны бітімінің көне тұрпаты X-XII ғасырлардағы Сырдариядағы оғыздардың көп қырлы ежелгі қала орны бітіміне ұқсас.

Ақтөбе I он шақырымдай жерде бітімі тік бұрыш, мұнараларының ізі қалмаған, құлап қалған Бала-Ақтөбе төбесі орналасқан. Ежелгі қала орнының биіктігі 5 м, бүйір жақтарының өлшемдері 105 және 55 м, бұрыштарымен төрт жаққа бағдарланған. Төбенің жанында ежелгі егістіктің ізі бар. Бұл қоныс осы топтың басқа қоныстарымен бір уақытта болған. Оны керамиканың бір типті фрагменттері дәлелдейді.

Осы аудандағы ірі қоныстардың бірі — Төрткөл. Ежелгі қала орны ұзындығы — 1500 м және ені — 300-500 м алаңда орналасқан құлап қалған сегіз төбеден құралады. Төбелердің арасында ең ірісінің бітімі тік бұрыш, өлшемі — 200x180 м, бұрыштарымен төрт жаққа бағдарланған. Мұнда ежелгі қаланың іскер бөлігі болған. Солтүстік-батыс жағындағы төбе Шу өзенінің жағасына жақын орналасқан, сондықтан төбенің бөлігі көктемгі су тасқынымен шайылып кеткен. Өзеннің құлама жарында және саяз жерлерінде көптеген керамиканың фрагменттері мен жануарлардың сүйектері жатыр. Ежелгі қала орнының бүкіл аумағы керамиканың фрагменттеріне толы: үлкен

* Ақтөбе және Төрткөл ежелгі қала орындары 1948 жылы автордың басшылығымен ҚазССР ҒА археологиялық экспедициясымен алғаш рет тексерілді.

мдыстар — хумдар, құмыра ыдыстар мен құмыралар, сондай-ақ ас үй керамикасы — көк жылтырауықпен қапталған кесе, пыны аяқ. Керамиканың фрагменттері, қождар мен металл кесектері түріндегі қыш және ұста өндірісінің көптеген қалдықтары қолөнер өндірісінің кең құлаш жайғанын және үлкен сауда айырбастың болғандығын білдіреді. Қождар, албетте қалада темір кенін өңдейтін кәсіптің болғандығын дәлелдейді, ол шамасы Бетпақдаладан, темір кені шығарылған Балқаш көлі мен Атасу өзені аудандарынан әкелінген болар.

Бетпақдаланың әйгілі зерттеушісі В.А.Селевин ежелгі кен шығарылған және металл балқытқан іздері бар бірқатар орындарды тауып алды. Ол: «В центре Бетпақдалы возле гор Домбральтау известны на урочище Кок-ирюм, которое пересекает один из древнейших караванных путей, кучи шлака, получившегося, вероятно, от выплавки либо меди, либо свинца», — деді. Селевиннің айтуынша «найденные в Бетпақдале следы плавки металла, скорее позднейшего происхождения».¹⁷⁰

Төрткөл XIII-XIV ғасырларда арықтау шегіне жетеді. Осы қаланың да, бәлкім Сығанақ, Құмкент, Созақ және Оңтүстік Қазақстанның басқа да қалалары сияқты оңтүстік пен солтүстік арасында делдалдық маңызы болған.

Шу өзенінің орта ағысының аңғарында орта ғасырда VII-VIII ғасырларда пайда болып, феодалдық қарым-қатынастар дамыған кезде X-XII ғасырларда шарықтау шегіне жеткендігі келтірілген материалдан белгілі. Шу аңғарының көптеген қоныстары монғол шапқыншылығының құрбаны болды. Бірақ кейбір қоныстар, мысалы XIII-XIV ғасырларға дейін жеткен.

Отырықшы қоныстардың іздері Шу өзенінің орта ағысының аңғарларымен шектеліп қана қоймай, солтүстікке қарай да кездеседі. В.А.Селевин: «Следы их укреплений [сторожевых вышек], сохранились до сих пор в саксаульниках Южного Прибалхашья. Аналогичные с вида сооружения мы видели в Юго-Восточной Бетпақдала, недалеко от р. Чу»,¹⁷¹ — деді. Селевиннің айтқандары сол экспедицияның қатысушысы «в восточной половине пустыни экспедиция видела, хотя небольшие, культурные гнезда, где люди жили, орошали небольшие поля и сажали тыкву, сеяли просо», — деп жазған профессор Д.Н. Қошқаровпен дәлелденеді.¹⁷² Адамның іздері Бетпақдаланың оңтүстік-шығыс бөлігінде, Май-Жарылған, Жамбыл, Арқарлы және Оғызтау

тауларының шекарасынан байқалды. Мұнда Бетпақдаладан өту кезінде және маусымдық аңшылық кезінде дем алу орны болған негізгі оазистері шоғырланған.

Жер асты су бар жайылымдықтар көшпелі малшыларға Орталық Қазақстанмен және Шу өзенінің төменгі ағысының аңғарымен аумақтық байланысқан транзиттік базасы болған.

Жамбыл және Май-Жарылған тауларының маңында көшпенділер дәуірінің ескерткіштері (обалар) және кішірек суару құрылыстарының қалдықтары орналасқан, олар көшпелі және отырықшы мәдениеттердің үйлесуін дәлелдейді.

Ерте көшпенділер дәуірінің обалары кішірек топтармен биік жерлерде немесе жазғы уақытта кеуіп қалатын төмпешіктердің көлбеу террасаларында орналасқан. Ежелгі көшпенділердің мәдениетіне Шайбектің Сорбұлағы бұлағынан алыс емес, Жамбыл тауларының солтүстік-батыс тау сілеміндегі жартас суреттері жатады.

Бетпақдаланың орталық бөлігінде көшпенділер дәуірі мен феодалдық орта ғасырдың ескерткіштері мүлдем жоқ. Мұнда кей кезде неолит дәуірінің немесе кейінгі орта ғасырдың ескерткіштері (қазақтың бейіттері) кездеседі. Осы жайлы Селевин жазған: «Монотонный горизонт ее не возмущен насыпями курганов – обычных спутников в расположенных севернее полупустынь и подгорной полосы Каратау – на юге. Эти молчаливые свидетели многовековых передвижений народностей, столь обычные для равнин всего Казахстана, совершенно отсутствуют в описываемой пустыне».¹⁷³

Қазақстанда феодализмнің дамуымен ең жақсы жер телімдері феодал қожайындары мен тайпа ақсүйектеріне бөлінеді. Осының арқасында жаңа шаруашылық және мәдени аудандар пайда болады. Археологиялық материалдармен дәлелденген көне жазба деректер бойынша Қаратал және Көксу өзендерінің аңғарлары, Іле өзенінің төменгі ағысы орта ғасырларда мал шаруашылығымен, балық аулаумен, суармалы егіншілікпен айналысқан жартылай отырықшы жатақтар қалып қоныстанған. Іле өзенінің төменгі ағысында көптеп табылған суармалы жүйелерінің қалдықтары оған дәлел болады. В.В.Бартольд Чань Чуньның байқағандарын айта отырып, осы кең-байтақ кеңістікте (XIII ғасырдың бірінші жартысы) дамыған егіншіліктің болғандығын растады.¹⁷⁴

Жетісуда орта ғасырда бірқатар қалалар мен қоныстардың

болғандығы археологиялық зерттеулермен расталды, ол жазба қайнар көздерімен де дәлелденеді. Жетісудың кемелденген қала мәдениетінде, Қазақстанның басқа да аудандарындағы сияқты, отырықшы мәдениеттің дамуында басты фактор болған жайылымдық мал шаруашылығы мен суармалы егіншіліктің үйлесуі шешуші роль атқарды. Бұл аймақ IX ғасырдан басталып XIII ғасырға дейін орта ғасырлық Қазақстандағы қала мәдениеті орталығының бірі болған.

Ежелгі Жетісудың тарихи топографиялық суретін Рубрук қалдырды. Қаратал мен Көксу өзендерінің аңғарынан өтіп, ол: «Мы въехали в очень красивую долину, имеющую справа высокие горы, а слева некое море или озеро, тянущееся на 25 дней пути в окружности. И эта равнина вся прекрасно орошена стекающими с гор водами, которые все впадали в упомянутое озеро», – деп жазды.¹⁷⁵ Мұнда Балқаш көлі жайлы сөз қозғалып отыр. Оның солтүстік жағасы бойымен Рубруктың кері бағыты өтті.

Монғол шапқыншылығы кезінде Жетісу күлге айналды. Ол туралы Рубрук: «На вышеупомянутой равнине прежде находилось много городков, но по большей части они были разрушены татарами»,¹⁷⁶ – деп жазды. Ол Іле өзенінің оң жағасында, одан өтетін жердің жанында бұзылып қалған, саз балшықтан тұрғызылған үйінділер туралы айтты.

Монғол шапқыншылығынан кейін Жетісудағы және Шудың аңғарындағы өмір XIII ғасырдың ортасынан бастап қалпына келе бастады. Бұл уақытта, тұрғындар қайтадан еңбектеніп, саудамен, егіншілікпен және мал шаруашылығымен айналыса бастады. Жазықтықта каналдар, суармалы егіншілік қалпына келтірілді. Осы аймақтың жандануы туралы 1253 жылы Рубрук жазды: «С гор спускалась большая река, которая орошала всю страну, так как они проводили от нее воду, куда им было угодно; эта река не впадала в какое-нибудь море, а поглощалась землей, образуя также много болот. Я видел там лозы и дважды пил вино».¹⁷⁷

Дәл осы уақытта Жетісу қалалары қайта қалпына келе бастайды. IX–XII ғасырларда қарлұқ хандарының ордасы болған Қойлық қаласының және XIII–XIV ғасырлардағы Жетісудың басты қаласы – Алматының үлкен шаруашылық және мәдени маңызы болған. Алматыға және Қойлыққа батыстан да, шығыстан да көптеген сауда керуен жолдары жалғасып жатты.

Жазба кайнар көздерінен белгілі болғаны мынау: XIII ғасырдың басында «Алмалықу были подчинены 8 или 9 городов; везде было множество плодов, жители возделывали все пять родов хлебных растений».¹⁷⁸ Көксу өзенінің аңғарында орналасқан Қойлық туралы Рубрук былай жазды: «Там небольшой город по имени Кайлак, в котором был базар, его посещали многие купцы».¹⁷⁹

Қойлықтың саудалық және мәдени маңызы археологиялық материалдармен дәлелденеді. Ежелгі Қойлық қала орны орналасқан орын А.Н.Бернштаммен анықталды. «Дүңгене» аталатын оның қираған қалдықтары Көксу өзенінің сол жағасында, Талдықорған қалт зауытының аумағында орналасқан. Бай мәдени қабаты бар алып үйінділер X-XIII ғасырларда Іле өзенінің жайылымындағы Қойлық қаласы ірі қоныс болғандығы белгілі. Қала дуалмен қоршалған және қақпасында солтүстік-шығысқа қараған қосымша қабырғасы болған. Ұзындығы шамамен 680 м, тік бұрышты пішінді ежелгі қала орны бұрыштарымен төрт жаққа бағдарланған. Солтүстік қабырғада дөңес түрінде күзет мұнараларының ізі сақталған.

Ежелгі Қойлықтың қираған қалдықтарын қазу кезінде үш мәдени қабат анықталды, төменгісі қарлұқтар дәуіріне (VIII-X ғғ.), ортаңғысы – қарахандықтар дәуіріне (XI-XII ғғ.) және жоғарғысы – монғол кезеңіне (XIII-XIV ғғ.) тиісті. Төменгі қабаттан табылған құймалы емес долбарлы керамика қарлұқтар дәуіріне тиісті. Ортаңғы қабаттың мәдениеті колонер мен шаруашылықтың жоғарғы деңгейде болғандығын көрсетеді. Мұнда жылтырауықпен қиғалған және розетка, геометрлік және өсімдік мотивіндегі өрнектермен әшекейленген құймалы керамика мен жұқа қабырғалы ыдыстардың фрагменттері көптеп табылды. Үлкен шеберлікпен орындалған колонер ісінің заттары, әрине ауқымды айырбасқа арналған. Заттар кешені сондай-ақ, күмістермен, бедерлі терракотамен, ас үй керамикасының фрагменттерімен толықтырылды, олар ежелгі Жетісудың егіншілік қоныстарына тән. Қойлық XI-XII ғасырларда экономиканың өсіп, феодалдық даму шартында өзінің шарықтау шегіне жеткендігін дәлелдейді. Бірақ, шығыстан келген жаулаушылар мен феодалдық қатығыстар Қойлықтың өмірін тоқтатты.

Іле өзенінің жайылымындағы белгілі қалалардың біріне Екі-Өгіз қаласы жатады. Махмұд Қашқаридің картасында ол

Іле өзенінің оң жағасынан алыс емес, Кем-Талас (кіші Талас) қаласымен қатар орналасқан, ол әрине ежелгі Қойлыққа сай.

1253 жылдың күзінде Екі-Өгіз қаласына Рубрук келеді, ол өзінің жазбаларында «Эквиус» деп атайды. Махмұд Қашқары (XI ғасыр) оны «Еки-Буиз» (екі мүйіз) деп атай бастайды. Іле өзенінен өткен соң, «мы нашли некий хороший город по имени Эквиус, в котором жили саррацины», – деп жазды Рубрук.¹⁸⁰

Ежелгі Екі-Өгіз қаласы Іле өзенінің оң жағасынан алыс емес, қазір Шіңгілді ауылы тұрған жерде орналасқаны археологтармен анықталды, ол Махмұд Қашқаридің картасында көрсетілгендей. Бұл жерден ас үй керамикасының фрагменттері, қыш су өткізу құбырлары және басқа заттар табылған. Н.А.Абрамов былай деген: «В долине реки Коксу находится много курганов, особенно у подошвы хребта Алатау. Они различной высоты и стоят отдельно или группами. Древнее земляное укрепление близ речки Чингильды я ... видел в 1860 году. Все пространство, заключающееся в этом укреплении, обведено земляным валом... возле вала заметно был ров. Укрепление имеет фигуру круглую... С западной стороны в укрепление был въезд. Возле укрепления к северу находится много могил древних. Возле пикета Чингильдинского находится колодец или резервуар. Из резервуара до самого укрепления находятся подземные гончарные трубы, искусно сделанные так, что один конец трубы вкладывается в другой и так далее. Каждая часть трубы длиною 5 четвертей, внутри в диаметре около 6 вершков. Через эти трубы вода из колодца ... под землю шла в ... укрепление».¹⁸¹

В.В.Бартольд және А.Н.Бернштам Эквиусті ежелгі қала Іле-Балыққа ұқсатады. Біздің ойымызша бұл қате, өйткені Екі-Өгізден қарағанда Іле-Балық едәуір кейін (XVI ғ.) пайда болған және ол Іле өзенінің төменгі ағысында, бүгінгі Қашпағай торабында орналасқан. Бұл орын осы күнге дейін зерттелмеген, бірақ мұнда ежелгі егіншілік мәдениет заттары байқалады.

Мұхаммед Хайдар Дулати жазғандай, XVI ғасырдың басында Іле-Балық қаласы моғолыстан ханы Вейстің бас ордасы болған.¹⁸² XVIII ғасырдың екінші жартысында, мұнда жонғарлар қоныстанған, оған көптеп табылған будда жазулары мен Будданың бейнесі дәлелдейді. Бұл орында қазақтар «Таңбалытас» деп атаған.

Қойлықпен және Іле-Балықпен көбінесе мәдени қабаттары бар, ауданы төрт бұрышты шағын қоныстар қатарымен байланысты. Қоныстар Іле өзенінен Жоңғар қақпасына дейін баратын ежелгі керуен жолы бойынша орналасқан. Бүгінгі Талдықорған, Қапал, Жаркент қалалары ежелгі қоныстардың үйінділерге жақын орналасқан.

Бүгінгі Алматы қаласы мен Талғар, Түрген, Шілік ауылдарының орындарында орта ғасырларда Алмалыққа баратын үлкен керуен жолында отырықшы егіншілік қоныстар орналасқан.

Талғар немесе араб қайнар көздерінде Талхиза – Іле Алтауы тауының етегіндегі ең ірісі болған. «Худуд ал-Алем» шығармасында: «Тонг и Талхиза – два селения, расположенные среди гор, на границе между владениями джикилей и карлуков, вблизи озера Иссык-Куль», – деп жазылған.¹⁸³ «Тау арасы» сөздері екі қандас тайпалардың облыстары арасында табиғи шекара болған Іле Алтауын білдіреді. Осы жерде бірі Талғар* деп аталатын екі қыстақ болған.

Археологиялық мәліметтерге сүйенсек, Талғар қонысының гүлденуі XI-XIII ғасырларға дәл келеді. Құрылыс материалының қалдықтарына қарай, мұндағы құрылыс тек шікі және күйдірілген кірпіштен жасалды деуге болады. Қалдықтарда егіншілік мәдениеттің көптеген заттары сақталған: көркемсурет және ас үй керамикасының фрагменттері, жазуы бар және тамаша өрнектелген табақтар, құмыра ыдыстар, хумдар, бидай үкшіштер, қыш түтіктер, диірмен тасы, диірменнің, тандыр пештерінің және т.б. қалдықтары табылды, ол ежелгі Талғарда түрлі кәсіптердің болғандығын дәлелдейді. Осы олжалар X-XIV ғасыр кезеңіндегі Іле Алатауының етегінде болған қоныстардың арасында ежелгі Талғардың маңызын бөліп көрсетеді.

Құрылыстары бар ежелгі қоныстардың іздері Алматы қаласының батыс бөлігінде, Үлкен Алматы өзені ағатын шатқалға қарсы табылған. Архитектор П.В.Гурд осы қалдықтарды В.В.Бартольдке көрсетеді.¹⁸⁴

Ежелгі Жетісу қоныстарының жоспары Оңтүстік Қазақстан

*«Талхиза» - Худуд-ал-Алемді көшірген араб көшірмелері қате жазған Талғар атауы.

мен Орта Азияның қоныстарынан өзгеше, цитадельдері жоқ, ал құрылыс материалы ретінде ағаш қолданылған. Сонымен қатар, көшпелі жартылай отырықшы шаруашылықпен үнемі байланысты болғандығын дәлелдейтін іздері қалған.

Шу-Талас аңғарында 300-ге дейін кіші қала болған, олардың арасында Құлан, Мерке, Аспара (Ашпара, Асабола, Осубола), Суяб (Суяе) және Іле өзенінің жоғарғы ағысындағы Невакет өзгеше қалалар.

Суянь Цзань VII ғасырдың 30-шы жылдары Ыстық көлден солтүстік-батысқа қарай 500 ли (250 шақырым) өтіп, Іле өзені аңғарындағы Суяб қаласына келгендігін жазады.

Суяб қаласы шарықтау шегіне жетіп, Түрік қағанатының (VI-VIII ғғ.) саяси орталығы болады. Монғол кезеңінде Суяб Оқтайдың (Ала-Қаман, Эмиль) ұрпақтарының және Қайдыңның баласы Күйіктің ордасы болады. Қала несторианның таралуымен де белгілі болған.

Суянь Цзаньның айтуынша Түрік қағанатының ішіне Барысхан, Яр, Тоң-Алып, Талғар қалалары кірген.

Афрасиабтың ұрпақтарымен салынған Тоң-Алып қаласы кейін Тоң-Кент (Худуд ал-Алем) деп атала бастайды. Макдисида қаланың атауы – Нушкет, Қытай қайнар көздерінде – Дун. Ежелгі атау Тоң өзенінің атауында сақталған, оның аңғарында ежелгі қаланың орны орналасқан.

Талас Алатауының баурайында қытай дерек көздері бойынша қазіргі таңда ұмытылып қалған Гойлосы (бәлкім, Құйылыс) және Байшұңқыр қалалары орналасқан. Гойлосы қаласы Сүйе (Суяб) қаласының батысында орналасқан.

Құрдай тау жотасының солтүстік-батыс баурайында Ордакент және Бекілік қалалары болған. Қастек өтпесі орналасқан орындар қасиетті болып саналды. Мұнда бұрын діни маңызы болған тас мүсіндер қалған.

Ежелгі орта ғасырдың ірі қалаларының бірі Баласағұн – қарлұқтар мен қаңлылардың шеберлерімен салынған Қарахандықтар мемлекетінің астанасы. X ғасырдағы араб географы ал-Макдисидің айтуынша, Баласағұн Алмалықтан (бүгінгі Хоргос) Таласқа баратын жолда орналасқан Жетісудың бай, халқы көп және үлкен қаласы.

Қала Түрік қағанаты құлаған соң, қарлұқтар Жетісудың иелері болған соң (766 жылы) пайда болды. Сағұн – қарлұқ ру

басшыларының құрметті атауы. Дана және құрметті адамдарды – Ата-Сағұн деп атаған.

Баласағұн-Ордакент камалмен және су толтырылған ормен қоршалған болды. Қалада биік мұнарасы бар цитадель болды, онда Қарахан билеушісінің сарайы орналасты. Баласағұн-Ордакенттің қираған қалдықтары – Шу өзенінің аңғарында Қастек өтпесіне (Жамбыл облысы Қордай ауданы) қарсы орналасқан. Қасында Қара-Қоңыз дүнген қыстағы орналасты. Баласағұн монғол шапқыншылығы кезінде бұзылған жоқ, өйткені оның билеушілері қарсылықсыз берілді.

Бекініс ғимараттарының қалдықтары ірі өлшеммен ерекшеленеді. Ежелгі қала орнының композициясы төрт бұрыш. Биік алаңда билеушілердің нығайтылған камалдары байқалады. Бүкіл Ордакент кешені алып қабырғалармен айналдыра қоршалған.

Чань Чуньның айтуынша, Қаскеленнен оңтүстікке қарай, Төкмақа қаласының маңында екінші қала Баласағұн – Құз Орда, түрік қағанатының жазғы ордасы болған қала орналасқан. Яғни «биік тас», оның синонимі кня тас, бұл жерде жаз кезінде салқын. Кейбір авторлар Баласағұнды «Губалык» деп атаған, оған Пельо қарсы шықты. Баласағұннан шыққан Махмұд Қашқари Құз-Орда деп қаланың атауын нақты айтады.

Қырғыз Алатауының етегі бойымен Аспара, Мерке, Құлан ежелгі қала орындары орналасқан.

Өзінің маңғаздығымен таң қалдыратын ежелгі қала орны Аспара Құз-Ордадан (Баласағұн) батысқа қарай, өзінің ескі атауын сақтаған Аспара өзенінде орналасқан. Аспара ежелгі қала орнын қазу жұмыстары 1964 жылы басталды.¹⁸⁵ Қала екі жақ қапталдан қорғалатын мұнарасы бар бекініс қабырғамен және мықты дуалмен қоршалған, сыртынан ені 10 метрге дейін жететін терең ор айналдыра қазылған. Қаланың ортасында цитадель орналасқан. Цитадель көміліп қалған төмпешіктің биіктігі 20 метрге жетеді. Аспара қаласы алғаш рет IX ғасырдағы араб кайнар көзінде айтылады. Аспара XIV ғасырда Темірдің әскери шебі болды, бірақ қала өртеніп кетеді. Аспараны қалпына келтіру үшін Темір Самарқандтан шеберлерді жібереді.

Аспараны қазу кезінде темір заманының тұрғын үй және шаруашылық құрылыстары табылды. Олардың қабырғалары сол кез үшін дәстүрлі өлшемдері 36x22x7 м ірі шикі кірпіштен

тұрғызылған. Саз балшық едендері бедерлі қаламен салынған пішіні төрт бұрышты шикі кірпішпен жабылған. Бекініс қабырғасы қарц құмы қосылған шикі кірпіштен тұрғызылған. Сақталған қабырғаның биіктігі шамамен 3 метр. Қалпына келтірілген соң Аспара тағы жүз жыл жасады.

Аспарадан батысқа қарай Қырғыз Алатауының солтүстік-шығыс баурайында осы күнге дейін атауын сақтаған ежелгі Мерке қаласы тұр. Қаланың композициясы тік бұрыш, қырларының өлшемі – 500x200 м. Қала биік дөңде тұр.

Сауда және колонер маңызы бар тағы бір ірі қала – Құлан. Құлан – ежелгі түріктердің жерінде орналасқаны кайнар көздерден белгілі. Құланнан батысқа қарай 84 шақырым қашықтықта ежелгі Тараз орналасқан.

Құлан ежелгі қала орны бүйір жақтарының өлшемі – 320x300 м және биіктігі – 9-10 м пішіні төрт бұрыш тәрізді дөң түрінде көрінеді. Құлап қалған дуалмен қоршалған ежелгі қала орнына ауданы шамамен 50 м² аумақ қосарланып келді, онда жалпақ ор қазылған. Олардың топографиясы мұнда орта ғасырлық камалдардың болғандығын дәлелдейді. Олардың бірін қазу кезінде жеті бөлмесі болған, оның алтауы – дәліз ретінде жасалған ғимарат қабырғасының тұрпаты шықты, ол Түрік қағанатының дәуіріне (VI-VIII ғғ.) тән. Қабырғалар пахса блоктары мен шикі кірпішті қалау арқылы және саз балшық пен алебастрдың қалың қабатымен сылап қаланды. Сылақтың қалыңдығы – 4-5 см. Құрылыстың қорап күмбезі доғал-сатылы пішінді бұрыштық паруска тірелді.¹⁸⁶

Құланның қираған қалдықтары бірнеше жыл бойы (VII-XIII ғғ.) тұрған қаланың өмірін дәлелдейтін бірнеше мәдени қабаттардан құралған. Шарал шығаратын шеберхана және көптеген тас құдықтар табылды, ол құдықтар қыш және шарал шығаратын шеберханаларды сумен қамтамасыз етті.

Оңтүстік Қазақстанның отырықшы қоңыстары мен қалаларының тұрғындары Үлкен жүздің қазақтары болды. Кейін, орта ғасырда қала мәдениеті көп жылдық феодалдық соғыстармен, әсіресе Орыс хан мен темірдің соғыстарының кесірінен құлдырады. Жоңғарлардың соққысы өте ауыр тиді. Бұл жұт қазақтарда «Ақтабан шұбырынды» деп аталады. Жоңғарлар Тараз, Шымкент, Түркістан, Сауран және т.б. қалаларды басып

алып, тонады. Қалалар мен қоныстардың тұрғындары далаға қашты, нәтижесінде олар босап қалды. Оңтүстік Қазақстанның қала мәдениеті өз өмірін тоқтатты дерлік.

САРЫАРҚАНЫҢ ОРТА ҒАСЫРЛЫҚ ҚОНЫСТАРЫ, ҚАЛАЛАРЫ ЖӘНЕ ЕСКЕРТКІШТЕРІ. ҰЛЫТАУ ДАЛАСЫ.

Қалалар мен отырықшы қоныстар Оңтүстік Қазақстанда – Сырдарияның жағасында, Қаратау тау алдында, Талас аңғарында, Жетісуда ғана емес, сондай-ақ Орталық Қазақстанда да болды.¹⁸⁷ ОҚАЭ көптеген ежелгі архитектура ескерткіштерін, аймақтың топографиялық фонын беретін бекітілген қоныстардың қалдықтарын тауып алды. Табылған мәдени-экономикалық ошақтар Орталық Қазақстанда тамаша жайылымдықтармен қатар, елеулі отырықшы мәдениет болғандығын дәлелдейді. Орталық Қазақстанның ескерткіштері өзен аңғарларында және тау алдында, шатқалдарда, көлдердің жағасында және шөл мен шөлейттің оазистерінде топталған.

Орталық Қазақстанда оғыз және ерте сақ заманының (VI–IX ғғ.), монғолға дейінгі (X–XII ғғ.), монғол заманының (XIII–XV ғғ.) және Қазақ хандығының құрылу кезеңінің (XV–XVII ғғ.) ескерткіштері сақталған.¹⁸⁸ Ерте қыпшақ қалалары монғол шапқыншылығы кезінде бұзылды. Монғол кезеңінде қалалар мен қоныстардың құрылысы қалпына келтірілді.

Көптеген ғасырлар бойы Сарыарқада қыпшақтардың этносы исламның ықпалынан шет қалған этностарға қарағанда көбірек мекендеген. Қыпшақтардың мәдени мұрасы суарылатын жерлері бар қала қоныстарының қираған қалдықтары және көптеген сәулет ескерткіштері күйінде осы күнге дейін жеткен. ОҚАЭ-мен зерттелген қоныстар XIII–XIV ғасырларда шарықтау шегіне жеткен Деңгі-Қыпшақтағы феодалдық қатынастардың бекуі және сауданың дамуы кезіндегі далалықтардың тұрмысы мен шаруашылығын көрсетеді.

Қыпшақ мәдениетінің көптеген тас мүсіндері Орталық Қазақстанның бүкіл аумағынан кездеседі: Ұлытау, Арқанат, Ерейментау, Атасу, Нұра, Есіл өзендерінің бассейндеріне қосылатын тау аңғарлары. Қыпшақтардың құрылыстары жөнінде Рубрук

жазған: «Команы насыпают большой холм над усопшим и воздвигают ему статую, обращенную лицом к востоку и держащую в руке перед пупком чашу. Они строят для богачей пирамиды – остроконечные домики. И кое-где я видел большие башни из кирпичей, кое-где каменные дома, хотя камней там и не находится».¹⁸⁹

Бегазы, Абралы тауларынан зерттелген тас мүсіндерінде қыпшақ, қарлұқ дәстүрлерінің іздері сақталған. Қарлұқтардың Ертістің жоғарғы ағысынан Шыңғыстау мен Қарқаралы тауларына дейін мекендегені жайлы қытай хроникасынан белгілі. Бичуриннен мына оқып білеміз: «Гэлолу произошло из тукю-еского Дома, кочевало от Бэй-тхун на северо-запад, от Алтайских гор на запад, по обеим сторона реки Пугу-чжень. Много поперечных хребтов».¹⁹⁰ Пугу-чжень – Ертістің қытайша атауы. «Көлденең тау жотасы», әрине, Тарбағатай, Қалба, Шыңғыстау және Қарқаралы тауларын білдіреді. Ендік бағытпен Ертістен батысқа қарай баратын бау жүйесі жоқ. Қарлұқтар Жоңғар қақпасына дейін көшкен (Бэй-тхунның солтүстік-батысқа қарай, яғни Турфан оазисі), ол жақтан солтүстікке Қарқаралы және Шыңғыстау тауларына жыл сайын көше алған. Қарқаралы тауының ескі атауы – «Қазылық», қарлұқ тайпасы этнонимінің тағы бір нұсқасы болып келеді. Қазақ фольклорінде Қарқаралы таулары – «Қазылық-тау» деп аталады. Осының барлығы Тарбағатай, Шыңғыстау, Абралы тауларында кездесетін тас мүсіндерді қарлұқтардың тайпасымен байланыстыруға негіз болады. Қарлұқтардан солтүстікке қарай қимақ тайпасы – басми мекендеген. Тайпа Ертістің орта ағысынан бастап Баянауыл және Қарқаралы тауларына дейінгі аумақта қоныстанған. 742 жылы олар Батыс Сібірді мекендеген тайпалармен күресу үшін қарлұқтармен одақтасқаны белгілі. Бегазы, Баянауыл, Абралы, Шыңғыстау, Тарбағатай тауларынан кездесетін тас мүсіндер олардың жалпы мәдениетіне тиісті деп топшылауға болады.

Орталық Қазақстанда алпыстан асқан бекітілген қамалдар (орда) мен қоныс – қыстақтардың (қыстау) қалдықтары табылды. Олардың арасындағы шамамен оны Есіл өзенінің бассейнінде (Аққайрақты I–VI, Ормамбет, Өркешегі, Қима, Қараөткел, Көрпеш-бұлақ), тоғызы Нұра өзенінің бассейнінде (Саға, Мартүк I–III, Ботағай I, II, Қарт I, II, Жосалы курорты жанындағы Әулие-бұлақ, Шерубайнұра өзеніндегі қоныстардың іздері), Сары-

су өзенінде оннан асады (Қараағаш, Мәулімберді, Қарасақал, Жұбан-Ана, Қайып-Ата, Талмас-Ата, Айт-бұлақ, Төртқұлақ-қорған, Жаман-Қорған, Белен-Ана, Ағатәгі және т.б.). Қеңгір өзенінің аңғарында он, Жездіде төрт (Басқамыр, Аяққамыр, Талдысай, Жезқазған), он – Ұлытау тау етегінде, Жеті-Қоңыр шағылында – біреу (Талдықент), Ақтау тауында – біреу (Қорған), Мойынты өзенінің жоғарғы ағысында Егінді-бұлақ қонысы, Сілеті өзенінің төменгі бөлігінде – Қараоба, Тұлпартас, Қарқаралы тауында – үш қоныс, Баянауыл ауданында Ескі-Жұрт және Ермектас.

Ұлытау даласында алып Жер-Қорған дуалдары түріндегі бекіністердің қалдықтары бар, Айбас-Дарасы, Нөгербек-Дарасы бекініс қабырғалары күйдірілген кірпіштен салынған Алтыншоқы, Қаратон бекініс камалдарының қалдықтары. Қ.И. Сәтбаев былай жазған: «Алтын-шоқы – развалины значительных сооружений, стены их сложены из кирпичи и красивых амфиболитовых плит с ошлакованными поверхностями».¹⁹¹ Ұлытау даласында Қаракенір өзені бойынша алып Хан-Орда-сы донесі, Жошы-хан ордасының және Ескі-жұрт камалының қалдықтары орналасқан.

Жезді өзенінде Топырақ-Қорған, Басқамыр, Аяққамыр бекініс ғимараттарының қалдықтары. Топырақ-Қорғаннан бір шақырым жерде ежелгі мыс балқыту орталығының қалдықтары анықталды. Кішітаудың батыс етегінен, Ақтас кенішінен 28 шақырым солтүстік-шығысқа қарай бекініс құрылысының қалдықтары жатыр, тастан жасалған бекініс қабырғасының қираған қалдықтары Шығырлы өзенінен, Бодық шатқалынан табылды, суару жүйесінің ізі бар бекітілген қыстақтың қираған бөліктері Жыланшық өзенінен байқалды. Ф.Генспен және А.А.Красовскиймен Үлкен Торғай өзенінің шығыс жағасынан, Қараталдан (Ұлытаудың солтүстік тау беткейі) және Қараағаштан (Сарысу өзені) бекініс қоныстарының қалдықтары анықталды.¹⁹²

Сарысу өзенінің төменгі ағысы бойынша орналасқан бекініс қоныстарының реті мынадай: ежелгі қала орны Қараағаш, Жұбан-Ана (әлі қазылмаған үлкен төмпешік Сарысу өзенінің сол жағасында №81 разьезде тұр), Аманбайдуал, Жер-Қорған немесе Қаражар бекініс, Төртқұлақ-Қорған (Қызылжанғыл),

Жаман-қала.¹⁹³ Осы аңғардың жанында ежелгі қала орны Талды-Кент (Жеті-Қоңыр құмында), жартылай отырықшы мәдениеттің қалдықтары бар Тосбұлақ оазисі орналасқан. Мойынты-Сарысу су бөлінісінде, Сартау тауында, Ақтау бекінісінен оңтүстікке қарай Қорған бекінісінің қалдықтары, Мойынты өзенінің жоғарғы ағысында Егінді-бұлақ бекінісі, күйдірілген кірпіштен салынған қабырғаның қираған бөліктері Көрпеш-бұлақ (Осакаров ауданы) және Ащысу (Ульянов ауданы) шатқалдарынан табылды. Мұнда күйдірілген кірпіштің және қыпшақ заманындағы керамиканың фрагменттері кездеседі. Осы айталған қоныстардың кейбірі ХVIII ғасырға (Аманбайдуал, Қаражар бекінісі) және ХІХ ғасырдың басына (Шығырлы, Төртқұлақ-Қорған) тиісті.

Орталық Қазақстанда отырықшылық дәстүрінің пайда болуы қыпшақтармен, қыпшылармен және оғыздармен байланысты. Қыпшақтар, оғыздар және қарлұқтар тарихи аренада ежелгі ғұн одығы ыдыраған соң, ол б.з. V-VI ғасырлары, бұл тайпалар Орта Азия мен Қазақстанның аумағында ерте феодалдық мемлекет – Батыс-Түрік қағанатының қалыптасуына қатысты. Түрік қағанаты ыдыраған соң қыпшақтар бөлектеңіп, монғол шапқыншылығының алдында бүкіл Еуразия даласында мықты саяси құрам болды. Шыңғыс ханның әскері қудалаған наймандардың, меркіттердің, керейіттердің тайпалары Дешті Қыпшаққа келіп тығылғаны кездейсоқ емес.

Көптеген ғасырлар бойы Сарыарқада қыпшақтардың этносы исламның ықпалынан шет қалған этностарға қарағанда көбірек мекендеген. Қыпшақтардың мәдени мұрасы суаралатын жерлері бар қала қоныстарының қираған қалдықтары және көптеген сәулет ескерткіштері күйінде осы күнге дейін жеткен. ОҚАЭ-мен зерттелген қоныстар ХІІІ-ХІV ғасырларда шарықтау шегіне жеткен Дешті Қыпшақтағы феодалдық қатынастардың бекуі және сауданың дамуы кезіндегі далалықтардың тұрмысы мен шаруашылығын көрсетеді.

Дешті Қыпшақ деп ХІ ғасырдың араб және парсы әдебиеттерінде Сырдариядан солтүстікке қарай созылған дала кеңістігін ұтайды. VIII-IX ғасырларда Хамдаллах Казвини бойынша Батыс Дешті Қыпшақ Дешті Хазар деп, кейін оғыз даласы делінеді. Авторлар осы далада оғыздардың билік еткендігін жазады және Дешті Қыпшақ ол – бұл бұрынғы ғұз [Мафазит ал-

гуз] даласы дейді. В.В.Бартольд: «Происшедшая в XI в. этнографическая перемена выразилась в том, что обширная степь, которую географы X в. называют «гузской», по имени огузов, теперь стала называться кипчакской [Дешт-и Кипчак]... К кипчакам, вместе с тесно связанным с ними народом кайгы, перешло наследие огузов на Сыр-Дарье и наследие печенегов, вытесненных огузами в Южной России, так что их владения заняли огромную территорию с востока на запад», – деп жазған.¹⁹⁴

Монғол шапқыншылығынан кейін бейбіт күндер басталған соң қыпшақтардың негізгі жұрты Ақ Ордада немесе Шығыс Дешті-Қыпшақта (XIII ғ.) орнықты. Қазақтың тарихи аңыздарында Шығыс Дешті-Қыпшақтың тұрғындары – ноғайлы* деп, ал Батыс Дешті-Қыпшақтың тұрғындары – көндігер-құбаң жұрты деп аталды.¹⁹⁵ Осы негізде XIII-XV ғасырлардағы монументалды сәулет ескерткіштері және эпос батырлары ноғайлы** (ноғайлы заманы, ноғайлының жыры) деп аталына бастады.¹⁹⁶

Ал-Идрисидің суреттеуінше: «кипчаки владеют превосходными пастбищами и проточной водой, но в их стране чрезмерный холод, главный город их называется Хиам... Хиам – это неприступная крепость на вершине горы с трудным подъемом, она крайне неприступна и укреплена».¹⁹⁷ Хиам – Қиян* түрік сөзінің қате жазылуы. Үлкен биіктікте орналасқан бекіністерді солай атаған. Хиам атауы ру басшысы атықты Домбауыл болған қыят тайпасының атауынан шыққан болар. Домбауыл кесенесі Кенір өзенінде орналасқан.

Археологиялық қазбалардың нәтижесі қыпшақтардың шаруашылығы көп салалы болғандығын дәлелдейді, оларда: мал шаруашылығы, егіншілік, кен ісі, металлургия, әр түрлі кәсіптер болған. Мал шаруашылығы қыпшақтардың басты саласы болды.

* Қазақ халқының құрамына Оралдың төменгі ағысынан Астраханьға дейінгі аумақта тұратын көптеген ноғайлы руы кіреді.

** «Қыпшақ» түсінігінің орын келген ежелгі тайпалардың жинақтау атауы.

**** Маңғыстауда Үшқиян деп аталатын ежелгі қала орны және некрополь бар. (Әдебиет көздерінде Үшқан делінсе, бүгінгі атауы Үшқан).

Дешті Қыпшақ аумағының негізгі бөлігін ежелде Сарыарқа* деп аталған бүгінгі Орталық Қазақстан құрайды.

Сарыарқа – кең-байтақ жайылым, онда орта ғасырларда феодал-малшылар өз елдерімен жазғы уақытты өткізген, ал күзде Сырдария, Талас, Шу өзендерінің төменгі ағысындағы және Қаратау тау алдындағы қыстауларына оралған.

Дешті Қыпшаққа көшу суреті Ибн-Багутпен жақсы суреттелген. Көшу кезінде арбалардың (күймелердің) ұзын қатары үлкен кеңістікті алған, ол қозғалып тұрған қаланың әсем суретін берген. Осы тізбекте жүзден бес жүзге дейін араба болуы мүмкін еді. Олардың алдында билеушілердің арабасы жүрген.¹⁹⁸ «Қыз Жібек» поэмасы Төлеген күні бойы қалыңдығы Жібек отырған арбалар керуенінің басына дейін арғымақпен шауып жете алмаған.

Сауда – Дешті Қыпшақ экономикасының басты бөлігін құраған. Жылқылардың үлкен партиясы Үндістанға, Ауғанстанға, Иранға жіберілген. Ол жайлы XIV ғасырда Ибн-Багут, XV ғасырда Дешті Қыпшақта болған Венецианец И. Барбаро былай жазған: «Люди, торгующие ими [конями], покупают их во множестве и потом отвозят на продажу в другие страны. Перед отъездом мои из Орды отправился оттуда в Персию целый караван, в коем было до 4 000 лошадей... Мне в странствии моем случалось встречать купцов, которые вели с собой такое множество коней, что вся степь была ими усеяна».¹⁹⁹

Ибн-Багуттің және ал-Омаридің суреттеуі бойынша, қыпшақтардың өмірінде егіншілік те өте маңызды орын алды. Олар бидай, тары, арпа және сұлы екті, құрғаққа шыдамды астық тұқымды дақылдарды, соның ішінде қандай болмасын ауа-райында жақсы егін берген сороқин тарысын (қонақ тары) өсірген.²⁰⁰

Ұлытау және торғай далаларында археологтармен табылған ескі өңделген жердің үлкен алқаптары, суару жүйесінің және ирригациялық құрылыстардың қалдықтары, толып жатқан бөгеттер (тоғандар), құдықтар, бөгеулер қыпшақтардың егіншілікпен айналысқандарын дәлелдейді. Сонымен қатар егістіктер өзендерден тартылған сулармен ғана емес, сон-

* «Арқа» термині Махмұд Қашқаридің заманынан бастап жазба дерек көздерінде кездеседі.¹⁹⁸

дай-ақ су көтеретін механизмдерді пайдаланып, құдықтардың және көлдердің суымен суландырылды. Қыпшақтардың осы шаруашылық түрін Мамұд Қашқаримен жазып алынған сөздер дәлелдейді: арық²⁰² – суару каналы, тоғ [тоған] – бөгет, тоғ ұрмақ²⁰³ – бөгет жасау, тарнау* – құбырлардан су өткізгіш жасау, шығыр²⁰⁴ – су көтеретін механизм, тарутлық йер²⁰⁵ – дақыл сақтайтын қойма және т.б.

Ұлытау, Торғай, Жыланшық, Кеңір, Жезді, Сарысу өзендерінің бассейндері олардың тамаша жайылымдық жерлерімен отырықшы мәдениеттің ірі ошақтарының пайда болуына – Болған-Ана, Нөгербек-Дарасы, Алаша-хан, Орда-Базар, Хан-Ордасы, Аяққамыр, Басқамыр, Қаратон, Тошырақ-Қорған және т.б. бекінген қоныстардың пайда болуына ықпал етті. Осы аймақ көп жылдар бойы көшпелі қыпшақ мемлекетінің мәдени-экономикалық орталығы болған.

Ежелгі мәдениеттің іздерін зерттеген сон Г.Ф. Генс мынадай қорытындыға келді: «здешняя страна была удобной не для одной кочевой пастушеской жизни.²⁰⁶ И.П.Шангиннің байқауына Нұра өзенінің алқабын мекендеген қазақтар жерді қамыстардан тазартып, оны жырттып, әр түрлі бидай еккен.²⁰⁷

Орыс ғалымы И. Герман Ұлытау даласында бос қалған қазақ егістігін және саз-балшық құрылыстары бар қоныс іздерін суреттеген. Ол: «Кайсаки выбирают поля всегда подле рек и озер. И пашни свои наводняют посредством каналов, поднимая воду из рек или озер машинами, которых механизм очень прост и удобен» – деп жазған.²⁰⁸ Ол жайлы А.А. Красовский жазған: «Кайсаки воду пускают в оросительную сеть при помощи подъемных машин. Последние больше встречаются у киргизов, стоящих на низовьях Нуры, редко у каракалпакских пахарей»²⁰⁹ Жазушы Д.Д. Минаев тек бір ғана Қабырторғай өзенінен осындай жүзден аса су көтергіш машиналарды есептеген.²¹⁰

Т. Сейдалиның есептеуінше 1866 жылы Торғай бассейнінде – 600 егістік алқап болған, олардың барлығы су көрсеткіш механизм – шығырмен суарылған. Құрақоға – 416, Батпаққара

*В.В.Бартольд қыпшақ тілінен «тарнау» мәдени терминнің пайда болғандығына күмән тудырды. Ол осы тар сөзінің құрылымдық және этимологиялық мағынасын ескеріп, тар сөзінің түбірі – тығыз, қысаң, тар «тарнау» – тар су өткізетін құбыр сөзін білдірген.

өзендерінің бойында – 300, Сәуіткөлде – 200, Құмкеште – 120, Сарыкөпеле – 80, Тоқанда – 73, Қабырға бойынша – 70, Ұлтжақылы – 60, Қарасу – 47, Ұлқаяқ – 34, Сенкебайда – 22 және Қараторғай бойынша – 7 шығыр орналасқан. Барлығы Торғай бассейнінде 1429 шығыр болған.

Бүгінгі күндері біз Торғай, Жыланшық, Кеңір, Сарысу және т.б. өзендердің аңғарлары бойында шашырап жатқан шығырлардың көп болғандығын байқайды. Шығыр сөзінен Шығырлы-Жыланшық өзенінің атауы пайда болды.

IX-XI ғасырлардағы Орталық Қазақстанның отырықшы мәдениет ошақтары туралы «Худуд ал-Алем («Рассуждения о стране кимаков* и их городах»)²¹³ шығармасының авторы Ибн ал-Факих,²¹² Махмұд Қашғари²¹⁴, Тамим ибн Бахр²¹⁵, Гардизи, Рашид-ад-дин, Әбілғазы, Қадырғали Жалайыр және т.б. айтады. Худуд ал-Алем шығармасының авторы кимақтар бейбітшілік заманда Сырдарияның жағасына қыстайтынын жазған. Ал-Мас'уди кимақтар мен гүздардың қысқы және жазғы тұрақтарында орналасқан Қара Ертіс пен Ақ Ертіс өзендері туралы жазады.²¹⁶ «Местности по Сырдарье и к северу от Каспийского и Аральского морей, покинутые гузами, были заняты кипчаками», – деп жазды В.В.Бартольд.²¹⁷ Осы хабарламалардың барлығы қыпшақ тайпаларының қоныстану аумағының қаншалықты ауқымды болғандығын көрсетеді.

Қыпшақ қалалары жақсы күшейтілген болды. Әр қалада жер иелерімен бірге жауынгерлер тұрды. Хакандардың астанасы – ең үлкен қала болған. Астанада темір қақпасы бар қамалы болған. Қалада базарлар мен храмдар болған. Тау үстінде орлармен қоршалған, сумен толтырылған замоқ-қамалдары болған.²¹⁸

Араб географы ал-Идрисидің суреттеуінше, кимақтардың 16 қаласы болған, қол жетпес таулы аудандарда, өзендер мен көлдердің жағасында, пайдалы қазба орындарында орналасқан.²²⁰ Ал-Идриси ежелгі металлургия орталығы ретінде Ұлытау мен

*Зайн ал-Ахбардың айтуы бойынша, ежелгі орта ғасырларда туыстас тайпалар кимақтар мен қыпшақтар Ертісте мекендеген. Худуд ал-Алемдегі, Ибн Хордадбектің және қытай қайнар көздері бойынша қыпшақтар кимақтардан VIII ғасырда бөлінген. XI ғасырда көшпелі кимақ тайпалары қоныс аударып жүрген кезде саяси ықпалдарын жоғалтып, қыпшақтар олардың орнын басады.²¹⁸

Жезқазғанның тарихи-топографиялық фонын жақсы сипаттайды.

Жүздеген жылдар бойы малшылыққа, кен ісіне және металлургияға, сондай-ақ егіншілікке негізделген қыпшақ мемлекетінің мәдени-экономикалық өмірі Ұлытау таулы ауданында, Сарысу, Торғай, Жыланшық, Кенгір, Жезді өзендерінің жайылымдарында шоғырланған. Осы мәдени алқапта ежелгі кен орны ретінде, сондай-ақ халқы мал шаруашылығымен қатар кен шығарумен айналысқан Ұлытау мен Жезқазғанға ерекше тарихи мән беріледі.²²¹ Мыс, темір, алтын, күміс, сонымен қатар түрлі-түсті тастар Дешті-Қыпшақтың Риммен, Хорасанмен, Армениямен, Қытаймен, яғни сол заманның барлық мәдени әлемімен байланыс жасайтын сауда заттары болған.

Батыс және Орталық Қазақстанның елді мекендері туралы мәліметтер 1375 жылы ағайындар Пициганилер (1367ж.)²²³ және Фра-Маурен (1459ж.)²²⁴ құрастырылған Каталондық әлем картасында²²² бар. Осы ағайындылардың картасы Дешті Қыпшақпен, Орта Азиямен және Шығыс Түркістанмен (Алмалық) сауда жүргізген италиян көпестері үшін жол бағыты ретінде құрастырылған. Картаға XIII-XIV ғасырларда Солтүстік Каспий маңы, Сырдария өзендерінде, Орталық Қазақстанда және Жетісуда болған кишлақтар, қоныстар мен қалалар анық белгіленген.

Пициганидің картасында көрсетілген Төменгі Поволжяның, Қазақстанның және Орта Азияның тарихи топографиясы анағұрлым толық. Ол картада қазіргі уақытта қираған бөлшектер түрінде жатқан көптеген қалалар мен қоныстардың орны көрсетілген. Каталон картасында көрсетілген Торғай өзенінің төменгі ағысы ауданында Көңлікент (Conglicat) елді мекені көрсетілген. Бәлкім, ол – Қандыкент, ал-Идриси бойынша – Ханка-Киши болуы мүмкін. Пициганидің картасында Нұра өзенінің аңғарында бейнелеген Ақшақент (Axiset) аталатын қаланың орны ғылым үшін өте қызықты. Осы картада Сарайшақтан шығысқа қарай керуен жолы арқылы Торғай және Сарысу даласы арқылы өткен салттылар мен түйелер керуені бейнеленген.

Кіші көлге (Телікөл?) құятын өзенде (Сарысу?) қоныстардың бірі Фра Мауроның (XV ғ.) картасында көрсетілген. Онда Сарысу өзенінің төменгі ағысындағы бүгінгі Тамғалы жарға сай

келетін тастарда суреттер бейнеленген. Солтүстікке қарай, Нұра өзенінің төменгі бойында қайнар көздер бойынша Ботағайға дәл келетін қалалар орналасқан. Орталық Қазақстанның даласы көшпенділер көшкен төрт дөңгалақты арбаның бейнесімен белгіленген.

Орта ғасырдағы италиян картасында белгіленген қоныстар қазіргі кезде бұзылып қалған. Ш.Ш. Уәлиханов былай жазған: «Г.Ханьков предполагает, что курганы [укрепления] в Азии образовались на местах древних городов. Наибольшая часть этих городов, состоявшая, вероятно, как и ныне из глиняных зданий, совершенно исчезла потому, что глиняные здания действительно исчезают без малейших следов. В этом я убедился, посетив северо-западный край Китая, где курганы исчезали перед нашими глазами».²²⁵

Орталық Қазақстанның топографиясының мәселелері бойынша осы жерлерден екі рет өткен (1253-1254 жж.) Рубруктің мәліметтері ғылым үшін өте құнды. Алғаш рет Волгадан Ұлытауға, кейін оңтүстікке қарай Шу өзеніне дейін барған, одан әрі бағыты Іле өзені арқылы Алтай мен Қаракорымға барған. В.В.Рокхильдің және Ф.М.Шмидттің картасы бойынша оның қайтар жолы Қаракорымнан Сарай Батуға Орталық және Батыс Қазақстан арқылы өткен.²²⁶ Рубрук: «Туда мы ехали зимой, а возвращались летом и по гораздо более высоким северным странам», – деп жазған.²²⁷ Рубруктің бағыты оған жылқы беретін орындардан, яғни Орталық Қазақстандағы жылқышылардың жазғы тұрақтары болған жерлерден өткен.²²⁸

Саихатшылармен суреттелген орта ғасырлық қоныстардың топографиялық кескіні осы күнге дейін сақталған. XVIII ғасырда Солтүстік-Шығыс Қазақстанда зерттеу жүргізіп жүрген орыс ғалымдары мен экспедицияға қатысушылардың тарапынан Орталық Қазақстанның тарихи топографиясын зерттеуге қызығушылық пайда болған. Алғашқы зерттеушілер: Н.Витзен, Мессершмидт, Ф.Страленберг, академиктер Г.Ф.Миллер, Гмелин және И.П.Фильк, Х.Барданес, П.И. және Н.П. Рычковы (әкесі мен баласы), Гавердовский, Г.Ф. Генс, И.П.Шангин, А.Герман, Г.И. Спасский, А.И. Левшин және т.б. Олардың кейбірі бірнеше рет дала жазықтығынан өтіп, ескерткіштерді сипаттап, суретке түсіріп алған. Осы жазбалар мен суреттер ғылым үшін өте маңызды.

Орталық Қазақстанның орта ғасырлық отырықшы мәдениет ескерткіштерін зерттеу кезінде Сібірлік сызба кітабы, С. Ремезовтің атласы, П. Чичагов пен Богдановтың,²²⁹ Волошиннің²³⁰, капитан Незнаевтің картасы бағдар берді. Дала кеңістігін түсірілімі хан билігі аяқталған соң, 1822 жылы бірден басталды және 1841 жылға дейін жүргізілді. Полковник Милорадовичтің²³¹ түсірілімі туралы жазылған журналдар және 1823 жылы Қырғыз-Қайсақ даласының әскери-топографиялық көрінісі,²³² Орталық Қазақстанның оңтүстік-батыс бөлігінің картасы,²³³ Гавердовскийдің Қырғыз-Қайсақ даласының көрінісі,²³⁴ Орталық Қазақстанның оңтүстік-батыс бөлігінің топографиялық суреттемесі,²³⁵ поручик Яковлевтің Торғай даласын топографиялық суреттеуі және өзі жинаған осы жақта қыстайтын қышпақ рум «қайсақтар» туралы мәліметтер,²³⁶ сауда керуенімен Сарыарқамен талай рет өткен Мұртаза Файзуллиннің жазбалары өте қызықты. Нифантьевтің Орталық Қазақстанның оңтүстік бөлігінің топографиялық суреттемесі өзінің нақтылығымен өте құнды. Мұнда ғалым-геодозист Солтүстік Бетпақдалада, Мойынты өзенінен 25 шақырым батысқа орналасқан көптеген бекіністердің анық суреттемесін береді. Оның айтуынша, бұл: «огромный курган [укрепление] с многочисленными бойницами. Он построен для отражения нападения врага».²³⁷

Ұлытау және Торғай далаларын геологиялық зерттеумен айналысқан инженер Г.Ф. Генс былай жазған: «Знаменитые здания – замки, храмы, гробницы построены из обожженного кирпича и принадлежали владельцам этой страны. Все остальное из глины. Достопримечательные здания были сооружены также из дикого камня с малой частью из кирпича».²³⁸ Исламға дейінгі ескерткіштер туралы: «Развалины, до введения магометанства построенные, отличаются особенно тем, оные имеют вид капища. Таковые встречаются от горы Улытау к востоку, по горам до Иртыша, особенно по реке Нура, у озера Кургальджин и к югу от Иртыша до малой Бухарии» - деп жазған.²³⁹ Ұлытау даласының ескерткіштерін Г.Ф. Генс үш типке бөледі: храмдардың қалдықтары, ақсүйектер үшін пана болған қамалдардың, бекіністердің қираған бөліктері, топырақ тобелер – тас құрылыстары бар қыстақтардың қалдықтары²⁴⁰. Генс: «они довольно обширны, многие не совсем истреблены временем, в

середине обширнейших селений находятся каменные замки, обведенные двумя или тремя стенами...», – деп жазған.²⁴¹

Сарыкөңгір өзенінің сол жағасындағы орта ғасырлық мәдениет ескерткіштері Ю.А. Шмидттің назарын аударды. Осы географиялық жағымды ортаның және халықтың көп қоныстанғанын әскере отырып Шмидт: «Местность эта пользовалась известностью в давно прошедшее время, так как в котловинах левого берега реки имеются остатки укрепления довольно обширных размеров», – деп жазған.²⁴² Сол замандағы кейбір орыс ғалымдарында қалыптасқан ұғымдары бойынша Шмидт қамалдарын қалмақтарға жатқызады. Бұл – бұрыштарында домалақ мұнаралары бар алты қырлы ғимараттар жөнінде сөз болып отыр. Қамалдың едені сол жердің тақтасынан, ал қабырғалары саман кірпіштерден тұрғызылған. Кіре берісі оңтүстік-шығысқа бағдарланған еді. Домалақ мұнаралары бар осындай көп қырлы ғимараттар IX-X ғасырлардағы оғыздар мен қыпшақтардың құрылыс мәдениеттеріне тән болған. Осы тектес ғимарат Қос-үйтастың қасында, 20 шақырым батысқа қарай орналасқан.

М. Красовский: «на севере степи больше встречаются остатки круглых башен с коническим верхом. Это башни или дынг – древнейший и широко распространенный тип сооружений, давно разнесенных временем», – деп атап өткен.²⁴³ Қазақстанның солтүстігінде кездесетін осындай мұнаралар туралы С.Броневский жазған.²⁴⁴

Қыпшақ ескерткіштерінде тапқа бөлінген қоғамның бітімдері анық көрінеді. VI және XIII ғасыр аралығындағы ескерткіштер Ұлытаудан бастап Торғай өзенінің жоғарғы бойына дейін Ертістің жағасына дейінгі үлкен аумақта кездеседі, олар қыпшақ мәдениетінің жергілікті ерекшеліктерімен белгіленеді. Олардың арасындағы анағұрлым ескілері топырақты, тас және аралас үйме, домалақ, сопақ немесе тік бұрышты (анағұрлым кейінгі) бітімді, кейде шаршы пішінді төсемелер. Исламға дейінгі бай феодалдардың қамалдары тас пирамидалар түрінде тұрғызылған, исламды қабылдаумен (XI-XV ғғ.) кесенелер – «кешен» күйдірілген кірпіштен тұрғызыла бастайды.

1. ИСЛАМҒА ДЕЙІНГІ МӘДЕНИЕТ

Орта Азияда биік мұнараларды тұрғызу дәстүрі болған. Қасиетті отқа (отқа табыну) арналған Бұхар жеріндегі мұнара-храм туралы Бируни жазған.²⁴⁵ Сырдарияда, ежелгі Жанкент қаласының ауданында оғыз мәдениетіне тиісті Бегім-Мұнара мұнарасы сақталған. Сырдарияның төменгі ағысында күмбезі шошақ, кесек тастан жасалған Дің-Қорған киіз үй тәрізді ғимараты болғаны қайнар көздерінен белгілі.²⁴⁶

Исламға дейінгі дәуірде (VI-VIII ғғ.) халық эпосы, халықтық-қолданбалы өнер, тас мүсін және архитектура тығыз байланыста дамиды. Өнердің барлық түрлерінде өзгешілік байқалады. Орталық Қазақстанның исламға дейінгі сәулет ескерткіштерінде ежелгі дәуірлердің сәулет бітімдері байқалады және орта ғасырлық ескерткіштерден мүлдем



Бегім-Мұнара мұнарасы.

айрықшаланады. Дің (мұнара), дінгек, ұйтас (тас үй) сәулет құрылымдары центрлес ғимаратты құрайды, ол пішіні бойынша обаларды немесе көшпелі киіз үйді құрайды. Бұл ескерткіштер архитектурникасының қарапайымдылығымен және сәндеудің жоқтығымен айрықшаланады.

Нұра өзенінің аңғарында, Қарқаралы қаласынан 70 шақырым батысқа қарай көне киіз үй тәрізді тас ғимараттардың бірі – Шапқантөбе орналасқан, ол саяқ заманында тұрғызылған. Ескерткіш диаметрі 50 м, биіктігі 7 м үлкен оба үймесінің астында сақталған. Домалақ пішінді ғимараттың диаметрі 5 м және биіктігі 3,5 м, күлгін түсті жабысқақ саз балшықпен қосылған гранит тақталарынан құралған. Осы жерден біз сатылы әдіспен тастан жоғарыға біртіндеп тарылтып және біртіндеп шошақ күмбезге ауысатын «жалған» күмбез идеясының жүзеге асқандығын көреміз.

Феодалдық қатынастар қалыптасқан кезде «жалған» күмбез идеясы (б.з V-VI ғғ.) дің, дінгек, ұйтас, бұрме-тамда орын алған. «Жалған» күмбездің пайда болуы кейінгі қола дәуірдегі пирамидалы-сатылы жабын композициясының және киіз үйдің «шаңырағының» үйлесуінің нәтижесі. Дің, дінгек, ұйтас ғимараттарында қалыңдығы 3 метрге дейін жететін қабырғалары бар күмбез еденінен бастап биігіне дейін біртұтас болып келген.

Дің, дінгек, ұйтас монолиттік құрылыстар бірінің үстіне бірі төніп тұрған қолденең қойылған тастар қатарынан құралған. Ол үшін домалақ немесе шошақ күмбездің пішінін беретін қатпарлы тақталар қолданылды. Еден домалақ болғанда «еңіс» қалама жерден немесе жерден бір метр биік деңгейден басталды, ал егер төрт бұрыш болса бірінің үстіне бірін қою үш метрден кем емес биіктіктен басталды.

Діндер мен ұйтастар тас мүлдем кездеспейтін жерлерден табылғаны қызық. Оларды салу үшін тастарды басқа жерлерден әкелген. Сарысу, Көң, Нұра, Мойынты өзендерінің аңғарларында, Балқаш көлінде, Шу өзенінің төменгі бойында, Бетпақдалада мұнаралар саман кірпіштен тұрғызылған.

Дің және ұйтастар Сарыарқаның ежелгі мекендеушілері – қыпшақтардың мәдениет ескерткіштерін құрайды. Қыс қатты суық болған кездері XVII-XVIII ғасырларда ұйтастар қазақ қойшылар үшін пана болған.

Кейде кешенінде тас мүсіндері бар әр түрлі сақталған ұйтастар Атасу, Сарысу, Жезді, Терісаққан өзендерінің аңғарларынан, Ұлытау тау алдынан, Кеңгір және Торғай өзендерінің жоғарғы ағысынан, Қарқаралы және Баянауыл тауларынан кездеседі.

Орхон бейітінің бірінде былай жазылған: «Мен аңғар таш барк жараттуртым», яғни «мен осы тас құрылысты салуға бұйрық бердім» дегенді білдіреді. Біздің ойымызша, түрікше «таш барк» – бұл қазақтың тас-үй немесе ұйтастың ежелгі түрі, өйткені екеуінің де мағынасы бір. Біздің ойымыз ежелгі қытай хроникасында жазылған дерекпен дәлелденеді, «таш барк» те, ұйтас та кешенде тас мүсіндер табылған. Тянь-шуда: «В здании, построенном при могиле, ставят нарисованный облик покойника и описание сражений, в которых он участвовал в продолжение жизни». «Таш барк» түрік ғимараттарынан орыс ғалымдары храмның және кішкентай шіркеудің баламасын көреді. Осы жайлы С.В. Киселев: «При гробницах ханов строили часовни с изображением умершего и каменными плитами ... Около этих сооружений рядами расставлялись статуи ближайших родственников», – деген.²⁴⁷ Академик В.В.Радлов «таш барк» ғимараты мен Белгі-қаған мен Күл-тегін ескерткіштеріндегі тас мүсіндерді зерттейді. Осы баламалардың негізінде ұйтастар – «таш барк» сияқты діни ғимараттар деп айтуға болады, олар VI-VIII ғасырларға тиісті.




а

Ұйтас 1 Ыбырай хан.



б



с



д

а-оңтүстік-шығыс белігі; б-солтүстік-батыс белігі; с-ішкі аралық бөлшектері; д-күмбез саңылауы.



Ыбырайхан 2-ші ұйтасының іргетасы.

Кенгір өзенінің жоғарғы бойында бұзылған ұйтастарды қазу кезінде бейіттер табылған жоқ. Тас қуыстарда ғұрыптық заттар – қойдың жауырыны мен жібек матаның жыртқысы жатты. Ортада үлкен оттың ізі байқалады. Осының барлығы ұйтастардың шынында да отқа немесе аспан Тәңірге табынған діни ғимараттар маңызы болғандығын дәлелдейді.

Көлемдік-композициялық шешім бойынша ұйтастар сатылы қаламамен көтерілген және сфера тәрізді күмбезге ұласатын қабырғалары көтерілген едені домалақ бір камералы центрлес ғимаратты құрайды, бұл исламға дейінгі құрылыс өнерінің үлкен жетістігі болып табылды.

Киіз үй тәрізді ғимараттар ұйтас, дін, дінге әдетте биік жерлерде орналасқан, ол алыстан жолушылардың назарын өзіне аударған.

Ұйтас I ескі Ыбырайхан қыстағының жанында, Қаракенгір өзенінің жоғарғы бойындағы биік жерде орналасқан. Тастан киіз үй тәрізді етіп жасалған ғимараттың ішкі орама бойынша еденінің диаметрі – 4 м және ғимарат биіктігі – 5 м. Кіре берісінің биіктігі – 1,4 м, ені – 0,8 м, шығыс бөлікте орналасқан. Оның батыс бөлігінде үлкен тақтада және кіре берісте оттың және қатты қызып қалған із (тереңдігі 12 см-ге дейін) табылды, бұл осы жерде отқа табыну ғұрпы өткендігін дәлелдейді.

Ыбырайханның **2-ші ұйтасы** 1-ші ұйтасан 800 м оңтүстікке қарай орналасқан. Ежелгі құрылыстан тек түбі ғана қалған.



Қараторғай өзенінің төменгі ағысындағы ұйтас.



Ұлытау ауданы Мық тауындағы ұйтас.



а



б

Алтыбай-Қаражалдағы ұйтас, өз.Қаракеңгір; а-шығыс жақ көрінісі; б-оңтүстік-батыс жақ көрінісі;



Бұланты өзеніндегі ұйтас.



Қосұйтас 1.



Қосұйтас 2.



Дінгек. Шығыс Қазақстан облысы. (И.Кастаньенің жұмысынан).

Қаракенгір өзенінің төменгі бойында бұзылған ұйтастардың үлкен тобы жатыр. Олардың арасында Қарадыр төбесінде кіре берісі бұзылған тас ғимарат салыстырмалы түрде жақсы сақталған. Ішкі орам бойынша түбінің диаметрі – 5 м, сақталған биіктігі – 4,5 м.

Қараторғай өзенінің оң жақ биік жағасында, Сарысу өзенімен қосылатын жерде, Жәуке қыстағының қасында әр түрлі дәрежеде бұзылған он шақты бұзылған ұйтастар орналасқан. Салыстырмалы түрде жақсы сақталған ұйтас киіз үй тәрізді пішінді тақтатастан тұрғызылған, кіре берісі шығыс жақта орналасқан. Ғимарат жартылай сфера болып аяқталған. Сыртқы орам бойынша диаметрі – 9 м, қабырғаның қалыңдығы – 3 м, сақталған биіктігі – 4 м.

Тағы бір ұйтас суретпен өткеннен оңтүстік-батысқа қарай екі шақырымда, Сарыторғай өзенінің оң жақ биік жағасында

орналасқан. Домалақ тас ғимарат ұшы шошақ тақтатастан тұрғызылған, биіктігі – 4,5 м, негізінің диаметрі (ішкі орам бойынша) – 4 метр, қабырғаның қалыңдығы – 2,5. Пішіні тік бұрышты кіре беріс шығыс бөлікте орналасқан. Еденге ірі тақаталар төселген. Ұйтастың ішіне жарық күмбездің жоғарғы бөлігіндегі саңылаудан түскен.

Ұйтастар Ұлытау ауданындағы Мық тауында, Жанай шатқалындағы Жезді өзенінде, Бұланты өзенінде орналасқан.

Жақсы-Көң өзеніндегі ұйтас туралы біз Т. Шангиннің суреттмесінен білеміз. Бұл биіктігі 4,5 м, түбінің диаметрі 4 м домалақ ғимарат. Тас ғимараттың күмбезі жартылай сфера пішінді. Оңтүстік бөлікте және солтүстік жағында саңылау болған.²⁴⁸

Ұйтастар неше ғасырлар бойы көз жетпес даланың айнымас бөлігі болып табылады.

«Қос ұйтас» тас сәулет ескерткіші Қарағанды облысының Ұлытау ауданында, Қаракенгір өзенінің жағалау бөктерінде орналасқан. Қос ұйтас – бұл киіз үйге ұқсас, композициясы домалақ бір камералы тас ғимарат. Олар пішіні төрт бұрыш немесе тік бұрыш қатпарлы тастан салынған. Олар бір-бірінен 6 м қашықтықта орналасқан. Домалақ негізінің диаметрі (ішкі орам бойынша) 4 метр, ғимараттың биіктігі 5 м, түбі жағындағы қабырғаның қалыңдығы 3 м. Сатылы калама домалақ негізден басталып, жарты сфералы күмбезбен аяқталады. Кіре берісі шығыс бөлігінде орналасқан, күмбезінде ғимаратты жарықтандыру үшін кішкентай терезе бар.

Қазақстанда «дін», «дінгеу» атауымен белгілі мұнаралары бар ғимараттар ерте феодалдық заманында пайда болған. Дін ұйтастан көлемімен ерекшеленеді.

Пирамидалы «дінгектер» ханның қыздары мен ақсүйек келіншектер үшін той салтанатының алдында салынған, дінгектің ішінде отырған қыздар жиналған жігіттерге көз жүгіртіп, өзіне күйеу таңдай алған. Осы салт-дәстүр жөнінде аңыздар мен халық хикаялары көп.

Уванас діні Бетпақдала шөлінде болған. Ф.Назаров оны 1813 жылы сақталған күйін көрген. Ол: «Эта надгробная пирамида, стоящая на возвышенном бутре сей безмолвной, никем не обитаемой степи» - деп жазған.²⁴⁹

В.Рубрук Киіз үй тәрізді ғимараттар туралы былай айтқан: «Команы ... строят для богачей пирамиды, т.е. остроконечные

домики. Кое-где я видел большие башни из кирпичей, кое-где каменные дома, хотя камней там и не находится. Я видел одного недавно умершего, около которого они повесили 16 шкур лошадей по четыре с каждой стороны мира». ²⁵⁰ Бұл жерде ұштары сыртқа шығып тұрған бөрнелер туралы сөз қозғалып отыр. Сондай-ақ, Рубрук: «Идолопоклонники ставят свои храмы в направлении с востока на запад и в северной стороне устраивают комнату, выступающую наподобие клироса [сorum]. Если дом четырехугольный, эта комната бывает в середине дома», – деген. ²⁵¹

Дін мұнара түріндегі шошақ ғимарат, кейде биіктігі 20 метрге дейін жеткен. Олар домалақ, төрт бұрыш және көп бұрышты болған. Негізден күмбезге өту ұйтастағы сияқты «жалған күмбез» жүйесі арқылы жүзеге асқан, яғни біртіндеп тарылып, биікке қарай домалақтана берген. Діндердің күмбезі жұптанған, ішкі және сыртқы деп бөлінген. Еденге, одеттегідей тақталар төселген, сондағы тақталардың шеттері қабырға қаламасына қоса салынған. Ішкі күмбез жоғарғы күмбездің салмағын көтеріп тұрған ағаш бөрнелерге бекіген.

Діндерді кейде «стас мола» деп атайды. Әр түрлі деңгейде сақталған олар Торғай өзенінің аңғарында, Ұлытау тау алдында, Итмұрын тауында, Өленті өзенінің солтүстік аңғарында, Өулие-Қызылтау тауында орналасқан. Терісакқан өзенінің төменгі бойында орналасқан Бұқа-діннің қалдықтары, Қызылтас



Дін 1.



а



б
Дін 2.

тауының солтүстік тау алдында, Жезқазған қаласының маңындағы Жанай шатқалындағы дің, Ботақара төбесіндегі тас пирамидалар олардың өлшемінің үлкен болғандығын дәлелдейді. Діндердің сипаттамасына тоқталып өтейік.

1-ші дің Қараторғай өзенінің оң жақ жоғарғы жағасында, Сарыторғай өзенімен қосылатын жерде, ежелгі қазақ қыстағы – Жәуке ауылында орналасқан. Бұл – пішіні киіз үй тәрізді, кіре берісі шығыс жағында орналасқан тас ғимарат. Ғимараттың қабырғалары сатылы қалама әдісімен тұрғызылған, соның арқасында сфералы түрде аяқталған. Негізінің диаметрі (сыртқа орам бойынша) – 9 м, қабырғаның қалыңдығы – 3 м, сақталған биіктігі шамамен – 4 м. Осы ауданда дінге ұқсай көптеген тас обалар көп.

2-ші дің Қараторғай өзенінің сол жақ жоғарғы жағасында, Сарыторғай өзенімен қосылытын жерде орналасқан. Жақсы сақталған ғимарат қоршаған жазықтықтан биік. Ежелгі сәулет ескерткіші дала пейзажымен жақсы үйлескен. Дің – қабырғасы қиық шошақты құрайтын биікке қарай көтерілетін, негізі домалақ тас пирамиданы құрайды.

Домалақ, ұшы шошақ ескерткіш сол айтып өткен ескерткіш салынған материалдан тұрғызылған. Діңнің биіктігі – 4,5 м, домалақ негізінің диаметрі ішкі орам бойынша – 3,5 м, сыртқы орам бойынша – 7,5 м, негізіндегі қабырға қалыңдығы – 2,5 м.



Қара-дiң 2; а-шығыс жақ көрінісі; в-батыс жақ көрінісі;

Қалама топырақ араласқан сұр түсті жабысқақ саз балшықпен бекітілген. Пішіні тік бұрышты кіре беріс шығыс бәлікте орналасқан, куполда диаметрі 1,2 м домалақ санылау бар.

1-ші және 2-ші дің меридиан бойынша оңтүстіктен солтүстікке қарай орналасқан, арасындағы қашықтық екі километр.


1974 жылы ОҚАЭ Қорғалжын ауданындағы, Жақсы-Көң өзенінен екі шақырым жерде орналасқан дің зерттелді. Түбі домалақ дің жұқа қатпарлы тақталардан құралған. Ішкі орам бойынша түб жағының диаметрі – 5 м, қабырғалардың қалыңдығы – 3 м. Пішіні тік бұрышты кіре беріс шығысқа қараған, есік орнының биіктігі – 2,3 м, ені шамамен – 1 метр. Оның куполы толықтай құлап қалған. Діңнің шығыс қабырғасында ірі түйіршікті диориттен жоннып жасалған үш тас мүсін тұрды. Бір мүсін әйелдің бейнесі (алқасы мен сырғасы анық көрінеді), ал екеуі ер адамдікі.

Қара-дiң 1 Ұлытау ауданында, Қара-Жланды өзенінің биік жағасында (Тамды өзенінің ағысы) орналасқан, саз балшық ерітіндісімен бекітілген кара түсті (осыдан «кара» сөзі) қатпарлы тастан салынған. Сурет тақталар арасындағы тесіктер ұсақ тастармен толтырылған. Ішкі орам бойынша негізінің диаметрі 8 м. Дің қабырғаларының қалыңдығы 3 м-ге дейін жетеді. Ғимараттың екі бөлінген күмбезі болған. Осы күндерге дейін жоғарғы күмбез ішкінің биігіне дейін құлап қалған, діңнің сақталған биіктігі 10 м. Кіре берісі шығыс жақта. П. Рычковтың суреттеуінше діңнің биіктігі 19 м-ге дейін жеткен. Күмбезде екі санылау болған, олардан жарық түскен: бірі – солтүстік жақта, екіншісі – оңтүстік жақта болған. Діңнің өзіне тән сипаттамасы – ол күмбез астындағы шығынқы қаламасы, қаламаның ағаш бөренелері жақсы сақталған.

Қара-дiң 2 – тастан жасалған, сәулетті, жақсы сақталған ғимарат. Дiңсай шатқалында Ұлытау ауданында, Сарыкөңгiр өзенінің жоғарғы бойында орналасқан. 2-ші Қара-дiңнің негізі төрт бұрыш, сондағы қабырғаларда шекара ізі сақталмаған. Қабырғалар биіктігі 7 м-ге дейін жететін төрт қырлы шошақ күмбезге ауысады, шошақ қырларының өлшемі – 6,1x6,1 м. Күмбез шығынқы бөренелерге тіреледі. Қуыс түріндегі кіре берістің пішіні тік бұрыш, ол шығысқа қараған. Оңтүстік




а



б

Қара-дің 2; а-күмбез асты ағаш бөренелерден; в-аралықтағы бөлшектері; с-қима және діңнің жоспары;



с

Қара-дің 2. Қимасы және жоспары.

жағынан қабырғаға ауысар жерде күмбезде саңылау болған, одан ішке жарық түседі.

Тасмола-діңі исламға дейінгі уақытқа сай қою-қоңыр түсті, темірлі құмдақтың ірі тақталарынан домалақтана салынған. Дің Торғай облысында Торғай өзенінің биік жағасында Кенгүбек ауылының аумағында, ескі Күлеке қыстағында орналасқан.

Домалақ негізінің диаметрі – 9,5 м (ішкі орам бойынша), сақталған биіктігі 5 м, қаланған қабырғаның қалыңдығы 3 м, жоғарғы бөлігі – 1,5 м. Қалама үшін таңдалынған тақталардың ұзындығы – 3 м-ге дейін жетеді, ені – 1,8 м. Қабырғалар біртіндеп шошақ күмбезге ауысады. Ғимараттың ерекшелігін ғимараттың



Солтүстік Бетпақдала. Мұңғылы тауындағы дің.



Тасмола діңі.

жанындағы тік қойылған тас тақталар құрайды, оның бірінде ежелгі қыпшақтардың рулық таңбасы ойылған.

Тасмола – бұл ру таңбалары бар көптеген тас молалар орналасқан ежелгі үлкен некрополь.

Атасу өзенінде ішкі орам бойынша диаметрі 12 м болатын, пішіні көп қырлы ірі дің орналасқан. Ғимараттың жоғарғы бөлігі бұзылған, сондықтан оның алғашқы биіктігі туралы айту мүмкін емес. Сақталған биіктігі – 4 м.

Исламға дейінгі кезеңдегі тас сәулеттің ең бір маңыздыларының бірі – Домбауыл. Бұл алып ғимарат Кеңгір өзенінің сол жақ биік жағасында, Жезқазған қаласынан 45 шақырым солтүстікке қарай және Жошы ханның кесенесінен 4 шақырым орналасқан.

Бүгінгі күнге дейін жақсы сақталған ескерткіштің түбі төрт бұрышты, қырларының өлшемдері – 8,9x7,9 м, жақсы тегістелген, ганч қоспасымен цементтелген ірі қатпар тастардан жасалған. Ғимараттың биіктігі – 5,5 м. Қалыңдығы – 1,5-2,0 м қабырғалар біртіндеп екінші күмбезге өтеді. Тік бұрыш есік орны түріндегі кіре беріс дәстүрлі түрде шығыс жаққа қараған. Биіктігі бір метрге дейін жететін негізіне жалпақ тастар төселген. Ғимараттың жоғарғы жағында солтүстік және оңтүстік жағынан саңылау бар, одан ішке жарық түскен. Ескерткіштердің әсемдігі және көзге бірден көрінетін мұқияттылықпен тегістелген тас тақталар оның ежелгі бір батырдың құрметіне салынғанын білдіреді.

Домбауыл туралы және оның құрметіне салынған ескерткіш туралы аңыздар мен хикаялар сақталған. Онда Домбауылдың атақты мерген, ақын және музыкант – күй шығарушы



өз.Атасудағы жартылай бұзылған дің.



Домбауыл. Шығыс жақ көрінісі.



Домбауыл. Батыс жақ көрінісі.



Домбауылдың іре берісі.



Қайта қалпына келтірілген Домбауыл.

болғандығы айтылады. Ұлытау таудың батыс бөлігінде Домбауыл өмір сүрген ежелгі қамалдың қираған қалдықтары жатыр.

Аңыз бойынша Домбауыл ханның қызына ғашық болады. «Бір ханның қызы болған. Хан қызына арнап «түн теңізінің» ортасына үй салады, қасына қырық қыз береді де ешкімнің кіріп-шығуына рұқсат бермейді. Қыз не күнді көрмей, не айды көрмей биік қара мұнараның ішінде отырады. Бір күні ол қыздардан: «Қабырға сыртында не болып жатыр?» – деп сұрайды. Қыздар қабырғаның арғы жағында жарық деп жауап береді. Ханның қызы олардан сол күнді көрсетіндер деп сұрады. Қыздар терезені ашқан кезде, ханшайымға күннің сәулесі түседі. Ол жүкті болып қалды. Ханға осы хабар жеткенде, ол қақпағы бар алтын қайық жасап, қызын соның ішіне отырғызып, қайықты өзен ағысымен жіберіңдер деп бұйырды. Сол өзенде бүкіл далаға есімі белгілі Домбауыл мерген өмір сүрген, ол да өз хандығынан қуылған. Оның жолушысы Шаба-Соқыр досы болған, ол қырық шақырым жерден көрген екен. Шаба-Соқыр жүзіп келе жатқан алтын қайықты көріп қалып, ол жайлы Домбауылға айтады, бірақ ол бірден Домбауылға шарт қояды, қайық жағаға келгенде сыртын мен аламын, ішін сен аласың дейді. Қайық жақындағанда Домбауыл: «Қия атайын ба? Кесе атайын ба?» – деп сұрайды. Шаба-Соқыр қия ат дейді. Домбауыл мерген, атып жібергенде қайықтың қақпағы бірден түсіп қалады. Сондықтан Домбауыл мен Шаба-Соқырды қыяттар* деп атаған. Қайық жағаға тірелгенде, олар ішіндегі ханшайымды көреді. Домбауыл оған үйленеді, одан ұл туып есімін Тәңір деп қояды.²⁵²

Қозы-Көрпеш және Баян-Сұлу кесенесі – сәулет тарихындағы тамаша ескерткіштердің бірі.²⁵³ Ол туралы алғаш рет академиктер И.Фальк (1771 ж.), П.Паллас жазған. «На реке Агуз стоит древнее здание, которое кайсаки называют Куз-Курпеч».²⁵⁴

* Қыяттар – қыпшақтармен, қоңыраттармен, алшындармен, арғындармен және т.б. қосылған ғұндардың ұрпақтары, олар Алтайдың қолжетпес жерінде мекендеген, оның атауы – Ергене-Көз. Кейінірек қыяттар, қыпшақтар, қоңыраттар Орталық Қазақстанның кең даласын мекендей бастаған. Қыяттардың басшыларының бірі Домбауыл болды, оның құметіне Кенгір өзенінде (VI-VII ғасырлар) кесене тұрғызылды.



Қозы Көрпеш және Баян сұлу кесенесі. Шығыс жақ көрінісі.

Ескерткіштердің суреттемесін П.П.Семенова-Тянь-Шанскийдің, Ш.Ш.Уәлихановтың, Г.Н. Потаниннің, Н.А.Абрамовтың, П. Галицкийдің және т.б. еңбектерінен оқуға болады. Зерттеушілер Е.Баранов пен И.Кастанье ескерткіштермен байланысты аңыздарды жазып алған. Орыс офицері П.Галицкийдің айтуынша, ескерткіштің сыртқы жағында төрт тас мүсін тұрған. Ол монғолға дейінгі кезеңдегі аңызды жазып алған.²⁵⁵

1812 жылы Уфа қаласында А.С. Пушкин танысқан «Қозы-Көрпеш – Баян-сұлу» аңызының бір нұсқасы шығарылды. Оның шығармашылық мұрасында дала махаббат жырына арналған жолдар бар.



Қозы Көрпеш және Баян сұлу көсенесі. Батыс жақ көрінісі.



Қозы Көрпеш және Баян сұлу көсенесінің жоспары.

«На берегу р.Аягуз, впадающей в оз. Балхаш, стоит остроконечное здание, весьма тщательно построенное из гладких каменных плит. В нем 3 каменные статуи, из которых две, по словам киргиз-кайсаков, изображают прославляемых в легендах любовников Баян-Сулу и Козы-Көрпеш» - деп жазды А.И. Левшин.²⁵⁶ Томск университетінің профессоры В.В. Сапожников сүйсіне отырып, «что имел возможность посмотреть на знаменитую башню, с которой связана романтическая легенда о любви Баян-Сулу и Козы-Көрпеш», - деп жазған.²⁵⁷

Қозы-Көрпеш және Баян-сұлу көсенесі Таңсық ауылына қарсы, Аягөз өзенінің биік жағасында орналасқан. Сәулет архитектурасы бойынша ол діндерге тиісті.

Қазақ аңыздары бойынша тас алынған және ескерткіш тұрғызылған таулардың арасында, 90 шақырымға тасты қолдан қолна берген салт аттылардың тізбегі созылған.

Бүйір жақтарының өлшемі – 6,4х6,7 м шаршы негіздің астында пішіні шошақ, биік ғимарат көтерілген. Төрт бұрыш негізден шошаққа қарай біртіндеп ауысу жерінде «жалған» күмбез идеясы іске асқан. Осы құрылыс әдісінің арқасында биікке қарай біртіндеп тарылу жүзеге асқан. Ғимарат қызғылт түсті, пішіні тік бұрыш қатпарлы тастардан құралған, ол саман себілген, ірі түйіршікті құм мен кезейнің ізі бар саз балшық қоймалыжыңымен цементтелген. Ғимараттың биіктігі – 12 м.

Еденге қалыңдығы 0,5 м қатпарлы тас тақталары төселген, шеттері қабырғаның қаламасына қосылған. Пішіні тік бұрышты кіре беріс шығысқа қараған, оның биіктігі 2,9 м. Күмбез жұптанып келген: ішкі және сыртқы. Кесенеге жарық күмбездің санылауынан түскен. Ішкі қабырғалар мен күмбез бөлікінде бірнеше қатпарлы саз балшық қоймалыжыңымен сыланған. Сылақтың қалыңдығы ~ 12 см.

Ішкі көсенені қазу кезінде бытыс қабырғадан 1,3 м тереңдіктен әйел ер-тоқымы табылды. Ер-тоқымның шеті соғу техникасымен жасалған дөңбешіктер тізбегі түрінде өрнектелген жұқа мыс тілігімен безендірілген. Алдыңғы ердің қасында көркемсуреттің ізі бар. Соңдай-ақ, алдыңғы және артқы ердің маңайын әшекейлеу үшін пішіні домалақ, мыс қанылтыр және түрік тұрпатты мыс тоға, қоңыр түсті жібек киімнің жыртыстары, ер-тоқым үшін киіз төсемесі бар жібек жастық табылған. Осының барлығы перизат Баян-сұлумен байланысты.

Бақсы-мола ежелгі кесене күйдірілген кірпіштен жасалған, «дін» сәулет ескерткішіне тиісті. Ол Үлкен Торғай өзенінің оңтүстік биік жағасында, Декер шатқалында орналасқан. Ескерткіш жөнінде мәлімет 1851 жылғы 13 желтоқсандағы Омбы кеңсесінің құжаттарында²⁸, сондай-ақ орыс офицері-геодезистерімен құрастырылған материалдарында бар, олар әр түрлі мұрағаттарда сақталған.

Бақсы-мола тауы бұл жерде бақсының жерленгенін білдіреді. Ескерткіш – күмбезі шошақ киіз үй тәрізді ғимаратты құрайды. Сыртқы қабырғалар және ішкі қабырғалардың көбісі өлшемі 25x25x5 см және 28x28x6 см күйдірілген кірпіштен жасалғаны белгілі. Қабырғаның орта бөлігі ішкі жағынан өлшемі 25x25x5 см және 30x30x6 см шикі кірпіштен жасалған. Қалама саз балшық қоймалжыңымен бекітілген сурет.

Батыс қабырға, бетше босаға және күмбездің жоғарғы бөлігі бұзылған. Ғимараттың қабырғалары домалақ негізінен көтеріліп, шошақ күмбезге ауысады. Сақталған биіктігі 6 м, ішкі орам бойынша негізінің диаметрі – 4,1 м, негіздегі қабырғалардың қалыңдығы – 2,3 м.

Шығыс жағында пішіні сүйір кіре беріс орны орналасқан. Оның биіктігі – 2 м, ені – 0,8 м. Еден, басқа діндердікі сияқты төрт бұрыш тақталармен төселген, еденнің қалыңдығы – 1,8 м.

Бақсы-молада тас мүсінің болып оны ерекшелейді. Осындай тас мүсіндердің Иби Фадланның (X ғ.) бойынша оғыздар үшін маңызы зор болған. Тас мүсін жерге 0,43 м тереңдікке шомып кеткен. Оның жоғарғы жағы қатты мұқалған, бірақ әлде де адамның бейнесі сақталған. Сақталған биіктігі – 0,45 м, ені – 0,42 м. Моланың сыртқы жағынан кіндігінде керамика ыдысы бар тастан жасалған қыпшақ әйелінің мүсіні тұрған.

Бақсы-мола орналасқан ауданда қыпшақтардың, оғыздардың, арғындардың, қоңыраттардың, қаңлылардың және т.б. рулық таңбалары бар көптеген тас қабірлері бар некрополь орналасқан.

XI ғасырда оғыздардың Торғай даласында болғандығын «Текенің діні» ғимараты және Жалдама өзеніндегі (Торғай өзенінің тармағы) Қараоба пирамидасы дәлелдейді.

Рашид-ад-дин бойынша Сарыарқаның ежелгі қаласы – Жубанч (Жұбаныш) қаласы болған. Ол үш-оқ атты оғыз тайпасы-



a



b


Бақсы-мола: а – оңт.шығыс жақ көрінісі; б – солт.шығыс жақ көрінісі.



с
Бақсы-мола: с – кіре беріс орны.



д
Бақсы-мола: д – батыс жақ көрінісі.



е
Бақсы-мола: е – қима және кесене жоспары.

на тиісті Ортақ (Ортау) және Қазтақ* жазғы жайылымдықтарға жақын орналасқан.²⁵⁹

Әдебиеттерде Жұбаныш қала атауы әр түрлі аталады. П.Рычков оны - Жубин, А.А. Семенов – Инандж²⁶¹, И.Н.Березин – Анабайдж²⁶² – деп атайды.

* Қазтақ (Кертақ) таулары бүгінгі күндері Қызылтау деп аталады. Олар Жаңаарқаның аудан орталығынан 75 шақырым оңтүстікке қарай және Ақалдыр теміржол станциясынан 50 шақырым жерде орналасқан. Орталық Қазақстанның ландшафтысын суреттеу кезінде «көре» және «қызыл» сөздері таудың колоритін білдірген. Осылайша граниттен, әктен немесе қою-қызыл, тат немесе кірпіш түсті таулар аталады.

Рашид-ад-дин шығармаларын шығарған редактор И.Н. Березин Ортақ (Ортау) және Қазтақ (Кертақ) тауларын Оңтүстік Қазақстанда орналасқан Қаратау тауларымен шатастырады.²⁶⁰

Профессор А.Тоған Ежелгі жазбалар сақталатын Стамбул кітапханасында сақтаулы тұрған Рашид-ад-дин жазбаларының негізінде: «*Стамбул*» город находился на территории к северу от Аягуза» - деп жазады.²⁶³ М.Қашқари мен Джувейни қаланы - *Jubban*, *Jubban* деп атайды. Рашид-ад-динде парсы тіліне сай - *Jubban*, *Jubban* деп жазды, ол бүгінгі қазақша Жұбанаш атауын береді.

П.Рычковтың суреттеуінше, Жұбан-Ана ежелгі қала орны Кеңгір өзенінің Сарысу өзеніне құятын жерінде, Үлкен Жезқазғаннан 80 шақырым жерде орналасқан. Ол жайлы П.Рычков: «Джубан-Ана – признак немалого города на реке Кеңгір, впадающей в Сарысу, от устья оной верст восемь. Тут и поныне видимо мечетей до пяти и палаты, кои немало опустелись в землю» - деп жазады.²⁶⁴

Археологиялық зерттеулермен П.Рычковтың Жұбан-Ана қаласы орналасқан жері әлі дәлелденбеген. Кеңгір өзенінің Сарысу өзеніне құятын ауданда екі топ ежелгі қоныстар зерттелді, оларды біздің ойымызша, ежелгі Жұбан-Ана қаласына ұқсастыру өте қиын. Бұл жер шөлейтті, мұнда ірі қоныстың ізі байқалмайды.

Жайылма алқаптың аласа террасасында, Кеңгір өзенінің оң жағасынан алыс емес жерде оңтүстік-шығыстан солтүстік-батысқа қарай үш төрт бұрыш алаң түрінде созылып жатқан, бүйір жақтарының өлшемі 24-тен 35 м-ге дейін кішкентай қоныстардың іздері табылды. Биіктігі 1,5 м төбенің ортасында тұрғызылған шурфтің көмегімен, егіншілікпен айналысатын қоныстарға тән құйма емес керамиканың фрагменттері түрінде материалдық өндірістің аздаған қалдықтары табылды. Керамика жақсы күйдірілген, қыш шеңберінде мықты саз балшықтан жасалған. Басқа төбенің ортасында тұрғызылған шурф үй жануарларының – жылқылар, қойлар, сиырлардың көптеген сүйектері табылды. Құрылыстардың қабырғалары ірі ішкі кірпіштен салынғаны анықталды.

Қамалдың болмауы осы шағын қоныстарда малшылықпен және егіншілікпен айналысқан жатақтар тұрғандығын дәлелдейді, ол ұзындығы 2-3 км ежелгі суару жүйесінің ізімен дәлелденеді.

Сарысу ескерткіштерінің арасында ежелгі **Жұбан-Ана** (Жұбанаш-әулие) кесенесі – дің сәулетінің соңғы кезеңіне тиісті

ғимарат, ол Жанаарқа ауданында, Сарысу өзенінің оңтүстік биік жағасында, оған Атасу өзенінің құйылысынан 50 шақырым төмен орналасқан. Ол туралы мәлімет Рашид-ад-диннен, Йаздиден және т.б. көреміз. XIX ғасырдың ортасында Ш.Ш. Уәлиханов: «Жубан-Ана считается кайсаками за усыпальницу святой (аулие). На ней много «окалау», оставляемых всякими проезжающими в честь ее святости», – деп жазған.²⁶⁵

Жұбан-Ана қабірі – күмбезді-орталық, төрт бұрыш пішінді, бір лақты құрылыс. Сыртқы бөлігі оның өлшемі 27x27x7 см пішіні төрт бұрыш тақта түріндегі күйдірілген кірпішпен тұрғызылған. Ішкі жағынан қабырғалар іргетастан бастап 1,18 м-ге дейін ішкі кірпіштен тұрғызылған, одан кейін күйдірілген кірпіш қаламасы өтеді. Сыртқы және ішкі қаптаманың арасындағы кеңістік саз балшық араластырылған қиыршық таспен толтырылған. Өлшемі – 7x7x, төрт бұрыш негізден басталатын қабырғалар бұрыштық сүйір қуыстардан сегіз қырлы барабанға ауысады, оның үстінде ішкі жарты сфера куполын жабатын бедерлі шатыр тұрған. Сүйір болып келген кіре беріс орны оңтүстік-шығысқа қараған.

Тастан жасалған іргетастың қалыңдығы – 1 метр. Қалыңдығы – 1,5 м-ге дейін болатын көп қырлы мұнараның салмағын дұрыс таратумен ескеріліп, әзірленген. Ішкі жағынан төрт бұрыш негізде жоғарғы бұрыштары үшкір терең емес қуыстар орналасқан. Негізден жоғарғы деңгейі басқа жоғарғы қуыстардың деңгейінде тұр.

Ғимараттың жалпы биіктігі – 7 м. Жайдың ішіндегі алабастр сылағы ғимаратты XI-XII ғасырларға жатқызады. Кесене апаттық жағдайда тұр.

Жұбан-Ана кесенесінің қабырғаларында қасқыр басты жыланның бейнесі салынған. Тақталардың бірінде ұйғыр әліппесінің әріптерімен «Талмас-Ата» деп жазылған.

Қазақ аңыздары бойынша Талмас-Ата Жұбан-Ананың күйеуі болған. Оның қабірі, А.И.Шренктің суреттеуінше, күйдірілген кірпіштен тұрғызылған, Қаражар төбесінен төмен, Сарысу өзенінің аңғарында орналасқан. Сарысу өзенінің сол жақ жағасындағы барлық төбелер 40 шақырым алыста Талмас-Ата* деп аталады. Талмас-Ата қабірі бүгінгі күні тек күйдірілген

*Дала тұрғындары арасында *Талмас-Ата*—*бұл белгілі Алаша-хан деген аңыз бар.*


кірпіштердің қалдығы. Кей жерлерде ойма өрнектер мен айшық түріндегі таңбаның суреті кездеседі. А.И.Шренк: «по рассказам кайсахов памятник стоит недалеко от усыпальницы его второй супруги, выше по р.Сарысу». «При посещении мавзолея Талмас-Ата кайсаки привязывали пучки конской гривы к шесту», – деп жазды.²⁴⁶ Талмас-Ата ескерткіші және Жұбан-Ана кесенесі бір уақытта пайда болған.




Жұбан-Ана кесенесі.




Жұбан-Ана. Оңт.шығыс жақ көрінісі.




Кесененің ішкі көрінісі.




Жұбан-Ана кесенесінің жоспары.



Кесененің қимасы.



Күмбез жоспары. Архитектор П.Раулиннің суреті.



Жұбан-Ана кесенесінің қабырғаларындағы айшықты белгілер.

Жұбан-Ана кесенесі Қорқыт-атаның қарындасының кесенесі ұқсас, ол Сырдарияның төменгі ағысында оның ескерткішінің қасында дің түрінде орналасқан. 1860 жылы түсірілген кесененің суреті бүгінгі күні М.Е.Салтыков-Щедрин атындағы кітапханада сақтаулы.

Ай-Болат кесенесі – күйдірілген кірпіштен тұрғызылған (VIII ғ.) көп қырлы мұнара, құрылымы бойынша тас діңдерге ұқсас. Қызылорда облысында, Сарысу өзенінің сол жағасында орналасқан. Кесене бұрыннан бұзылған. 1818 жылы Г.И.Спасский жарияланған мақалада оның сипаттамасы бар. Жартылай қираған кесененің суреті Ш. Уәлихановпен жасалған.²⁰⁷

Кесене күйдірілген кірпіштен жасалған ғимарат түріне жатады. Көлемі бойынша Жұбан-Анаға ұқсас. Төрт бұрышты негіздің үстіне шатыр түрінде биік, көп қырлы мұнара орналасқан. Қырлар ғимараттың жалғыз ғана әшекейі болған. Шығысқа қараған қасбет биік, сүйір арканың ішіндегі тік бұрышты есік орны болды.

Түкті-Ата I, II, III дің түріндегі кесенелер Батыс Қазақстанда орналасқан. Мойынты, Шу өзендерінде, Бетпақдаланың адам қоныстанған аудандарында биіктігі үлкен, шикі кірпіштен тұрғызылған тас пирамидалар түрінде қазақ мұнаралары кездеседі. (Қосымша: кесте).

Күмбезі шатыр немесе шошақ түріндегі ұйғас, дің, діңгек сияқты киіз үй тәрізді тас құрылыстар Қазақстанда феодалдық қатынастар қалыптасқан кезде (б.з. V-VI ғасырлары) пайда бола бастады. Өзгеше домалақ құрылымдар исламға дейінгі кезеңдегі

сәулетке тән – ежелгі қыпшақтар мен оғыздар, Түрік қағанаты заманында пайда болды. Ежелгі замандардан келе жатқан дәстүрді бұзбай, құрылыстардың бір жерге шоғырланғанмен, олардың Орта Азиялық сәулетшіліктен өзгешелігі бар. Ежелгі құрылысшылардың ізденісі қабырғаларының қалыңдығы 3 м-ге дейін жететін тас пен кірпіштен тұрғызылған өзіндік күмбезді ғимараттардың пайда болуына әкелді.

Монолиттік құрылым дің – әр кейінгі қатар алдыңғысының үстінен төнетін көлденең және тігінен салынған жалпақ тас тақталардың бірізді қаламасының нәтижесі болып табылады. Негізі домалақ болғанда «еңіс» қатар дәл еденнен немесе еденнен бір метрі биік деңгейден басталды. Негіз төрт бұрыш болғанда «еңіс» қатар екі метрден кем емес биіктіктен басталған. Шошақ, биік монолитті тас құрылымның берік болуы үшін қалыңдығы 3 м-ге дейін жететін қабырға сатылы түрде салынуы керек болды.



Киіз үй тәрізді тас ғимараттарды тастан тұрызу кезінде ең қиыны күмбес болды. Домалақ немесе төрт бұрыш негізден бірінің үстіне бірі төніп тұрған жалпақ тақталар қатарын көлденең қалау әдісімен қабырғаларды көтеру домалақ немесе шошақ күмбездің нақты композицияның құрылуына әкелді.

«Жалған» күмбезі бар құрылыс үшін қатпарлы тастар ең жақсы құрылыс материалы болып табылды.

Үйтас, дің сияқты монолиттік тас тамдарда құрамды бөліктерге болу деген жок. Мұндай жүйені тірегішсіз деп атайды. Оның қағидаты Греция мен Римнің антика сәулетінде белгілі «жалған» күмбес идеясында жатыр. «Жалған» күмбес Ресей аумағындағы скиф тамдарынан да кездеседі.

Қазақстанның аумағында ішкі бағаналарға тірелген пирамидалы-сатылы күмбезі бар қола дәуірінің ғимаратынан «жалған» күмбес құрылысына дейінгі тас сәулеттің эволюциясы байқалады. Осы эволюцияның нәтижесінде бүгінгі күндерге дейін жеткен киіз үй тәрізді өзгеше тас құрылыстар пайда болды. Домалақ немесе төрт бұрышты негіз үстіндегі «жалған» күмбездің құрылыс әдісі кейінгі қола дәуірінің пирамидалы-сатылы күмбес бен ежелгі көшпенділер дәуірінің шаңырақ құрылыс элементтерінің үйлесімі негізінде туындады.

«Жалған» күмбез идеясын іске асыру бағаналарда орналасқан ежелгі тамдардан анағұрлым заманауи «үйтас», «дін» сияқты тас



Джамия
 1. Көзделгенімен ішкісі менің

Айболат кесенесі. Жалпы көрінісі және жоспары. Г.И.Спасконың суреті.

құрылымдарға ауысуын жүзеге асыруға мүмкіндік берді. Осы эволюцияның өткенін көруге мүмкіндік беретін көптеген ескерткіштер Қазақстанды, өзгеше күмбезді тас құрылыстардың отаны деп айтуға мүмкіндік беретін дәлелдеме.

«Домбауыл», «Қозы-Көрпеш және Баян-сұлу» ғимараттары және басқалар қатпарлы тастардан құралған, олар ашық аспан астында мыңнан аса жылдар бойы тұр және ежелгі құрылысшылар өнерінің кемелденуін дәлел дейді.

«Жалған» күмбезі бар монолиттік құрылыстар Орталық Қазақстанда және Жетісуда таралған. «Дін» атауы бар тамдар Оңтүстік Түрікменияда және Хорасаннан кездеседі, ол оғыз тарихымен және олардың XI ғасырда Сырдарияның жағасынан оңтүстікке көшуімен байланысты.

Сарысу, Көң, Нұра, Мойынты, Шу, Балқаш маңы өзендерінің аңғарларында, Бетпақдалада және Жетісуда анағұрлым кейінгі кезеңдерде саман кірпіштен тұрғызылған киіз үй тәрізді құрылыстар кездеседі. Олар «жалған» күмбезі бар там тұрғызу құрылыс дәстүрі олардың көп жылдар бойы сақталғанын дәлелдейді.

ШИКІ КІРПІШТЕН ТҰРҒЫЗЫЛҒАН ҚҰРЫЛЫСТАР




өз. Кеңгірдегі күмбез.



өз.Көң аңғары



Көпғай.



Ақтоғай ауданы, Жінжікөз өзені. Киіз үй төрізді құрылыстар.



өз. Сарысу аңғары. Ескен.



Балқаш маңында.



Балқаш маңында.



ез. Мойынты аңғары.



а



б



с

Солтүстік Бетпақдала: а-б — Бопаттау; с — Қарауңгір.



Бетпақдала, Қарабидайық.



Жанайдар-батыр кесенесі, өз. Терісақдан.




Талағай



а



б



с


Қарқаралы ауданы: а — р. Ақбілек;
б — өз. Қосақ; с — өз. Қаршығалы.




Қотан-Емел.



Қобда. Батыс Қазақстан.



в



а

Солтүстік Шығыс Қазақстан; Аягөз ауд.: а-Балтабек көсенесі; б-күйген іргіштен тұрғызылған күмбез.



с

Солтүстік Шығыс Қазақстан Аягөз ауд.: с-Шубартау тауы.

2. ОРТА ҒАСЫР СӘУЛЕТІ

Орталық Қазақстаннан табылған монғолға дейінгі қоныстардың қалдықтары Әл-Идриси мен Махмұд Қашқариде айтылатын қыпшақ қалаларына ұқсас. Плато Карпинидің, Рубруктің және Гетумнің айтуынша, орта ғасырлық қыпшақ қалаларының негізгі бөлігі монғол шапқыншылығы кезінде толықтай бұзылған.

Рашид-ад-дин және Джувейни Торғай, Ырғыз өзендерінің төменгі бойында және Балқаш маны шағылында орналасқан қалалар мен қоныстар жөнінде жазған. Олардың айтуынша, қаңлылардың ордасы Қарақорым* анағұрлым сәулетті болған, онда 1215 жылы Жошы мен Сұпатайдың әскерімен қуғындалған меркіттердің қолбасшысы Хұлтуған [Кұлтуған] Мерген өзінің әскерімен жасырынған.²⁶⁸

Тағы бес жыл өткен соң, 1220 жылы. Сырдария қалалары алынған соң және Хорезмді басып алар алдында Қарақорымда* қолбасшы Шын-Темір бар Жошы-ханның әскері дем алған.²⁶⁹ Қарақорымнан алыс емес жерде, Арал теңізінен 130 шақырым солтүстікке қарай Қакыян және Сағдере қоныстары болды.²⁷⁰

Шыңғыс ханның ұрпақтары Ұлытауды басып алған соң Кенгір және Сарысу өзендерінің жайылымдары Жошы-ханның еншісіне тиді, экономикалық және саяси орталыққа айналды. «Монголы не внесли коренных изменений в этнический состав кыпчаков, напротив того – монголы сами подверглись отторчению», – деп жазды Б.Д. Греков пен А.Ю. Якубовский.²⁷¹

XIII ғасырдың бірінші жартысында Джузджани: «Жошы ... нашел, что не может быть земли приятнее этой, лугов и пастбищ обширнее этих» – деп жазды.²⁷² Рашид-ад-дин: «Степь кыпчакская вся была полна палатками и шатрами, и край этот был полон лошадьми, мулами, верблюдами, быками и баранами», – деп айтты.²⁷³

Рузбехан тамаша жайылымдық деп Дешті Қыпшақты айтқан, және: «Здесь каждый султан стоит в какой-нибудь части степи на принадлежащем ему месте. Живут они в юртах... Зимовать возвращаются на зимние стоянки», – деген,²⁷⁴ яғни солтүстік даланың дала аяқтары билеуші сұлтандар арасында өзара бөлісіп алынған болды.

Ақ-Орданың хандары Берке, Өзбек және т.б. уақыттарын көбінесе Ұлытауда өткізген. Сол кездің хроникасынан: «После восшествия на ханство до истечения восьми лет [Үзбек-хан] проводил жизнь со всем своим илем в странах северного Дешти и Кипчака, так как ему нравились [вода и воздух] тех стран и обилие охоты [дичи]»²⁷⁵. Кенгір өзенінің аңғарында сол кезде хандардың «Сарай» және «Торай» ордaları болған. Оны Хафиз Тыныштың (XVI ғ.) «Шараф-наме-йи шахи» шығармасында айтылатын «Сарайлы» және «Торайлы» елді-мекендердің атаулары дәлелдейді.²⁷⁶

Қайнар көздерден Ақ Орданың* билігі кезінде Орталық Қазақстанда құрылыс ісінің гүденуі байқауға болады.

* Қарақорым монғолдық емес, торғайлық.

* Ақ Орданың аумағы Селенгіден Оралға дейін жеткен. Ақ Орданың билеушісі Жошының үлкен баласы Орда-Ежен болды – ол қазақ сұлтандарының ру басшысы. Оның үш ордасы болған. Оның

Орталық Қазақстанның аумағында XIII-XV ғасырларға тиісті ежелгі қала орындары мен сәулет ескерткіштері сақталған, олардың құрылысында жетекші роль Ақ Орданың негізгі бөлігін құраған қыпшақтарға берілген. Олардың арасында Ұлытау және Арғанаты тауларының ауданында Орда-Қонған, Басқамыр, Аяққамыр, Топырақ-Қорған, Домбауыл, Мық, Қаратон, Сарайлы (Хан-Ордасы), Торайлы (Жер-Қорған) ежелгі қала орындары орналасқан. Есіл өзенінің жайылымында Өркешегі, Ормамбет, Қима, Аққайрақты, Қызыл-Қорған ежелгі қала орындары бар.

«Тарихи Абулхайр хани» шығармасының авторы Мас' судибн Осман Кухистани және «Бахр ал-Асрар» шығармасының авторы Махмұд Вели осы ауданда адамдардың қалың қоныстанғанын айтады. Кухистани әкімшілік жағынан Ақ Орданың астанасы Сығанаққа тәуелді болған Сарысу өзенінің жайылымында және Ұлытау ауданында орналасқан бірқатар қоныстардың атауын келтіреді және Жұмадық-ханның [Жұмадік] және Үйірлітүп ордalarıның атауын келтіреді, олар Ақ Орданың иелеріне тиісті болған және бүгінгі күні Сілеті өзеніндегі Жұмадік және Ертістегі Үйірлітүп қамалдарының қираған қалдықтарына ұқсастырылған.²⁸⁰

Монғолға дейінгі құрылыстарда қарахандық сәулет дәстүрінен көк жылтырауықпен көмкерілген бедерлі кірпіш пен кеспелі терракота тақталарын кенінен қолданумен сәндеуге ауысу ізі байқалады (Жошы-ханның кесенесі, Келінтам, Жансейіттам, Сырлытам және т.б.). Әдебиеттерде көк жылтырауықты қолдану Темір дәуірінен басталады деп айтылады, бірақ Орталық Қазақстанның сәулет ескерткіштеріне қарасақ, бұл техника құрылыс ісінде анағұрлым ерте қолданыла бастаған.

Ежелгі қамалдар мен қоныстардың анағұрлым көп іздері Торғай және Жыланшық өзендерінің жоғарғы ағыстарына ше-

бірі – Орда, ол Ертістен 80 шақырым батысқа қарай, Шыңғыс тауларында Шыңғыс ханмен 1206 жылы, наймандар мен керейлерді жеңіп, өзін хан қылып жариялаған соң негізделген. Орда-Еженнің жазғы ордасы Алақол көлінен алыс емес Ембі өзенінде болған, мұнда 1389 жылы Темір тоқтаған.²⁷⁷ Осы ордаға 1246 жылы Плато Карпини келіп, суреттеген.²⁷⁸ Кенгір өзеніндегі Жошының күіз үйінен Орда-Ежен Ақ Орданы басқарған.²⁷⁹ XIII ғасырдың екінші жартысында Ақ Орданың орталығы Сығанақ қаласына ауысады.

каралас келетін Ұлытау тау алдында орналасқан. Отырықшы мәдениеттің дамуы Ұлытау даласында Орыс ханның және Токтамыстың есімдерімен байланыстырады. Темірді Алтын Ордадан қуған соң XIV ғасырдың соңында Токтамыс Ұлытау даласына келіп, ондаған жылдар бойы қоныстарды дамытумен айналысады.

Орта ғасырларда осы аудан Орталық Қазақстанның отырықшы мәдениет орталығы болған, ол осы жерлерді бірінші зерттеуші П.Н.Рычковтың, Г.Г.Генстің, И.П.Шангиннің, біздің уақытта Қ.И.Сәтбаевтың және Н.В.Валукинскийдің еңбектерінде айтылған. Ұлытау тауының солтүстік жазықтығында ежелгі қамалдар мен қоныстардың қалдықтарын құрайтын кең-ауқымды төбелер орналасқан. Олардың орналасуы Махмұд Қашқаридің картасында белгіленген Қаратаудан солтүстікке қарай орналасқан «қыпшақ үй-жайларына» (كشك قشاق) дәл келеді.²⁸¹

Сарысу өзенінің төменгі бойында Белен-Ана (Төрежар) ежелгі қала орны орналасқан. Орта ғасырларда Белен-Ана XVI ғасырда өмірін тоқтатқан елеулі сауда-көпөнер орталығы болған. Орыс саяхатшысы және географы П.Рычковтың айтуынша: «от озера Теликуль, в которое впадает Сарысу, до Белен-Ана был один день езды, длина развалин шесть верст, ширина около одной версты». «По рассказам кайсаков, название города Белен-Ана получилось от имени женщины, которая у них считалась святой. И поныне сохранилось пять мечетей».²⁸²

Қаракеңгірдің сол жағасында, оған Сарысу өзенінің құятын жерінен 10 шақырым жоғары орта ғасырға тиісті үйінді тас обалар мен некрополь орналасқан. Осы кезеңнің көптеген ескерткіштерінің арасынан күйдірілген кірпіштен салынған екі кесененің қабырғалары сақталған, қалғандары хирап қалған. Мұнда Болған-Ана көне сәулет ғимараты орналасқан. Революцияға дейін Болған-Ана кесенесі қасиетті жер болып саналған, осы жерге қажылыққа адамдар келген.

Некрополь ауданында 2-3 шақырымға созылатын ежелгі суару жүйесінің ізі сақталған. Сәулет ескерткіштерінің және қоныстардың ескі жұртына қарағанда, бұл ауданда ежелгі заманда адамдар көп қоныстанған.

Болған-Ана кесенесі бетше босағалы-күмбезді құрылысқа тиісті. Дәстүр бойынша оның қасбеті оңтүстік-батысқа қараған.

Кесененің сүйір аркалы алып бетше босағасы бар. Қасбет жазықтығы бойымен аркадан екі жағынан ені – 45 см және тереңдігі – 12-13 см борозда орналасқан. Қасбеттің жоғары сыртқы бұрыштарында диаметрі – 35 см сызба үлгілік кірпіштерден салынған төрттен үш колонкалар орналасқан. Бетше босаға қуысында пішіні сүйір аркасы бар кесене кіре берісі тұр.

Негізгі қасбетте, кіре беріс есік орнының сүйір арка астындағы қаптама кірпіштерінде көптеген таңбалар бейнеленген. Кірпіштердің бірінде кесененің жоспары салынған. Бұл суреттер шикі кірпішке түсіріліп, сосын күйдірілген.

Ішкі орам бойынша бүйірлерінің өлшемдері – 6,29x6,27 м, пішіні төрт бұрышты кесене. Бұрыш аркалары арқылы шығыңқы таяныштардан шығарылған парустар ярусында күмбез асты барабанның шеттеріне тірелетін сегіз қырға төрт бұрыш бекиді. Ішкі жағынан арка мен бұрыш арасындағы аралық күмбезге ауысатын үш ярустың қаламасымен және қаламаның еніс қатарымен толтырылған.²⁸³ Осы күндері бұрыш аркаларының жоғарғы жағы, барабан және күмбез бұзылған.

Кесене кірпіштердің өлшемдері – 32x32x6 см, саз балшық қоймалжыңымен бекітілген күйдірілген қызыл кірпіштен тұрғызылған. Кесене қабырғаларының қалыңдығы – 1,5-тен 1,9 м-ге дейін жетеді, ол салыстырмалы түрде жақсы сақталған, тек төменгі бөлігінің карнизі мен күмбезінің құлауы себебінен біраз бұзылған. Кесененің аласа іргетасы саз балшық қоймалжыңымен бекітілген кірпіштен салынған.

Сақталып қалған қалдықтарына қарағанда Болған-Ана кесенесі оның қарапайым жоспарымен, анық және дұрыс пішінімен, алып қабырғалары кірпіш қаламасымен жақсы салынған, бәлкім ақсүйек тұлғаның құрметіне салынған болар. Ш.Ш. Уәлиханов «О киргиз-кайсацких могилах [молах] и древностях вообще» атты мақаласында: «... в глухой степи, около Улутау, на Кенгирах множество могил удивляющих своим устройством: Камырхан, Алача-хан, Домбаул [аулие], Булған-Ана...», – деп жазған.²⁸⁴ Болған-Ана кесенесі жөнінде анағұрлым ертерек айтылғандығын біз XVI ғасырдың авторы Хафиз Тыныштан байқаймыз. Абдаллах II ханның сарай ақыны өзінің қожайынының қазақ даласына жорығын суреттей отырып, Абдаллах-ханның Болған-Ана кесенесіне – 1582 жылғы 27 сәуірде келгендігін жазады. Рашид-аддин Жошы хан туралы хикаясында Болған-хатун туралы айта-

ды. Жошынның қызы Болған бегі туралы академик В.В.Бартольд жазған.

ОҚАЭ-мен Сарысу және Кенгір өзендерінің қосылу ауданында ежелгі отырықшы мәдениеттің ізі анықталды. Мұнда орта ғасырларда Шу өзенінің төменгі бойынан ежелгі көшпелі және керуен жолы өтті. Сортқысу, Сары-өзен, Құдай-Менді тармақтарымен Сарысу өзенінің орта ағысында бір-біріне жақын орналасқан Қайып-Ата²⁸⁵, Қара-сақал-Әулие және Мәулім-Берді кішкентай қоныстар мен ежелгі сәулет ескерткіштері қалдықтарының іздері табылды. Ирригациялық жүйенің табылған іздері қоныстанушылардың қызметінің бірі егіншілік болғанын дәлелдейді. Каналдардың (арыштар) ішінен анағұрлым ірілері Қайып-Ата мазарының қалдықтарына жақын орналасқан Қайып-Тоған болды. Бұл қоныстар мен ескерткіштер бір замандас.

Отырықшы қоныстардың іздері Қоқтың-Көл көлі ауданында Сарысу өзенінің жайылымында, Жаңварка станциясының қасында Сарысу өзенінің жоғарғы бойында, Жаксы Сарысу және Жаман Сарысу өзен аңғарларынан байқалады.


Ежелгі бекіністер мен ежелгі қала орындарының қалдықтарын құрайтын ауқымды төбелер Ұлытау тау алды-



Болған-Ана кесенесі.



Болған-Ана кесенесінің ішкі аралық орамы.



Болған Ана. Кесене жоспары. Архитектор П.Рагулиннің суреттері.



Кесене жобасы белгіленген плита



Болган-Ана. Кірпіштегі таңбалар.

да, Торғай және Жыланшық өзендерінің жоғарғы бойында орналасқан. Бұл аудан орта ғасырда Орталық Қазақстанның отырықшы мәдениетінің үлкен орталығы болған, ол осы жерлерді бірінші зерттеушілер П.Н. Рычковтың, Г.Ф. Генстін, И.П. Шангиннің, ал біздің уақытта Қ.И. Сәтбаевтің және Н.В. Валукинскийдің еңбектерінде айтылған.

Ұлытау қоныстарының ішінде анағұрлым ежелгісі – Алаша-ханның ордасы.³⁸⁶ Ежелгі қала орны Ұлытау тауларынан солтүстікке қарай, Қаратал өзенінің сол жағасында орналасқан. Ол ірі шикі кірпіштен, қиыршық тастан және өзен құмынан

Болган-Ана. Таңбалар

1. Таңбалар:



ان ولايت كز ايرگناي
مراو پارکي

2. Таңбалар:



3. Таңбалар мен сәйкесінші құрылымдары



4. Таңбалар мен құрылымдары



Болган-Ана. Ертедегі кесене қабырғасына салынған таңбалар автордың түсініктемесімен берілген.

Көпестіктердің ұрпақтары мен олардың
Толық ата

1. O — тағыз на қалың пішін
2. T — жақсы пішін
3. > —
4. + — пішін нақыл, құрамы, ұял, тағыз
5. X — пішін нақыл — қалың, құрамы, ұял, тағыз, қалың, тағыз
6. П — ^{тағыз} тағыз, қалың нақыл құрамы
7. H —
8. T — тағыз нақыл құрамы
9. > — тағыз нақыл құрамы
10. O — тағыз нақыл құрамы
11. + — тағыз
12. H —
13. X — тағыз нақыл құрамы
14. > — тағыз нақыл құрамы
15. H — тағыз нақыл құрамы

Болған-Ана. Ертедегі кесене қабырғасына салынған таңбалар автордың түсініктемесімен берілген.

1. X — тағыз нақыл құрамы
11. > — тағыз нақыл құрамы
12. H —
13. T — тағыз нақыл құрамы
14. H —
15. X —
16. H —
17. > — тағыз нақыл құрамы
18. > — тағыз нақыл құрамы
19. > — тағыз нақыл құрамы
20. X —
21. H —
22. > — тағыз нақыл құрамы
23. > — тағыз нақыл құрамы
24. > — тағыз нақыл құрамы
25. H — тағыз нақыл құрамы
26. > — тағыз нақыл құрамы
27. > — тағыз нақыл құрамы
28. > — тағыз нақыл құрамы
29. H — тағыз нақыл құрамы
30. > — тағыз нақыл құрамы
31. H — тағыз нақыл құрамы
32. > — тағыз нақыл құрамы
33. H — тағыз нақыл құрамы
34. > — тағыз нақыл құрамы
35. H — тағыз нақыл құрамы

Болған-Ана. Ертедегі кесене қабырғасына салынған таңбалар автордың түсініктемесімен берілген.




Кірпіштегі таңбалар.

Бұл таңбалардың маңызын білмейміз, бірақ олардың ортағасырлық Кіргістандағы ежелгі жазбалар екеніне шүбһе жоқ.



Болған-Ана кесенесі. Кірпіште таңбаланған сәндік белшектер.



Кішітегі сәндік ою-өрнектер.

тұрғызылған қамалдың қалдықтары бар үлкен төбені құрайды. Төбенің пішіні тік бұрыш, ұзындығы – 200 м, ені 115-120 м, сақталған биіктігі – 2-ден 4 м-ге дейін. Бекініс екі қамалдан – үлкен және кішіден құралды, үлкеннің аумағы – шамамен 6000 м², кішісі – 3528 м².

Үлкен қамал аумақтың батыс бөлігін алып жатыр. Алып бұрыш мұнаралары бар оның қабырғалары бүйірлерінің өлшемі – 160х160 м төрт бұрышты құрайды. Үлкен қамалдың орталық алаңы төбенің айналымынан біраз биік. Бұл қабағтама, бәлкім, қамалдың ішінде қирап қалған саз балшық құрылыстары

нәтижесінде пайда болған. Ежелгі қала орнының алаңынан біршама жерде салынған шурф саз балшық қабатынан 60-тан 80-ге дейінгі қабатты құрайды. Оның астында қалыңдығы 30 см-ге дейін жететін қиыршық тас пен өзен құмы араласқан саз балшық қоспасынан қалған қалың қабат. Қабырға бойында орналасқан саз балшық және шарбақты құрылыстардың ізі сақталған. Шамасы, бұл қорғаныс қамал болған, ішінде күіз үйлер мен саз балшық және шоқ талдан жасалған үй-жай болды, онда Алаша ханның әскері орналасқан.

Кіші (шығыс) бекініс – бүйір жақтарының өлшемі – 80х80, м пішіні төрт бұрышты цитадель. Осы жерде хан өзінің сенімге енген адамдарымен бірге орналасқан. Қамалдардың арасында ені – 3 м, тереңдігі – 3-4 м ор өткен, ол сумен толтырылған. Ол үшін Қаратал өзенінен екі шақырымдық арық өткізілген, ізі осы күнге дейін сақталған. Екі қамал арасындағы байланыс тек аспалы көпір арқылы жүзеге асқан, ол жаулар шабуыл жасаған кезде бірден алынып тасталынып отырған, сөйтіп цитадельге жол жабылып қалған. Алаша хан қамалының маңында Топырақ-Қорған, Нөгербек-Дарасы, Айбас-Дарасы қоныстары болған.

«Алаша хан ордасы» қамалы, міндетті түрде, XIII ғасыр деп белгіленетін Алаша ханның кесенесімен байланысты. Кесене Қаракенгір өзенінің оң жағасында, Жезқазған қаласынан 60 шақырым солтүстікке қарай орналасқан.

Қазақ халық аңызы бойынша Алаша хан ежелгі қазақ тайпалырының ру басшысы болған. Ол монғолға дейінгі кезеңде өмір сүрген. Ол туралы тарихи аңыз Гавердовскиймен және Г.Ф. Генспен олардың Торғай даласында болған кезінде, А.И. Левшинмен Батыс Қазақстанда, И.П.Шангинмен, М.Красовскиймен және Әлжановпен Орталық Қазақстанда, А.А.Диваевпен Сырдарияда, Г.Н.Потанин жазылып алынған. Алаша хан туралы көптеген мәліметтер әр түрлі тарихи қайнар көздерінен Ш.Ш. Уәлихановпен табылған.

Алаша ханның* сәулеттігі оның аумақтың ең жоғарғы

* Алаша хан туралы аңыздардың бірінде былай айтылған. Бір хан өмір сүрген. Бұл шамамен Түркістанның қасында болған және ол кезде Қотан тірі болған. Ханда бірінші әйелінен балалары болмаған... екіншісінен ұл туған... ала, яғни дақтары болған. Бірінші әйелі қызғанып әрі ашуланып, ондай мұрагерден құтылу керек деп ханға айта бастайды... Хан келіседі... саядықты алып, ішіне тамақ салып, ұлын сандыққа



Ежелгі Алаша-хан қаласы.

нүктесінде орналасуымен және аздаған бейіттерден тұратын фонымен ерекшеленеді.

Құрылыс жағынан алып карағанда – бұл қарастырып отырған дәуірдің сәулетіне сай келетін бетше босағалы-күмбезді ғимараттың үлгісі. Кесененің негізі – куб, оның үстінде сфералы күмбез жайғасқан. Ғимараттың негізгі көлемінің алдында алып бетше босаға тұр, оның ортасында сүйірлі арка орналасқан. Арканың екі жағынан төменгі қабаттың панелінде (1,30-1,35 м биіктікте) кірпіштен жасалған және ганчпен (алебастр) сыланған төрттен үш алты қырлы колонкалар тұр. Колонкалардың ішкі сылағына көлденең бороздалар түсірілген, оларды призмалар қатарына және кобелек түріндегі суретке бөлген. Колонналардың түбінде орналасқан шар және жартылай шарлар олардың әсем аяқтамасы болып келеді.

отырғызалды да, сандықты теңізге лақтырып жібереді. Сандық теңіздің екінші жағасына жетеді, оны бір кедей тауып алады. Ол ұлды тәрбиелейді. Жігіт батыр болып өседі. Ол өзінің қол астына жүздеген жас жігіттерді жинап алады. Оны білген әкесі ұлын көргісі келеді. Ол үлкен Қотанның Үйсін деген үлкен ұлын жүздеген жігіттермен жібереді. Үйсінге және оның қасындағыларына хан ұлының еркін өмірі ұнап қалады да, олар соның қасында қалады. Сонда хан Қотанның екінші ұлы Болатты жібереді. Ол да кері қайтпай, ханның ұлымен қалады. Хан сойтіп жүз қолымен Алшынды жібереді, олар да келмей қалады. Сойтіп ол Алаша-хан деп аталына бастайды. Үйсіннен және оның жүз қолынан Ұлы жүздің ұрпағы, Болаттан және жүз қолынан – Орта жүз, ал Алшыннан және оның жүз қолынан – Кіші жүздің ұрпағы тарайды.

Бетше босағаның алдыңғы жазықтығы бойынша тереңдігі – 10-12 см және ені – 42-43 см үш борозда өтеді. Орта борозда да ганч ерітіндісінің жапсырмалары сақталған. Бұл біздің күнге дейін сақталмаған сәнді тақталардың жапсырылғанын дәлелдейді.

Кесененің бүйір және артқы қасбеттері жер деңгейінен 0,6 м биіктіктен ромб және үш бұрыш түріндегі кірпіш қаламасымен сәнділенген. Негізгі қасбет жағынан бүйір жазықтығының кілемді суреті шырша түріндегі кірпіш қаламасының жиегімен көмкерілген.

Кесененің фризі биіктігі – 58-60 см терракота тақталарымен салынған. Бетінде сегіз қырлы жұлдыздың суреті салынған жиектері бұзылған тек алты тақта ғана сақталған. Фриздің үстінен және астынан көк-жасыл құймасымен жабылған кірпіштерді бір қатар етіп «жатқызылып» салынған.²⁸⁷ Алаша ханның көшірмесін беретін Жүзден кесенесі жөнінде айтатын болсақ, онда фриздің бетше босағасы да солай сәнділенген деп айтуға болады.

Кесененің негізін төрт бұрыш құрайды, оның өлшемі ішкі орам бойынша – 6,31x6,33 м. Төрт бұрыш негізден сегіз қырлы пішінге ауысу қуыстардың бүйірлері бойынша кірпіш қаламасынан пайда болған үш қырлы кертпештердің басты өзектерінің төрт терең қуыс пен бұрыштарындағы төрт арканың көмегімен жүзеге асқан. Мұндай құрылыс әдісі Орталық және Оңтүстік Қазақстандағы бетше босаға-күмбезді кесенелерді тұрғызу кезінде дәстүрлі болған. Қуыстардың ішіндегі сүйір аркалар кесене архитектуралықтарымен үйлеседі.

Кесенелердің бұрыштарымен жұмыс жасау кезінде тромптарды ұшықты-сталактітті қаламамен толтыру және «еніс» түріндегі қалама екінші қабат деңгейінде қабырға қалыңдығымен төменгі бөлікті жоғары алаңмен қосатын галерея жасауға мүмкіндік берді. Галереяның ені – 0,5 және биіктігі – 1,6 м болғанда одан өту өте қиын болған. Галерея сегіз қырлы камера бойымен өтеді, тек алдынан өтпейді. «Балха» күмбезімен жабылған кесененің артқы бұрыштарында галерея кенейеді, оның қолданыс маңызы болған. Жергілікті тұрғындардың айтуынша, мұнда жерленген адамға тиісті болған жоралғы заттары жатқан.

Галереяға көтерілу үшін оңтүстік және солтүстік пилондардың ішкі кіре берісінің бұрышынан баспалдақтары өте



Алаша-хан кесенесі.



Алаша-хан кесенесі. Қабырғасына бүйірінен және қырынан қарағанда.




Алаша-хан кесенесі. Ғимараттың негізгі колоннасы.




Кесененің ішкі аралығы.



Кесене жослары.



Кесененің қимасы.




Кесененің жоғары бөлігіндегі галарейның жослары.



Алаша-хан кесенесі. Кірпіштегі таңбалардың көрінісі.




Алаша-хан кесенесі. Кірпіштегі таңбалардың көрінісі.







Алаша-хан кесенесі қабырғасындағы таңбалардың сызбасы.
Сызбалар автордікі.



Алаша-хан кесенесі. Кірпіштегі сәндік оюлар



Алаша-хан кесенесі. Кірпіштегі сәндік оюлар.





Алаша-хан кесенесі. Кірпіштегі кескіндер.



Алаша-хан кесенесі маңынан табылған бетінде айрықша жазуы бар кірпіш.

биік (45 см) саты жасалынған, ол күмбез астындағы барабанның алаңына өткен, осы жолмен де бетше босағанын жоғарғы бөлігіне өтуге мүмкін болған. Екі саты да қираған, бетше босағанын қуыс қабырғасында олардың іздері қалған. Балкім, жоғарғы бөлік қайтыс болғанның туыстармен намаз оқуы үшін жасалған болар.

Диаметрі – 5,81 м, пішіні жарты сфера, жақсы сақталған күмбез қабырғасының қалыңдығы – 0,90 м болатын он алты қырлы барабанға орныққан. Күмбездің қабырғалары, кертпештердің есебінен жоғарыға қарай өрлей отырып, оның сыртқы беті бойынша біртіндеп жіңішкере береді. Ең жоғарғы бөлігінде оның қалыңдығы тек бір кірпіш – 0,32 м.

«Балханың» куполы мен күмбезін тұрғызу қаптаманы қолданусыз жүзеге асқан, бұл жерде куполдың әр қырынан кірпішті радиан бойынша қалау әдісі қолданылған, ол куполдың ұшында киіз үйдің түндігі сияқты саңылау қалдыруға мүмкіндік берді.²⁸⁸ Тәңірлікке сәйкес бұл саңылау қайтыс болғанның жаңы ұшып кетуі үшін жасалған.

Саңылаудың жан-жағындағы кірпіштердің диаметрі – 96 см, бірін-бірі қыса отырып, мықтылығын сақтаған, олардың ұштары күмбездің жоғарғы бөлігінің сыртқы бетіне шығып тұр. Осындай әдіс Орта Азияда кесене күмбездерін салу кезінде қолданылған. Мысалы, Бұхардағы Исмаил Самани кесенесінің күмбезінде кірпіштердің ұштары үшбұрыш түрінде шығып тұр.

Домалақ барабанға көлденең маңдайшалармен және төмен түсіп тұрған кертпештер түріндегі терезе алды тақтайы түрінде бүйір жақтарының өлшемі 50x69 см пішіні тік бұрышты төрт терезе орны орналасқан. Каскадты терезе алды тақтайы арқылы күн сәулесі мол түскен. Жарық, сондай-ақ солтүстік-шығыс және оңтүстік-шығыс бұрыштарындағы екі аркалардың тимпандарында орналасқан саңылауларынан түседі. Оның өлшемі 18x35 см. Таңғы уақытта, күн сәулесі күмбездің домалақ саңылауы арқылы түскенде домалақ барабанның жазықтығында салынған төрт бүйірден түсетін жарықпен қосылып, тамаша жарық-сәуле пайда болады, осының арқасында тамның ішкі орамы кеңейіп, күмбез жеңіл сияқты болып көрінеді. Бұл көріністі күшейтуге 10 м-ге дейін жететін кесененің ішкі өлшемінің биіктігі ықпал етеді.

Кесенені тұрғызу үшін материал өлшемі 28x28x5,5 см және 32x32x6,5 см, қызыл кірпіш қолданылған. Кірпіштің сапалы

болғандығы сондай, тіпті көп ғасырлар бойы атмосфералық жауын-шашынның әсеріне төзуі адамды таң қалдырады. ҚазССР ҒА Отқа төзімділік және құрылыс материалы институтының лабораториясында кірпіштің құрамын зерттеу кезінде 4-5 пайызға дейін органикалық заттардың қосылғандығы анықталды. Кәдімгі қалама кезінде кірпіштерді қосу үшін құм мен қабыршақ араласқан құмдақтың қоймалжыны пайдаланылған, аркалар мен күмбездер тұрғызылған кезде ганч қоспасы пайдаланылған.

Кесене құрылысы кезінде оның кейбір бөліктерінде ағаш қолданылған. Мысалы, күмбездің домалақ саңылауының астында, 50-55 см қашықтықта одан төмен бірін-бірі қиып өтетін 7-8 см қимасымен сырғауыл көлденең қойылған, олардың ұштары күмбездің қаламасымен қосылған. Оның қандай мақсатпен жасалғаны белгісіз. Кейбір ғалымдардың айтуынша, олар құрылыс кезінде қолданылатын саты ағаштар болған дейді. Дегенмен, олардың күмбезге жақын орналасуы, яғни оларға деген қажеттіліктің болмауы және сырғауылдардың нәзіктігі бұл ойды негізсіз қылады. Олардың жора-жоралғылық мәнісінің болуы анағұрлым шынайы болып табылады.

Жартылай бұзылған есік орнының кірпіш қаламасынан ағаштың (қарағаштың) бөліктері шығып тұрған. Шамасы, олар қабырғаны «арматуралау» үшін жасалған. Ағашты қолдана отырып сол заманның құрылысшылары құрылыстың отыруы кезінде жарықшақтардың пайда болуының алдын алу үшін жасаған. Бұны біз одан кейінгі замандағы құрылыстан байқадық. Ағаш қабырғарының алынбағанынан қарамастан олар жақсы сақталған.

Қасбет қабырғасының қаламасында, сондай-ақ ағаш балкалар («палыца») бар. Мұнда кірпіш қаламасының өндірісі кезінде ағаш саты ретінде қолданылған бөренелердің дәлдеп кесілген ұштары байқалады. Кесене ішінің әр бұрышында 3,5 м биіктікте 60-65 см еденнен ағаштың қалың бөліктері шығып тұр, ағаштың ұштары қабырға қаламасының қалыңдығына қосылып кеткен. Олар қабырғаны көтеру кезінде саты ретінде қолданылған, бәлкім олар басқа мақсатта да қолданылған болар. Осылайша, халық аңыз бойынша жерлеу рәсімін өткізген кезде оларға жануарлардың терісі мен мәйіттің қару-жарағы ілінген.

Кесененің едені бір қатар етіп қойылған кірпіштерден құралған.

1946 жылы ОКАЭ-ның қатысушылары Ә.Х. Марғұланнның жетекшілігімен қиыршақ тас үйіндісін құрайтын сағана астына қазба жұмыстарын жүргізді, бұл кірпіш камерасынан мәйіттің қалдықтары табылды, камераның солтүстік-батыс бұрышында тағы екі адамның қалдықтары жатты.

Орталық Қазақстандағы монументалды ғимараттарды ажарландырудағы ұстамдылық жергілікті орнысқан құрылыс дәстүріне сай. Мұнда кірпіштердің фактурасы байқалады. Алаша хан кесенесінің бетше босағасы Мәуереннахр кесенесіндегідей алып емес, бірақ қырғыз кесенелеріндегідей, сондай-ақ кейбір хорезмдік кесенелер сияқты жазық та емес.

Құрылыс пен сәндеудің келістілігі, жұмыс барысындағы мұқияттылық шебердің қолы екендігін көрсетеді. Алаша ханның кесенесі, оның идеалды пропорциясымен, анық және қарапайым композициясымен, мықты бетше босағасымен, негізгі көлемді шоғырландыру шешімімен, бедерлі кірпіш қаламасымен шебер сәндеу қазақ халық сәулетінің жауһарын құрайды.


Осы тамаша ескерткіштің пайда болу кезеңі туралы тарихи дәлділік жоқ. Ескерткіштің көлемін кірпіштің өлшемі – 28x28x6,0 см және 32x32x6,5 см және құрылыс материалы дәлелдейді. Осындай кірпіштердің өлшемі кейінгі құрылыстарда қолданылмаған. Кесененің ескілігін оның қабырғасын қаптаған қоңыр қынаның қалың қабаты дәлелдейді.

Кейбір ғалымдар кесенені монғолға дейінгі кезең XI ғасырға жатқызады, кейбірі XV ғасырға, яғни кесенені Хакназар ханмен байланыстырып, Қазақ хандығының құрылу кезеңіне жатқызады. Біздің ойымызша, құрылыс әдісі және құйма емес терракотаны пайдалануына қарап ескерткішті XIII ғасырға жатқызуға болады. Осы уақытта солтүстік және оңтүстік облыстармен Мәуереннахр арасындағы керуен жолдары мен сауда қатынастары қалпына келтірілді. Алаша ханның кесенесін салу кезінде осы облыстардың мәдениеті арасындағы қарым-қатынастың туындауымен қарахан заманы ескерткіштері – Айша-Бибі, Қарахан, Бабаджа-хатун кесенелерінің мотивтері қолданылды.

Ұлытаудың солтүстік тау алдында, Алаша хан ежелгі қала орнынан 4 шақырым оңтүстік-батысқа қарай үлкен төбе түрінде **Топырақ-Қорған ежелгі қала** орны орналасқан. Құрылымы бойынша ол монғолға дейінгі кезеңде пайда болған қамалдар түріне тиісті.



Ежелгі Топырақ-Қорған қаласы.



Топырақ-Қорған қамалының жоспары.

Қамалдың жоспары бұрыштарында мұнаралары бар төрт бұрыш пішінді, оның қырлары төрт жаққа бағдарланған. Қамал саз балшық, қиыршық тас және өзен құмы араластырылып салынды. Қамал дуалының ені – 4-5 м, тереңдігі 3-4 м ормен қоршалған. Сыртқы орам бойынша қамалдың периметрі – 6400 м. Бекініс қабырғасының ішінде жазық биіктіктер түрінде құрылыстың ізі сақталған.

Нығайтылған Айбас-Дарасы қыстауы – XV-XVI ғасырлардағы Орталық Қазақстанның жартылай отырықшы

малшыларына тән.²⁹⁹ Ұлытау тауының солтүстік баурайында, Айбас-Дарасы тау өзенінің әсем аңғарында орналасқан. Бұл бүйір жақтарының өлшемі – 35x35 м, пішіні төрт бұрыш кішкентай қамал. Цемент ерітіндісімен бекітілген ірі өлшемді тас кесектерінен құралған қамалдың мықты қабырғаларының қалыңдығы төрт метрге дейін жетеді. Қамалдың бұрыштарында биіктігі төрт метрге дейін жететін мұнараның қалдықтары сақталған. Солтүстік-батыс бұрышта кіре берісі оңтүстік жақта орналасқан пішіні төрт бұрышты үй-жай құрылысының ізі байқалады. Құрылыс аумағы шамамен – 70 м².

Қамал ішіндегі үлкен орталық алаң мал ұстайтын қаша болған. Қамалдың екі кіре берісі болған: бірі – шығыс жағында мал үшін, екіншісі – солтүстік жақта, онда үй-жай құрылысы орналасқан. Ежелгі қала орнының маңында, Айбас-Дарасы өзенінің жайылма алқабында ескі егістік пен суару каналдарының ізі байқалады.

Күшейтілген Нөгербек-Дарасы қамалының жоспары трапеция тәрізді.²⁹⁹ Ол Айбас-Дарасынан 4 шақырым солтүстік-шығысқа қарай, үлкен шатқалдың тереңінде, тау суымен қоршалған алаңда орналасқан. Айбас-Дарасы және Нөгербек-Дарасы қоныстары үшін орын өте жақсы таңдалынған: әсем таулы жазира, орман, тау өзенінің аңғарында шалғындық бар.

Нөгербек-Дарасы ежелгі қала орнының жоспары 1941 жылы геолог Б.М. Чудиновпен түсіріліп, осы кітап жолдарының авторына табысталған. Нөгербек-Дарасының жоспары Айбас-Дарасына қарағанда күрделі екендігі көрініп тұр. Трапеция түріндегі бекіністер аз кездеседі. Қамалдар тас пен кірпіштен тұрғызылған. Трапеция бүйірлерінің ұзындығы – 82 м, оның ендік ұзындығы – 78 м, қысқасы – 55 м, қабырғаның қалыңдығы – 4-5 м.

Қабырғаның ортасында бір-бірден бұрыштық және екі жақ қапталдан қорғалатын мұнараның қалдықтары сақталған. Қамалдың ішінде, оның батыс қабырғасында бес үй-жай құрылысының қалдықтары байқалады, барлығының бітімі тік бұрыш. Оның ішіндегі үшеуінің пішіні созынқы. Ірі алаң – 375 м², орта – 250 м², кішісі – 150 м². Ашық орталық алаң және қамалдың шығыс бөлігі мал ұстайтын қаша болған. Табылған үш құдық тастардан салынған. Ең үлкені қамалдың ішінде, екіншісі – қамалдың батыс бөлігінен тыс, үшіншісі – оның

солтүстік-шығыс бұрышында орналасқан. Сондай-ақ, арықтар мен егістіктің іздері қалған.

Тоғызбай-көл бекінісі – кішкентай Тоғызбай-көлінің оң жағасында, Ұлытау кентінен 30 шақырым солтүстік-батысқа қарай орналасқан.²⁹¹ Жоспары төрт бұрыш құрылыстың бүйірлерінің өлшемі 110x110 м, бұрыштарымен төрт жаққа бағдарланған. Саз балшық қабырғалары бар бекіністе басқа құрылыстардың ізі жоқ. Бұл бекіністің ішінде мал ұстайтын қаша немесе киіз үйлер тұрғандығын білдіреді. Шығыс қабырғадан үш лақыттан құралған пештің кескіні табылды: от жағатын бөлік, жел үрлейтін бөлік, қыш ыдыстарын күйдіруге арналған орталық лақыт. Пештің қасында өрнексіз керамиканың фрагменті жиналған.


Ұлытау маңында, Өрезайыр шатқалында, Жаңғабыл өзенінің сол жағасында пішіні тік бұрышты екі алаңнан тұратын бекініс орналасқан. Анағұрлым ірі алаңның өлшемі солтүстіктен оңтүстікке қарай – 82 м, батыстан шығысқа қарай – 100 м. Бекініс жан-жағынан биіктігі – 3,5 м-ге дейін жететін топырақ төбе түрінде бұрыштарында қалған мұнаралардың қалдықтарымен биіктігі – 2-2,5 м топырақ төбесі қоршалған. Бекініске кіре беріс шығыс бөлікте орналасқан. Осы жақтан алаңға бүйір жақтарының өлшемі солтүстіктен оңтүстікке қарай – 71 м, ал батыстан шығысқа қарай – 65 м басқа алаң өтеді. Ол да біріншісі сияқты үш жағынан биіктігі – 2 м дуалмен қоршалған, бұрыштары бойынша биіктігі – 3 м төбешіктер – бұрыштық мұнаралардың қалдықтары орналасқан. Кіре беріс батыс бөлігінен, яғни бірінші алаң жағынан орналасқан.

Домбауыл қамалы XIV-XV ғасырларда салынған және Ақ Орданың резиденциясы болған.²⁹²


Н.П.Рычков дуалмен және ормен қоршалған Қараторғайдың биігіндегі ежелгі қала орнына таң болған. Ол: «Город сей сделан наподобие четвероугольного замка, имея во все четыре стороны равное пространство валов. С восточной стороны видимы там поныне земляные ворота, открывающие свободный путь внутрь сего укрепления. Упавшие валы и рвы прежней глубины своей лишены, свидетельствуют о древности сего места», – деп жазған.²⁹³ Ежелгі қала орнынан киіз үйге қарай екі қашықтықта, Қараторғай өзенінің шығыс жағында болған Рычков: «нашел остатки древнего здания, сделанного из кирпичца и плитного камня



Ежелгі Айбас-Дарасы қаласы.



Айбас-Дарасы қамалының жоспары.



Ежелгі Негербек-Дарасы қаласының жоспары.

наподобие молитвенного храма. Древность времени не совсем лишила его прежнего вида, ибо твердость его стен поныне еще непоколебима, и высота одного, простирающаяся поныне более 9 саженей показывает сколь огромно было сие здание в свое время. На восточной стороне одного сделано пространное отверстие, служащее вместо врат сего храма, в кои вошел найдешь из под выкладенной весьма искусно плитным камнем. Семь саженей в ширину и в длину сие здание и два небольших окна освещают внутренность одного. Вокруг его сторон множество надгробий, из которых три достойны большего примечания потому, что сделаны с уступами из кирпича, вымазанными белою известью, давая тем знать вкус и нарочитое искусство древних строителей» деп жазған.²⁹⁴

Домбауыл ежелгі қала орны шок қайындармен және тау бұлағымен қоршалған кең аңғарда, ескі Домбауыл және Бейсембі қыстауларының арасындағы Арғанат тауының батыс етегінде, Шеңбер совхозының орталық мекенінен 35 шақырым шығысқа қарай және Жошы хан кесенесінен 4 шақырым солтүстік-шығысқа қарай орналасқан. Ұлытау даласында «Алаша-хан ордасынан» кейін Домбауыл мәнісі және алыптылығы бойынша екінші бекініс (оба) болған.

Домбауылдың қалың қорғаныс қабырғалары күйдірілген кірпіштер салынған, қабырға сыртында терең ор өткен. Қамалдың кірер қақпасында және оның бұрыштарында қорғаныс мұнаралары тұрған. Қамалдың ішінде күйдірілген кірпіштен салынған цитадель тұрған.

Ежелгі қала орны жоспары тік бұрыш, оның ұзын өзегі батыс-шығыс сызығы бойынша бағдарланған. Сыртқы қабырғаның өлшемі – 85 және 53 м, оның сақталған биіктігі – 2-ден 8 м-ге дейін. Цитадель қабырғасының өлшемі – 28x30 м. Ор жағының өлшемі – 102x74 м, ені – 8-12 м, тереңдігі – 4 м. Қамалдың шығыс қабырғасына шикі кірпіштен жай қосарлана салынған, мұнда шамасы жауынгерлер мен қызметтегі адамдар тұрған. Қамалда егістік ізі және қалың сурасу желісінің ізі сақталған. Бекініс алаңында құрылыстардың ізі әрең байқалады.

Домбауыл ежелгі қала орнына қазба жұмыстары әлі жүргізілмеген. Осы ежелгі қала орнын зерттеу ғылымды құнды материалдармен толтыруға көмектеседі.

Орта ғасырлық бекініс Домбауылды Орда-Базармен (Орда-

Қонған, Алаша хан) ұжастырады, Мас'уда Кухистанидің айтуынша: «был столицей Дагг-и Кипчака и славой султанов [всего] света, вошел в обладание наместников двора хана, убежища мира».²⁹⁵

Орда-Базар Ақ Орданың Сарыарқадағы басты қаласы болған және Сығанақтан кейінгі екінші саяси орталығы болған. Осы қаланы басып алу үшін темірліктер бірнеше рет жорыққа шыққан, 1442 жылы олар қаланы талқандайды.²⁹⁶

Ақ Орданың билеушісі Барақ қайтыс болған соң отыз жыл бойы Орда-Базар Әбілхайыр Шейбанидің* ордасы болады. Мас'уда Кухистани: «В этой местности, подобной раю, монарх лица земли [Абу-л-Хайр-хан] предался веселью и наслаждению», – деп жазған.²⁹⁷

Оны қуып шыққан соң Дешті Қыпшақты басқару Барақ ханның ұрпағы Жәнібек пен Керейге ауысады.


Көптеген қашқын сұлтандар Орда Базарды паналаған. Сөйтіп, осы жерден Самарқандтан Дешті Қыпшаққа қашып барған Темірдің шөбересі Әбусейіт Сұлтан уақытша пана тапқан. Ш.Ш. Уәлиханов айтқандай дала «среднеазиатским рефюжью» пана болды.²⁹⁸

Арғанат тауында Барақ көл көлі бар, оның атауы Ақ Орда билеушісінің есімімен байланысты. Осы көлдің солтүстік жағасында ішінде ашық алаңы бар кішкентай қамалдың қалдықтары сақталған. Мұнда XIV ғасырдың екінші жартысын-

* Орда-Базарды басып алғанға дейін Әбілхайырдың резиденциясы Төменде болды, ол сол жақтан Тобол, Жайық өзендерінен Каспий теңізінің солтүстік жағасына дейінгі аумақты алып жатқан шейбанидтердің ұлысын басқарып отырған. Ақ Орданың аумағын басып алған ол сығанақты және Сырдарияның басқа қалаларын басып алуға әскерін жібереді. Әбілхайырға қарсы Ақ Орданың көптеген беделді сұлтандар, оның ішінде Мамұд Ахмет, Жүмәділ Әбілхайырға қарсы шығады. Кейін Әбілхайыр ханға қарсы Барақ ханның ұрпақтары Жәнібек пен Керей, одан соң Орталық Қазақстанды шейбанидтерден босатқан Бұрындық және Қасым хан да қарсы шығады. Осы кезден бастап Шығыс Дешті Қыпшақ Оңтүстік Қазақстанды қоса отырып, тағы Орда-Еженнің ұрпақтарының, яғни қазақ сұлтандарының иелігі болады.



Ежелгі Домбауыл қаласы.



Ежелгі Домбауыл қаласының жоспары.

да өмір сүрген Барақтың²⁹⁹ ордасы орналасты. Ақ Орданы билеу кезінде Барақтың резиденциясы Домбауыл* болды.

Дуалдың пішіні тік бұрыш, бүйір жақтарының өлшемі – 108 және 80 м, биіктігі – 0,6 м. Оңтүстік қабырға көлдің жағалау террасасына өте жақын орналасқан. Көлдің жағасында және ордың маңында күйдірілген қызыл кірпіштің және керамиканың ұсақ фрагменттері шашырап жатыр.

Дуалдан солтүстік-шығысқа қарай күйдірілген кірпіштен салынған ежелгі кесенелердің қираған қалдықтарын құрайтын кішірек мұқалған төбелер орналасқан. Аңыз бойынша Барақ хан және оның балалары осы жерде жерленген.

Барақ көлден 25 шақырым оңтүстік-шығысқа қарай Арғанат, Мық және Айыршоқы тауларының биігі арасында, Қараторғай өзенінің жоғарғы ағысында орналасқан кең қазайшұңқырдан ежелгі қоныстың қираған қалдықтары тексерілді, біздің уақытта олар кішкентай төбелер тобын құрайды, оның арасында ортаңғысы салыстырмалы түрде үлкен көлемімен ерекше көрінеді. Ежелгі қоныстың қираған қалдықтарында Арғанат бекеті салынған, одан тек гранит тақталарынан тұрғызылған қабырғалары ғана қалған.

Арғанат тау алдында және Торғай өзенінің жоғарғы бойында қоныстардың іздері бар. Осылайша, Торғай өзеніне құятын Жекешат өзенінің аңғарында сумен шайылып кеткен алаңда ежелгі қыпшақтардың жартылай отырықшы және отырықшы мәдениетінің ерекшеліктерін көрсететін көптеген керамиканың фрагменттері табылды. Торғай өзенінің жоғарғы бойында және Арғанат тауында отырықшы мәдениеттің болуын 1771 жылғы 8 мамырда өзінің күнделігінде Н. Рычков жазған: «Наутро ... мы прибыли к некоторому древнему городищу, ... валми и рвами укрепленному... но примечания достойных развалин ни внутри,


* Шағатай мен Жошы ұлыстарының құлауымен байланысты аласпыран кезеңде Барақ өзінің балаларының мұрасын қорғады. Ақ Ордаға өзінің құқығын қорғап және Сырдария қалаларына дәмеленіп, Барақ 1419 жылдан бастап 1428 жыл аралығында шейбанид Әбіхайырға және теміршіктерге қарсы күрес бастайды. Ұлықбек одан Сығанақты алуға ниеттенген кезде Барақ оған: «Пастбища Сыгнака по закону и обычному праву принадлежат мне, дед мой Урус-хан в Сыгнаке воздвиг постройку», - деп үн қатады.³⁰⁰

ни вне валов не видно, кроме черепицы и камня валяющегося во градских местах».³⁰¹

Домбауылдың жанында, Арганат тауынан бастау алатын Бозай өзенінің көркем аңғарында, Шенбер совхозының орталық мекенінен 50 шақырым шығысқа қарай Қаратон (Қараарман) қамалының қалдықтары жатыр. Қабырғаның ортасында бұрыштық және екі жақ қапталдан қорғалатын мұнаралары бар жоспары төрт бұрыш бекініс топырақ үйіндісімен және ормен қоршалған. Бүйір жақтарының өлшемі – 38x38 м қамал тастан және шикі кірпіштен тұрғызылған, бүйірлері төрт жаққа бағдарланған. Дуалдың ені – 5-6 м, биіктігі – 2-2,5 м, ордың ені – 2-2,5 м. Оңтүстік-шығыс қабырғада жонып тегістелген тастар төселген аралықтың қалдығы – қамалдың кіре берісі сақталған. Қамалдың ортасында бүйір жақтарының өлшемі – 10x10, м пішіні төрт бұрыш ынтадель орналасқан, ол цемент ерітіндісінде ірі шикі кірпіштен салынған. Мұнда өзінің сенімді адамдарымен феодал тұрған. Қос қабырғалар сыртқы бас салудан қорған болған.³⁰²

Құрылымы бойынша бекініс Ұлытаудың солтүстік тау алдында, сондай-ақ Кеңгір және Жезді өзендерінің аңғарларында орналасқан құрылымдарға ұқсас. Қамалдың айналасында ежелгі суару жүйесінің және ескі айдалған жердің қалдықтары байқалады.

Хан-Ордасы (Ескі Орда) нығайтылған замoқтың қалдықтары Ұлытаудың даласында, Ақсай өзенінің сағасында, оған Қаракенгір өзені құятын жерге жақын, Жошы хан кесенесінен 65 шақырым солтүстікке қарай және Қаракенгір совхозының орталық мекенінен 35 шақырым оңтүстікке қарай, Дүзен кесенесінің жанында орналасқан. Ежелгі қала орны биіктігі – 5-6 м ауқымды төбені құрайды.³⁰³ Бұрыштарында және қабырғалардың ортасында екі жақ қапталдан қорғалатын мұнаралардың қалдықтары байқалады. Қамал күйдірілген кірпіштен және тастан тұрғызылған. Оның жоспары өлшемі – 110x110 м төрт бұрышты қамал. Төбенің маңында ені – 5 м, тереңдігі – 2-3 м ор сақталған. Қамалдың солтүстік-шығыс бөлігінде ынтадель қабырғаларының және мұнараларының қалдықтары тіркелген. Қазба жұмыстарын жүргізгенге дейін бөлшектері жөнінде айту әлі ерте. Ежелгі қала орнының бетінен Ақ Орда заманының қала мәдениетіне тиісті аздаған керамикалық материал жиналып алынды.



0 1 2 3 4 5 м

өз.Барақ-көл бекінісінің жоспары. Ұлытау ауданы.



0 3 6 9 12 м

Ежелгі Қаратон қаласының жоспары.

Қайнар көздерінде Ескі Орда бекінісі Сарайлы атауымен белгілі. Бұхар ханы Абдулланың Ұлытауға жорығын сипаттай отырып Хафиз Тыныш былай деген: «В пятницу 5-го [числа] упомянутого месяца прославленный храбростью государь [Абдаллах-хан] с необычайно отважным войском находился в Сарайли и Турайли».³⁰⁴ Осы жазбаға қарағанда XVI ғасырдың соңында Сарайлы қамалы толыққанды болған.

Жезқазғаннан 45 шақырым солтүстікке қарай, Кенгір өзенінің сол биік жағасында орналасқан сәулет ескерткішті Жошы ханның есімімен байланыстырады. Кесененің жанында сәндік қапталған күйдірілген кірпіштен жасалған саны 20-ға дейін жететін елеулі ғимараттардың қалдықтары жатыр. Осы жерде, Кенгір өзенінің сол жағасында, кесенеден алыс емес аңғир зерттелмеген төбе бар. Мүмкін, ол Сарайлының немесе Жошы хан ордасының қираған қалдықтары шығар.

Зерттеліп отырған дәуірде Шыңғыс-ханның үлкен ұлы **Жошы ханның кесенесі** сәулет жетістігі болып табылады. Кесене күйдірілген кірпіштен бетше босаға-куполдық там дәстүрінде салынған.


Жошы ханның кесенесі Жезқазғаннан 45 шақырым, Қаракенгір өзенінің биік сол жағасында орналасқан, оның жайылма алқабы кең. Осы жерлер бай фаунасымен, соның ішінде суда жүзетін құстарымен белгілі, сөйтіп ол аңшылардың көзіне көп түскен жер. Осы биік жерден бастап орта ғасырларда Алтын орда билеушілері ұнатқан Кенгір өзенінің аңғарын тамашалау мүмкін болған. Олар бұл жерде бекініс-қыстауларын салған. Оған күйдірілген кірпіштен салынған бейіт ескерткіштерінің қалдықтары дәлел болады.

Жошы ханның кесенесі бізбен 1946 жылы зерттелді, ол кезде оның күйі салыстырмалы түрде жақсы болған еді. Бетше босаға-күмбезді құрылыс қою-қызыл түсті күйдірілген кірпіштен тұрғызылған еді. Кірпіштің өлшемі – 26x26x5 см.

Кесененің оңтүстік-батыс жағынан сүйір аркасы бар тік бұрышты алып бетше босаға тұр. Бетше босаға қуысының күмбезі сталактиттердің үш қабаты ярусына тіреледі, сондағы әрбір қабатында екі қатар кірпіштен салынған, олар «бұрышымен алға қарай» және төмен жатқан қатарлардың үстіне «еніс» етіп жатқызылған.³⁰⁵ Бұл жағдайда кірпіштерді қосу үшін ганч (алебастр) қолданылды, сондықтан оның қаламасы жақсы сақталған.



Ежелгі қаланың шағын Ақсай өзені.



Хан ордасы бекінісінің жоспары.

Жошы кесенесін ажарландыру кезінде Темір кезеңіндегідей (XIV-XV ғасырлар) әдемілік жоқ. Бетше босаға аркасының айнала беддікке жапсырылған феруза жылтырауы бар терракота тақталарының қыш тақташалары кесененің сәні болған. Феруза жылтырауы бар тақталармен кесененің фризі мен күмбезі безендірілген.*

* Феруза жылтырауы және кесілген терракотасы бар тақтаның фрагменті Алматы әкелінді және ҚазССР ҒА Тарих, археология және этнография институтының қорында сақтаулы тұр.



Жошы-хан кесенесі.



Жошы-хан кесенесі.



Жошы-хан кесенесі. Кірпіштегі таңбалар.



Жошы-хан кесенесі. Қабырғасындағы таңбалы бейнелер.



Жошы-хан кесенесі. Кірпіштегі түрлі ою-өрнектер.



Жошы-хан кесенесі. Түрлі ою-өрнектер кескінделген кірпіштер.

Зерттеушісі Казус Гүлбарди. Дархан ауданының
Жошы-хан кесенесінің құрылыс қалдықтары.



Ою-өрнекті кірпіштер.


Қазақстан Республикасының Тарихи-Мәдени Ескерткіштерінің Қорына 2019 жылғы 11 қыркүйек күні қабылданып, мемлекеттік қорғауға алынған. Қорғау нысанының аумағы мен шекарасы Қазақстан Республикасының Тарихи-Мәдени Ескерткіштерінің Қорының құрамына енгізіліп, мемлекеттік қорғауға алынған. Қорғау нысанының аумағы мен шекарасы Қазақстан Республикасының Тарихи-Мәдени Ескерткіштерінің Қорының құрамына енгізіліп, мемлекеттік қорғауға алынған.

Қорғау нысанының аумағы мен шекарасы Қазақстан Республикасының Тарихи-Мәдени Ескерткіштерінің Қорының құрамына енгізіліп, мемлекеттік қорғауға алынған.

© Оқу-ағарту нысанының құрамына кіретін барлық құжаттардың құқығына қамтамасыз етіледі.



Бедерлі кірпіш.



Жошы-хан. Он дінгекті кірпіш.

Жергілікті тұрғындардың айтуынша, бетше босаға белдігінде қолтаңба мен кесеіе тамының күні көрсетілген тақталар болған, атбасар уезі бастығының бұйырығымен 1911 жылы «дала генерал-губернаторына көрсету үшін» әкетілді.

Кесененің ішкі орамы бойынша бүйір жақтарының өлшемі 5,20 және 5,14 м негізі төрт бұрыш болған. Кесене ішінің қабырғалары саз балшық-самаан қоспасымен сыланған және әкпен ақталған.

Төрт бұрыш негізден күмбезге ауысу үшін ішкі бұрыштарда қабырға каламасының кірпіш кертпештеріне тірелген аркалар орнатылған, олардың көмегімен төрт бұрыштан сегіз бұрышқа ауысу жүзеге асқан. Сегіз қырлы құрылыстың үстінде диаметрі – 5,10 м жарты сфера күмбезі бар барабан орналасқан, оның астында ішкі күмбез бар. Екі күмбез де Орталық Қазақстанның мемориалды ғимараттарына таңсық, «шатыр» барабанның* ішкі жиектеріне тірелген. Барабанның сыртқы жиектері контрфорс болып келеді.

Барабанның астында өлшемі 36x55 см екі кішкентай тік бұрышты тесік орны болды, олар арқылы кесенеге жарық түскен.

Көкжиектен 0,8 м тереңдікте артқы қабырғаға паралель орналасқан екі мола шұңқырлары бар сағана ашылды. Бірінші моланың қабырғасы және негізі оның ұзындығы – 2,20 м, саз балшық сылағының үстінен алебастр сылағының қалың қабатымен жабылған. Моланың ішінен бір қолының сүйектері жоқ орта жастағы ер адамның жақсы сақталған қаңқасы табылды. Бұл факт Жошы ханның бір қолы болмаған деген аңызға сай келеді. Моланың солтүстік-батыс бөлігінде жоғарғы жақ бөлігі жоқ бас сүйек табылды. Ұзындығы – 1,90 м екінші молада біріншіге паралель әйел жерленген, Жошы ханның әйелдерінің бірі. 1929 жылы Атбасардың тұрғындары «ханның қазынасын тауып алу мақсатында» екі моланы қазғандары белгілі. Осының нәтижесінде жерлеу мүқоммалы өзінің алғашқы кейпін жоғалтқан, ал Жошы ханның әйелінің бас сүйегі оның моласына ауысып кеткен.

Бірінші моланы тазарту кезінде жерлеу киімінің және

* Осы тектес «шатырлы» барабан Оңтүстік Қазақстандағы Бабаджа хатун кесенесінде бар.

терінің (қызыл сафьян) жыртысы табылды. Тас табыттың түбіне салынған мәйіттің жауырын сүйектерінің астында араб жазуы бар тақта жатты. Пішіні төрт бұрышты тақта жақсы күйдірілген және алебастр ерітіндісінің жұқа қабатымен жабылған. Оның бүйір жақтарының өлшемі – 42,5x42,5, ал қалыңдығы – 2,5 м. Дымқылдықтан тақта өте нәзік болып қалған. Ол кепкен соң біз оны абайлап көтердік, бірақ ол бірнеше бөлікке бөлініп қалды. Жергілікті тұрғындардың айтуынша, жазуы бар тағы бір тақта 1929 жылы моланы ашу кезінде жергілікті тұрғындармен әкетілді.

Некропольдің алаңында қиыршық тастан жасалған тоғыз шағын діндері бар тақта табылды.

Кеңгір өзеніндегі Жошы ханның кесенесі жөнінде тарихи аңызбен қатар әдебиет қайнар көздері де айтады. Хафиз Тыныштың «Абдулла-наме» шығармасын алғашқы болып аударған академик В.В.Вельяминов-Зернов, мынадай сұрақ қояды: «Любопытно было бы знать, существуют ли в степи предания о месте погребения Джучи-хана?»³⁰⁶ Вельяминов-Зернов Қазақстанда болғаннан кейін 40 жыл өткен соң «Киргизская степная газета» газетінде Жошы ханның жерленген орны жөнінде айтылатын қазақ халық аңызы жазылады.

Жошы ханның кесенесінен алыс емес қыпшақ феодал ақсүйектері өкілдерінің екі моласы және Қараалдыр ауылының аумағынан тағы бір мола ашылды. Дешті Қыпшақ (XIII-XV ғғ.) заманының жерлеу жоралғысын және бейіттерінің құрылысын сипаттайтын құнды материал алынды. Ислам идеологиясының ықпалын қосымша мүқәммалдың жоқтығы дәлелдейді.

ОҚАЭ-мен Кеңгір өзенінің сол жағасында, Жезказғаннан 45 шақырым солтүстік-шығысқа қарай орналасқан қамалдың қираған қалдықтары зерттелді. Дуал Жошы кесенесінен 500 метр солтүстікке қарай орналасты. Оның пішіні бүйір жақтарының өлшемі 42x32 м тік бұрыш. Ішінде құрылыс ізі байқалмайды. Жоспарына қарағанда, мұнда феодал иесінің көшпелі ордасы болған, бәкім, Жошының өзінің ордасы шығар. Орта Азияны жаулап алуды аяқтаған соң Жошының Орталық Қазақстанда қоныстанғаны белгілі.³⁰⁷ Уақытының көбісін ол Бетпақдалада, Шу және Сарысу (Қулан-Башы) өзендерінің төменгі ағысында аң аулаумен өткізді, ал оның ордасы Ұлытауда болды. Оны өзінің есімімен байланысты Кеңгір өзені бойында тұрған ес-

керткіш дәлелдейді. Академик В.В.Бартольд дерек көздеріне сүйенсе отырып: «Ставка [орда] Джочи находилась на Иртыше, хотя по некоторым известиям, он провел последние годы своей жизни дальше к западу, в стране кичкаев [половцев]; последнее подтверждается тем, что его могилу показывали в бассейне Сарысу, на границе между нынешними областями Акмолинской и Тургайской», – деп жазған.³⁰⁸ Жаулап алушының есімен байланысты кесене Сарысу өзенінің жайылымында, Ұлытау және Арғанаты тауларынан ағатын көптеген бұлақтарымен және Жошы ханның кесенені жанындағы бір арнасына қосылып, Кеңгір өзеніне құятын жағада орналасқаны зерттеулермен анықталды. Көптеген жабайы аңдар мен суда жүзетін құстар көптеп мекендейтін Кеңгір өзені аңғарын Жошы өзіне орда етіп алды. Оны Жошы руының отбасылық жерлеу орны болып табылатын жартылай бекіністердің қираған қалдықтары және кең некропольдар дәлелдейді.

Қаракенгір және Сарыкенгір өзендерінің қосылу ауданында, Алаша хан кесенесінен 7 шақырым оңтүстікке қарай және Жошы хан кесенесінен 30 шақырым солтүстік-батысқа қарай бекіністің қираған қалдықтары орналасқан, қазақ халық аңызы бойынша бұл – Жошы-ханның кіші әйелінің ордасы. Осы жерден алыс емес, күйдірілген кірпіштен тұрғызылған ауқымды некропольдің және кесененің үйінділері бар, оның күмбезі көк жытырауықпен қапталған. Некрополь Келінтам атауымен белгілі, мұнда Жошы ханның әйелдерінің бірінің қабірі бар. Аңыз бойынша Келінтам кесенесі XIX ғасырда әлі тұрған еді. Бүгінгі күні оның орнында тек үлкен төбе тұр. Мұнда көк жытырауықпен қапталған сәндік тақталардың фрагменттері көптеп кездеседі.

Қаракенгір өзенінде Жер-Қорған бекінісінің, Жансейіт, Қарамола, Бесоба, Киікбайтам некропольдерінің қалдықтары бар. Киікбайтам ірі некрополи шикі (анағұрлым ежелгі) және күйдірілген кірпіштен жасалған тамның қалдықтары бар VII-XIV ғасырдағы тарихи-мәдени алқапты құрайды. Некропольдің қасында иррагациялық жүйенің іздері бар ежелгі қоныстың іздері анық.

Жер-Қорған бекінісі Қаракенгір өзенінің жағасында, Мақат және оның әкесі Сандыбаев Ердenniң ескі қыстауына қарсы, Қаракенгір совхозының орталық мекенінен 18 шақырым

онтүстікке қарай орналасқан. Сандыбаевтардың қыстауы ежелгі Ескі-Жұрт қонысының қираған қалдықтарының үстінде тұр.

Отырықшы мәдениеттің алып іздері Жезді өзенінің аңғарында сақталған, оның ішінде анағұрлым маңызды Милықұдық (Жезқазған), Талдысай, Басқамыр, Аяққамыр атты ежелгі қала орындары.

Жезді өзенінде бір-бірінен 15 шақырым қашықтықта орналасқан Басқамыр және Аяққамыр ежелгі қала орындары XIX ғасырдың 40-шы жылдары академик А.И.Шренкпен, М.Красовскиймен, Ш.Ш. Уәлихановпен қаралды.³⁰⁹ М.Красовский: «По берегам речки Жезды-Кенгир находятся несколько каменных стен в форме эллипса, их нельзя было бы признать крепостными наружными стенами, если бы в центре эллипса не сохранились следы цитаделей, сложенных из дикого камня на извести и по углам защищенных башнями, наподобие тех, которые составляют принадлежность каждого кокандского укрепления, но которые, однако, разнятся от последних употреблением камня, иногда вся стена или вся башня сложена из плитняка, скрепленного известью», — деп жазды.³¹⁰ Орталық Қазақстанның барлық қорғаныс құрылыстары Орта Азиялық құрылыстарға сырттай ұқсас болса да, олардың

* Кесенелер үшін кірпіштерді күйдіру, сондай-ақ төрт бұрыштан кесілген тақталардың көк жылтырауымен қытау жерде 1,5-2 м тереңдікте орналасқан кең камераларды құрайтын пештерде жүргізілді. Олардың әдетте пішіні бүйір жақтарының өлшемі 5x6 немесе 7x8 м тік бұрышты. Лаваттың көлденең қабырғалары кірпіштермен қаланып, өзара арқамен байланысқан. Қабырғаның шығып тұрған ұштарының арасында тегіс алаң болды, дәл осы жерде кірпіштер күйдірілді. Кірпіштерді күйдіру техникасы Торғай даласынан Есіл өзенінің жоғарғы ағысына дейін белгілі болды. Осы тектес құрылымы бар пештердің қалдықтары бізбен көп жерлерден зерттелді, соның ішінде Жоппы хан некрополінен, Алаша хан кесенесінің қасынан (Қаракөңір өзені), Сарысу өзенінде (Түйемойнақ), Милықұдық қонысынан (Жезқазған), Сырлытам кесенесінің қасынан (Жыланшық өзені), Сарыкөңір өзенінен, Шерубайнұра және Есіл өзендерінің жоғарғы ағысынан зерттелді. Пештердің кейбірі анағұрлым кейінгі кезеңге, қазақ кезеңіне тиісті, дегенмен, ежелгі және анағұрлым кейінгі пештердің пішіні мен құрылымы бірдей. Көптеген пештер жақсы сақталған: олардың кірпіш арқалары, от жағатын бөлігінің іздері, кей жерлерде ескі ошақ көрінеді.


көп бөлігінің ағаштан емес тастан тұрғызылатындығын М.Красовский атап өтті.

Басқамыр ежелгі қала орны Жезқазғаннан 40 шақырым солтүстік-батыста, Жезді өзенінің сол жағасынан 200 м, Талдысай аңғарында орналасқан, үш жағынан кішкентай таулармен — Ұлытау тауының сілемдерімен қоршалған және солтүстік жағынан ашық.

Басқамыр — орта ғасырлық феодалдық қамал, пішіні төрт бұрыш, бүйір жақтарының өлшемі — 136x136 м.³¹¹ Цитадель екі жақ қапталдан қорғалатын мұнаралары бар үш алып қабырғамен қоршалған. Қамал бұрыштарымен төрт жаққа бағдарланған. Сыртқы қабырғаның қалыңдығы екі метр, ол алып қамалдың дуалы түрінде шығып тұр, тас тақталы іргетастың үстінде ірі шикі кірпіштен салынған. Дуалдың ұзындығы — 108-110 м, ені — 14 м. Қорғаныс мұнараларының қалдықтары алып төбе түрінде кездеседі, кей кезде 10 м-ге дейін жетеді. Сыртқы қабырғалардың мұнараларының диаметрі шамамен — 12 м, композициясы домалақ, олар төрт бұрышты және қабырғаның ортасында бір-бірден тұрғызылған. Домалақ мұнаралары бар қаптал бүйірлерімен оңтүстік-шығыс қабырғаның ортасында орналасқан. Екінші мұнарасы жоқ қамалдың биіктігі — 4 м және бүйір жақтарының өлшемі — 88x86 м дөң түрінде көрінеді.

Қамалдың ішінде төрт бұрышты бекініс — цитадельдің ізі бар, ол бүйір жақтарының өлшемі — 38x38 м ірі шикі кірпіштен салынған, дуалдың биіктігі шамамен — 4 м. Цитадельдің бұрыштарында биік төбелер — саз балшық мұнараларының қалдықтары бар. Оңтүстік бұрыштығы мұнара басқаларынан анағұрлым жақсы сақталған, оның пішіні төрт бұрыш, ағыс ойығы болған. Бекіністен оңтүстік-шығысқа қарай Сырдария өзенінің жағасынан Ұлытауға дейін ежелгі керуен жолы өткен. Оны Басқамырдан 2 шақырым шығысқа қарай төбенің биігінде орналасқан қарауыл мұнарасының қалдықтары дәлелдейді. Пирамида түріндегі мұнара тегістелген қатпар тас тақталарынан құралған, сақталып қалған биіктігі — 4 м.

Көтерме материал осындай ірі ежелгі қала орнында жақсы біркелкі күйдірілген, қыш шеңберінде жасалған керамика аздап ғана кездескен. Цитадельдің оңтүстік-шығыс бұрышында салынған шурфтың көмегімен үй жануарларының — жылқының, қойдың, сиырлардың сүйектері және ас үй керамикасының



Басқамыр қамалының жоспары.

сынықтары табылды. Ежелгі қала орнының қасында ескі егістіктің және суару желісінің кескіні сақталған. Осы материалдар Басқамырдың тұрғындары мал шаруашылығымен қатар суармалы егіншілікпен айналысқандарын дәлелдейді.

Аяққамыр* ежелгі қала орны Жезді өзенінің оң жағасында, аттас аудан орталығынан 8 шақырым солтүстікке қарай, Басқамыр ежелгі қала орнынан 15 шақырым оңтүстікке қарай, Жезқазған қаласынан 48 шақырым солтүстікке қарай орналасқан.³¹²

1948 жылы ОҚАЭ аумағы 56x60 м, биіктігі ~ 2 м аласа төбешік күйіндегі ежелгі қала орнын алдын ала тексерді. 1972 жылы экспедицияға қатысушы С. Жолдасбаевпен ежелгі қала орнының жоспары анықталды.

Бекіністің оңтүстікке қараған бұрыш мұнаралары мен қақпалары бір қамалдары болған. Мұнараның биіктігі 2,5 м-ге дейін жеткен. Қамалдың ішінде ашық аула болды, онда феодалдың ордасы орналасты.

Ежелгі қала орнын қазу кезінде көптеген керамика мен үй жануарларының сүйектері табылды. Керамика жапсырмалы, құм қосылған, пішіні және өрнегі бойынша Сырдария қалаларының керамикасынан айырмашылығы бар, бірақ батыс қыпшақтардың


және М.И.Артамоновтың³¹³ Г.А.Федоров-Давыдовтың, С.А.Плетневтің³¹⁴ еңбектерінде жазылған печенегтердің жапсырмалы керамикасына қатты ұқсас.

Ежелгі қала орнының қасында Қарабұлақ шатқалында, ол Жезді өзенінің ауқымды иірімдерінің бірі болып табылады, ежелгі мазарлары мен тамдары бар үлкен зират, олардың көбісі ежелгі орта ғасыр дәуіріне тиісті. Молалардың көбісінің маңында қыпшақтардың және бағаналы руының таңбалары ойылып салынған тас тақталар орнатылған.

Некропольдің ортасында кесене тұр, оны жергілікті тұрғындар Темір-Құтлығ ханның есімімен байланыстырады, ол Токтамыстың немере жиені. Аңыз ханның осы жерлерде



Ежелгі Аяқамыр қаласы



Ежелгі Аяқамыр қаласының жоспары.

өмір сүргендігін тарихи деректемелерді растайды. Ескерткіш Аяққамыр атауымен белгілі.

Әйгілі Аяққамыр кесенесі А.И. Шренкпен,³¹⁵ Ш.Ш. Уалихановпен,³¹⁶ М. Красовскиймен,³¹⁷ Нифантьевпен³¹⁸ суреттелді.

Бүкіл сәулет композициясы бойынша Аяққамыр – бетше-босағалы-күмбезді құрылыс. Ол тасірге күйдірілген кірпіштен салынған. Бетше босағаның жоғарғы және төменгі жағы бұзылып қалған. Бүйірінен, бүкіл биіктігі бойынша бетше босаға бүкіл ғимараттың құлауына қауіп төндіріп тұрған жарықшақ бар.

Сүйір аркасы бар алып бетше босаға ғимараттың негізгі бөлігінің алдында шығып тұр. Бетше босағаның аркасы ені 40-42 см, тереңдігі 6-7 см бороздалармен қоршалған. Бороздалар алғашқыда кесілген терракота тақталарымен толтырылған еді, оны сақталып қалған алебастр (ганч) ерітіндісінің фрагменті мен жапсыру іздері дәлелдейді. Басты қасбет бойынша 3,3 м биіктікте көк-күлгін түсті марганец тақталарынан сәндік жиек өтеді.


Бетше босағаның алып пилондары арасында бұрыштары бойынша үш қабаттап қаламаға тірелетін жарты күмбез жабыны бар бетше босаға аркасының қуысы орналасқан. Қуыстың қабырғасында, 2,7 м жоғарыда биіктігі – 30 см, тереңдігі – 7 см борозда өтеді, онда кесілген геометрлік және өсімдік оюы түсірілген терракота тақталары орналасқан. Қуыстардың бұрыштарында жұпталған кірпіштер қатарынан бес қатар етіп сталахтиттер орналасқан. Қуыстың түбінде өлшемі – 1,87 x 1,16 м кіре беріс орны орналасқан.³¹⁹

Кірпішпен дәл етіп сүйір қаламамен салынған бетше босаға аркасының архивольті табанымен қабырғаның кірпіш қаламасының кертпешіне тірелді. Пішіні тік бұрышты үш қуысы бар тимпан + 3,75 белгісінде орналасты. Қуыстың тереңдігі – 13 см және бүйір жақтарының өлшемі – 50x58 см.³²⁰

Бетше босағаның сыртқы бұрыштарында 4,3 м биіктікте диаметрі 37 см лекальді кірпіштерден орындалған төрттен үші домалақ колонналар орналасқан. Колонналардың астына көк-күлгін түсті, қалыңдығы – 6-7 см әк тақталары орналасты. Оң колоннаның биіктігі – 1,75 м, сол жақ – 2,23 м.³²¹ колоннаның анағұрлым нақты биіктігін қасбетті қайта құру кезінде анықтауға болады. Кесененің бүйір және артқы бөліктері сәнделмеген.



Аяққамыр кесенесі



Аяққамыр кесенесінің жоспары.
Архитектор П.Рагулиннің суреті.



Ою-өрнектермен салынған кірпіштер.

Кесененің жоспары ішкі орам бойынша бүйір жақтарының қырлары – 5,66 x 5,74 м төрт бұрышқа жақын. Кесененің куполы төрт негізден қабат тромптарында бұрып аркаларының және қабырға жазықтығынан аркалардың екі қырлы табандарымен шығып тұрған сегіз қырға ауысу әдісімен салынған. Сегіз қырдан күмбез асты барабан шеңберіне ауысу екі қабат етіп салынған сталактиттер көмегімен жүзеге асты. Радиан қаламасы әдісімен салынған жарты сфералы күмбез барабанға тіреледі.

Кесене сапасы жақсы, қою-қызыл түсті күйдірілген кірпіштен тұрғызылды, кірпіштің өлшемі 26x26x5 см және 30x30x5

см. Саз балшық ерітіндісін қолданып қалау кезінде қатарлап жақсы бекіп, жапсарлары тар болған.

Кесене тұрғызу кезінде ағаш екі жағдайда ғана қолданылған. Кіре беріс аркалығы және жерден 2,67 және 4, 3 м биіктікте қасбет тұрғызу кезінде қаламаға ағаш бағаналар орнатылған – олар құрылыс жұмысы кезінде тіреу болған. Ағаш бөренелердің ұштары жұмыс аяқталған соң қабырға бетінен кесіліп тасталынған.

Кесененің ішінде аркалардың астында бұрыштарда сылақтың ізі табылды. Бұл ішкі қабырғалар сыланған болған деген ой туындатады.

Іргетас құю кезінде қалыңдығы 15-18 см марганец тақталары пайдаланылды. Қабырғалардың біркелкісіз отырып, жарықтардың пайда болуының алдын алу үшін тақталар көлденеінен салынған. Биіктігі 0,9 м кесененің іргетасынан тастармен бітелініп тасталынған сағананың кіре берісі табылды.

Аяқкамырдың сәулеті осы жерде сақталған ежелгі кесенелердің арасында ең ежелгі екендігін дәлелдейді.

Аяқкамыр ежелгі қала орнынан және Милықұдықтан керамикалық олжалардың көптеп табылуы орта ғасырларда осы қоныстарда дамыған керамикалық өндіріс болғандығын дәлелдейді.

Орталық Қазақстанды біріншілердің қатарында болып зерттеген Г.И. Спасский былай жазды: «Ишимские и иртышские степи занимательны и в отношении историческом... Вверх по Ишиму, при озере Кургальджин находятся развалины города Татагая [Ботагай]. Многие здания доньяне еще сохранили остатки прежней красоты и прочности».¹²² Осы сәулет ескерткіштерін Г.И.Спасский өнер туындысы деп бағалаған.¹²³

Нұра және Көң өзендерінің аңғарларындағы бекітілген қоныстар туралы М.Красовский жазған.¹²⁴

Нұра өзенінің төменгі ағысын көз мөлшермен түсіру 1831 жылы Сібір казак линейлік әскерінің жүз басшысы А. Шахматовпен, болашақ академик А.А.Шахматовтың әкесімен түсіріліп алынды. Түсірілімге барлық сулет ескерткіштері және отырықшы қоныстар енгізілді, оның ішінде Ботагай, Сұлутам, Сырлытам бар. 1949 жылы ОКАЭ-мен Нұра өзеннің төменгі ағысына барлау жүргізілген. Нұра өзені арқылы өтетін көпірдің қалдықтары

және бір-бірінен 15-20 см қашықтықта және барлығы Нұра өзенінің оң жағасында орналасқан жеті қоныстың ізі табылды.

Керуен-сарай ізі бар қоныстар Өркендеу мекенінің аумағынан анықталды, қоныстар Мортықта, Уялыдан, Тельман атындағы колхоздың аумағында, Қарт тлуының маңынан табылды. Нұра өзені сағасында, оның оң жақ бөлігіндегі ірі төбе бізбен ежелгі Ботағайға ұхсастырылды.

Қорғалжын және Нұра өзенінің саға бөлігін археологиялық зерттеу кезінде XV-XVIII ғасырлардағы қазақ мәдениетінің іздері табылды.²²⁵

1974 жылы ОҚАЭ-мен Нұра өзенінің төменгі бойындағы бұзылған кесенелерге: Ботағай, Сырлытам, Сұлутам қазба жұмыстары жүргізілді.

Ботағай* кесенесінің қалдықтары Ақмола облысы Қорғалжын қонысынан 2 шақырым шығысқа қарай және Нұра өзенінің сол жағасынан бірдей қашықтықта төбе түрінде тұр. Кесене жөніндегі мәліметтер бар: «Живописной России: «На реке Нура, в двадцати семи верстах от ее устья существует могила Батакая [Ботагая], имеющая вид куба, над которым возвышается купол меньших размеров, высота здания до 6 сажень, кирпичи квадратные».

Кесене монғолға дейінгі ғимараттарға тиісті.** Ол жай-

* Ботағай кесенесіне қазба жұмыстарын ОҚАЭ-не хаттасушы М. Сембинмен жүргізілді.

** Бытығай туралы аңыз Ермек Нұрсейітовтің аузынан жазылған. Ерте заманда шебер-құрылысшы дәу Бытығай өмір сүрген. Батыр өкі қолтығына бөренелерді қысып алып, Нұра өзенін аттан өткен екен. Бір хан көзінің тірісінде өзіне кесене салғысы келіп, ол үшін Бытығайды шақырады. Бытығай жұмысқа кірісіп кетеді, сөйтін тез арада Нұра өзенінің қасында кесене пайда болады. Оның үлкен болғандығы соншалық, одан түскен көпенке өзінге дейін жеткен екен. Хан шеберді ұнайды. Ал сол кезде Бытығай қазіргі күні Бытығай өткелі деп аталып отырған жерде өзен арқылы өтетін көпір құрылысын бастаған еді. Көпір құрылыс кезінде бөренелердің бірі батырдың үстіне құлап, ол мерт болды. Хан қайғырып, халқына мынадай сөз айтады: «Бытығай өте жақсы адам және мықты шебер болған. Мен оны естелік үшін маған арып салынған кесенеге жерлеймін деп шештім». Бытығай туралы естелік «Бытығай мазары», «Бытығай өткелі», «Бытығай соры» атауларымен бізге де жеткен.

ды өз заманында П.Рычков, А.И.Левшин, М.Красовский, Ш.Ш. Уәлиханов, А.А.Шахматов және т.б. жазған. Сонау 1830 жылы кесене әлі бүтін болған.

Сурет. Ботағай кесенесінің қасбеті 1831 жылғы А.А.Шахматовтың түсірілімі бойынша. Ботағай кесенесінің жоспары (Ш.Ш. Уәлиханов мұрағатынан).²²⁶ Кесененің құмасы. Оңтүстік-батыс жақ түрі.

Нұра өзенінде, Ботағай кесенесінен солтүстік-шығысқа қарай күйдірілген қызыл кірпіштен салынған бұзылып қалған бірнеше кесенелер бар. Төбенің жоғарғы жағы түтелдей бұзылған кірпіштерге толы.

Біраз оңтүстік-батысқа қарай созылған сопақша келген төбені қазу (диаметрі 30 м, биіктігі шамамен екі метр) анағұрлым көлбеу оңтүстік-батыс жағынан басталды. Төбенің ең биік нүктесінде орнатылған нөлдік када белгісінен тереңдікті белгілеумен сегменттерді біртіндеп қазу әдісі таңдалынды. Төбенің солтүстік-батыс, солтүстік-шығыс және оңтүстік-батыс бөліктерін ашу арқылы бұрыштық кірпіш қаламасы анықталды. Қаламаның биіктігі төрттен алты кірпішке дейін жетеді. Бұрыш қаламаларының арасында қабырға түбінің қалдықтары байқалады. Анықталған қаламалар бойынша тік бұрышты ғимарат периметрінің өлшемі – 21,0x17,40 м құрайды.

Кесененің негізінде бірнеше қатар кірпіш қаламасы табылды. Нөлдік када белгісінен 0,9 м белгісінде уатылған және нашар жасалған кірпіштерден салынған еден табылды. Ш.Ш. Уәлихановтың сызбасында кіре беріс орны кесене табалдырыған 0,89 м биік көрсетілген. Ш.Ш. Уәлихановтың қазба жұмыстары және сызбалары бойынша еден белгісі және кіре беріс орнының төмен деңгейі дәл келеді. Ботағайда өлшемі – 22x11x4,5; 22x11x4; 35x22x5 пішіні тік бұрышты және 22x22x5; 22x22x4 см төрт бұрышты кірпіш пайдаланылды. Кірпіштердің сапасы өте жақсы, қалыңдығы бойымен түзу күйдірілген.

Кесене құрылыс кезінде дәл осындай өлшемді шикі кірпіш қолданылған. Уатылған кірпіштің беті алдымен шикі, одан соң күйдірілген кірпішпен көмкерілген. Күйдірілген кірпішпен еденді жабу – бұл орта ғасырларда Орта Азияда және Қазақстанда құрылыс ісінде қолданылған әдіс.

Қабырғаларды тұрғызу кезінде кірпіштер тізбектеп қаланды, сонымен қатар тік бұрышты кірпіштер «тығын» және «жатқызу»

ежелгі ұйғыр жазуы бар жақсы тегістелген брустар болды деген И.П.Шангиннің мәліметін растады.³²⁸ Он жыл өткен соң ол жазу А. Шахматовпен түсіріледі. Ал бүгінгі уақытта оны оқу мүмкін емес.

Қазылған алаңның бүкіл бойынан табылған қысық қиылған ағаш брустардың өлшемдері – 22x8x5 см немесе осы өлшем шамалас. Майысып, созуға шыдамды қарағай брустарының тік қабаттануына қарсы тұратын кірпіш қаламасының қабаттарымен байланысы құрылымдық міндеттердің шешімі бойынша бүгінгі кездегі темірбетон белдіктердің қызметін еске салады.³²⁹

Алаңды ашу кезінде кесене қасбетінің алдында осы ауданда кездеспейтін өсімдік оюы бар кесілген терракота сталактиттері табылды. Кеспелі терракота кесене қасбетін сәңдейді. Өсімдік оюы бар кесілген 20 шакты терракотаның қираған қалдықтары және геометрлік суреті бар тек екі фрагмент табылды. Суретшікі кірпішке мұхият түсіріліп, сосын күйдірілген. Табылған фрагменттер бойынша кесене қасбетін сәңдеу үшін қолданылған терракота тақталарының 5 түрі жөнінде айтуға болады.

Қазымдының орталық бөлігінде қалыңдығы 5 см сұлтан таңбасының суреті бар кірпіштің фрагменті табылды.

Қасбеттің кесенесі оңтүстік-батысқа қараған. Көптеген орта ғасырлық кесенелердегі сияқты мұзда да іргетасы жоқ.

Кесене бұзылып қалғандықтан, археологиялық қазба жұмыстарын жүргізгенмен оның жоспары мен құрылыс құрылымдары туралы айту мүмкін емес. Кесенің суреті 1830 жылы суретші Булыгинмен және А.Шахматовпен салынып алынған. А. Шахматовтың³³⁰ және Ш.Ш. Уалихановтың сызбасы бойынша Ботағай кесенесі сегіз қырлы барабаны бар бетше босағалы-күмбездік ғимаратқа тиісті, оның үстінде жарты сфералы купол орнатылған, парустар арқылы сегіз қырға ауысу аркалы жүзеге асқан. А.Шахматовтың мәліметі бойынша кесене негізін ауданы 10,67x8,53 м болған, ол археологиялық қазбаның нәтижелерімен дәл келмейді (21,0x17,40 м).

Ботағайдан 8-10 м солтүстікке қарай еден үстіндегі пештің қалдықтары табылды, ол пеште кірпіштер күйдірілген. Осы жерде қождар, кірпіштердің қираған қалдықтары мен нашар жасалған кірпіштер көп.

1820 жылы И.П.Шангин: «Близ сего храма [Ботагай] при-

метны следы другого подобного, а далее в восточную и западную стороны находится множество развалившихся зданий, из коих некоторых основание составляет до 300 сажень в длину, и в совокупности издали представляются они известковыми горами», – деп жазған³³². Осы ғимараттардың бірі – Сырлытам кесенесі. Кесененің көмбесі туралы 1840 жылы топограф Козлов жазған: «Мавзолей Сырлытам на правом берегу реки Нуры, в 8,5 км выше ее устья, на одной параллели с мавзолеем Сулутам, на южном берегу небольшого озера Узун-куль».

Сырлытам кесенесі Жыланшық өзенінің төменгі ағысы ауданында, Қызыл Ордадан Торғайға өткен керуен жолынан алыс емес биік жерде орналасқан. Біздің уақытта бұл жер жыртылған, ал күйдірілген қызыл кірпіштің қалдықтары ғана бұл жерде бұрынды ескерткіш болғандығын дәлелдейді. Кірпіштердің қалдықтары бойынша олардың қалыңдығын 5-тен 6 см-ге дейін деп топшылауға болады. Ең ірі кірпіш фрагментінің қалыңдығы – 5,5 см, ені – 16 см. Қалыңдығы бойымен кірпіш түзу күйдірілген, кірпіштер өте мықты, олардың түсі қою-қызыл.

Сырлытам кесенесі туралы жазба қайнар көдерінен ҚКЭ мәлімет бар, онда А. Шахматов осы кесененің суретін түсірді деп жазылған.

ҚКЭ-де А. Шахматовпен салынып алынған Сұлутам суреті бар екені айтылады. «Сулутам – древнее каменное здание близ брода Кес-Кешу [Кыз-Кешу] на правом берегу реки Нура, в степи, на восточном подножии невысоких холмов, в 7,5 км выше Сырлытама», – деп жазды топограф Козлов.

Кесененің қалдықтары көмілген төбенің пішіні түзу сопақ, біраз оңтүстік-батысқа қараған.

Қызыл кірпіштен салынған кесене бүкіл периметрі бойынша оюы бар эллипс түрінде терракота тақталарымен жиектелген, қасбеттің жиектері геометрлік оюы бар тақталармен толтырылған. Аз болса да осы археологиялық материалдар кесененің орта ғасырлық әсем ескерткіш екендігін білдіреді, оны халықтың Сұлутам деген атауы айтып тұр.

Ботағай, Сырлытам, Сұлутам ескерткіштері Қарахан дәуіріне (X-XII ғғ.) тиісті.

Нұра өзенінің төменгі бойында XIX ғасырдың 40 жылдары Кенесары-ханның көтерілісіне жауап ретінде көптеген

сәулет ескерткіштері бұзылды.* Ең алдымен, көтерісшілер үшін пана болған қамалдар қиратылды. Сонымен қатар генерал Броневскийдің 1832 жылғы Қаражардағы, Кеңгір өзенінің Сарысу өзеніне құйылысындағы халықта Аманбайдуал атауымен белгілі қамал бұзылды.³³¹ Кішітаудағы және Жыланшық өзені аңғарындағы қамалдар бұзылды. Жыланшық өзенінде салынған қамал 1843 жылы Ташкент қазақтарының қатысуымен Саржанмен тұрғызылды. А.И.Шренк қамалды суреттеп берді, Генералдар штабы офицерімен 1841 жылы жасалған сызбалар ӘҒМ мұрағатында сақтаулы.

Нұра өзенінің шығыс жағасында құлаған төбе тұр. Биік

* Орыс патшалығы Екатерина I-ден басталып, бірнеше рет қазақ құрылыстарын бұзу әрекеттерін жасады. 1765 жылы генерал Шпрингердің бұйрығымен Үйірлі түттен басталып Семейге және Өскеменге дейін баратын Ертіс бойындағы қыстақтар жойылды. Қазақтарды тек көшпелі қылу ниеті болған Орынбор генерал-губернаторы В.А.Перовскийдің бұйрығымен 1854 жылы Ертістің сол жағасындағы шамамен 300-ге жуық қазақ қыстаулары юрталды.³³⁴ Перовский қазақтарға тұрақты үй-жай салуға тыйым салды. Ол өз ойын былайша білдірді: «Я не завлекаюся гиперболическими желаниями филантропов устроить киргизов, просветить их и возвысить их на ступень, занимаемую европейскими народами, Я от всей души желаю, чтобы киргизы навсегда оставались пастухами, кочующими, чтобы они никогда не сеяли хлеб и не знали не только науки, но и даже ремесла».³³⁵ Жері жоқ және қысқы үй-жайлары жоқ қазақтардың көшпендіге айналуы солтүстік облыстардағы қазақтарды XIX ғасырдың соңында апаттық жағдайға әкелді, бұл жайлы орыс демократиялық әдебиетте жазылған.³³⁶ Патша үкіметінің реакциясы Ресей қайраткерлерінің наразылығын тудырды. Генерал Перовскийдің доктринасына Е.П.Ковалевский, К.К.Гутковский, Г.Н.Потанин, Ч.Ч.Валиханов, Н.М.Ядринцев, С.Шашков, А.И.Якоби, Я.Я.Палферов, И.В.Аничков және басқа көптеген қайраткерлер қарсы шықты. Орыс басылымдарында қазақтардың отырықшылығын жақтаған көптеген мақалалар шықты. Н.М.Ядринцев былай жазды: «Киргизам также было давно известно земледелие, как минусинским инородцам и бурятам, оно существовало рядом со скотоводством. На древнее земледелие указывают остатки ирригации в разных местах Сибири... Стало быть наши представления о том, что инородческие племена, скотоводы и кочевники не знают земледелия было совершенно неверно, они давно знают способы посева».³³⁷ «В русском обществе сложилось неверное мнение о киргизах,

мұнараларының қалдықтары бар кең төбені қазақ халық аңызы – Баян-сұлудың әкесі Қарабаймен байланыстырып, «Қарабайдың ордасы» деп атайды.³⁴¹

И.П.Шангиннің Есіл өзенінен тауып алған бірқатар қоныстардың бөліктерінің кейбірі И.П.Фальктің сызбасында көрсетілген. Аққайрақты өзенінің (Есіл өзенінің тармағы) жоғарғы бойында, Атбасар қаласынан 40 шақырым солтүстік-батысқа қарай, Белағаш шатқалында ежелгі алты бекініс [қыстақтар] орналасты, оның төртеуі тізбектеліп Аққайрақты өзенінде, оған Есіл өзені құятын жерде, бір-бірінен шамамен екі шақырым қашықтықта орналасты, бір қоныс – Аққайрақтың сағасында алтыншысы – қалғандарынан 3 шақырым оңтүстікке қарай орналасты. Конфигурациясы бойынша мұнара бұрыштарының қалдықтары бар бұл аласа төбе болған.³⁴² Шангинмен тағы ежелгі Шаншар-Шағана моласы орналасқан Есіл өзеніндегі Тасөткел өткелінде 30 шақырым жерден қоныс [ежелгі қала орны]³⁴³, Жолдыбай көлі маңындағы Байқошқар гимаратының қалдықтары және Жаксы-Жаңғызтау көлінде биіктігі үлкен ежелгі қамал табылды, оның артында құрылыс ізі байқалды. Порфир тастарынан қаланған бекініс қабырғасы ұзын болған.³⁴⁴


Г.Н.Потанин С.Ремезов атласының мәліметтерін айта отырып, Есіл өзенінің сол жағасында, Тесіркөр және Тылқора тармақтарының арасында «тас қала» бар деп белгілейді.³⁴⁵

Есіл өзенінің жайылымындағы ірі отырықшы мәдениеттің ізі – бұл нығайтылған Өркешегі, Ормамбет³⁴⁶ және Бұқпа* қоныстары, олар Атбасардан оңтүстікке қарай орналасты. Халық аңызы бойынша Ормамбет [Урмамбет] – Тоқтамыспен және Орыс-ханыммен салынған қала, (аңыз бойынша Ормамбет – Орыс ханның есімінің бірі). Есіл өзеніне Терісакқан өзенінің құйылысынан алыс емес бүйір жақтарының өлшемі – 342x150


как о народе кочевнике, занимающемся исключительно скотоводством и малоспособным к земледелию, к которому они якобы не имеют особой склонности», – деп жазды Г. Ш-в.³³⁸ Қазақтардың тұрмысын жақсы білген Я.Жарков: «Нельзя упустить без внимания и того, что и между киргизами с давних времен множество находится земледельцев», – деп жазған.³³⁹ Арсений Иванов қазақтарды қорғип: «Киргизы... изстари владевшие всей этой землей, и эти земли с незапамятной поры служили местами их оседлости», – деген.³⁴⁰



Сырлытам қазба жұмыстарынан соң.



Сырлытам. Кесене және обаның қимасы.



Сырлытам кесенесінің жоспары.



Сырлытам кесенесі.
Айшықты кірпіштер. Архитектор П.Рагулиннің суреті.



Сырлытам кесенесі. Айшықты кірпіштер. Архитектор П.Рагулинің суреті.



Сұлутам. Көсіндемелі кірпіштердің белшектері.

м, төрт жаққа бағдарланған бұрыш мұнараларының қалдықтары бар ауқымды ежелгі қала орны бар. Денің биіктігі – 2,8 м.

Ормамбеттен алыс емес жерде Қима ежелгі қала орны бар, ол ұзын өзегімен оңтүстік-солтүстік сызығы бойынша бағдарланған, яғни Есіл өзенінің ағысына параллель. Ежелгі қала орнының ұзындығы – 300 м, ені – 107 м. Оңтүстік қабырғада кең қақпа түрінде орын қалдырылған.

Күшейтілген қоныстың қалдықтары Л.Ф.Семеновпен Аюмола қаласының маңында, Бұзық [Бузок] шатқалынан табылды. Ежелгі қала орны – дуалмен қоршалған, пішіні дұрыс емес үш алаңнан құралған.³⁴⁷

Торғай даласында, Ұлқаяқ өзенінің маңында тас қорымның қираған қалдықтары **Әбілқайыр-ханның кесенесі** (XVIII ғ.) тұр. Н.П.Рычков: «Против ханского домовища сделана четверугольная каменная ограда длиной и шириной по 12 аршин. Сие есть то самое место, где бывает жертвоприношение в день поминок. С полуденной [южной] стороны сделаны пространные ворота, в которые обыкновенно вводят жертвенный скот и там его убивают», – деп жазған.³⁴⁸ Академик И.П.Фальктың мұрағатында Н.П.Рычковпен суреттелген қорымдарға ұқсас Есіл өзеніндегі және Аягөздегі қамал түсірілген Х.Бардиестің сызбалары сақтаулы тұр. Олардың бүйір жақтарының өлшемі – 340x150 м және 300x109 м. Кіре берісі оңтүстік жақта орналасқан тастан жасалған қорымның қираған қалдықтары Қарқаралы даласынан, Аққойтас шатқалынан табылды.

Павлодар облысында Сілеті өзенінде екі ғимараттың қираған қалдықтары бар, оның бірі – Тұлпартас, екіншісі – Қараоба. Осы ғимараттар жөнінде өз заманында академик И.П.Фальк айтқан: «Против Иртышского форпоста в 30 верстах от Утвы находится развалины, кои кайсаки называют Туралбаш [Тулпарбас] и Караоба [Қараоба]».³⁴⁹

Қараоба – Темір Алтын Ордадан қуып шыққан соң Тоқтамыспен салынған орта ғасырлық қамал. Біздің заманда Қараоба – Шідерті өзенінің Жалаулы көліне құйылысынан 50 шақырым биік орналасқан алып төбе.³⁵⁰ И.П.Фальктың айтуын-

* Бұқпа – «бұқ» сөзінен шығады, «жақсырын» деген мағынаны білдіреді. Балқим, бұл жерлерде Темірмен және Едігемен ордадан қуылған Тоқтамыс жасырынған болар.

ша, XVIII ғасырдың ортасында Қараоба қамалы әлі бүтін болған, оның ішкі қабырғалары көк түсті жылтырауықпен қапталған.³⁵¹ Тоқтамысқа Жақсы-Жанғызтау (Көкшетау облысы) көлінің жағасындағы қамал да тиісті болған.

Тұлпарбас (Қызылоба) ежелгі қала орны Сілеті өзенінде, Күлдияз ескі қыстақтан 10 шақырым, Жалауаш даласынан оңтүстікке қарай орналасқан. Қазақ аңыз бойынша Тұлпарбас қазақтың атақты батыры, Абылай ханның туын ұстаушысы Олжабайдың (XVIII ғ.) резиденциясы болған.³⁵²

Қамал ескі жұртының қасында өзеннің үстіндегі тас көпірдің және Бұқпа өзенінің Сілетіге құятын жеріндегі суару жүйесінің ізі сақталған.

Абылай ханның қыстағы Бурабай көлінің жағасында орналасты және «Ханның қызыл ағашы» атауымен белгілі. Осы ордада Абылай хан орыс және қытай елшілерін қабылдаған, мұнда қазақ феодал ақсүйектерінің сеймдері өткен. Ол мұрагерлікпен ханның үлкен баласы Уәли Абайдоллаға және оның ұрпақтарына берілді. Отбасылық аңыз бойынша, ол XIX ғасырдың соңына дейін тұрған. 1959 жылы жазда осы сөздердің авторы әріптестерімен бірге осы тарихи орында болған. Біз тек Абылай хан ордасының қалдықтарын көрдік. Біз тастан жасалған ғимарат – ат қораны ғана байқадық, қалғандары ағаштан салынған. Үйінділердің маңында XVII-XIX ғасырларға тиісті бейіттердің қалдықтары болды. Бұл орын «Хан жұрты» деп аталады.

Құрылыс өнері жағынан қарасақ, исламға дейінгі пішінді ғимарат үлкен қызығушылық тудырады. Бұл киіз үй тәрізді шошақ ғимарат. Мойынты және Балқаш өңірінің ескерткіштері, Қарқараладағы және Ақтоғайдағы киіз үй тәрізді ғимараттар Сарысулық және кенгірлікке қарағанда биіктіктері 20 м-ге дейін жеткен және олар саз балшық пен шикі кірпіштен салынған.

Бетпақдала шөлінен солтүстік-батысқа қарай орналасқан Жетіқоныр кең оазисі орта ғасырларда ірі егіншілік ошағы болған. Мұнда жер асты суларының көптеп жиналуы байқалады, оған өсімдіктердің аса молшылығы негіз болды. Бұл жағымды табиғи жағдай Жетіқонырды тамаша оазис қылды, ежелгі заманда оны ұйықман деп атаған. Қыпшақ даласы мен Сырдария қалалары арасында жүрген көшпелі малшылар және сауда керуендері үшін Жетіқоныр оазисі демалу жән аялдау орын бол-

ды. Қысы жұмсақ болғандықтан кейбір малшылар осы жерде тұрақтап, қысқы үй-жайларын тұрғызып, жартылай отырықшы өмір сүрген. Осы аймақтағы егіншілік мәдениеттің қалдығы ескерткіштер қатарынан, соның ішінде суару каналдары мен керамикасынан байқалады.

Жетіқоңыр ежелгі қала орнының арасынан Қызылкент, Талдықент және Қарабұлақ назар аудартады. Олардың жоспары да, мәдениет қабаты да бірдей. Көбінесе бұл бір қабатты тегіс алаң, көбінесе сеппелі құммен жабылып қалған. Мұқият зерттеу кезінде егіншілік қоныстарға тиісті құймалы емес ас үй керамикасының фрагменттері табылды. Фрагменттерге қарағанда, керамиканың көп бөлігі қолмен, қыш шеңбері қолданылмай жасалғаны белгілі болды. Керамиканың жеке фрагменттері қыш құмыра өндірісінің жеткілікті жоғары техникасын дәлелдейді.

Тарихи-топографиялық тұрғыдан алып қарағанда Бетпақдала даласынан солтүстік-батысқа қарай Көктас өзенінің аңғары үлкен қызығушылық тудырады. Ауданның материалдық құрылыс қалдықтары оның Сарысу өзені жайылымының мәдени ошақтарына жақындығын дәлелдейді. Аңғар Шу өзенінің төменгі бойынан 400 шақырым және Аралтебеден (Сарысу өзенінің орта ағысы) 70 шақырым оңтүстік-шығысқа қарай орналасқан. Көктас өзені Атасу өзенінің жоғарғы бойынан 60 шақырым оңтүстік-батысқа қарай орналасқан Мұңлы және Қулы тауларынан аңғын бұлақтардан құралады. Көктас өзенінің ұзындығы шамамен 150 км, оның ағысы Жиделіқоңыр оазисінің шығыс шекарасынан алыс емес, Қоржынқак ауданында аяқталады.


Елді-мекен рельефіне қарағанда, Көктас өзенінің аңғарында орта ғасырларда бірнеше мәдени оазистер болған. Бұл оазистер: Бастолақ, Орташолақ, Аяқшолақ, Қарабидайық, Өлке, Көктас олар бүгінгі күні де отар үшін тамаша жайылымдық болып табылады. Көктас өзені жайылымының табиғи жағдайы мал шаруашылығымен қатар суармалы егіншіліктің дамуына ықпал етті.

Бетпақдала даласы мен Сарысу өзенінің жайылымы арасында орналасқан Көктас оазисі он шақты шақырымға созылады. Бетпақдала арқылы өткен қиын көктемгі көшпуден кейін бұл

аудан көшпенділердің тынығуына ыңғайлы болған жалғыз ғана орын болған.

Осы ауданда бізге дейін Қарақұл совхозының жұмыскерлері қазып тастаған «Тасты» ежелгі қала орны біздің назарымызды аударды. Қазынды нәтижесінде екі мәдени қабат анықталды. Төменгі қабатта борпылдақ, қара керамиканың фрагменттері, үй және жабайы жануарлардың сүйектері табылды. Бұл олжалар «Тасты» қонысы жартылай көшпелі сипатты болғандығын дәлелдейді.

Көктас өзені жайылымының өсінді жамылғысы Бетпақдала даласының фитогеографиясынан мүлдем басқа және сипаты бойынша Жетіқоңыр өсімдік жамылғысын немесе Орталық Қазақстанның бидайық учаскелерін еске түсіреді. Баялыш Қараота шекарасын Шолақ, Қосқұдық және Шыбынды орындарының құрауы тән, осы жерден «ақ-шоң» басталады. Оазистың көз тартарлығы сондай, кейбір малшылар ол жерді қоныстану орны етіп таңдаған. Осы жерде үй-жай қоныстары және оның сыртында суармалы егістіктер пайда болды. Көктас өзенінің жайылымында саз балшық құрылыстарының қалдықтары бар қыстау тектес жартылай ортырықшылық қоныстардың іздері табылды: екеуі – Қарабидайықта және үшіншісі – Өлкеде.



Жүндібай кесенесі.

Қарабидайық оазисінде ежелгі қоныстардың іздері қалың бидайық шөбімен өсіп кеткен, оның биіктігі 1,5 м-ге дейін жетеді. Мұқият қараудың нәтижесінде кейбір қоныстардың іздерін байқауға мүмкін болды, оның бірінен тұтқасы түсіп қалған құмыра табылды, ол XI-XII ғасырларға тиісті.

Салыстырмалы түрде ірі құрылыстың үйінділері Көктас өзенінің төменгі бойынан байқалды. Құрылыстың пішіні тік бұрыш, аралық дөңдерге қарағанда онда бес жай және екі дәліз болды. Бұл Көктас өзенінің жайылымындағы оазистердің бірі – Өлкеде орныққан, алшын руынан шыққан Жүндібай мал иесінің қыстауы болған. Осы саз балшық ғимаратын тұрғызу мезгілі XIV-XV ғасырлар, ол таңбасы бар алып керамика ыдыстарының фрагменттерінің уақытымын жақсы үйлеседі.

Қыстаудан алыс емес жерде Жүндібай күмбезі орналасқан, ол киіз үй тәрізді саз балшық ғимарат, тραπεция тәрізді ірі әшекейлі суретпен сәнделген.

Көктас өзенінің аңғары елеулі егіншілік мәдениетінің ізін сақтайды, оның ішінде ұзындығы – 3-5 км және тереңдігі – 1,5-2 м суару каналдарының, бөгеттер мен шығырлардың іздері қалған және бүгінгі күнге үйме түрінде жеткен. Екі үлкен қазаншұңқыр түріндегі кәріздік суару жүйесі Шу өзенінің төменгі бойындағы суару жүйесінен айырмашылығы бар. Орта ғасырларда осы жерде үлкен алаңда құдық-су айдындарының елеулі саны қазылды, одан егістік жерлер суландырылған. Осы құдықтар бір-бірінен 40-50 м қашықтықта орналасқан. Көктемгі су тасқыны кезінде суару көзі магистральды арық болған. Жазғы қапырық кезде егістік құдықтан суарылған, онымен Қарабидайық жазықтығы толықтай алабажакталған.

Отырықшылық мәдениеттің зерттелген ескерткіштері XI-XII ғасырлардағы феодалдық қатынастардың туындап, нығайып кезінде, одан әрі XIV-XV ғасырларда жалғасын тапқан Көктас өзенінің оазисінде орныққан жартылай отырықшы малшылардың тұрмысы мен шаруашылығын көрсетеді. Әр уақыттағы ескерткіштердің қалдықтары бойынша Көктас өзеніндегі отырықшы мәдениет үзік-үзік дамыған деп қорытынды жасауға болады. Бізбен зерттелген қоныстар жартылай отырықшы сипатта және уақытша қоныстардан құралған. Осындай қоныстарда қарапайым ас үй керамикасы мен үй жануарлар сүйектерінің фрагменттерін санамағанда, елеулі материалдық өндіріс затта-

ры болмаған. Қайнар көздерінде айтылатын қоныстардың көбісі қатты желдің әсерінен, кейбірі су тасқынынан, әсіресе бұл жерде қатты су тасқыны байқалады жердің бетінен жоғалып кеткен.

ОҚАЭ-мен алынған материалдар көшпелі аймақ деп есептелетін Орталық Қазақстанда орта ғасырларда отырықшы мәдениет болғандығын, қоныстардың, қамалдардың, қалалардың болғандығын, тамаша сәулет ескерткіштері тұрғызылғандығын дәлелдейді.

САРАЙШЫҚ – КАСПИЙ ӨңІРІ ОЙПАҢЫНДАҒЫ ОРТА ҒАСЫРЛЫҚ ҚАЛА

XIII ғасырда Еуропа мен Азия арасындағы керуен саудасы кең құлапшып жайды. Қытайға теңіз жолы ашылғанға дейін керуен жолдарының мәдени маңызы зор болды, ол екі континентті байланыстыратын көпір болды.

Керуен өтетін жолдарда қалалар мен сауда орталықтары пайда болды. Керуен жолдары өткен жерлерде ауқымды некропольдар, демалатын және тоқтайтын орындары болып қана қоймай, өркениеттің тасушылары болған көпірлердің қалдықтары, керуен-сарайлардың іздері сақталған. Осы керуен жолдарында ең басты сауда тораптарының бірі – Сарайшық. Екі континенттің шекараларында орналасқан Сарайшық арқылы Еуропа мен Азиядан тауарлары тиелген көптеген керуендер, көпестер және саяхатшылар өткен.

Еуропадан Қытайға баратын негізгі керуен бағыты Крым, Астрахань, Сарайшық қалалары арқылы, Сағыз, Үіл және Ембі өзендерінің аңғарлары арқылы, Каспий маңы ойпаны бойынша, Үргеніш, Сырдария өзенінің төменгі бойы арқылы Отырарға дейін, одан әрі жол Алмалыққа, Қамсуға, Ганчжоуга, Ханбалыққа Қытайға барды. Флоренция көпесі Франческо Пегалотти (XIV ғасырдың бірінші жартысы) Шығыс Еуропадан Қытайға баратын бағытты жақсы білген ол Таныдан [Азов] Астраханға дейінгі жол бұқа жегілген арбамен барса 25 күнге, ал ат жегілген арбамен 10-12 күнді құрағанын, Астраханнан Ескі Сарайға дейін – бір күн деп жазады. Осыдан жол Сарайшыққа кеткен. Сарайшықтан Үргенішге дейінгі жол, Пегалоттидің айтуынша, түйе жегілген арбамен 20 күн. Ибн-Батута осы бағытпен 30 күн

жүрген. Үргеніштен Отырарға дейінгі жол түйе жегілген арбамен 35-40 күнді құрайды. Осы бүкіл маршрутқа 270 немесе 275 күн, яғни 9 айдан аса уақыт қажет болған екен.³⁵³

Сауда айналысында шикізат – жүн, тері, түбіт, бидай және т.б. болды. Феодалдар үшін көпестер қымбат заттар әкелді. Сарайшық өмірінде және жалпы бүкіл Дешті Қыпшақ үшін ат саудасы маңызды болды. «Кипчакская степь, – деп жазды Ибн-Батута, – славится своими конями. Лошади эти известны в Египте под названием «акадин»*.

Қайнар көздерінің мәліметінше, қыпшақ қалалары Солтүстік Каспий маңында – Үшқан, Мыңсуалмас, Маңғыстауда – Сам, Ембі өзенінің аңғарында – Боқаш-Ата, Қызыл-Қала, Сағыз өзенінде – Таскешу, Астана және т.б. қалалары болған. Астананың ежелгі құрылыстары мен су құбыры каналдарының қалдықтары 1750 жылы П.Рычковпен суреттелген. Мәулімберді патшалығындағы, Үіл өзеніндегі тағы бір ежелгі қала орны туралы П.Рычков өзінің «Топография Оренбургской губернии» еңбегінде былай жазған: «В половине прошлого столетия (XVII в.) здесь еще были видны от 30 до 40 кирпичных зданий, каналы для пашен».³⁵⁴

Сам және Үшқан қалаларында колонналары бар ғимараттар болғандығы қайнар көздерінен белгілі. Сондай құрылыстар Маңғыстауда осы күнге дейін сақталған. Орыс қайнар көздерінде Сам және Үшқан қалалары (орыс қайнар көздерінде Үшқан) XVII ғасырдың бірінші жартысына дейін болған.³⁵⁵ Сағыз, Қайнар, Ембі (Боқаш-Әулие) өзендеріндегі, Каспий теңізі жағасындағы Үшқан және т.б. орта ғасырлық ғимараттардың қалдықтарын бүгінгі күні де көруге болады.

Батыс Қазақстан әктің, бордың, ұлутас, кальцит, доломиттің шыққан жері. Әсем кесенелер, сағана-тамдар, дәстүрлі қазақ бейітінің тастары, қой-тастар мен құлшы-тастар көбінесе жеңіл өңделетін ақ әктастан (ұлытастан) салынды. Сарайшықтан Үргенішке баратын ежелгі керуен жолы бойында, Үіл, Сағыз, Ембі өзендерінің аңғарында Борсай, Үшқан, Шопан-Ата, Шұрұқ, Мыңсуалмас, Сейсен-Ата тамаша сәулет ескерткіштері,

* «Акадин» (қазақша «ақай-тіс») – мықты тісті жұмысқа жорамды атты білдіреді.

Бейнеу-Ата, Кент-Баба (Дүйсеке) некропольдері бар. Тастардан қыпшақ ақсүйектеріне арнап бейіттер салынды – Түткі-Ата, Қарашаш-Ана, Білеулі кесенелері, Сұлтан-Әке және Қараман-Ата мешіттері, Масат-Ата медресесі тұрғызылды, олар сәулеттігімен және әсемдігімен таң қалдырады. Жазба қайнар көздерінен байқауымызша, XV-XVI ғасырлардағы тамаша сәулет ескерткіштері қазақ хандары Жәнібек пен Қасымға Сарайшықта тұрғызылды. Осы ауданда күйдірілген кірпіштен салынған ескерткіш – XV ғасырдың 40-шы жылдары өзара феодалдық соғыста қаза тапқан эпостық батыр Қобыландының кесенесі бар.

Сәулетшіліктің бірегей ескерткіші ол Маңғыстаудағы «Үңгір храмы», сонымен қатар ол Шақпақ-Ата деп аталады. Бұл құрылымы домалақ киіз үйге ұқсас жер асты храмы. Бір қызығы, ол тағыз әктастардан құралған таудан қазылып, шабылған. Үңгірдің ішінде пішіні өзгеше капителі бар төрт колонна бар. Күмбезінде домалақ снылау жасалған, одан жарық түскен. Шақпақ-Атаның қабырғалары араб графикасымен жасалған жазбалармен, нышандық белгілермен, адам мен жануар бейнелерімен шинақталған.

Сарайшық қаласы орта ғасырларда Жайық өзенінде (бүгінгі Орал өзені), бүгінгі Атырау (Гурьевка) қаласынан 48 шақырым солтүстікке қарай орналасқан. Сарайшықтың негізін қалаушыны жөнінде мәлімет Әбілғазыда ғана бар, ол Берке хан Сарайшықта исламды қабылдады, ял қаланы оның ағасы Батый салды деп жазған.³⁵⁶

Әдебиет қайнар көздерінде Сарайшық қаласы XIII ғасырдың 40-шы жылдары Орал қаласының оң жағасында салынған делінген. Еуропа мен Азия шекарасында орналасқан сауда қаласы ретінде Сарайшық атауын біз XIII-XIV ғасырлардағы саяхатшылардың жазбаларынан білеміз.

Сарайшық, Ескі Сарай және Жаңа Сарай – бір-біріне жақын орналасқан үш алтын орда қалалары. Сарайшықтың атауы оның сарайлары, мешіттері бар бай феодалдық қаланың мәртебесін білдіреді. Ескі Сарай Волганың шығыс жағасында, бүгінгі Астрахань қаласына жақын орналасқан. Жаңа Сарайдың қалдықтары Волгоград қаласының жанында орналасқан. Осы қалардың егжей-тегжейлі суреттемесін XIV ғасырдың 30-шы жылдары Ибн-Батута қалдырып кеткен. «Из Сарая мы ехали 10 дней и прибыли в город Сарайджук [Сарайчик]. Он лежит на

берегу большой и быстрой реки, которая называется «Улусу» (Великая вода). На ней мост из судов, как мост Багдадский. У этого города кончалась наша езда на лошадях, везущих арбы» – деп жазады Ибн-Багута.³⁵⁷

«Сарайшық» атауы осы қалада алтын орда хандарының резиденциясы болғандығын дәлелдейді. Сарайлардың, мешіттердің, медреселердің іздері кесілген тақталармен сәнделген, алып қабырғалар түрінде сақталған. Сарайшық, сондай-ақ қолөнершілердің қаласы болған.

Қала өзінің жақсы орналасуының арқасында басқа Алтын орда қалаларына қарағанда ұзағырақ тұрды. Дегенмен, феодалдық соғыстар және XV-XVI ғасырларда саяси жағдайдың өзгеруі оның өміріне ықпал етпей қоймады. XIV ғасырдың соңында Темірдің Волгаға, Солтүстік Кавказға және Крымға әскери жорығы сарайшыққа алғашқы соққы берді. Бұл жағдай орыс және шығыс қайнар көздерінде жарық көрді. Осы оқиғаның куәсі Ибн-Арабшах: «Передовые войска его [Тимура] дошли до Азака, и он разрушил Сарай, Сарайчук [Сарайчик], Хаджи-Тархан и эти края», – деп жазған.³⁵⁸

Темірдің Волгаға және Крымға жорығының нәтижесінде қалалар ғана емес, сондай-ақ Еуропа мен Азия арасындағы сауда керуен жолы үзілді³⁵⁹, одан кейін: «резкий упадок рынков и ремесленного производства во всем этом обширном и недавно еще богатом крае».³⁶⁰ Осы үрдістердің барлығы кейінгі XV-XVI ғасырларда феодалдық соғыстардың кесірінен жеделдетілді. Тоқтамыс пен Едіге арасындағы өзара қырқыс кезінде Сарайшық қаласы әсіресе қатты заңа шекті. XV ғасырдың бірінші жарты жылдығында Ал -Айни: «смуты сделались постоянными» - деп жазды.³⁶¹

Сарайшық қаласы біраз Әбілқайыр ханның құрамында болды.³⁶² Мұхаммед Хайдар Дулати XVI ғасырдың басында Сарайшыққа қазақ ханы – Бұрұндық орныққанын жазған.³⁶³ 1524 жылы Сарайшықта қазақ ханы – Қасымның қаза тауып, жерленгені қайнар көздерінен белгілі.

XVI ғасырдың 30-шы жылдары Алтын Орда құлаған соң Сарайшық ноғай князьдері Сейдак пен Шахмаманың қолына түседі. Осы кезде Мәскеу мемлекетімен сауда-саттық қаржыны жүргені белгілі болды. Самараға, Нижний Новгородқа, Мәскеуге орыс әскерін жабдықтау үшін аттардың үлкен партиялары жіберілді.



өз. Сағыз аңғарындағы дің.



өз. Қобда аңғарындағы Байтақ-ата кесенесі.



ес. Сағыз аңғарындағы Түкті-ата I кесенесі.



Түкті-ата II, ес. Сағыз.



Мавзолей Токсанбая, р. Иргиз

Ногай князьдері оның құлағанына дейін қожайыны болады. «Ногай живут за Волгой, около Каспийского моря, по реке Яику, вытекающей из области Сибирской. Они не имеют царей, а только князей... Князь Шидак владел городом Сарайчиком»³⁶⁴. XVI ғасырдың соңында Сарайшық мүлдем бос қалады.

XVIII ғасырдың басында ежелгі Сарайшықтың орнында казак станицасы құрылады.³⁶⁵

Орыс деректері бойынша қала көпке дейін өз кейпін жоғалтпаған. XVIII ғасырда өтіп бара жатқан жолушылар қалалық орамдарды, қоғамдық және тұрғын үй ғимараттарын көре алған. Орыс саяхатшысы және географы П. Рычков: «Сарайчик – признак великого города на берегу р. Яик, не доезжая до Гурьева за пятьдесят восемь верст, где ныне яицких казаков форпост, называемый Сарайчик. Сей город по объявлению яицких казаков бывал ногайских татар. Там еще поныне в земле находят многие палатки. Видно, что бывали они кладбища знатных людей», — деп жазған.³⁶⁶ Кейін Сарайшыққа академик П.С.Паллас келген, ол Сарайшықтың тарихи-топографиялық жоспарының үйінділері туралы жазба қалдырды.³⁶⁷ Паллас және Рычков қаланың құлуына себеп болған тарихи мәліметтері бар халық ауыз аңыздарын жазып алған.

Орыс ғалымдарының айтуынша, Сарайшық сол кез үшін таңғажайып жоғары материалдық өндіріс техникасының, мәрмәр колонналарымен және кеспелі тақталармен сәнделген тастан және күйдірілген кірпіштен жасалған сәулет ғимаратының іздері қалған бай қаланың қалдықтарын құрайды.

Әсіресе, Орал Казак әскерінің офицері штаб-капитан Алексеевтің жазбалары өте қызықты, ол ежелгі қала орнын түсіріп алып, қазба жүргізген. Осы материалдар кейінгі жылдары ежелгі қала орны құрылымында пайда болған олқылықтарды толтырады. Алексеевтің топографиялық түсірілімінен XIX ғасырдың 60-шы жылдарында ежелгі қала орны кең аумақты алып жатқаны белгілі болды. Орал өзенінің көктемгі су тасқынының салдарынан ол жуылып, Сарайшықтың мәдени қабаты бұзылған. Бұл бұзылулар алдымен солтүстік және солтүстік-батыс бөліктерінде байқалады, өйткені ол Орал өзенінің жағасына жақын тұр. Алексеевтің мәліметтеріне қарасақ, ежелгі қала орнының солтүстік бөлігі Оралдың іріліміне дейін созылған, ол «Жилая Лука» деп аталған. Зерттеуші Лоскутовтың айтуынша, осы учаскеде ұзындығы 13 шақырым және ені 0,5 шақырым қала қабырғасының бөлігінен құралған дөң болған. Бұл учаске кейін өзеннің жаңа тармағымен шектеліп қалған.

1906 жылы Лоскутовтың суреттеуінше, Сарайшықтың бітімі қазіргімен салыстырғанда басқаша болған. Ол: «Место, на котором стоял древний Сарайчик, было ограждено с востока р.Уралом, с запада речкой Сарачинкой*, с юга и с севера – степями. Обе стены начинаются с востока, от берега р.Урал и, направляясь на запад, упираются в речку Сарачинку. Таким образом, площадь, занимаемая древним Сарайчиком, представляла вид почти правильного четырехугольника. Каждая такая стена равна одной версте приблизительно»³⁶⁸. Біздің уақытта төрт бұрыштың солтүстік-шығыс бұрышы толықтай жуылып кеткен. Қала қабырғасының ішінде оңтүстік бөлікте, Лоскутовтың айтуынша, өлшемі 250 көшет екпесі болатын дөң түріндегі цитадельдің қалдығы болған. «Этот внутренний вал, являлся, видимо, чем-то вроде Кремля среди других построек», – деп жазды ол.³⁶⁹ Ежелгі қазақ тұрғындарының аузынан жазылып алынған аңыздарға сүйене отырып, Лоскутов: «С южной стороны Кремля находилась башня из жженого кирпича», – деп жалғастырады.³⁷⁰

Едәуір мәдени қалдықтары бар «Жилая Лука» 1861 жылдан бастап 1931 жылға дейін 1230 м-ден 211 м-ге дейін тарылып қалды және ежелгі қала орнын солтүстік пен оңтүстікке бөлген мойнақ болып қалды. Тоғыз жыл өткен соң «Жилая Лука» аралға айналды. Оралдың жаңа тармағы ежелгі қала орнының орталық өзегі бойынша өтті. Осы үрдістердің нәтижесінде 1861 жылдан бастап 1950 жылға дейінгі аралықта ежелгі қала орнының – 360 га жоғалып кетті.

Қазына іздеушілер және ежелгі қала орнының кірпіштерін кесене салу кезінде шаруашылық мақсаттарға пайдаланған жергілікті тұрғындар оның бұзылуына септігін тигізді.

Сарайшық ежелгі қала орнына алғашқы археологиялық қазба жұмыстары кеңес дәуірінде Саратов қаласы ғалымдарының қатысуымен Н. Арзютовтың басшылығымен Қазақстанның қоғам тану Батыс Қазақстан бөлімінің экспедициясымен жүргізілді. Ежелгі қала орнының әр жеріне 13 шурф салынды, нәтижесінде тұрғын жайлардың қалдықтары және елеулі керамикалық материалдары анықталды. Ежелгі қала орнын зерттеу 1,5 м тереңдікте тоқтатылды, сондықтан Сарайшықтың мәдени қабаттарының стратиграфия мәселелері шешілмеген күйінде қалды.

Сарайшықтың жоғалып кетуі қауіпмен КазССР ҒА археологиялық экспедициясы А.Х. Марғұланның басшылығымен 1950-1951 жылдары дала маусымында топографиялық түсіріліп жасалып, ежелгі қала орны қазылды. Үш кезеңнің мәдени қабаты анықталды: Монғолға дейінгі, Алтын Орда заманы және Қазақ-Ноғай заманы. Кей жерлерде мәдени қабат төрт метрге жеткен.

Пішіні және өлшемі әр түрлі дөңбектер түріндегі ежелгі қала орнының бітімі қисық трапеция, ұзын жағымен оңтүстік-батысқа қараған. Ежелгі қала орнының көлденең бөлігі – 1,5 км. Ежелгі қала орны солтүстікте және шығыста Орал өзенімен, оңтүстікте және батыста Сарайшық өзенінің құрғақ арнасымен шектелген. Қақпаның орналасуы ежелгі керуен жолдарының бағытымен негізделген. Паллас: «вал со рвом... в окружности имеет до 5 верст, он начинается при угле тихо текущей из степи

* Бұл пайдамдау қате, өйткені батыс бөлігі саз балшық қабырғамен қоршалған.

речки Сарачик с Янком около 1,5 версты ниже нынешнего форпоста, потом продолжается вверх оной речки и напоследок обошед форпост кривизнами, кончается на Янке», – деп жазған.³⁷¹

Төменгі қабатта сұр күлдік түріндегі ежелгі мәдени қабаттама жапты, ол 3,4-3,7 м тереңдіктен табылды. Кейінгі замандардағы құрылыс жұмыстарының нәтижесінде мәдениет қабаттары кей жерлерде араласып кеткен. Дегенмен, ежелгі мәдениет қабатының қалдығы сұрғылт-жасыл түсті саздың жазық жолағы түрінде жақсы байқалады. Одан қолмен жасалған сұрғылт-қара түсті керамиканың фрагменттері табылды. Төменгі қабат, шамасы монғолға дейінгі кезеңде болған бір қоныстың тарихымен байланысты болған.

Екінші қабаттан төрт бөлмеден тұратын ғимараттың қалдықтары және Алтын Орда (XIII-XIV ғғ.) дәуірінің материалдық өндірісінің іздері табылды. Өсімдік және геометрлік оюлармен, құстардың бейнесімен өрнектелген және ақ, жасыл, көк, сары, феруза жылтырауығымен қапталған полихромды фаянс табақтар мен ыдыстардың елеулі бөлігі табылды. Шамшырақтар, хош иісті түтін шығаратын аспаптар, май шам ыдыстарын дайындау техникасы мен пішіндері өте жақсы, олардың көбісінде әр түрлі құймалары бар. Құйма емес ыдыстардың арасынан Сарайшықта пішіні мен көлемі әр түрлі тостағандар, табақтар, амфора тәрізді ыдыстар (манкус), тұтқасы жоқ құмыралар және құмғандар, сұйықтық құятын үлкен кубок, тегене (немесе тағана) және т.б. табылды. Сәулет ғимараттарын сәндеуге арналған көк, ашық көк, ақ, сары жылтырауықпен жабылған сәндік кеспе тақталар ерекше қызық. Олжалардың арасында XIV ғасырда соғылған мыс және күмістен жасалған тиындар, металлдық заттар, тастан, шыныдан жасалған әшекейлер, тастан жонып жасалған шырақтар бар.

Жоғарғы қабат Үлкен ноғай ордасы (XV-XVI ғғ.) заманының қала өмірін бейнелейді. Ең жоғарғы бөлігінде бытыраңқы жатқан адам сүйектері өте көп болды. Ұзындығы 2-3 шақырым үлкен мола осы жерде қандай да бір апаттың болғандығын дәлелдейді.

Орта қабаттан табылған жоғары көркемсурет керамика, шыны және фаянс бұйымдарының фрагменттері, сәулет ғимараттарын қаптауға арналған кеспе тақталар, тиындар, әшекейлер және т.б. Сарайшық қаласы ірі колонер орталығы болғандығын дәлелдейді. Ең негізгі керуен жолында тұрған



Сарайшық. Қабырға құрылысы.



Күйген кірпішке арналған пеш.



Муржалы пеш.

Сарайшық қолөнер өндірісін цехтік ұйымдастыру көлеміне жетті. Цехтарда қышпен жұмыс жасайтындар, құюшылар, ұсталар, зергерлер, сүйек оятындар, тас өңдеушілер және т.б. жұмыс істеді.

Археологиялық экспедицияның негізгі міндеттерінің бірі – Сарайшықтан Үргеншіге дейін, Сырдарияның төменгі ағысына, Торғай және Ұлытау даласына барған ежелгі керуен жолдарының іздерін анықтау болды. Экспедиция Сарайшық пен Үргенші арасындағы үлкен керуен даңғыл бойымен өтті. Экспедициямен Сарайшықтан Үстірттің бергі іргесіне дейінгі керуен жолында құдықтардың қалдықтары, керуен-сарайларының, ежелгі қала орындарының іздері байқалды.

Осы көрсетілген бағытта Ұшқан – ірі керуен-сарайы болды, ол Ембі өзенінің төменгі ағысы мен Үстірттің арасында орналасты. Орта ғасырлық Астана ежелгі қала орнының арасынан анағұрлым мұрагерлік Байтақ шатқалында, Үлкен Қобда өзенінде, Каспий теңізінен солтүстік-шығысқа қарай орналасты.

Батыс Қазақстанның қалалары мен қоныстары және олардың арасындағы ең ірісі Сарайшық жайылымдық мал шаруашылығының, отырықшы егіншіліктің және керуен жолдарымен байланысты сауданың үйлесімі негізінде пайда болды және дамыды. Қазақстанның ежелгі қалаларының пайда болу және дамуы тарихында осы шаруашылық түрлерінің үйлесуі шешуші роль атқарды.

XVIII-XIX ғғ. ҚАЗАҚ ЕСКЕРТКІШТЕРІНІҢ СӘУЛЕТІ (ОҚАЭ материалдары бойынша)

ОҚАЭ-мен қазақ шеберлерінің көптеген сәулет ескерткіштері зерттелді. Кеңгір, Сарысу, Нұра, Торғай, Есіл, Мойынты өзендерінің аңғарларында орналасқан сәулет ғимараттары сыртқы белгілері бойынша топталады, өзара құрылымының өзгешелігімен және сәндеуімен айрықшалаынады. Олар рулық топтың мәдени ескерткішін бейнелейді. Құрылыс өнері жағынан қарасақ, исламға дейінгі сәулет ғимараттары сияқты ішкі кірпіштен салынған киіз үй және шошақ ескерткіштер аса қызықты, олардың кейбірінің биіктігі 20 мге дейін жетеді.

XVIII-XIX ғасырлардағы қазақтың көрнекті сәулет ескерткіштері арасынан біз анағұрлым маңыздыларының сипаттама-сына тоқталып өтеміз.

Сарысу өзенінде Рахматолла, Әділбек, Қайдара кесенелері орналасқан.

Рахматолла кесенесінің пішіні сегіз қырлы, күйдірілген кірпіштен тұрғызылған. Кесенеге кіре берісте көлбеу аркамен қосылған екі пилон орналасты. Пилондардың сыртқы жағынан пішіні сопақ сүйір аркасы бар қуыс орнатылған. Кіре берісте кесілген, төрт бұрышты керамика тақталары екі қатар етіп орнатылған, олардың арасында кәдімгі кірпіш қаламасының қатары өтеді. Төменгі жиектің ортасы бойынша қисық керткітері бар сызықшаларды құрайтын кірпіш қаламасымен жиектің бүйірінде үзіліп қалады, сондай-ақ парапеттің төменгі шеті бойынша осындай сызықтар өтеді. Парапеттің жоғарғы бөлігінен жазуы бар, пішіні төрт бұрыш, он бір тақтадан құралған жиек өтеді. Олардың астында үзіктері бар үш сатылы тісті қалама өтеді, ол шағын карнизді құрайды. Парапеттің жазықтығы бойынша керамика тақталарынан құралған, тігінен орналасқан төрт қысқа жиек өтеді. Сипатталған тісті қалама кесененің артқы қыры табанының жоғарғы жиегін сәндідейді, төменірек пішіні тік бұрышты, кесілген тақталардан құралған екі белдік өтеді. Қасбеттен басқа, кесене қырларының жоғарғы бөлігі бүйірінен және төменгі қабаттарынан қисық керткі сызықтарымен көмкерілген ромб тәрізді кірпіш қаламасымен сәнділенген. Сызықтардан тұратын бүйірлі жиектер төменгі бөлікке дейін қырлардың төменгі жартысы бойынша өтеді. Төменгі бөлікте олардың ұштары тісті қаламамен салынған жиектермен қосылған. Домалақ пішінді барабан кесілген керамика тақталар қатарымен қоршалған, онда жарық люктері орналасқан. Ұшы куб пішінді жайпақ күмбез пішіні үшбұрыш кірпіштермен қапталған.

Кесененің ішкі қабырғаларында қуыстар орналасқан, олардың қырлары қуыстардың арқа доғаларының ұштары тірелетін, жоғарғы бөлігінде капительдері бар жұпты пилястрларды құрайды. Ойыс бұрыштар түріндегі жұпты пилястрлар кесененің сыртқы бұрыштарына сай келеді. Пилястрлардың ортаңғы бөлігінде карниз тәрізді хронштейндері бар. Пилястрлар еденге дейін жетпейді. Қабырға бойымен үш сәндік жол өтеді: төменгісі

және жоғарғысы кеспелі терракота тақталарынан, ортанғысы үш қатар кірпіш қаламасынан құралған. Жоғарғы жол капителі деңгейімен өтеді, онда аркалы доғаның ұштары аяқталады. Осы жиектен биік үшбұрыш түріндегі кірпіш қаламасы өтеді. Аркалы доғаның кеңістігін кәдімгі кірпіш қалама толтырады.

Рахматолла кесенесі XIX ғасырдың соңында қазақ сәулетшісі Әбіш Құнанқарамен салынды.

Әділбек (Түйе-мойнақ) кесенесі – күйдірілген кірпіштен салынған бетше босағалы күмбезді ғимарат. Кесенеге кіре беріс жақтары бойынша биіктігі 1,68 м-ге жететін тік бұрышты пилондар орналасқан. Кіре беріс үстіндегі жазықтықта пилястрлермен көмкерілген үш қуыс орналасқан. Парапеттің жоғарғы бөлігінде пішіні төрт бұрышты кеспелі терракота тақталардан құралған белдік өтеді. Парапет бұрышынан ~ 80 см қашықтықта жиектен төмен қарай дәл сондай тақталардың екі қатары өтеді. Парапеттің жоғарғы жиегі бойынша екі қатар кәдімгі кірпіш қаламасы және кірпіштердің бүйірлері қосарланған тісті қатар өтеді. Олардың және кеспелі терракота тақталарынан тұратын тақта арасында қарапайым кірпіш қаламасы өтеді.

Кесененің бүйір қабырғаларында және артқы қасбетте екі-екіден пішіні үшбұрышты қуыс және үш кең пилястрден орналасқан, олардың төменгі ұштары төменгі қабатқа дейін жетеді. Қабырғалар қуысының үстінде қасбеттегі сияқты керамикалық тақта, оның төменінен және жоғарғы жағынан бір қатар кірпіш қаламасы көмкереді. Қабырғаның жоғарғы жиегі бойынша екі қатар кәдімгі кірпіш қаламасы және кірпіштердің бүйірлері қосарланған тісті қатар өтеді. Кесененің іргетасы ~ 18 см кесек тастардан салынған.

Кесене камерасының бұрыштарында сталактиттер түрінде орындалған тромп жиегі бар терең қуыс орналасқан. Қуыстың ортанғы және жоғарғы бөлігі кеспелі терракота тақталарымен сәнделген. Сталактиттердің үстінде арка доғаларының кеңістігін толтыратын кірпіштер қатары өтеді, олардан жоғары жарты айдың бейнесі бар барельеф орналасқан. Ойыс үшбұрыш пішіндегі пилястрлердің капителі бар, олар арка доғаларының негізін құрайды, өйткені оған жарты сфера пішінді күмбез орналасады.

Ақайлара кесенесі – Сарысу өзенінің оң жағасындағы биік террасада, Қаражардан 50 шақырымға биік террасада орналасқан.

Тік бұрышты композициялы ғимараттың күмбезі жоқ, төрт бұрышында алып колонналар орнатылған. Колонналар аяқталмаған. Колонналардың жоғарғы жағын кірпіштердің бүйір бөлігімен тігінен қойылған жиектер сәндейді. Дәл осындай белдіктер сыртқы колонналарды аяқтайды. Орталық қасбет оңтүстік-шығысқа қараған (Сарысу өзені жағына). Бетше босағасы араларында сүйір пішінді арка орналасқан екі биік пилондардан тұрады. Бетше босағаның қуыс тереңінде пішіні сүйірл, сопақ арқасы бар кіре беріс орналасқан. Кіре берістің үстінде терең емес тік бұрыш қуыс бар.

Пилондар арасындағы парапетте кірпіштердің бүйір бөлігімен тік қойылған жиек, одан жоғары крест тәрізді фигуралардан белдік өтеді. Парапеттің үстінде екі шағын мұнара бар. Колонналар мен қасбет пилондарының арасында үш-үш қуыстан орналастырылған: біреуі – ең үлкені қабырғаның төменгі бөлігінде, ал екеуі – жоғарыда. Кесененің басқа қабырғалары пилястрлері бар пішіні тік бұрышты 12 қуыспен сәнделген. Қуыстың жоғарғы жиегінің бойында шығып тұратын тар белдік кәдімгі кірпіш қаламасынан тұрады.


Кесененің ішкі қабырғаларында пилястрлары бар үш-үш қуыстан орнатылған, ал бұрыштарында сталактиттері бар терең емес қуыстар бар (13 қатар кірпіш).



Рахматолла кесенесі.



Рахматулла кесенесі.




Рахматулла кесенесінің жоспары.

Сарысу өзенінің сол жағасынан 200 метр жерде, Бөрібас шатқалынан оңтүстік-батысқа қарай Жамбеке және Қамбеке кесенелері орналасқан.


Қамбеке кесенесі – қызыл күйдірілген кірпіштен салынған, пішіні куб тәрізді ғимарат. Кіре берісі бар негізгі қасбет оңтүстікке қараған, кезектесіп келген кеспелі терракота тақталары мен тісті қаламаның қатарымен сәнделген. Лақыттың ішінде күмбезді шошақ қылып ұстап тұрған бұрыштық тромптар орналасқан.

Жамбеке кесенесі Қамбеке кесенесінен солтүстік-шығысқа қарай орналасқан. Күйдірілген кірпіштен салынған, пішіні куб тәрізді ғимарат. Кешененің бұрыштары тік қойылған, тегістелген кірпіштердің бес қатарынан құралған шығынқы, домалақ мұнаралармен безендірілген. Қасбеті оңтүстікке қараған, кіре берістің үстінде сопақша пішінді арка бар. Тимпанда екі қуыстан орнатылған, әр қайсысында төрт-төрттен терракота тақталары бар. Кесененің қасбеті және қабырғалары тұтас және тісті қаламаның кезектесіп қалануымен сәнделген, олардың жоғарғы жағында қаламалардың қатары арасында кеспелі терракота тақталарынан белдік өтеді.

Лақыттың ішіне күмбездегі жасалған пішіні төрт бұрышты,



Өддібек (Түйемойнақ) кесенесі.



Ахайдар кесенесі.

шағын төрт люкпен жарық түскен. Ішкі жайдың солтүстік қабырғасында (кіре беріске қарсы) үш қуыс орын алған. Кесененің төрт бұрышты негізінен шошак пішінді күмбезге ауысу бұрыштық тронитардың көмегімен жүзеге асты.

Қонысбай-Лабақа мазары Кенгір өзенінің сол жағында, XIX ғасырда күйдірілген кірпіштен салынған Жошы ханның кесенесінен солтүстік-батысқа қарай орналасқан.

Куб пішінді ғимараттың күмбезі жоқ. Негізгі қасбетте терең емес қуысы бар сүйір арка бар, онда кіре беріс орналасқан. Сүйір арканың үстінде пішіні домалақ ұшы бар. Кесене өте қарапайым әсемделген. Фриз бойынша кесілген төрт бұрышты тақталардан құралған екі белдік өтеді. Кесененің бүйір қасбеттері «шыршалы» түрде бедерлі кірпіш қаламасымен сәнделген.

Қонысбай-Лабақа мазары орналасқан некропольде жартылай құлаған «Кішкентай» (XVIII ғ.) кесенесі орналасқан, ол кілемді суретпен көмкерілген.

Жүздена кесенесі – бетше босағалы-күмбездік ғимарат Алаша ханның кесенесіне жақын орналасқан. XIX ғасырдың ортасында қазақ шебері Сералы Еламанұлымен ірі феодал найман руынан шыққан Ердіңнің тапсырысы бойынша ағасы Жүзденнің моласының үстіне тұрғызылған ол Алаша хан кесенесінің нашар көшірмесі.

Кесене саз балшық-саман ерітіндісіндегі күйдірілген кірпіштен құралған. Байырғы адамдардың айтуынша, кірпішті дайындау үшін оның мықты қылу үшін қойдың сүті қосылған. Бұл ғимарат куб пішінді жарты сфералы күмбезі бар.


Кесененің негізін ішкі орам бойынша бүйір жақтарының өлшемі 5,38x5,43 м болатын төрт бұрыш құрайды. Бетше босағаның жарты шеңберлі аркасы бар. Арканың архивольті алты қырлы төрттен үш колонналарға тіреледі, олар пилондардың ішкі бұрыштарының кертпеңдерінде тұр. Арка үш жағынан кесілген, пішіні төрт бұрышты тақталар белдігімен көмкерілген. Фриз сегіз бұрыштардың суреті бар, пішіні төрт бұрышты тақталар жиегінен тұрады. Дәл осындай жиек қалған қабырғалардың жоғарғы бөлігінен өтеді.

Бүйір қабырғалардың алдыңғы бөлігі «шыршалы» кірпіш қаламасымен сәнделген. Бүйір қабырғаларының басқа жері және негізгі қасбет ромб түріндегі бедерлі кірпіш қаламасымен сәнделген.

Осы ескерткіш композицияның көлемі, сәнделгені және құрылыс ісінің сапасына қарағанда Алаша хан кесенесінен әлдеқайда нашар.

Мөддір-байбине кесенесі Сарыкентір өзенінде орналасқан.

Ғимарат жоспары бес күмбезі бар крест тәрізді күйдірілген кірпіштен тұрғызылған. Кресттердің ұштары бес-бес қырдан. Қасбеті оңтүстік-шығысқа қараған. Кіре берістің алдында бір



Ақайдар кесенесінің жоспары.

көлбеу аркамен қосылған екі пилон тұр. Кіре беріс алдындағы жазықтық екі қатар тісті қаламадан тұратын төрт тік жиекпен сәнділенген. Қасбеттің бүйір қырларының ортасында, сондай-ақ фриздан төменгі қабатқа дейінгі кесененің барлық тар қырларынан осындай жиектер өтеді. Кесененің барлық кең қырларында төменгі және жоғарғы қуыстан бар, олар ромб түріндегі әшекейлі кірпіш қаламасымен сәнділенген. Кең қырлардың қуыстары арасында және кесененің барлық тар қырларынан ұштары қасбеттегі пилондарға тірелетін, тегістелген кірпіштердің үш қатарынан дөңес жиек өтеді. Кесененің фризи бедерлі және қарапайым қаламасы кезектесіп салынған. Кесене қырларының фризи астында ірі тақталарда араб қаріптерімен жасалған жазу орналасқан.


Теректі шағқалында екі мазар – Өтеулі күмбезі және Өтеп мазары орналасқан.

Өтеулі күмбезі – күйдірілген кірпіштен куб пішінді етіп жасалған, ол белгілі қазақ сәулетшілер әулетінен шыққан сәулетші Данияр Қорібайұлының еңбегі.

Барлық сыртқы қабырғалар пиләстрлері бар екі қатар қуыстармен (жоғарғы және төменгі) сәнділенген. Қуыстар қатарының арасында бүкіл периметрі бойынша тегістелген кірпіштердің екі қатарынан жолақ өтеді. Карниздің астында



Қамбеке және Жамбеке кесенелері.



Қамбеке кесенесінің бұрышы.



Жамбеке кесенесі.

бүкіл периметр бойынша ажырамалары аз кірпіштердің бүйіріні қаламасы өтеді, төменірек кесілген терракота тақталарынан құралған жолақ өтеді.

Ортасында кішкентай ұшы бар жалпайтылған аласа күмбез цилиндрлік барабанда орналасқан, ол тропиқтардың жолағымен қолданады. Барабанның төменгі бөлігі кәдімгі кірпіш қаламасымен қапталған, одан жоғары кесілген терракота тақталарынан құралған жолақ өтеді, барабанның жоғарғы қырымен ажыраулары бар қосталған кірпіштердің бүйірлерінен тісті қалама жиегі өтеді. Ғимараттың биіктігі – 3,80 м, күмбезімен – 5,0 м. Ғимараттың биіктігіндей болатын кесененің кіре берісінің биіктігі (бір метрден кем емес) бірден көзге түседі.

Өтеп мазары – күйдірілген кірпіштен крест тәрізді етіп жасалған. Осы тектес мазарлар сәулетшілердің ойынша отбасылық сағана құраған, онда отбасы қожайыны ортада көмілген, ал оның жақындыры крестің ұштарында көмілген.

Крест қырларының бұрыштары тік бұрышты және домалақ мұнаралармен бөлінген.

Ұлытау ауданында Қоянды тауында Есенбектің, Нұрманның,



Кішкентай кесенесі



Қонысбай-Лабақа мазары

Токсанның, Наурызбайдың кесенелері және №1-ші кесене орналасқан, олардың сипаттамасына тоқталып өтейік.

Есенбек кесенесі күйдірілген кірпіштен салынған бетше босағалым – күмбездік ғимарат. Куб пішінді, бетше босағасы қарапайым, барабаны және шошақ күмбезі бар кесене.

Бетше босағаның ортасында арқасы бар терең емес қуыс

орналасқан, ол жерде кесенің кіре берісі бар. Кіре беріс «шырша» етіп жасалған кірпіш қаламасының жиегімен белдеуленген.

Кесененің карнизі тегістелген кірпіштердің екі қатарынан жасалған, цилиндр пішінді кескіні анық. Олардың астында кесененің бүкіл периметрі бойынша үш жиек өтеді: жоғарғысы – кірпіштерді бұрыштап қалау, ортанғысы «шыршалы» және төменгісі кесілген терракота тақталарынан орындалған. Бүйір қабырғаларының және сыртқы қасбеттің орталық бөлігі «шыршалы» кірпіш қаламасынан құралған жиекпен көмкерілген.

Төрт бұрыш негізден күмбез орналасқан барабанға өтуі арқасы бар қуыстардың және қабырғаның қалыңдығымен көмегімен дәстүрлі құрылыс әдісімен жүзеге асқан.

Нұрман кесенесі құрылысы бойынша куб пішінді, кішкентай бетіле босағалы-күмбездік ғимарат, ол күйдірілген кірпіштен салынған. Сопақ сүйір арқасымен және терен емес қуысы бар кесененің бетіле босағасы арқылы кіре беріс бар жерде орналасқан. Кіре берістің алдында және кесененің бүкіл периметрі бойынша кесілген төрт бұрышты тақталардан құралған жиек өтеді, оның үстінен астынан және жоғарғы жағынан тегістелген кірпіштердің қалама қатарымен көмкерілген, дәл сондай тақталар жолағымен сәнділенген фриз өтеді. Парапеттің жиегі «гуськи» кескінделген кірпіш қаламасымен сәнділенген.

Бүйір және артқы қасбеттерде кірпіш қаламасымен «шыршалы» кілем суреті салынған.

Төрт бұрыш негізден барабанға өту троптардың көмегімен жүзеге асқан. Шошақ күмбез цилиндрлік барабанның үстінде тұр. Күмбез бен барабан кәдімгі кірпіш қаламасымен қапталған.


Нұрман кесенесі түзу пропорциясымен, әсем күмбезімен, қарапайым сәнділеуімен және тамаша құрылыс ісімен ерекшеленеді.

Төрт қара руынан шыққан Токсан кесенесі күйдірілген кірпіштен салынған, крест тәрізді етіп салынған, крестердің ұшы төрт жаққа бағдарланған.

Сәулетшінің ойынша бұл отбасылық сағана, ортасында отағасы, ал крест тәрізді ғимараттың шет жақтарында – отбасы мүшелері жерленген. Оңтүстік бөлікте жоғарғы жағында сопақ пішінді кіре беріс орны бар. Фриз үніктері бар тік қойылған кірпіштер қатарының жиегімен әсемделген. Кесене қырларының




Жүзден кесенесі.



Жүзден кесенесі. Бүйір және артқы қабырғалары



Мəлдир-бəйбишə кесенəsi.



Мəлдир-бəйбишə кесенəсінің жоспары.

кыяқ бұрыштары тегістелген кірпіштердің алты қатар етіп қойылған қаламасынан тұрады. Кесененің үстінде шошак пішінді бес күмбез орналасқан. Орталық күмбезде екі жарық люктері орналасқан.

Наурызбай кесенесі Тамды өзенінің жағасында орналасқан. Ол биіктігі 7 м күйдірілген кірпіштен тұрғызылған бетше босағалы күмбезді ғимаратты құрайды.

Кесененің бетше босағасындағы сүйір арканың биіктігі — 3



1




2

Өтеулі күмбесі: 1 — алды; 2 — артқы;


м, ені – 1,5 м, жарты кірпіштей архивольті бар. Бетше босағалы қуыстың тереңінде биіктігі – 1,7 м кіре беріс жасалған. Бетше босағаның маңайында «қошқар мүйіз» оюы бар кеспелі терракота тақталарынан жасалған жиек өтеді. Паралеттің жоғарғы бөлігінен сегіз қырды бейнелейтін шаршы пішінді анағұрлым ірі тақталар жиегі өтеді. Паралеттің бұрыштарында кірпіш қаламасымен жиектелген, тегістелген кірпіштен салынған домалақ мұнаралар орналасқан. Бүйір қабырғалардың жоғарғы шетімен және артқы қасбетте сегіз бұрышты тақталардан жасалған жиек өтеді.

Барабан және күмбез кәдімгі кірпіш қаламасымен қапталған. Барабанда пішіні шаршы терезелер орналасқан, одан лақыт ішіне жарық түскен.


Кесене № 1 - пішіні куб, бетше босағалы-күмбезді ғимаратқа тиісті. Бетше босағада кіре беріс орналасқан саяз қуыс бар. Пештақта да, кіре берісте де солақша пішінді сүйір арка бар. Қуыстың айналасы «шыршалы» кірпіш қаламасымен жиектелген. Негізгі қасбеттің бұрыштары бойынша домалақ колонналар орналасқан. Олардың арасында фриз бойынша сәндік жиектер өтеді: төменгі бөлігі «қошқар мүйіз» өрнегі бар кеспелі терракота тақталары, одан жоғарыға қарай «шыршалы» қалама кетеді. Төменгі паралеттің деңгейінде, кесене периметрінің бойында «гуськи» түріндегі кескіні бар дөңес жиек өтеді. Паралеттің жоғары бөлігінде «қошқар мүйіз» өрнегі бар тақталар белдігі өтеді, оның үстіне бұрыштан қалау арқылы кірпіштер қатары өтеді. Бүйір қабырғалар және артқы қасбет негізгі қасбет сияқты



Өтеп мазары



Өтеп кесенесінің бөліктері.



Өтеп кесенесінің жоспары.

ажарландырылған.

Шошақ пішінді аласа күмбез торыттар белдігіне тірелген барабанға орналасқан.

Торғай өзенінде екі әдемі кесене орналасқан.

Құртоғай шатқалындағы кесене – бетше босағалы-күмбезді ғимарат. Оның негізі ішкі орам бойынша бүйір жақтарының өлшемі – 7,0x7,5 м шаршыға тең. Саз балшық ерітіндісіндегі қызыл кірпіштен тұрғызылған.

Кесененің бетше босағасы – сүйір аркалы, жарты шеңбер пішінді. Аркалы қуыстың тереңінде кіре беріс орналасқан. Арканың үстінде және оның бойымен кесілген шаршы пішінді

(22x22 см) тақталардан құралған жиек өтеді. Дәл осындай жиек парапет бойынша өтеді. Парапеттің жоғарғы шеті кәдімгі кірпіш қаламасының төрт қатарынан құралады, төменірек бұрышымен қойылған кірпіштердің екі қатары өтеді. Бүйір қабырғалардың төменгі бөлікке дейінгі аумағы «шыршалы» үлгісіндегі кір-



1



2


Есенбек кесенесі. 1 — жалпы көрініс, 2—құмбез;

піш қаламасымен қаланған. Олардың жоғарғы бөлігі қасбеттің жоғарғы сияқты сәнділенген.

Шаршы негізден құмбезге ауысу дәстүрлі құрылымдық әдісі арқылы жүзеге асты, яғни қабырға бұрыштарында және қалыңдығында аркалары бар сегіз қуыс лақыт орнататылған, олардың үстіне жарты сфералы құмбез орныққан.



1



2

Нұрман кесенесі. 1 — жалпы көрініс, 2 — құмбез;

Байходжа кесенесі — композициясы бойынша бетше босағалы-күмбезді ғимаратты құрайды. Кесененің негізгі қасбетінде тереңінде кіре беріс орнаған қуысы бар сопақша келген сүйір аркасы бар. Қасбеттің төрт жағында сүйір пішінді, жоғарғы бөлігі үшкіл үлкен қуыстар орналасқан. Парапеттің жоғарғы бөлігінен құйма шаршы тақтадан құралған жиек өтеді, оның үстінде кірпіштер бұрыштап қаланған.

Кесенің басқа қабырғаларында кілемді өрнегі бар екі қуыс орналасқан. Қуыстың жоғарғы бөлігінің профилі домалақтау. Қуыстың астында кесененің парапетіндегідей жиектер өтеді.


Бір лақытты жайдың бұрыштарында және қабырға қабындығында аркалары бар қуыс орналасқан, оның үстіне домалақ барабан пен күмбез орныққан.

Исақтың күмбезі композициялық жоспары бойынша орталық-күмбезді құрылысты құрайды. Бетпақдала оңтүстік-шығыс шөлінде, Ақмандай шатқалында, Сорбұлақ Шойбектен 15 шақырым солтүстік-батысында орналасқан. Өлшемі — 55x25x10 см шикі кірпіштен салынған. Орталық ғимараттың жоспары шаршы пішінді. Кесенеге кіре берістің төрт жағында шошак басты, цилиндр пішінді екі мұнара орналасқан. Орталық бөлікке үш жақтан тік бұрыш пішінді қосарлана салынған жай тұрғызылған: орталық бөліктің үстінде — шошак пішінді үлкен және бүйір қосарлана салынған жайлардың үстінде — домалақтау пішінді үш кішігірім күмбез салынған. Орталық ғимараттың қабырғалары өсімдік және геометрлік оюмен сәнделген.

XVIII-XIX ғасырларда Көктас өзенінің аңғары Кіші жүз



Тоқсан кесенесі



Тоқсан кесенесі

қазақтарының Там, Алшын және Жағалбайлы руларынан шыққан малшылардың сүйікті орны болған. Оған шошак пішінді шикі кірпіштен және күйдірілген кірпіштен салынған көптеген бейіттер дәлел болады. Өлке некролінде қазақ батыры Уақ руынан



Наурызбай кесенесі. 1 — жалпы көрінісі.



2



3

Наурызбай кесенесі. 2 — жалпы көрінісі;
3 — кесене-күмбесі;

шыққан Берді-Ходаның (XVII ғ.) кесенесі және рулық некрополь «Қостам» (Қарабидайық) орналасқан. Бейіттерден басқа мұнда қыстау-қыстақтардың ескі жұрты және кейінгі суарудың іздері бар.

Отыншы мазары Бетпақдалада, Өлке оазисінде орналасқан. Шикі кірпіштен салынған және күйдірілген кірпішпен қапталған.

Кіре беріс астындағы қасбет жазығы екі домалақ қуыспен сәнделген, кіре беріс және оның төрт жағындағы екі қуыс арка




Қортоғай кесенесі.

болып аяқталған. Артқы қасбеттің бұрыштарына домалақ колонналар орнықтырылған. Бүйір қасбеттердің жоғарғы бөлігінде көлбеу аркалармен жабылған төрт қуыс орналасқан, жұпты қуыстардың арасында пиләстр өтеді. Кесененің периметрі бойынша оның жоғарғы және төменгі жарты бөліктер арасында, қабырғалардың жазығының үстінде қимасы сопақ жиек шығып тұрған.

Мазардың ішкі жайы екіге бөлінген: алдыңғы және артқы. Алдыңғы жайда бүйір жақтарының өлшемі — $1,2 \times 0,97$ м екі тік бұрышты қуыс орналасқан. Оңтүстік бөлігіндегі есіктің өлшемі — $1,6 \times 0,70$ м. Артқы жайға апаратын есіктің өлшемі — $1,66 \times 1,0$ м. Екі жайда үш қуыс бар, ең үлкені шығысқа қараған, оның өлшемі — $1,30 \times 1,17$ м. Қалған екі қуыстың өлшемдері бірдей — $1,15 \times 1,05$ м, олар оңтүстік және солтүстік қабырғаларда орналасқан. Солтүстік қабырғада таға тәрізді пішінді терезе бар. Терезенің өлшемі — $0,75 \times 0,65$ м. Сфера пішінді екі күмбез «шыршалы» үлгісіндегі кірпіш қаламасымен жабылған. Алдыңғы күмбездің кішкентай ұшы бар. Күмбездер тромптардың жиектерінде орналасқан.

Ерішман мазары шикі кірпіштен жасалып, Мойынты




Байхатъ кесенеси



Байхатъ кесенеси



1



2

Исак кумбазі: 1 – жалпы көрінісі; 2 – кумбаз жослары;

өзенінің оң жағасының аңғарында, Мойынты станциясынан 18 шақырым жерде орналасқан. Ішкі орам бойынша бүйір жақтарының өлшемі – 10x10 м шаршы композициялы ғимарат. Шаршылы негіз қаламаның шеттерін біртіндеп көтерумен тұрғызылған.

Мазардың кіре берісі екі пиләстрмен ерекшеленген, оның бүйірлерінде жарты кірпіштей үшбұрышты қуыстар орналасқан. Бүйірлі және артқы қасбетті дәл осындай үш қуыс сәңдейді. Қуыстардың үстінен екі сәндік белдік өтеді: төменгісі – ара тәрізді өрнек, жоғарғысы – тісті өрнек. Шаршы ғимараттың үстінде екі шаршы барабан орналасқан. Жоғарғы барабанда екі жарық люктары бар. Барабандардың үстінде қонырау тәрізді биіктігі 4 м күмбез орналасқан.

Лақыттың үш қабырғасында шырақ үшін пішіні үшбұрыш қуыстар жасалған, оларда ыстың іздері қалған.

Асылбай күмбезі Мойынты станциясынан 25 шақырым солтүстік-батысқа қарай орналасқан, ірі шикі кірпіштен (40x20x10 см) салынған. Ұсақ тас пен малта тас араласқан саз балшық цементтейтін материал болған. Күмбездің пішіні будданың «субурганын» еске салады. Сыртқы қабырғалар тереңдігі жарты кірпіш қуыстармен сәңделген, олар қалама қатарын біртіндеп көтеру жолымен жабылған.

Кесененің қасбетінде сопақ аркамен қосылған екі пиләстр салынған, олардың арасында кіре беріс орналасқан.

Күмбезде екі домалақ барабан бар, олардың жоғарғысы аркамен аяқталатын қуыстармен ажарландырылған. Жайпақ



Бетпақдала. Өлке оазисі. Қазақтардың мазары.



Отыншы мазары

күмбездің үстінде цилиндр пішінді шиль бар. Бір лақытты жайдың қабырғалары астынан үстіне дейін сыланған. Қабырғадан күмбезге ауысуы білінбейді. Күмбезде жеті сағана бар.

Кіре берістен 12 метрде қапшықтықта шаршы қимасындағы биіктігі 1,2 м екі бағана орналасқан, ол күмбез сияқты шикі кірпіштен жасалған. Бұл – ат байлайтын жер.

Мойынты өзенінің аңғарында Тышқанбай күмбезі бар. Шаршы композициялы ғимарат ірі шикі кірпіштен жасалған. Басты қасбеттің бұрыштарында ұшында шошақ пішінді мұнара орналасқан. Кіре беріс бөлігі екі пиләстрмен бөлінген. Қабырғадан барабанға ауысуы бұрыштық троптардың көмегімен жүзеге асты. Кесенде екі барабан – домалақ (төменгі) және қыяқ шошақ түрінде (жоғарғы) орналасқан, жоғарғысында жарық люктері орналасқан. Олардың үстінде шеттері жоғарыға қарай біраз майысқан шошақ пішінді күмбез орналасқан.

Қыдырбай күмбезі Мойынты өзенінде, ірі шикі кірпіштен тұрғызылған. Күмбез негізгі қасбеттің бұрыштарында екі колонналары бар шаршы пішінді. Кіре беріс бөлігі алып қабырғалары бар дәлізбен бөлінген. Кіре берістің сол жағынан шикі кірпіштен шаршы пішінді қосарлана жай салынған. Домалақ ұшты күмбездің бұрыштары қиылған, аласа, шаршы барабанның




Ершман мазары

үстінде орналасқан, барабанда екі жарық люктері бар. Күмбездің ішінде сағана бар.

Кіре берістен 12 метрде шикі кірпіштен салынған, қимасы төрт бұрыш екі бағаннан тұратын ат байлайтын орын орналасқан.

Аққүшік кесенесі Науалы өзенінде (Мойынты өзенінің тармағы) орналасқан. Шикі кірпіштен шаршы етіп салынған. Кіре беріс бөлігі дромос тәрізді еніс қабырғалы ұзын дәлізбен бөлінген. Үшы қонырау тәрізді күмбез алты қырлы барабанда орналасқан. Барабанның солтүстік және шығыс жағынан люктер орналасқан, одан бөлмеге жарық өткен.

Қабырғадан күмбезге өту бұрыштық парустар арқылы



1




2

өз. Мойынты аңғары. Асылбай күмбезі: 1-күмбез, 2-бүйір қабырғасы.



1



2


Тышқанбай кумбесі: 1— Тышқанбай кумбесінің алды
2— кумбес жобасы.



Аққушік кумбесі.

жүзеге асқан. Кесене сыртынан да, ішінен де сыланған. Үш қабырғаның ішінде, алдыңғысынан басқа шамдар үшін терең қуыстар жасалған, олардың жоғарғы бөлігі «қошқар мүйізбен» өрнектелген.

XVIII-XIX ғасырлардағы ескерткіштердің азғантай сипаттамасы сәулет ісінде осы заманда пайда болған композициялық шешімдер мен орта ғасырларда қалыптасқан құрылыс дәстүрлері сақталғанын білдіреді.



Қазан қаласындағы меккеден қалған ежелгі құрылыс суреті.

ҚОРЫТЫНДЫ

Құрылыс ісі Қазақстанның аумағында қола дәуірінде пайда болды және оның тұрғындарының өміріндегі біршама өзгерістеріне тәуелді болды және тас құралдардан металл құралдарына ауысумен, алғашқы қауымның мал шаруашылығымен айналысумен байланысты болды. Қола дәуірі үй-жайларының құрылымы ұжымдық шаруашылық түрімен және рулық ұйымның ережелерімен анықталды. Егер неолит және энеолит дәуірлерінде табиғи паналар (үңгірлер) үй-жай ретінде қолданылса, онда қола дәуірінде кетпеннің туындауымен арғы тек жертөлелер мен жартылай жертөлелер жасай бастады.

Қола дәуірінің соңында ежелгі рулық ұйымдар мал шаруашылығымен айналысатын тайпаларда түбегейлі өзгерістер өтеді. Бір лақытты үй-жайлардың орнына жеке-жеке ошақтары бар бірнеше жайларға бөлінген үй-жайлар пайда болады. «Ұзын үйлерде» жай кеңістігі тас қабырғалары және тіреу бағаналары бар жайларға бөлінді. Көп лақытты үй-жайлар патриархалдық үйде кіші отбасылардың оқшауланғанын дәлелдейді.

Қола дәуірінде құрылыс ісінде жетістіктерге жетуде, ең алдымен, көлемдік-кеңістіктік құрылымның және күмбездің шешімдерін жатқызуға болады. Олардың бірі – анағұрлым ежелгі уақыттан бастау алады және тігінен жерге қазылып көмілген, ірі тас гранит тақталарынан немесе құмдақтан салынған құрылымды құрайды. Екінші әдіс – жалпақ тастарды көлденең қалау. Алып тас кесектерін тік қою, тас тақталарды көлденең қалау және шатыр құрылысын пирамидалы-сатылы қылу арқылы ежелгі құрылысшылар жазық кеңістікте күрделі құрылым идеясын іске асырды.

Ежелгі Қазақстанның сәулетінде тас құрылымдар ерекше орын алады, олар – мегалиттік ғимараттар Беғазы I, 2, Бұғұлы III, Саңғыру I, Ақсу-Аюлы II. Ежелгі құрылыс мәдениетінің ескерткіштері тайпа басшыларының үлкен жер асты қабірлерін

құрайды. Үш мың жыл тұрған олардың мықты қабырғалары ежелгі адамдардың таңғажайып дене күшінің және мықты рухтарының болғандығын дәлелдейді. Осы алып ғимараттар өзінің алыптылығымен және құрылыс өнерімен жер шарының әр бұрышында орналасқан әйгілі ежелгі ескерткіштермен қатар тұр. Осы сәулет ескерткіштерінің арасында шатырдың пирамидалы-сатылы құрылымы таң қалдырады. Қола мәдениетінің кемелдену кезеңінде алып гранит кесектерінен сәулетті кесенелерді тұрғызу кездейсоқ туындаған жоқ. Осындай көлемді кәсіпшілік салу патриархалды-рулық қоғамның экономикалық даму шартында ғана мүмкін болды, ол ең алдымен кен ісінің және металлургияның дамуымен тығыз байланысты.

Бегазы-дәндібай заманында (б.з.б. X-VIII ғғ.) байқалған мал шаруашылығының қарқынды дамуы Орталық Қазақстанның ежелгі тайпаларының шаруашылығы мен тұрмысындағы өзгерістерге әкелді.

Қола дәуірінің соңында (б.з.б. VIII-VII ғғ.) және ежелгі көшпенділер дәуірінің әуелгі кезеңінде Қазақстанның байырғы тұрғындарының жайылымдық мал шаруашылығынан, көшпелі мал шаруашылығына көшуі байқалды. Мал санының өсуі қысқы жайылымдықтардан жазғы жайылымдықтарға жыл сайынғы көшуіне әкелді. Көшпелі шаруашылық жүйе ретінде, нақты бір аумақ ішінде (тайпалық, рулық, қауымдық) жайылымдық алқаптарды ұтымды пайдалануға негізделді және белгілі бір әлеуметтік және табиғи-климаттық жағдайларда пайда болды. Мал басының көбеюімен қауым ішіндегі теңсіздік үрдісі күшейе түсті, сөйтіп көне рулық ұйымның негіздері бұзылды. Бұл дәуірде бай мен кедей деген мүлктік бөліністің бастамасы байқалады.

Қазақстанның ұлан-ғайыр даласы көшу феномені пайда болған жана дәуірдің туындауына өте жағымды болды және екі мыңнан аса жыл сақталды.

Қол дәуірінің соңында және ежелгі көшпенділер дәуірінде Қазақстан және Оңтүстік Сібір аумағында отырықшы (шошала) және көшпелі өмір салтына (киіз үй) ыңғайластырылған жер үсті үйлер пайда болады.

Қазақстанның құрылыс ісінің тарихында осы кең-байтақ жерді мекендеген этностардың шамандық идеологиясымен және ежелгі наным-сенім тәнірге табынумен байланысты оба

мәдениеті ерекше орын алады. Ежелгі обалар тайпалық одақтар ғұндардың, үйебандардың, кангюйлердің тарихына, анағұрлым кейінгілері – қыпшақтардың, карлұқтардың, басмилдердің тарихына тиісті. Оба мәдениеті құрылысында ежелгі көшпенділер тарихына тиісті «сәулелі» обалар ерекше орын алады. Олар Шығыс жотасынан Тобол өзенінің жоғарғы бойына дейінгі бүкіл Орталық Қазақстанға таралған. Обадан келетін екі «сәуле» қоршауды білдіреді, оның ішінде аты шыққан жауынгердің немесе тайпа басшысының «мәңгілік үй-жайы» болған.

Көшпелі өмір салтының туындауымен Сырдария, Аңрен, Шыршық, Келес, Талас, Шу өзендерінің аңғарларында антика заманында алғашқы қоныстар мен қалалардың пайда болуы байланысты. Сақтар, ғұндар, үйсіндер, қиялылар, оғыздар қала мәдениетінің негізін қалаушылар болды. Қалалар мен отырықшы қоныстар Оңтүстік Қазақстанда – Сырдарияның жағасында, Қаратау тау алдында, Талас аңғарында, Жетісуда ғана емес, сондай-ақ таза көшпелі аймақ деп танылған Орталық Қазақстанда да болды. Алғашқы қоныстардың пайда болуымен көшпелі қоғамның өмірін қамтамасыз етуге арналған шаруашылық саласының пайда болуы байқалады. Көшпелі және отырықшылық шаруашылықты үйлестіру Қазақстан аумағында ежелгі заманнан кейінгі қазақтарға дейінгі уақытқа созылған тайпалардың бүкіл тарихынан өтеді. Көшпелі мал шаруашылығы және отырықшы егіншілік қоғамның бір экономикалық негізін құрады. Көшпелі және отырықшылыққа көшу үрдісі өзара байланысты болды. Көшпенділер оқтын-оқтын қоныстар мен қалалардағы отырықшы халықтың қатарын толтырған, ал отырықшылар мал санын көбейтіп көше бастаған.

Б.з.б. IX-VII ғасырларда қалыптасқан жайылымдықтар мен су көздерін маусымдық бөлуге негізделген жайылымдық-көшпелі жүйе мыңдаған жылдарға дейін өзгеріссіз қалды. Қалалар мал шаруашылығы және егіншілік шаруашылығының басты салаларының, колонер өндірісі мен сауданың арасындағы байланыстырушы тізбек болды. Дала өркениеті, тұрақты және қозғалмалы тұтастық ретінде көшпелі және отырықшы өмір салтын өзара толықтыруға негізделген болды. Шаруашылықтың басты түрлері – мал шаруашылығы мен егіншілік бүкіл Қазақстан тұрғындарының өмір сүру шарты болды.

Осы дәуірдің ескерткіштері өмірі мал санының өзгеруіне

байланысты болған жартылай отырықшы қоғамның тұрақтанып, даму тарихын бейнелейді. Мал басының көбеюімен көшу радиусы кең құлаш жая бастайды. Бұл Талас және Шу өзендерінің жайылымдықтарынан Орталық Қазақстанның далаларына дейін баратын меридиан бағытындағы ескерткіштердің орналасуынан байқалады. Орталық және Оңтүстік-Шығыс Қазақстанда тастың жасалған құрылыстардың дамуы, ол кезде Сырдария және Талас жайылымдықтарында көбінесе саз балшық құрылыстары, ал Жетісуда – тас, ағаш және саз балшық араластырылған құрылыстардың болуы осы кезеңдегі құрылыс ісінің ерекшелігін құрайды.

Ежелгі заманда қазақтармен жалғастырылған жерді ұтымды пайдалану дәстүрі қалыптасты. Әр аймақтың жері қыстауға, жайлауға, күзеуге бөлінді. Қыстаудың қабырғалары болған және оның ішінде киіз үйлер мен мал ұстауға арналған алаңқай болған. Феодалдық қоғамның қалыптасу дәуірінде қорымның ішінде цитадель түріндегі камал тұрғызу қажеттілігі туындайды, ол үй-жайларда тайпа басшысы отбасымен және сенімді адамдарымен тұрған. Феодалдар табының нығаюымен камалдармен бірге қалалардың қабырғаларынан шығып тұратын екі қапталдан қорғайтын мұнаралар салына бастайды.

Ерте феодал кезеңінде жаңа идеологиялық бөліктердің пайда болуымен ежелгі құрылыс дәстүрлерінің орнына жаңалары келеді, ғимараттардың сәулет пішіні өзгереді. Феодалдық қатынастар қалыптасу дәуірінде (б.з. V-VI ғасырлары) тас сәулет одан әрі дами түседі. Қазақстанда күмбезі шытыр немесе шошақ діни және мемориалдық ғимараттар ұйтас, діңдер пайда болады. Исламға дейінгі кезеңдегі сәулет – Түрік қағанатының, оғыздар мен қыпшақтардың дәуірі ежелгі заманда қалыптасқан орталық ғимараттар дәстүрін сақтайды және орта ғасыр сәулетінен мүлдем өзгеше болады.

Қазақстанда күмбезді ғимараттар қола дәуірінде пайда болды. Ішкі бағаналарда пирамидалы-сатылы күмбезі бар Ақсу-Аюлы II, Беғазы I, 2, Бұғұлы III мегалиттік құрылыстар ежелгі құрылысшылардың тамаша жетістігі болды. Құрылыс ісінің келесі кезеңі құрылысты құраушы бөліктерге бөлмеу. «Жалған» күмбез идеясын іске асыру бағаналардағы ежелгі ғимараттардан тас құрылыстар «үйтастарға», «діндерге» ауысуға мүмкіндік берді. Домалақ немесе шаршы негізге «жалған» күмбезді орна-

ту әдісі кейінгі қола дәуірінен бағаналардағы пирамидалы-сатылы күмбез бен ежелгі көшпенділер дәуіріне дейінгі шаңырақ құрылымының элементтерін үйлестіру негізінде пайда болды.

Бүгінгі күнге дейін сақталған киіз үй тәрізді тас ғимараттар ежелгі құрылысшылардың ізденісі өзгеше күмбезді ғимараттардың туындауына әкелді.

Қазақстандағы сәулетшілік тарихындағы жаңа кезең дамыған феодалдық қатынастардың тұрақтану кезеңіне дәл келеді (X-XII ғғ.). Осы уақытта кейінгі ғасырлар үшін құрылыс өнерінің негізі болған құрылыс әдістері қалыптасады. Жаңа құрылыс әдіс-тәсілдері X-XII ғасырларда, Оңтүстік Қазақстанда қалыптасты және Қазақстанның басқа аудандарында кейінгі жылдары құрылыс өнерінің негізі болады.

Осы кезде қараханидтердің сәулет дәстүрі дамиды. Кесенелердің (кешен, күмбез) және басқа құрылыстардың қабырғалары ішкі және күйдірілген кірпіштен тұрғызыла бастайды. Құрылыс ісінде қоғамдық және мемориалдық ғимараттардың қасбеттерін бедерлі кірпішпен қалау кең тарала бастайды. Колонналары, пилондары, сүйірлі аркалары бар бетше босағалар ұлттық ою «шымшымен» сәнделді және өрнектелген сызықтар жолағымен көмкерілді.

Монғол заманындағы құрылыстарда қараханид сәулетінен көк жылтырауықпен қапталған (Жошы хан, Келінтам, Жансейіт там, Сырлытам және т.б. кесенелер) бедерлі кірпіш пен кеспелі терракота тақталарын қолданумен кеспелі сәндеуге ауысу байқалады. Орта ғасырлардағы кесенелер – бұл негізі куб, куполы сфера монументалды ғимарат.

Қазақстанда қалалардың көптеп пайда болуы сауда керуендерімен және малшылардың көшпелі жолдарымен байланысты болуы заңды. Қытайдан Еуропаға баратын керуен жолдары Оңтүстік және Оңтүстік-Шығыс Қазақстан, Шу өзенінің төменгі ағысы, Бетпақдала шөлі, Орталық Қазақстан және Батыс Қазақстан даласы арқылы өтті. Қала құрылысы мәдениетімен монументалдық сәулетшіліктің дамуы байланысты.

Пирамидалы-сатылы қола дәуірінен «жалған» күмбезге дейінгі күмбездердің эволюциясы байқалатын ежелгі орта ғасыр ескерткіштерінің көп бөлігі Қазақстанның – өзгеше күбез құрылыстарының отаны болғандығын дәлелдейді.

Қатпарлы тастардан салынған «Домбауыл», «Қозы-Көрпеш

және Баян-Сұлду» және т.б. ғимараттар ашық аспан астында міне, мың жылдан аса уақыт тұр, олар байырғы құрылысшылардың өнерінің дамығандығын дәлелдейді.

Одан әрі құрылыс дәстүрлері орта ғасырлардағы күмбезді құрылыстардың архитектуроникасын анықтаған «парустардағы» күмбездің пайда болуына дейін эволюциядан өтеді.

Қазақстанның көптеген ескерткіштері өзгеше және осы ұлан-байтақ жерді қоныстаған бір тайпаның мәдениетіне тиісті. Сол уақытта оларда тайпалардың этногенез мәселелерін анықтайтын кейбір өзіндік бітімдері бар.

Сәулет және құрылыс ісі алғашқы тас құрылымдарының пайда болуынан бастап басқа әлеуметтік-экономикалық шарттардағы қамалдардың, ытадельдердің және кесенелердің құрылысына дейінгі қоғамның дамуына бірдей кемелденген. Сәулет – әр қашанда идеологияның және қоғамдағы әлеуметтік үрдістердің көрінісі болып табылады.

Әдебиеттер

1. Frechn Ch.M. Ulfer alte Sud-Sibirische graberfunde Memoire. Acad. Sc. VI Ser. T.IV. 1837.
2. Генс Г.Ф. Замечания о древностях в киргиз-кайсацкой степи. СВ. 1822, ч. XX, кн. 10-12. С. 141-146.
3. Палферов Я.Я. Среди киргизских могил. ТИГ. 1896, № 6.
4. Умняков И.И. Рабиг-и-малик. Сб. в честь В.В. Бартольда. Ташкент, 1927. С. 192.
5. Богавский Н. Заметки о строительных материалах в Туркестанском крае. ИЖ. № 8. СПб., 1874.
6. Татаржинский М. Дешевые постройки для киргиз в степи. Киргизская степная газета. 1894, №23, с.3; №24, с.2-3; №25, с.2; №27, с.2-3; Его же. Производство глинобитных построек из мокрой глины. КСГ, 1894, №25-27.
7. Киттара М.Я. Ставка хана Внутренней Орды. ЖМВД. 1846, ч. 28.
8. Глухов А.Н. Зимнее жилище актюбинских и адаевских казаков. Л., 1927. С. 108-134.
9. Пудовников Н. Станица Баян-аульская. СЛ. 1892. №№ 33, 70.
10. Тереножкин А.И. Казахские фрески XIX в. Журнал «Искусство», 1928. №2.
11. О местностях стоянок киргизов. АОВ. Особое прибавление. 1890, №13.
12. Медведовский П. Внутренняя Киргизская Орда в хозяйственно-статистическом отношении. ЖМГИ. Часть 80. Отд. II. СПб., 1862. С. 260.
13. К вопросу о киргизском землепользовании. КСГ, 1895, №17.
14. СОВ. 1871, №37.
15. Абрамов Н.А. Река Черный Иртыш (историко-географическое описание). Архив ВГО. Разряд 69, оп. 1, №1; Андреевский П.О. О степях близ Тарбагатайских гор. Архив ВГО. Разряд 71, оп. 1, №38.
16. Радлов В.В., Русанов И. О кочевых киргизах Акмолинской и Семипалатинской областей. Летние перекочевки по степи и зимние пастбища. ТГВ. 1870, №41, 42; Кальнин В. Порядок кочевания у Сибирских киргизов. АВН, 1876, №2. С. 124-128; Распределение киргизских летовок. ТГ, 1895, №23. Цитируется по кн. Фон-Ратцель А. и Вагнер Г. Путешествие по Сибири и прилегающим к ней странам Центральной Азии. Пер. с немецкого. СПб., 1865. С. 296.

17. Нифантьев. Топографическое описание южной части Киргизской степи. (Рукопись.) 1843. Архив АН СССР, ф.317, оп.1, д.48, л. 38-39.

18. Броневский С.Б. Записки о киргиз-кайсаках Средней Орды. ОЗ. 1830. С.43.

19. Там же.

20. Семенов А.А. К вопросу о происхождении и составе узбеков Шейбани-хана. Тр. Института истории, археологии и этнографии АН Таджикской ССР. Т. XII. Вып. 1. Сталинабад, 1954.

21. Шараф ад-дин Али Йахди. Зафар-наме. Ташкент, 1972.

22. Шиз В. Зимовки и другие постоянные сооружения кочевников Акмолинской области. ЗССО РГО, кн. XVII, вып. I. Омск, 1894. С.10.

23. Красовский М. Область Сибирских киргизов. Ч.III. СПб., 1868. С.260.

24. Гейнс А.К. Киргизские очерки. ВС. T.XLIX. Отд. II. №7, СПб. 1866. С. 116.

25. Шиз В. Указ. соч. С.4.

26. Медведовский П. Указ. соч.

27. Шиз В. Указ. соч. С.10.

28. Там же. С.11.

29. Там же. С.12.

30. Там же. С.11.

31. Чорманов М. Заметки о киргизах Павлодарского уезда. ЗССО. Омск, 1906. XXXII.

32. Жолдасбаев С. Жилища казахов Южного Казахстана XV-XIX веков по данным археологии. В кн. «Археологические памятники Казахстана». Алма-Ата, 1978. С.203-212.

33. Жолдасбаев С. 1967-1970 жылдардагы археологиялык барлау кезинде табылган казактын туракты коныстары жайлы хабар. В сб. Понски и раскопки в Казахстане. Алма-Ата, 1972. С.190, 192.

34. Киттара М.Я. Ставка хана Внутренней Киргизской Орды. ЖМВД, 1849, ч.28. С.110, 115, 116, 128-131.

35. Глухов А.Н. Зимнее жилище актюбинских и адаевских казаков. Л., 1927. С.110.

36. Там же. С.112.

37. Там же. С.115-116.

38. Рычков П.Н. Топография Оренбургская, обстоятельное описание Оренбургской губернии, сочиненное коллежским советником императорской Академии наук корреспондентом Петром Рычковым. Ч.I. СПб., 1762. С.214, 215.

39. Там же. С.214.

40. Львович Д. [Д.Л.Иванов]. Солдатские рассказы о Туркестанском крае. Дневка возле киргизских зимовок. СПб., 1875. С.25-26.

41. Шмидт Ю.А. Очерк киргизской степи к югу от Арало-Иртышского водораздела. ЗССО РГО, т.17, вып. 1-2, Омск, 1894. С.29.

42. Там же.

43. Там же. С.18.

44. Там же. С.11.

45. Бартольд В.В. Отчет о поездке в Среднюю Азию с научной целью. 1893-1894 гг. СПб., 1897, ЗИАН, ОИФ, сер. VIII, т.I, №4. С.106-107.

46. Толстов С.П. Генезис феодализма в кочевых скотоводческих обществах. Известия ГАИМК. Вып.103. М.-Л., 1934. С.195.

47. Толстов С.П. Города гузов (историко-этнографические этюды). СЭ. 1947, №3. С.100.

48. Рубрук В. Путешествие в восточные страны. Пер. А.Маленин. СПб., 1911. С.103.

49. Маргулан А.Х. Археологические разведки в бассейне р.Сарысу. Вестник АН КазССР. 1947, №7. С.11.

50. Бартольд В.В. Указ. соч. С.37.

51. Бичуриш Н.Я. Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. М.-Л., 1950, I. С.206.

52. Фиельструп Ф. Скотоводство и кочевание в части степей Западного Казахстана. В сб. «Казакки». Л., 1927. Вып.11. С.80.

53. Акишев К.А. К проблеме происхождения номунизма... С.36.

54. Акишев К.А. О возникновении оседлости и земледелия у древних усуней Семиречья. В кн. «По следам древних культур Казахстана». Алма-Ата, 1970. С.71.

55. Акишев К.А. К проблеме происхождения номунизма... С.37.

56. Руденко С.И. Очерк быта северо-восточных казахов. В сб. «Казакки». Вып.15. Л., 1929. С.4-6.

57. Толстов С.П. Древний Хорезм. М., 1948. С.271.

58. Толстов С.П. Города гузов. С.100; Его же. По следам древне-хорезмийской цивилизации. М.-Л., 1948. С.247, 270.

59. Лигулевская Н.В. Сирийские источники по истории народов СССР. М., 1941. С.75.

60. Георги И.С. Описание всех обитающих в Российском государстве народов. СПб., 1799. Ч.II.

61. Идаров. Киргизская степь Сибирского ведомства. ЖМВД. 1854. С.23; Остафьев В.А. Очерк Акмолинской области. СХЛ, 1893, №1-4. С.246-264; ЦГИАЛ СССР. Ф.1291, оп.84, д.6, лл.110-122; Валиханов Ч.Ч. Дрова в Киргизской степи. ТГВ, 1858, №9; Колмогоров Г. О промышленности и торговле в киргизских степях Сибирского ведомства. ВРГО, 1855, XIII; Русанов И. Взгляд на экономический и общественный быт казахов. ТГВ, 1861. № 36-44, 48-49.

62. Стархов. Краткое обозрение киргизской степи. Памятная книга Тобольской губернии на 1860-1861 гг. Тобольск, 1861.

63. Бартольд В.В. Соч. Т. II, ч. I. С. 207
64. Рашид-ад-дин. Собр. летописей. Т. I. Изд. Березина. С. 59, 126; Бартольд В.В. Указ. соч. С. 120; Т. I. С. 161.
65. Махмуд Кошгарий. Тошкент, I. 432; III. 314; Бартольд В.В. Соч. Т. III. С. 120, 304.
66. Махмуд Кошгарий. Девону луготит турк. Тошкент. 1960, I. 354, 457, 166, 22.
67. Махмуд Кашгарский. Извлечения из «Диван лугат ат-тюрк». МИТТ. Т. I. С. 312, прим. 2.; Бартольд В.В. Соч. Т. III. С. 184, прав.
68. Махмуд Кашгарский. МИТТ. Т. I. С. 310; Бартольд В.В. Соч. Т. II, ч. I. С. 210.
69. Махмуд Кошгарий. Тошкент, I. 444.
70. Бартольд В.В. Соч. Т. II, ч. I. С. 294.
71. Шараф ад-дин Али Йазди. Зафар-наме. Ташкент, 1972.
72. Там же.
73. Рузбехан Ф. Михман-наме-йи Бухара. Записки бухарского гостя. Институт восточных рукописей АН УзССР. № 524, л. 68.
74. Махмуд Кошгарий. Тошкент. 1963, III. 460.
75. Акишев К.А. К проблеме происхождения номадизма в аридной зоне древнего Казахстана. В кн. «Поиски и раскопки в Казахстане». Алма-Ата, 1972. С. 31.
76. Рашид-ад-дин. Огуз-наме. *Atat, Sagi Mazanderan*. С. 46.
77. Извлечения из «Худуд ал-Алем». МИТТ. Т. I. С. 216.
78. Ал-Идриси. МИТТ. М.-Л., 1939. С. 220.
79. Плано Карпини. История монголов. Пер. А. Малеина. СПб., 1911.
80. Там же. С. 24.
81. Zajaczkowski A. La chronique de Steppes Kirpachak. Warszawa, 1966.
82. Маргулан А.Х. Из истории городов и строительного искусства древнего Казахстана. Алма-Ата, 1950.
83. Махмуд Кашгарский. МИТТ. Т. I. С. 310-312.
84. Толстов С.П. Города гузов. С. 56. Его же; Хорезмская экспедиция. Известия АН СССР. Серия истории и филологии. Т. 4, № 2. С. 181.
85. Там же.
86. Ал-Макдиси. Извлечения из «Ахсан ат-такасим фи-ма'рифат ал-акалим». МИТТ. Т. I. С. 185.
87. Ибн Хаукаль. Извлечения из «Китаб ал-месалик ва-л-мемалик». МИТТ. С. 183.
88. Извлечения из «Худуд ал-Алем». МИТТ. Т. I. С. 216.
89. Шараф-наме-йи шахи. Институт восточных рукописей АН УзССР. Л. 348 а.

90. Там же
91. МИТТ. Т. I. С. 216
92. Акишев К.А., Байпаков К.М., Ерзакович Л.Б. Древний Отрар. С. 8.
93. Бернигам А.Н. Отрарский оазис в раннем средневековье. Отчет Южно-Казахстанской археологической экспедиции 1949 г.
94. The History of the World – Conqueror by 'Ala-ad-Din' Ata Malik Juvaini Transl. by J. A. Boyle, vol. I. London, 1958, p. 86.
95. Акишев К.А., Байпаков К.М., Ерзакович Л.Б. Древний Отрар. С. 48.
96. Там же.
97. Грошев В.А. Водохранилище средневекового Отрара. Прошлое Казахстана по археологическим источникам. Алма-Ата, 1976. С. 36-45.
98. Акишев К.А., Байпаков К.М., Ерзакович Л.Б. Древний Отрар. С. 21-22.
99. Толстов С.П. По древним дельтам Окса и Яксарта. М., 1962. С. 278.
100. Там же.
101. Там же. С. 281.
102. Там же.
103. Ибн Хаукаль. Извлечения из «Китаб ал-месалик ва-л-мемалик». МИТТ. С. 184.
104. Плано Карпини. Указ. соч. С. 24.
105. Лерх П.Н. О развалинах Джанкента. СО. 1868, № 6; Его же; Археологическое исследование древнего города Джанкента. Известия РГО. 1867, т. 3, отд. I.
106. Верещагин В. Джанкент. СПб. ГВ. 1868, № 2.
107. Толстов С.П. Города гузов. С. 210.
108. Якут. Извлечения из «Китаб му'дjam ал-будан» МИТТ. Т. I. С. 416.
109. Живописная Россия. Т. X.
110. Бартольд В.В. Соч. Т. II. С. 240; Лерх П.И. Археологическая поездка в Туркестанский край в 1867 году. СПб., 1870, X. С. 11.
111. Толстов С.П. Хорезмская экспедиция. Известия АН СССР. Серия истории и философии. Т. IV. № 2. С. 181.
112. Плано Карпини. Указ. соч. С. 24.
113. Якубовский А.Ю. Развалины Сыгнака (Сутнака). Сообщение ГАНМК. 1929. II. С. 127.
114. Махмуд Кошгарий. Тошкент. I. 392.
115. Джувейни. Извлечения из «Тарих-и-джелангуша». МИТТ. С. 448.
116. Рашид-ад-дин. Издание Березина. Текст 69, пер. 45.

117. Рузбехан Ф. В кн. «Прошлое Казахстана в источниках и материалах». По рукописи Салева. Алма-Ата, 1935. С. 109.

118. Тизенгаузен В. Г. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. Т. 2. Извлечения из персидских сочинений. М.-Л., 1941. С. 4; Якубовский А. Ю. Развалины Сыгнака. Сообщения ГИМК. 1929, II. С. 130.

119. Рузбехан Ф. «Прошлое Казахстана...». С. 108-109.

120. Греков В. Д., Якубовский А. Ю. Золотая Орда и ее падение. М.-Л., 1950. С. 306; Марков А. К. Инвентарный каталог восточных монет. С. 528. (Из кн. Якубовского А. Ю. Развалины Сыгнака. С. 130).

121. Бартольд В. В. Соч. Т. III. С. 229-230.

122. Якубовский А. Ю. Указ. соч. С. 130.

123. Абдар-Разак. Самарканд. Рукопись находится в Государственной публичной библиотеке им. Салтыкова-Щедрина. Д. 299, л. 228; Тизенгаузен В. Г. Сборник материалов... Т. 2. С. 196-197.

124. Фазлаллах бен Рузбехан Исфাহани. Михман-наме-йн Бухара. Институт восточных рукописей АН УзССР. № 524, л. 68.

125. Якубовский А. Ю. Указ. соч. С. 145-157; Греков В. Д., Якубовский А. Ю. Указ. соч. С. 307.

126. Рузбехан Ф. «Прошлое Казахстана...» С. 109.

127. Там же.

128. Там же.

129. Макшеев А. И. Географические сведения «Книги Большого чертежа» о киргизских степях и Туркестанском крае. ИРГО, т. XIV, вып. 1. СПб., 1878.

130. Вельяминов-Зернов В. В. Исследование о Касимовских шахрах и царевичах. Ч. 2. СПб., 1864. С. 305-307.

131. Чертежная карта Сибири, составленная тобольским сыном боярским Семеном Ремезовым. СПб., 1882.

132. Кастанье И. А. Древности Киргизской степи и Оренбургского края. Труды Оренб. уч. архив. ком. 1910, вып. 22. С. 192.

133. Лерх П. И. Археологическая поездка в Туркестанский край в 1867 году. СПб., 1870, X.

134. Якубовский Ю. А. Указ. соч. С. 148.

135. Тизенгаузен В. Г. Указ. соч.

136. Вельяминов-Зернов В. В. Указ. соч. С. 238.

137. Бичурин Н. Я. Собрание сведений... II. С. 300.

138. Айтыс Құлмамбет и Майжота. Айтыс. Алматы, 1942.

139. Бартольд В. В. Соч. Т. V. с. 117.

140. Дополнения к актам историческим. Т. X, 1867. С. 375-380.

141. Массон М. Е. Мавзолей Ходжа Ахмеда Ясеви. Ташкент, 1930. С. 12.

142. Там же. С. 20.

143. Фазлаллах бен Рузбехан Исфাহани. Михман-наме-йн Бухара. Институт восточных рукописей АН УзССР. № 524, л. 117 а.

144. Бернштам А. Н. Памятники старины Таласской долины. Алма-Ата, 1941; Сеннигова Т. Н. Средневековый Тараз. Алма-Ата, 1972.

145. Акишев К. А. О возникновении оседлости и земледелия у древних усуней Семиречья. Сб. «По следам древних культур Казахстана». Алма-Ата, 1970. С. 71.

146. Бернштам А. Н. Согдийская колонизация Семиречья. КСИИМК. Вып. VI, 1940; Его же. Археологический очерк Северной Киргизии. Фрунзе, 1941.

147. Сеннигова Т. Н. Указ. соч. С. 23.

148. Мухаммед Хайдар Дулати. Та'рих-и Рашиди. ИВ АН УзССР, рук. № 1430.

149. Басенов Т. К. Архитектурные памятники в районе Сам. Алма-Ата, 1947. С. 12.

150. Газета «Туркестанские ведомости». 1904, № 37.

151. Рубрук В. Указ. соч. С. 103.

152. Байпаков К. М., Ермакович Л. Б. Указ. соч. С. 189, 192, 195.

153. Маргулан А. Х. Оседлые поселения VIII-XIII вв. на северных склонах Каратау. Известия АН КазССР. Серия археолог. 1948, вып. 1. С. 109-110.

154. Там же. С. 110.

155. Там же.

156. Рубрук В. Указ. соч. С. 103.

157. Маргулан А. Х. Указ. соч. С. 111.

158. Шакарим Худайберды оглы. Турк, кыргыз, казак һәм хандар шежіресі. Оренбург, 1911. 83 б.

159. Маргулан А. Х. Древние караванные пути через пустыню Бетпак-Дала. Вестник АН КазССР. 1949, № 1.

160. Ханыков Я. В. Поездка Поспелова и Буришова в Ташкент в 1800 г. Вестник РГО. 1851, ч. 1, кн. 1.

161. Архив АН СССР. Фонд 317, оп. 1.

162. Нифантьев. Топографическое описание южной части Киргизской степи. (Рукопись). 1843. Архив АН СССР, ф. 317, оп. 1, д. 48.

163. Гольмстрем. О путях, ведущих из Западной Сибири в Туркестанскую область. Известия РГО. 1866, III.

164. Шмидт Ю. А. Очерк киргизской степи к югу от Арало-Иртышского водораздела. ЗССО РГО, т. 17, вып. 1-2, Омск, 1894. С. 10. Его же: Экспедиция в южную часть Акмолинской области и Голодную Степь (Бетпакдала) в 1889 г. Записки военно-топографического отдела Главного управления генштаба. Ч. 2.

165. Чермак Л. Р. Оседлые киргизы-земледельцы на р. Чу и за-

метки о пути через Голодную степь ЗССО. 1900, XXVII; Архив АН СССР. Ф. 317.

166. Нифантьев. Указ. соч., дд. 38-39.
167. Там же. Л. 39.
168. Там же. Л. 49.
169. Кашкаров Д.Н. Зооэкологический очерк восточной части пустыни Бетпакдала. Труды САГУ, VIII-а. Зоология. Вып. 20. Ташкент, 1935. С. 18.
170. Сенигова Т.Н. Поселение Актобе. В кн.: «Археологические исследования на северных склонах Каратау». Алма-Ата, 1962. С. 57-87; Мершиев М.С. Городище Ак-тобе I (IV-начало XIII в.). В кн.: «Древности Чардарь». Алма-Ата, 1968.
171. Селевин В.А. Введение в естественно-историческое изучение Бетпак-дала. Труды САГУ. Ташкент, 1935. С. 4.
172. Там же. С. 5.
173. Кашкаров Д.Н. Указ. работа. С. 18.
174. Селевин В.А. Указ. соч. С. 4.
175. Бартольд В.В. Отчет о поездке в Среднюю Азию. С. 69.
176. Рубрук В. Указ. соч. С. 103.
177. Там же.
178. Там же.
179. Бартольд В.В. Очерк истории Семиречья. Фрунзе, 1943. С. 40.
180. Рубрук В. Указ. соч. С. 105.
181. Там же.
182. Абрамов А.Н. Древние курганы. Укрепления в Семипалатинской и Семиреченской областях. Известия Русского археологического общества. СПб., 1877. Отдельный оттиск.
183. Бартольд В.В. Отчет о поездке в Среднюю Азию... С. 70.
184. Там же. С. 59.
185. Городецкий В.Д. Остатки древнего поселения к югу от г. Алма-Аты (бывший Верный). В кн.: В.В. Бартольду — туркестанские друзья, ученики и почитатели. Ташкент, 1927; Коикашпаев Г. Названия города Алма-Ата. Известия АН КазССР. 1948. вып. 2.
186. Ерзакович Л.Б. О позднесредневековом городище Аспара. В кн.: «Новое в археологии Казахстана». Алма-Ата, 1968.
187. Байшиков К.М., Ерзакович Л.Б. Древние города Казахстана. Алма-Ата, 1971. С. 37.
188. Маргулан А.Х. Из истории городов и строительного искусства древнего Казахстана. Алма-Ата, 1950.
189. Маргулан А.Х. Остатки оседлых поселений в Центральном

Казахстане. В кн.: «Археологические памятники Казахстана». Алма-Ата, 1978. С. 16.

190. Рубрук В. Указ. соч. С. 80.
191. Бичурин Н.Я. Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. М.-Л., 1950. Т. I. С. 347.
192. Сатпаев К.И. Доисторические памятники в Джезказганском районе. НХК, 1942, №1. С. 69-72.
193. Красовский М. Область сибирских киргизов. Ч. II. СПб., 1868. С. 261.
194. Там же.
195. Бартольд В.В. Соч. Т. V. С. 98-99.
196. Потанин Г.Н. Казак-киргизские и алтайские предания, легенды и сказки. ЖС. 1916, вып. II-III. С. 53.
197. Гейнс А.К. Собрание литературных трудов. Т. II. СПб., 1898. С. 87; Потанин Г.Н. Указ. соч. С. 54, 64.
198. Ал-Идриси. Нузхат ал-муштак фи ихтирак ал-афак. МИТТ. М.-Л., 1939. С. 22.
199. Махмуд Кашгари. II. С. 253, III. С. 23.
200. Тизенгаузен В.Г. Указ. соч. С. 288.
201. Барбаро И. Путешествие в Тану. Библиотека иностранных писателей о России. Т. I. СПб., 1836. С. 34-35.
202. Ибн-Батутань Дешти Кыпчака саяхаты. Оренбор, 1911.
203. Махмуд Кашгарий. Тошкент. Т. I. 1960. С. 363.
204. Он же. Т. III. С. 141.
205. Он же. Т. I. С. 397.
206. Там же. С. 457.
207. Гейнс Г.Ф. Замечания о древностях в Киргиз-кайсацкой степи. СВ. 1822, ч. XX, кн. 10-12. С. 146.
208. Шангин И.П. Извлечение из экспедиции в Киргизскую степь. СВ. 1820, ч. IX, кн. 3.
209. Герман Б.Ф. Указ. соч. С. 110-113.
210. Красовский М. Область сибирских киргизов. Ч. II. СПб., 1868. С. 102.
211. О.П. (псевдоним Д.Д. Минаева). Медико-топографическое описание Киргизской степи. Томские губернские ведомости. 1859, №40. С. 309-314.
212. Сейдалиев Т. О развитии хлебопашества по бассейну Тургай. ЗОО РГО, I. 1870. С. 249-250.
213. Ибн ал-Факих. Китаб албар ал-Булдан. ИВ АН СССР. Ф. В. 202. л. 176а.
214. Худуд ал-Алем. Рукопись Туманского. С введением и указателем В. Бартольда. Изд. АН, Л., 1930.
215. Махмуд Кашгари. Лугат-ат-тюрк. Т. I. Стамбул, 1916. С. 296.
216. Тамим ибн Бахр. См.: Minorsky V. Tamim ibn Bahr's Journey

- to the Uyghurs. Bulletin of the School of Oriental Studies, vol. XII, pt.2, 1948, p. 281.
217. Ал-Мас'уди. Книга ат-Тавхиш. МИТТ. Т. I. С. 166
218. Бартольд В. В. Соч. Т. V. М., 1968. С. 525.
219. Кумеков Б. Е. Государство кимаков IX-XI вв. по арабским источникам. Алма-Ата, 1972. С. 98-99.
220. Там же. С. 98.
221. Там же. С. 56, 86.
222. Маргулан А. X. Джекказган – древний металлургический центр. В кн. «Археологические исследования в Казахстане». Алма-Ата, 1973; Ситпаев К. И. Доисторические памятники в Джезказганском районе. Избр. труды. Алма-Ата, 1970. Т. 5. С. 43-49; Валукинский Н. В. Древнее производство меди в районе Джезказгана. Известия АН КазССР. Серия археологическая. 1949, вып. 1. С. 33-39.
223. Carta Catalona. Ed.: Notices et Extraits des Manuscrits de la Bibliotheque du Roi, t. XIV. Paris, 1742; Шмидт Ю. А. О Каталонской карте мира, найденной в библиотеке г. Модены. Юбил. сборник ЗСО РГО, 1897. С. 112.
224. Большая карта Франциска и Доминика Пизигани (1367). Факсимильное издание: Jomard. Les monuments de la geographie N. X. 3; Lelewel Joachim. Geographie du Moyen Age, II, Bruxelles, 1852, p. 35-36.
225. Карта Фра Мауро (1459). Факсимильное издание Сантарема на 6 листах. Santarem. Atlas de Mappemondes et de Cartes hidrographiques et historiques depuis de XI-e jusqu' au XVII-e Siecle; Munzer. Gli mappemonde di Fra Mauro. Venezia, 1869. Русское издание Археографической комиссии. Материалы для историко-графического атласа России. СПб., 1871.
226. Д. [Валиханов Ч. Ч.] Аблакетские сопки. ТГВ. 1857, № 35. С. 363.
227. The Journey of William of Rubruk to the Eastern Parts of the World Ed. by W. W. Rockhill. London, 1900.
228. Рубрук В. Указ. соч. С. 166.
229. Schmidt F. R. M. Uber Rubruk' s Reise von 1253-1255. «Leitschrift der Gesellschaft fur Erdkunde zu Berlin», 1885, t. XX. S. 217-255.
230. ЦГВИА, ф. ВУА, № 384.
231. ЦГВИА, ф. ВУА, № 374; Известия РГО, 1883, т. IX, вып. 4, с. 312.
232. ЦГВИА, ВУА, № 19233.
233. Там же. № 19234.
234. Там же. № № 20656, л. 8 (городище Каражар)
235. Там же. № № 19209, 19210.
236. Там же. № 20656.

237. Там же. № 19259.
238. Нифантьев. Архив АН СССР. Ф. 317, оп. 1, д. 48, лл. 38-39
239. Гене Г. Ф. Замечания о древностях... С. 146.
240. Там же. С. 141.
241. Там же.
242. Там же. С. 144-145.
243. Шмидт Ю. Очерк киргизской степи... С. 10.
244. Красовский М. Указ. соч. С. 255.
245. Броневский С. Б. Записки о киргиз-кайсаках Средней Орды. ОЗ. 1830. С. 246.
246. Бируни. Избранные произведения. Ташкент, 1857. С. 54
247. Военно-Морской архив (Ленинград). Ф. 4, оп. 29, л. 124, д. 408.
248. Киселев С. В. Древняя история Южной Сибири. М., 1951. С. 509.
249. Шангин И. П. Извлечение из экспедиции, бывшей в Киргизской степи в 1816 году. СВ. 1820, ч. 1.
250. Назаров Ф. 1821. С. 28.
251. Рубрук В. Указ. соч. С. 80.
252. Там же.
253. Маргулан А. X. Архитектурные памятники в долине р. Кенгир. Вестник АН Каз. ССР. 1947, № 11.
254. Потанин Г. Н. Указ. соч. С. 49.
255. Маргулан Ә. Қозы Көрпеш—Баян Сұлу кешені. Алматы, 1994.
256. Архив ВУА, № 202040.
257. Галицкий П. От Семипалатинска до Верного. ПВ.
258. Левшин А. Описание киргиз-кайсацких орд и степей. СПб., Т. II. 1832.
259. Сапожников В. В. Очерки Семиречья. Томск, 1904. С. 8.
260. Гос. архив Омской области. Ф. 3, № 3542, л. 11.
261. Рашид-ад-дин. Сборник летописей. Т. I, кн. 1. М.-Л., 1952. С. 80, прим. 1. пер. с персидского Л. А. Хетагурова.
262. Там же. С. 80.
263. Там же. С. 80, прим. 1.
264. Там же. С. 80, прим. 1.
265. A. Z. Velidi Togan. Oguz Destani (Rasideddin Oguznamasi). Istanbul, 1972. S. 17.
266. Рычков П. Н. Топография Оренбургская, обстоятельное описание Оренбургской губернии, сочиненное коллежским советником императорской Академии наук корреспондентом Петром Рычковым. Ч. I. СПб., 1762. С. 154.
267. Валиханов Ч. Ч. Могила Друбан-Ала. Собр. соч. Т. III. Алма-Ата, 1964. С. 232; Архив АН СССР. Ф. 23, оп. 1, л. 41.

268. Шренк А.И. Путешествия и исследования по Зоонгарским степям в 1840-1843 годах. Архив АН СССР, ф.317, оп.1, д.8, лл.173-174.

269. Валиханов Ч.Ч. Собр. соч. Т.V. С.206, 233.

270. Бартольд В.В. Соч. Т.I. С.435.

271. Там же. С.482.

272. Там же. С. 237, 392.

273. Греков Б.Д., Якубовский А.Ю. Указ. соч. С.299

274. Тизенгаузен В.Г. Сборник материалов... Т.II. М.-Л., 1941. С.14.

275. Там же. С.74.

276. Рузбехан Ф. Михман-наме-йи Бухара. С.109

277. Тизенгаузен В.Г. Указ.соч.

278. Хафиз Тыныш. Шараф-наме-йи шахи. МИКХ. Алма-Ата, 1969. С.276.

279. Бартольд В.В. Соч. Т.II, ч.I. С.83.

280. ПIANO Карпини. С.51.

281. Маргулан А.Х. Третий сезон археологических работ в Центральном Казахстане. Известия АН КазССР. Серия археол., 1951, вып 3, С.43, рис.27.

282. Шараф-наме-йи шахи. МИКХ. С.141.

283. Махмуд Кашгарский. МИТТ. Т.I. С.312, прим.2.

284. Рычков П. Указ. соч. С. 154.

285. Герасимов Г.Г. Памятники архитектуры долины реки Кара-Кенгир в Центральном Казахстане. Алма-Ата, 1957. С.24.

286. Валиханов Ч.Ч. О киргиз-кайсацких могилах (молах) и древностях вообще. Собр. соч. Т. III. Алма-Ата. С.29-38.

287. Маргулан А.Х. Археологические разведки в бассейне р.Сарысу. Вестник АН Каз.ССР. 1947, №7. С. 17-18.

288. Маргулан А.Х. Остатки оседлых поселений в Центральном Казахстане. В кн. «Археологические памятники Казахстана». Алма-Ата, 1978. С.27.

289. Маргулан А.Х. Архитектурные памятники в долине р. Кенгир. Вестник АН Каз.ССР. 1947, №11.

290. Герасимов Г.Г. Указ. соч. С.16.

291. Там же. С.18.

292. Басенов Т.К. Архитектурные памятники в районе Сам. Алма-Ата, 1947. С.14.

293. Маргулан А.Х. Указ. соч. С.28.

294. Там же.

295. Там же.

296. Там же.

297. Рычков Н.П. Дневные записки путешествия капитана Николая Рычкова в киргиз-кайсацкой степи, 1771 году. СПб., 1772. С.64

298. Там же. С.64-65.

299. Мас'уд ибн Осман Кухистани. Та'рих Абу-л-хайр-хани. МИКХ. С.155.

300. Бартольд В.В. Сочинения Т.II. Ч.2. С.149.

301. Мас'уд ибн Осман Кухистани. МИКХ. С.155.

302. Валиханов Ч.Ч. Собр. соч. Т.I. С.431.

303. Маргулан А.Х. Третий сезон археологических работ в Центральном Казахстане. Известия АН КазССР. Серия археолог. Вып.3. Алма-Ата, 1951. С. 49, рис.34.

304. Рычков Н.П. Указ. соч. С.63-64.

305. Тизенгаузен В.Г. Указ. соч. С.197.

306. Маргулан А.Х. Указ. соч. С.29.

307. Маргулан А.Х. Из истории городов и строительного искусства древнего Казахстана. Алма-Ата, 1950. С.116, рис.75.

308. Хафиз Тыныш. Шараф-наме-йи шахи. МИКХ. С.277.

309. Маргулан А.Х. Архитектурные памятники в долине р.Кенгир.

310. Герасимов Г.Г. Указ.соч. С.24.

311. Вельяминов-Зернов В.В. Исследования о касимовских царях и царевичах. Ч.II. С.307.

312. Тизенгаузен В.Г. Указ.соч. Сб.II. С.14.

313. Бартольд В.В. История культурной жизни Туркестана. Л., 1927.С.86.

314. Валиханов Ч.Ч. Несколько маршрутов Потанина. Архив АН СССР. Ф.23, опись 1, д. №9.

315. Красовский М. Указ. соч. С.261.

316. Маргулан А.Х. Указ. соч. С.31-33.

317. Там же. С.233-236.

318. Артамонов М.И. Белая Вежа. СА. 1952, XVI, с.67, рис.18.

319. Федоров-Давыдов Г.А. Кочевники Восточной Европы. М., 1966. С. 89-90; Плетнева С.А. Керамика Саркела-Белой Вежи. МИА, 1959, №75.С. 230-231, рис.15, 6-8.

320. Шренк А.И. Путешествия и исследования по Зоонгарским степям в 1840-1843 годах. Архив АН СССР, ф.317, оп. 1, д.8, лл. 173-174.

321. Валиханов Ч.Ч. Собр.соч. Т.III. С.201.

322. Красовский М. Указ.соч. С.261.

323. Нифантьев. Архив АН СССР, ф. 317, оп.1, д.48; Топографическое описание степной стороны Ташкента. ЦГВИА, ф. ВУА, 18541.

324. Герасимов Г.Г. Указ.соч. С.11.

325. Там же. С.10.

326. Там же.

327. Спасский Г.И. О путешествии по Сибири в 1823 году. СВ. 1824, I. С.24.
328. Там же.
329. Красовский М. Указ. соч. С.261.
330. Маргулан А.Х. Из истории городов и строительного искусства древнего Казахстана. Рис. 49-53.
331. Валиханов Ч.Ч. Собр. Соч. Т.Ш. С.202.
332. Шангин И.П. Извлечение из описания экспедиции, бывшей в киргиз-кайсацкой степи в 1816 году. СВ. 1820, ч. IX, кн.3.
333. Спасский Г.И. Записки о сибирских древностях. СВ. 1818, ч.Ш. С.145.
334. Штендер Г.М. К вопросу о декоративных особенностях строительной техники Новгородской Софии (по новым материалам исследования). В кн.: Культура средневековой Руси. Л., 1974. С.208-209.
335. ЦГВИА, ф.ВУА, №20656, л.8.
336. Валиханов Ч.Ч. Указ. соч. Т.Ш. С. 202.
337. Шангин И.П. Извлечения из описания экспедиции, бывшей в Киргиз-кайсацкой степи в 1816 году. СВ, 1820, ч. IX, кн. 3.
338. Архив АН СССР, ф.317, оп.1, д.26, л.21.
339. Золотов П. Генерал-поручик Шпрингер. АОВ, 1877, №4, 5, 6, 9, 12; Инструкция генерала Шпрингера комендантам крепостей линии Иртышской, Пресногорской и Байской. ЗСО: Кн.6. 1833.
340. ЦГИАЛ СССР, ф. 1291[МВД, земский отдел], д.134, л.1-2 об.
341. Аничков И.В. Упадок народного хозяйства в Киргизских степях. Русская мысль. 1902, №5. С50-73; Ковалевский Е.П. Положение наше в Средней Азии. РОПБ/Л. Ф.356, оп.1, д.86, л.31 об.; Потанин Г.Н. Зимняя поездка на озеро Зайсан. ЗРГО по ОГ. Т.1. 1867. С.451.
342. Ядринцев Н.М. Сибирские инородцы, их быт и современное положение. СПб., 1891. С.159.
343. Ш-в Г. Из быта киргизов. ТВ. 1912.
344. Записки саратовского купца Я.П.Жаркова о киргизах. Библиотека для чтения. Т.СХV, №9. СПб., 1852. С. 32-33.
345. И-в А. Земельный вопрос у киргизов. Русские ведомости. СПб., 1890, №137. С.3.
346. Маргулан А.Х. Остатки оседлых поселений... С.22.
347. Шангин И.П. Извлечение из описания экспедиции, бывшей в Киргиз-Кайсацкой степи в 1816 году. СВ. 1820, ч. IX, кн.3. С.74.
348. Там же. С.74.
349. Там же. С.39.
350. Потанин Г.Н. Рецензия на «Чертежную книгу Сибири». ЖМНП, 1883, июнь. С.315-319.
351. Семенов Л.Ф. Материалы к характеристике памятников ма-

- териальной культуры Акмолинского округа. ВЦМК. 1930, №1. С.77-78.
352. Там же.
353. Рычков Н.П. Дневные записки путешествия капитана Николая Рычкова в киргиз-кайсацкой степи, 1771 году. СПб., 1772. С.45.
354. Архив АН СССР (Ленинград), раз. 1, оп.99, №8.
355. Маргулан А.Х. Указ. соч. С.18-19.
356. Кастанье И. Древности киргизской степи и Оренбургского края. Оренбург, 1911. С.144.
357. Маргулан А.Х. Указ. соч. С.19.
358. Греков Б.Д., Якубовский А.Ю. Золотая Орда и ее падение. М.-Л., 1950, С.158.
359. Рычков П. И. Указ. соч. С. 513.
360. Тизенгаузен В.Г. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. Т.1. СПб., 1884. С.236.
361. Абулгаси. Родословное древо тюрков. СПб., 1871. С.172.
362. Тизенгаузен В.Г. Указ. соч. С.307.
363. Там же. С.466.
364. Бартольд В.В. История изучения Востока в Европе и в России. Л., 1925.
365. Греков Б.Д., Якубовский А.Ю. Золотая Орда и ее падение. М.-Л., 1950. С.376.
366. Тизенгаузен В.Г. Указ. соч. С.533.
367. Анабай углы. Абулхир хан баяны. Институт восточных рукописей АН УзССР. Изв. № 1394.
368. Мухаммед Хайдар Дулати. ИВ АН УзССР, рук. №1430; Марджани. Мустафат ал-ахбир фи Казан ва Булгар. Казань, 1889. С.152; Вельяминов-Зернов В.В. Указ. соч. С.140.
369. Известия англичан о России XVI в. Перевод Середонина. М. 1884. С.43.
370. Кастанье И.А. Древности Киргизской степи и Оренбургского края. Труды Оренб. уч. архив. ком., 1910, вып. 22. С.96.
371. Рычков П.И. Топография Оренбургская... Ч. I и II. СПб., 1762. С.260-261.
372. Паллас П.С. Путешествие по разным местам Российского государства. Ч.1. СПб., 1809. С.610-612.
373. [Кастанье И.А.] Отчет об экспедиции в Актюбинский уезд летом 1904 г. Труды Оренб. уч. архив. ком. 1906, вып. 16.
374. Там же.
375. Там же.
376. Паллас П.С. Путешествие по разным провинциям Российского государства. Ч.1. СПб., 1809.

ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ

<i>ГАМ</i>	КСРО Ғылым академиясының мұрағаты
<i>ЕТЖ</i>	Ежелгі тарих жаршысы
<i>БГҚ</i>	Бүкілодақтық географиялық қоғам
<i>ОГҚЖ</i>	Орыс география қоғамының жаршысы
<i>ӘЖ</i>	Әскери жинақ. СПб.
<i>ӘҒМ</i>	Әскери-ғылыми мұрағат
<i>ҚОМЖ</i>	Қазақстанның Орталық мұражайының жаршысы
<i>МТМ</i>	Мемлекеттік тарихи мұражай
<i>ГВ</i>	Губерндік ведомостар
<i>ММТМА</i>	Материалдық мәдениет тарихының мемлекеттік академиясы
<i>ХАМОК</i>	Халық ағарту министрлігінің журналы. СПб.
<i>ІМЖ</i>	Ішкі істер министрлігінің журналы. СПб.
<i>МММЖ</i>	Мемлекеттік мүлік министрлігінің журналы. СПб.
<i>ҮЕ</i>	Ұмытылмаған ескілік
<i>ОАҚШБЖ</i>	Орыс археологиялық қоғамының Шығыс бөлімшесінің жазбалары. СПб.
<i>ОГҚБСЕЖ</i>	Орыс географиялық қоғамының Батыс-Сібір бөлімшесінің жазбалары. Омбы.
<i>ИОГҚЖ</i>	Императордың Орыс географиялық қоғамының жазбалары. СПб.
<i>ТАЭ</i>	ҚазССР ҒА хабарламалары. Тарих, археология және этнография сериясы
<i>ҒАХ</i>	Қазақ ССР Ғылым академиясының хабарламалары
<i>АКХ</i>	Археология комиссиясының хабарламалары. СПб.
<i>ИЖ</i>	Байланыс жолдары министрлігінің инженерлік журналы. СПб.
<i>ОГҚХ</i>	Орыс географиялық қоғамның хабарламалары. СПб.
<i>ММТИ</i>	Материалдық мәдениет тарихы институты
<i>ҚДГ</i>	Қырғыз даласы газеті. Омбы.
<i>ҚХ</i>	Қысқаша хабарламалар
<i>ҚКЭ</i>	Қазақ Кеңес энциклопедиясы. Алматы.

<i>ММТИҚХ</i>	Материалдық мәдениет тарихы институтының қысқаша хабарламалары
<i>АМЭ</i>	КСРО археологиясы жөніндегі материалдар мен зерттеулер
<i>ҚХТМ</i>	Қазақ хандығы тарихының материалдары
<i>ТТТМ</i>	Түрікмения мен түрікмендер тарихының материалдары
<i>ҚХШ</i>	Қазақстан халық шаруашылығы. Алматы.
<i>ОЖ</i>	Отандық жазбалар
<i>ТФБ</i>	Тарих және филология бөлімшесі
<i>ШМ</i>	Шығыстану мәселелері. Мәскеу.
<i>ДСҚЕ</i>	Мәскеу Русі мен Персия арасындағы дипломаттық және сауда қатынастарының ескерткіштері, Н.И. Веселовскийдің редакциясымен шыққан. СПб.
<i>ММТМ</i>	Материалдық мәдениет тарихының мәселелері
<i>КА</i>	Кеңес археологиясы. Мәскеу.
<i>СХ</i>	Сібір хабаршысы. Иркутск.
<i>ЗЖ</i>	Замануи жылнама. Мәскеу.
<i>ОБ</i>	Отан баласы. СПб.
<i>КЭ</i>	Кеңес этнографиясы. Мәскеу.
<i>ТВ</i>	Түркістандық ведомостар. Ташкент.
<i>ОАҚШБЕ</i>	Орыс археологиялық қоғамының Шығыс бөлімінің еңбектері. СПб.
<i>ТГ</i>	Торғай газеті. Орынбор.
<i>ТГВ</i>	Томск губерниясының ведомостары
<i>ТСТ</i>	Торғай суретті газеті. Орынбор.
<i>ТОВ</i>	Торғай облыстық ведомостар. Орынбор.
<i>ОАМУ</i>	Орта Азиялық мемлекеттік университет. Ташкент.
<i>СОВ</i>	Семей облыстық ведомостары
<i>ОМӨТМ</i>	КСРО Орталық мемлекеттік әскери-тарихи мұрағат
<i>ЛОМТМ</i>	Ленинградтағы Орталық мемлекеттік тарихи мұрағат
<i>ОҚАЗ</i>	ҚазССР ҒА Орталық Қазақстандық археологиялық экспедициясы
<i>ОҒК</i>	Орталық ғылыми кітапхана. Алматы.
<i>ОҚАЗ</i>	ҚазССР ҒА Оңтүстік Қазақстандық археологиялық экспедициясы.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе.....	5
I. Бөлім. Алғашқы-жауым дәуіріндегі құрылыс ісі.....	8
1. Ежелгі замандағы қабырғалар мен күмбездердің құрылымдары.....	8
2. Қола дәуіріндегі қоныстар мен үй-жайлар.....	23
3. Ежелгі мегалиттік ғимараттар.....	60
II. Бөлім. Ерте және кейінгі көшпенділер дәуірінің құрылыс мәдениеті.....	120
Әдебиеттер.....	167
III. Бөлім. Орта ғасырлық Қазақстанның сәулеті. Қоныстар, қалалар, кесенелер.....	171
1. Жаңа заманның құрылыс тәсілдері.....	172
2. Қыстау, аула, қора, шошала, үй-жай.....	177
3. Орта ғасырдағы Қазақстанда қоныстар мен қалалардың пайда болу шарттары.....	197
4. Сырдария қалалары.....	207
5. Талас-Шу екі өзен арасындағы қалалар. Жетісу қалалары.....	234
6. Сарыарқаның ортағасырлық қалалары, қоныстары мен ескерткіштері.....	266
1. Исламға дейінгі сәулет.....	278
2. Орта ғасыр сәулеті.....	325
7. Сарайшық – Каспий өңірі ойпанындағы орта ғасыр қаласы.....	403
8. XVIII-XIX ғғ. қазақ ескерткіштерінің сәулеті.....	415
Қорытынды.....	447
Әдебиеттер.....	453
Қысқартулар тізімі.....	468

Ө.Х. МАРҒҰЛАН

ШЫҒАРМАЛАРЫ

ТОҒЫЗЫНШЫ ТОМ

**Жауапты шығарушы – “Алатау”
баспа-полиграфиялық
корпорациясы**

*Президенті Кененбай Ы.С.
Редакторы Бәкір Қ.*

*Техникалық редакторы Ниязова Р.О.
Көркемдеуші В.В. Стенякин.*



Алматы қ., 050026. Төле би көшесі, 130 “а”,
тел: 7(727) 378-42-00. E-mail: corp_alatau@rambler.ru

ISBN 9965-807-51-5



9 789965 807510

Теруге 08.09.10 берілді. Басуға 12.10.10 қол қойылды.

Пішімі 84x108 $\frac{1}{32}$ Оффсеттік қағаз.

Есептік баспа табағы 27,5. Шартты баспа табағы 30,0.

Қаріп түрі "Times New Roman". Таралымы 3000 дана.

Тапсырыс №1642



АҚ "Алматы-Болашақ" баспаханасында басылды

Алматы қ., 050026. Муканов көшесі, 223 "в".

тел: 7(727) 378-36-46 E-mail: ao@almatybolashak.kz

